

А 2017

4623к

50
ҚАЗАҚ
ЖЫЛ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ

ҒҰСМАН ЖАНДЫБАЕВ

Шығармалары

I

ТОМ



**Ғұсман
ЖАНДЫБАЕВ**

ШЫҒАРМАЛАРЫ

1-ТОМ
Өлеңдер



Алматы
2017

ӘОЖ 821.512.122-/
КБЖ 84(5қаз)-5
Ж 26 ✓

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Ж 26 **Жандыбаев Ғ.**

Шығармалары. 1-том: Өлеңдер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017. – 336 бет.

ISBN 978-601-7472-97-9

Үш томдық шығармалар жинағының бірінші томына ақынның әр кезеңде жазған өлеңдері, сондай-ақ таңдаулы лирикалары енді. Жинақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84(5қаз)-5

00345995

ISBN 978-601-7472-97-9
ISBN 978-601-7472-98-6 1т.

© Жандыбаев Ғ., 2017
© «Қазақ энциклопедиясы», 2017

АНТИОДА



(1989 – 2011)

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

КІР САБЫН ТУРАЛЫ ОПТИМИСТІК ЭЛЕГИЯ

Жасасын! Жаса, кір сабын!
Шарқай киген дүниенің
Жуып-шайып тұр шаңын.

Алабота – арам шөп,
Сен де жаса, ендеше,
Болмайды енді саған сот.

Таңнан сақар қайнатқан,
Қайран қара кемпірлер,
Даусың шықты қай жақтан?!

Үйдің ішін жайнатқан,
Аппақ біздің әжелер,
Жаса, жаса, қайраттан!

Жиырмасыншы ғасырдың
Соңғы ұраны – тазалық!
Тазалыққа бас ұрдым.

Сол тазалық сақшысы –
Жаса, жаса, аналар,
Жаны кірсіз ақ кісі.

Бойдың жазар құрсауын –
Біздің кіршең қоғамға
Керек, керек бір сабын!

Онда, менің жырларым,
Ақ сабынға сен де айнал,
Сонда саған ризамын!

1990 ж.

ЖАҢАША МАХАББАТ

Ер Қодарға қыз Баян болды ғашық..
Ғашығына еркімен келді қашып.
Теңдік алған махаббат серттен тайды,
Әр адымын есеппен енді басып.

Қылыш емес, қолына дойырды алып,
Қарабайдың Қозы жүр қойын бағып.
Үш ұлысқа Қарекен той жасады,
Жомарттығы әлемге мойындалып..

Қарабайдың ниетін жұрт құптасып,
Жұбайларды жамырай құттықтасып,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ақ отауға кіргізді алтын жиһаз,
Көрімдігін асылдан жұп қып шашып.

Сөз көп – сұйық көжедей сылдыр-сылдыр,
Басы бұлдыр, аяғы – былдыр-былдыр.
Әр ауызда бір мұржа будақ-будақ,
Қымыз құйған тостақтар сыңғыр-сыңғыр..

Кілең жауға шабардай, ер текті, көп
Қысқа шашты қыз-желең жер тепкілеп,
«Қара жорға» бикешті «Рок» аймалап,
Қарағайдай мүйізі тұр көк тіреп.

Білегіне қамшы емес, кілтін іле,
Жігіттердің жүр небір түр-түрі де.
Ер Қодардың қылышын қырық тіліп,
Жалғап алды қыз Баян кірпігіне.

Сақал қойған бетіне, салауатты ел,
Мен жүремін, ат дайын, саламат бол.
Баян сүйсе Қодарды – бақ тілейік,
Қозына да бір ару саралап көр!

1990 ж.

«ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА» ӘКІМІНЕ ХАТ

Бұл хатым қолыңызға тиер-тимес..
Аузым да шокқа, бәлкім, күйер-күймес.
Ақынның өзекжарды өрттей сырын
Жаны ұғар біреулердің, біреу сүймес.

Бұл сөзім зердеңізге жетер-жетпес..
Өр басын ақын, бірақ, төмендетпес.
Қисайып хан қылышы таяр, бәлкім,
Мергеннің атқан оғы қапы кетпес.

Жар салдың «Қайырымды әкімін» деп,
«Халықпен жаным бірге, жақынмын» деп.
Ал, міне, байлық, билік – бәрі өзінде,
Тағына таласқан жоқ батыр күндеп.

Мұртынды енді сенің балта шаппас,
Баяғы, тесік моншақ жерде жатпас.
Атанып біреуге «ақа», біреуге «еке»,
Табылар жаныңнан дос, жаттан жақтас.

Әкімге әзілі өтсе, әркім жолдас,
Байқайсың былайғы елден парқынды алғаш.

Қолыңа ұзын құрық ұстаған соң,
Бәйгеге қосқан атың озбай қалмас.

Өскендер өткенді ойлап бас қатырмас,
Жауыр ат мінген кезі есте тұрмас.
Алдына жаман тонды жарлы келсе,
Арсылдап үргендері еш жолатпас.

Басынан заңғар шыңның мұзы кетпес,
Саз бетті күйдірсе де сызы кеппес.
Қолпаш пен қошеметке лықа тойған
Мұңсызға одан артық қызық өтпес.

Біреуі сол мықтының сіз болсаңыз,
Оны да ойлағайсыз – біз қаншамыз?
Қоңыздың бір ажалы – құмырсқадан,
Көзір бар – қолыңызға тұзды алсаңыз.

Болғанда әкімі сіз, ақыны – біз,
Бәріміз – көптің құлы, пақырымыз.
Махамбет жырын жатта, Баймағамбет
Сұлтаннан артық түссін ақылыңыз.

Еліңе басшы болсаң, бас бол нағыз,
Қартына – құрмет, мейірім – жасқа арнаңыз.
Жерінде жетім етіп, елінде өгей,
Ұл-қызын беттен қағып, мастанбаңыз.

Болмаса тура бидей әділдігің,
Халқыңа қара бақыр – сенің құның.
Жасырсаң, ұрлығың да ашылады,
Жалтарар басқа жол жоқ, халінді ұғын.

Дақпырт пен данқынды естіп, сеніп едім,
Өзіңді бір көрсем деп келіп едім.
Алдына, екі ай жатып, бір жете алмай,
Үшібу хатқа тіздім сөздің жөнін.

Әкімім, кезің келді жөнің білер,
Қажыған, қайран күткен елінді көр.
Болмаса бүйрегің тас, бауырың бетон,
Алдымен қорғансызға қолыңды бер.

Жанды жеп, жауабы жоқ мың ой тағы,
Тірлігі шарасыздың мұңайтады.
Айғақтап көптің сырын, елдің сөзін,
Батыр мен ақыны айтпай, кімі айтады?!

Көзіңмен сүре қарап: «Пошымың жаман!
Әй, бала, сен кім едің?!» – дерсің маған.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Атағы алты алашқа жетпесе де,
Еш ақын өзін төмен қорсынбаған.

Мен қазақ баласымын қаңғып жүрген,
Тәлкек қып талай мәрте тағдыр күлген.
Сайлардан сайғақ құрлы сая таппай,
Таулардың асқақтығын ән ғып жүрген.

Мен әлі Мәди әнін айтып келем..
Олжасты қоя аламын қайтіп төмен?
Сондықтан тауларыма тағзым етіп,
Даламнан қоныс таппай, тайқып берем.

Ал сонда қайда барам? Тайқып неден?
Тағдырдың жазғанына айтып көнем.
Далама кіндігімнен байланған соң,
Қазығын тапқан аттай қайтып келем.

Барар жер, басар тауым – сол жалғыз-ақ!
Шаншу боп қадалды оған бір аңызак.
Мен қайдан пана табам? Кең сахарам
Үстінен ғарыш желі тұр азынап.

Мен бұрдым тұсына кеп аттың басын.
Зілі жоқ базынамның, назы басым.
Қалаңыз – тас ғасырдың қамалындай..
Кім болды қақпашың мен қазынашың?

Қамалдың сырты түгін, іші тұмша,
Жатысың неге сенің жайлы мұнша?
Тереңдеп, үңгіріне кіріп алып,
Өз майын өзі жеген кәрі аюша.

Құлақ сал: абыз ата не толғанды?
Сыртында сол қамалдың отан бар-ды.
Мөлтілдеп екі көзге жас толғандай,
Үдерген көшке ере алмай ботаң қалды.

Мұңдаспын, сол ботамен сапарласпын,
Мен оны тастап енді кете алмаспын.
Халімді сұрамадың көре тұра,
Қақпаңды құрақ ұшып кімдерге аштың?

Ақ маймен бірікпесе қара кесек,
Ғайбатшыл ағайын бар қылған өсек.
Малыңды бүрсең қағып күндіз бақсам,
Тақтайы сыз қораның – түнде төсек.

Сүйектен өтті суық. Тондым, аға.
Махмұттың Кедейіндей болдым ала.

Ішінен ақ орданның ит те шыққан..
Бас сұқсам, батамын ба зор күнәға?

Құзырың кімге жүрер біз болмасақ?
Ескерткіш орнатпассың мұздан қашап.
Ордаңда отыра бер, қызғанбаймыз,
Кеңітпес жерімізді ол, сізден босап.

Шығатын ұшпағың жоқ бізді бөліп,
Қолыңнан мыңды алған бар, жүзді беріп.
Әкімнің аты қалар, әділ болса,
Төбеміз көкке жетсін, сізді көріп.

Айтып ең «Қайырымды әкіммін» деп,
Қасына неге мені шақырғын жоқ?
Сұрасаң руымды – затым қазақ,
Қақпанды аш, тергемей-ақ «Атың кім?» – деп.

1989 ж.

ТЕРІСКАҚПАЙ

Теріскақпай, ендеше, теріскақпай,
Теріс қаққан домбырам – желісті аттай.
Тура биде туған көп, болдық тәнті,
Билігінен биттей де кеміс таппай,

Хан жайлаудан тоқымдай өріс таппай,
Қыл құйрықты – мәліштен шөміш қақпай.
Тар етікке таласып кемпір-шал мәз,
Мәсі сыйған аяққа кебіс батпай.

Керікақпай, дегенде, керікақпай,
Домбыранды ары қақ, бері қақпай,
Піскен алма аузыңа түседі өзі,
Самайыңнан сорғалап терің ақпай.

Білгір – бірді, білекті мыңды жықты,
Алпауыттар Айды асап, Күнді жұтты.
Ток мысықтың тобына тойдан қайтқан,
Аш арыстан жолығып, білді... зытты.

Салқын жазда ток жарау шыбындайды,
Ойдағы елден қырдағы ел су ұрлайды.
Құланкөктің шығып ап құлағына,
Құрбақаның айғыры шұрылдайды.

Жатақ ауыл үйлері шағаладай,
Үш күн піссен, түспейді сабаға май.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

«Кеш жарык!» деп, Құдайы қонақ келсе,
Өрістегі дүкенге шабады ағай.

Саудың басын даулы етіп, безектесіп,
Ағайын жүр өзді-өзін «кезеп» десіп.
Бозбала мен бойжеткен құрт бөліспей,
Бір түтінді сорады кезектесіп.

Ертіп шыққан серуенге «еркем-айын» –
Жемейді енді ер жігіт ерте уайым.
Тайыншадай шетелдік бұйра төбет
Сылдырлатып еркелер сөлкебайын.

Заманыңа бөркің сай... Төпе көйлек.
Қамсыз күндер – жалпиған кепедей көп.
Кепедей көп күндердің үстіменен
Шатқаяқтап барады теке бейнет.

Түу төменде байыздар қоныс таппай,
Тырбаңдап жүр тамам жұрт тегіс қаптай.
Қақ маңдайда – Қорқыттың күмбезінше
Бір Асу тұр, аты оның – Терісқақпай.

Ыбыр-жыбыр, қыбырлап қалың халық,
Ыққан малша барады сағымға ағып.
Қарсы бетте кара орман шеп құрып тұр,
Атты әскерше алған бір қаруланyp.

Көк шолаққа ер салдым, бөтен ой жоқ,
Кер бестімді жәнеде жетелей кеп,
Терісқақпай асуын бетке алдым да,
Тартып кеттім... осы жол төте ғой деп.

1990 ж.

ТАРҚАМАСЫН БАЗАРЫҢ

Секілді қыз баланың
Бетіндегі қызылы,
Базары бар қаланың
Таусылмайды қызығы.

Жаймалары жайнап бір,
Көздің құртын жегендей.
Радиосы сайрап тұр:
«Қош келдіңіз!» дегендей.

Саудагерлер қиылып,
Алды-артынды ораса,

Тамырыңдай жымыып
Қарағаны тамаша.

Жаннан басқа байлықтың
бәрі осыннан табылар.
Таразысы айлықтың –
Тасы сарт-сұрт қағылар.

Қолтығыңа су бүркіп,
Қолпаш сөздер борайды.
Әне біреу шынғыртып,
Жетектеп жүр торайды.

Жыпылдатып біреуі
сары ала қағаз санайды.
Жүз құбылып рені,
Тер басады самайды.

– Кәне, әкем, келіңіз,
Мойныңызды бұра қал.
Дәмін татып көріңіз,
Анау алма, міне, бал...

Базар іші гулеп бір
ұясындай араның,
Бірін-бірі «қу» деп тұр,
Ойынындай баланың.

Көрмегенге – жат елес,
Шатасады сау бала.
Бұл базарда
зат емес,
Ар түседі саудаға.

Базар – ұят безбені,
Аңғармайды кісі оны.
Бұйымы емес, өздері
Таразыға түседі.

Сол да сөз бе, тәйірі,
Базарыңның ойы ірі.
Қалталыға – қайыры,
Қаңғыбасқа – дойыры.

Тісіне алма тимеген
қыңкылдайды балаң да.
Балаң саны үйдегі – он,
Екі сомнан әр алма.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жесең бойға жұкпайтын
жерік пе едің тағамға?
Шын картопқа ұқсайтын
Картобың да бар онда.

Қазы-қарта самсап тұр,
Тақап бар да, тандай бер.
Сатушы қыз ән сап тұр,
Дәтің жетіп алмай көр!

Теңізінен қуылған
Өлі балық – ол да бар.
Аузы шымшып буылған
кілең қапшық, дорбалар...

Кірпі менен түлкінің
кешетіні – бір мұнда.
Күлкі менен түрпінің
неше түрі жүр мұнда.

«Женеді, – деп, – ертең кім?»
Зиян менен Пайда жүр.
Ұры-қары, жемқордың
ұртын тескен май да жүр.

Көз сатасың бекер сен,
Одан сіздің жай бөлек..
Қалтаңдағың – екі он сом,
Ет пен май, сүт, шай керек.

Үйіңде бар мейманың,
Жарың қалды қылпылдап.
Тозған көпір – ойларын
табаныңда былқылдап.

Үйіңе қайт, базаршым,
Күтіп қалды мейманың’.
Табаныңнан тозарсың,
Қол жетпесте – ойдағың.

Обалына қалмаңыз,
Бай ғой базар жарықтық.
Алданыңыз,
алданыз,
Тастайды, әйтеу, қарық қып.

Не де болса, бар болсын,
Жомарт болар – жоқтан бар.
Ал базаршым, жол болсын,
Жолықпасын оқпандар.

Өмір – базар болғанда,
Тастаймыз ба жаманын?
Жолдан қалма сен де онда,
Тарқамасын базарың.

1990 ж.

БЮРОКРАТТЫҢ АЙЛАСЫ

Бәлкім, теңіз тартылар,
Қулар жердің бақшасы.
Таусылмайды,
кампиар
бюрократтың ақшасы.

Тіршіліктің нәрі бұл –
Ауа да ірір бар түрі.
Азаймайды бәрібір
бюрократтың алтыны.

Тимесе де шын әлі
Қоғамға ешбір пайдасы,
Мың құбылып шығады
бюрократтың айласы.

Айла – оның жаны да,
Пайдасы – тек өзіне.
Түспесе олжа қабына,
Қан толады көзіне.

Улағанда санасын
Ел де жеген сан опық.
Әкесіне баласын
аттырған ол жау етіп.

Ұлан-асыр күн туса,
Елден бұрын ұран сап,
Қой терісін жамылған
бөріше бір лаң сап,

Ақты соғып қараға,
Аярынып бір шығар,
Шындық үшін жаны ада,
даярынып құлшынар.

Бәлкім, өзен суалар,
Тозар көлдің айнасы.
Сан жылғаны қуалар
бюрократтың айласы.

1990 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

СҰР ЖАРТАС

Құдай емес,
құдайдан
былай емес секілді,
Қайтпастай боп райдан,
Бір паң төре отырды.

Қайда барсан, жолында
Тау боп шөгіп бұл заңғар –
Қара нөпір соңында
ұран салып тұрған жар.

Қанын тартып ішіне,
көңліңді қылған пәс,
Кіруші еді түсіңе
Қақшиған бір сұр жартас.

Білуші едің сен оны
танысындай ежелгі.
Талай рет, себебі,
тартып ішкен көженді.

Көженді ішіп алғанмен,
көзіне сені ілмеген.
Сен жүретін жолдармен
ол ешқашан жүрмеген.

Кіжінесің ішіңнен,
Намысқойсың соншама.
Сықпытың жоқ, пысың кем,
Тұзың жеңіл болса да.

Жайыңды мен түсінем,
Бойыңды ашу кернейді.
Қайыршы да ішінен
Ханға сәлем бермейді.

Не десең де, паңың – паң,
Ал қайыршы – қайыршы ол.
Саған бола
мұңсыз жан
тартар деп пе ең уайым-шер.

Қөк тиындық құны жоқ
қыжылыңды қоя тұр.
Ерттеп мініп, жүр үдеп,
кей ақылды – кей ақыл.

Бастағы ми – ми емес,
көкесі оның – қалтада.
Онсыз – қолың күйелеш,
отының бар арқада.

Отыныңды көтер де,
саудалап бақ базарда.
Сен біреуді бекерге
күстаналап сазарма.

Көнбеймісің?
Бара бер,
Сорыңнан көр өзіңнің.
Маған десен, жара бер,
Радиациясын көзіңнің.

Мұныңнан ол саспайды,
Одан да бет бояйық.
Өзі ұран тастайды:
«Бюрократтарды жояйық!»

Сол ұранға даурығып
Үн қосасын өзің де.
Бюрократ кім?
Оны ұғып
жатқан жоқсың кезінде.

Басыңда ми болмаса,
Алдана бер елеске.
Сол бюрократ дегені –
Сенің өзің емес пе?..

Тыпырлай бер, тыраштан,
Кәне, одан не шықты?
Жуан шықса жуастан,
Жуан неден кешікті?

Кеше ғана бұл дәйің
сөйлеп кетті мінбеден:
«Бюрократтан жүр кейін,
Алма онымен бірге дем!

Құрғақ сөзде болмас нәр,
көз боясаң – басты айып.
Жанаруды, жолдастар,
өзімізден бастайық!»

Жиналған жұрт шешенге
дүркірете соқты қол.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қалай-қалай десен де,
жүректерге тапты жол.

Көпке солай рух беріп,
Желпінтіп ап елді енді,
Сұр «Волгаға» сып беріп,
Сырғып жүре берген-ді.

Паһ, шіркіннің сабазы-ай,
Елді сөзбен ерітті.
Апаң риза, жезден сай..
Бердік соған ерікті.

Сұр «Волгасы» – су жорға,
Қола мүсін, паң сиық,
Жарты патша тұр жолда,
Сұр жартастай қалшиып.

1990 ж.

ӨТКЕН КҮН

Қызыл шоғын өзекке
кеміп кетті өткен күн.
Періштені кезепке
Пенде қылып кеткен күн.

Алаң, алаң, алаң күн,
Құйын билеп – көшкен құм.
Арам менен адалдын
айырмасы өшкен күн.

Шарасыздық кісені
ердің қолын кескен күн.
Дүние мен бақ қуған
Ез мерейі өскен күн.

Сары металл сағымы
Сайқал сәуле төккен күн.
Инфляция ағыны
Инфаркт болып жеткен күн.

О, өткен күн, өткен күн,
Ұшып кеткен кептер күн.
Көзден ғайып болсаң да,
Қалып қойды көп белгің.

1990 ж.

«Халық» деген ұраннан
қалпақ киген мырзалар,
Даңқ дейтін мұнардан
болар ма екен бір хабар.

Сол даңқтың тұғырын
жаулап алу – бір арман.
Туар ма екен, мұңлығым,
шығатын күн құмардан.

Құмарыңнан шықпасаң,
Саған обал болады-ау.
Басың қатып ұйқтасаң –
Айналаңда тола жау...

Түсі суық бәрінің,
қолдарыңда қанжар бар.
Келіп қалды...
Тәңірім!
Сақта, құдай, ал жар бол!

Содан шошып оянып,
Түсінді өзін жорисың.
Қаптаған жау... ойы анық.
Одан нені қорисың?

Жау дегенің – өзіңнің
жора-жолдас, бастығың...
«Халқым» деген сөзіңнің
мағынасы – мастығың.

Мас боп келіп сен кеше
ұйықтағансың, қарағым.
Есіңді жи, ендеше,
Ісіп тұр ғой қабағың.

Өлген қойдың көзіндей,
Не боп кеткен жанарың.
Басың түзет, езілмей,
Ашылып тұр араның.

Тарт та жібер!
Құй дағы іш...
Неғыласың жан қинап.
Жұмысында – жиналыс:
– Депутатқа кандидат...

Болмай қалдың, кешіктің,
Өз обалың өзіңе.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Болып ең ғой, не шықты –
кешегі нән кезінде?

Болып-толып көргенсің,
Шайқағансың армансыз,
Бірақ кейін өлгенсің,
Онбай ұшып жардан сіз.

Өлгенді де әкесі – естіртеді...
Берік бол.
Өткен шақтың қатесі
енді қандай?...
Келіп көр.

Тізгін кетті қолыңнан,
Біз де сыздық тізімнен –
Сіз айрылған орыннан
үміткерлер тізілген.

Бұл дүниеде бар-жоғың
енді бізге бәрібір.
Сені ұмыттық. Ал жолың
бізден бөлек. Әрі жүр.

Қошеметшіл, сыйлағыш
жанкүйерің көп-тұғын.
Бүгін бізде жиналыс,
Бірақ сенің жоқ құның.

Кандидатқа –
бастықты
ұсынуды ұйғардық.
Сөзі қандай:
мәш, мықты!
Бас шұлғыдық, иландық.

Уәжге келдік кеше біз,
Бүгін дауыс береміз.
Шешкенбіз!
Шештік!
Шешеміз!
Сенгенбіз!
Сендік!
Сенеміз!

Есінде ме, кеше біз
дәл осылай сені де
өтірік мақтап, бөскенбіз...
Жөнел, енді жөніңе.

Шулап ек саған тең таппай,
Не болғанын білші енді:
Өзің бізді жылатқандай,
Сатып кеттік біз сені.

Бір уыс боп отырсың
Түкпір жақта бүрісіп.
Шетте қалған коқырсың,
Күйген көңдей құрысып.

Қарсы алдында қаздай боп,
Кілең қасқа-жайсаң тұр.
Ішіндегі от қоздай кеп,
лап етті, эне...
Уай, шарқ ұр!

Дәл солардай сен дағы
Бақытты едің, тасынған.
Бір күндей де болмады,
Бақ тайған соң басыңнан.

Бұл қызмет дегенің –
Жүйрік атпен бірдей-ді.
Қызығын көрдің сен оның..
Қимағандар күндейді.

Атқа мініп жүргенде,
Көңіл шіркін жайланып.
Қалатын-ды бір демде
Қанжығаң да майланып.

Аттан түспей шіренсең
Ел үшін ғой, ел үшін!
Ұқпайтындар мұны өңшен –
Көретіні-ай сені сұм.

Шапқылап ең ел үшін..
Қадірінді білсін бе ол.
Аттан сені аударып
тастады, эне, күншілдер.

Өзіңе де обал жоқ,
Астамсып ең соншама.
«Енді құдай болам!» деп,
Астапыралла, жар сала...

Бір суық тер жотаңнан
ытқып шықты. Алжаспа –
контузия ап, қатардан
шығып қалған солдатша.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Отырысың осы енді,
Уа, келіндер,
көріңдер:
Ортасынан көсемді
Сайлап жатыр көңілді ел.

Бар күнәдан арылған..
Көсем көпті сендірмек.
Сенен тартып алынған
Арғымаққа ол мінбек.

«Аттың сыры мәлім...» деп
мысқылдаған боласың.
Міне, көптің қамын жеп,
шықты бір ер!
Нанасың.

Япыр-ау, кім бұл кісі
көп көңілін баураған?
Өзі, сөзі, күлкісі
тура сенен аумаған.

Қамшы басты атына,
Түрі кенет тұлданып.
Өзіңе ұксап, қапыда,
түспесе игі бұл да ауып.

«Халық» деген ұранды
қалқан еткен серілер –
сахнада енді ойын
көрсетеді,
соны көр.

Сену керек оларға,
Тәуіптерге сенгендей.
Еру керек соңынан,
Тауық жемге ергендей.

Халық күнін көрер-ау,
Шек болмаса шыдамда...
Тек, сері мен мырзалар
Құмардан бір шығар ма?!
Әттен, дүние-ай, құдай-ай!..

1990 ж.

«Алып қандай?» деп жүрсем,
Обыр ма еді, құдай-ау.

Халық бар ғой...
– Мен білсем,
тобыр, – деді
бір Ояу.

Ояу сөзін ауыздан
Ала қашты бір құйын:
– Қарсы шапқан жауыздан
Бұғып қашқан құл қиын.

Қалын қолдан бес түмен
жер қайысты... Алайда
Ояу сөзін естіген
тірі жан жоқ маңайда.

Керең еді ой-сана.
Ала шапқын, уда-шу.
Ал сен ессіз бейшара,
Құй, құя бер құмға су.

Сен сол жерден түсінде
Райхан бағын көресін.
Ғажап гүлзар ішінде
Рақат күйге енесің.

Сен ойлайсың: «Құдай-ау,
Бұл өмірге не тең?!» – деп.
«Жұмақ деген – «анда» емес,
Жер үстінде екен...» – деп.

«Тірі жанның бәрінің
көретіні – бір бейнет», –
деуші еді ғой...
Анығын
енді ұқтың ба, білмей кеп.

Сеніп едің сен оған
Тәңірдің өз сөзіндей.
Ағып түскен санадан
Өшті ойларың сезілмей.

Ішінді ақтар, ал жай кеп,
Сол сенімнен не қалды?
Арам өлген малдай боп,
Ит-құсқа жем. Жоғалды.

«Жұмақ деген – анда...», – деп
Алдағанын енді ұқтың.
Әттең, одан пайда жоқ,
Жанып болдың. Сен біттің.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

«Пейіш жоқ, – деп, – онда да...»

Шағынбақсын кімге сен.
Тозаққа бар жолдама –
Алыптарды күндесен.

Қоныс етіп қой үстін
бозторғайлар жүр мұнда.
Жұмақ пенен пейіштің
әр күніне – мың ділда.

Ділдан болса – ілдалда..
Оттан – тастың ойы ыстық.
Жібереді ол бұл жолда
Тозақты да пейіш қып.

Әулие еттің адамды,
Ол пайғамбар болмады.
Данышпан деп наданды
мақтағаннан оңбады.

Алыптарға сеніп ең,
Оған пейіш ұнады.
Бір күркеде сенімен
енді ол қалай тұрады?

Билікті оған сен бердің,
Артық дедің ақылы.
Айтқаны заң енді оның,
Не істесе де хақылы.

Құдай «жасап» пендеден,
Баттың ауыр күнәға.
Жазаң дайын:
Тамұқтың
оты – шексіз мұнара.

Үкім дайын. Түбі бір
сен жазанды тартасың.
Ал әзірге қаси түс
Алыптардың арқасын.

Ақыры ауыз жаласып,
Сол алыппен туыс бол.
Пейішке де, өйткені,
керек болар жұмыскер.

Арыз апар бел байлап,
Бос орын бар о жақта.
Кеше ғана бір бейбак
Тайып кеткен тозаққа...

...Асылын да жоғалтпай,
Масылын да асырап,
Бейне Атымтай жомарттай
Мейірімі шашырап,
Мың-мың жасап келеді,
Халық қандай кең еді.

1990 ж.

ЕРЕСЕКТЕР ЖҰМБАҒЫ

Күндіз бар да түнде жоқ,
Айда бар да күнде жоқ.
Тікенде бар, гүлде жоқ.
Таңдайда бар, тілде жоқ.
Мамонтта бар, пілде жоқ.
Киімде бар, кірде жоқ.
Көкте бар да жерде жоқ,
Жерде бар да желде жоқ,
Желде бар да көлде жоқ,
Көлде бар да суда жоқ,
Суда бар да буда жоқ,
Шөлде бар да нуда жоқ.
Кебекте бар, ұнда жоқ.
Желекте бар, құмда жоқ.
Балда бар да уда жоқ.
Алтында бар, жезде жоқ.
Жібекте бар, бөзде жоқ.
Майда бар да безде жоқ.
Көңілде бар, көзде жоқ.
Тойда бар да қойда жоқ.
Санатта бар, ойда жоқ.
Сөзде бар да іште жоқ.
Сыртта бар да іште жоқ, –
Азған малдай, тозған жардай.

Алғыста бар, қарғыста жоқ.
Сыйлықта бар, сөгісте жоқ.
Обалда бар, сауапта жоқ.
Сауалда бар, жауапта жоқ.
Теңізде бар, балықта жоқ.
Семізде бар, арықта жоқ.
Елде бар, халықта жоқ.
Пейіште бар, тамұқта жоқ.
Жеңілде бар, ауырда жоқ.
Жалда бар, сауырда жоқ.
Арқада бар, жауырда жоқ.
Өтте бар, бауырда жоқ.
Қоғамда бар, қауымда жоқ.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қарда бар, жауында жоқ.
Қарбызда бар, қауында жоқ.
Отта бар, жалында жоқ.
Ішекте бар, қарында жоқ.
Қаулыда бар, қабыңда жоқ.

Алары бар, берері жоқ.
Айтары бар, көмегі жоқ.
Өкпеде бар, жүректе жоқ.
Күтімде бар, күректе жоқ.
Бүтінде бар, жартыда жоқ.
Бітімде бар, талқыда жоқ.
Жалқыда бар, жалпыда жоқ.
Зейнетте бар, бейнетте жоқ.
Ұтқанда бар, бұққанда жоқ.
Жұтқанда бар, жұққанда жоқ.
Тойғанда бар, тоңғанда жоқ.
Озғанда бар, тозғанда жоқ.
Ұранда бар, тұрарда жоқ.
Жоспарда бар, қосқанда жоқ.
Шығыста бар, кірісте жоқ.
Күрмекте бар, күріште жоқ.
Қоспада бар, тазада жоқ.
Басқада бар, жазада жоқ, –
Атағы таудай, шатағы жаудай...
Қалай ұқсаң, олай ұқ,
Ойлан, бірақ, халайық.

1990 ж.

Ту сыртында тұрып ап
Қыр желкеңнен асыра
Ауыз жаппай күркілдеп
Жөтелуден танбаған
Жолаушыға құрметті
Ең болмаса бұрылып
Қарай да алмай алайып;
Білекке сап илеген
Бір астау қамырша сығымдалып,
Өкшесі тоңған тауықша
Сынар аяқпен шак тұрған –
Жазған басың мәңгіріп,
Тыпырлауға шамаң жетпей,
Тынысыңды іштен алып;
Ішіне картоп толтырып,
Аузын шымшып буған ала қалтай
Автобусқа байлансаң –
Қашып қайда барарсың.

Қайда барсан Қорқыттың
Көрі емес пе, бауырым-ау,
Харам битке өкпелеп
Тоңынды отқа жаққанда,
Жұмаққа тап болам деп
Өз үйіннен безгенде,
Әділетсіз екен деп
Бұл фәниден баз кешіп
Бакилық боп кеткенде
Не барқадар табарсын.

1990 ж.

«ХАЛҚЫМ!» ДЕЙСІҢ...

«Халқым!» дейсің өзеуреп,
Толтыра айтып аузыңды.
Не тындырдың, не жөндеп,
Сол халыққа арзулы?

«Халқым» деген сөзіңе
Қай түріңмен сенейін.
Көрініп тұр көзіме
Бүлкілдеген көмейің.

Сол көмейдің ішінен
Атақ пен даңқ қарап тұр.
Пайда менен зиянды
Шотқа салып санап тұр.

«Халқым!» дейсің үздігіп..
Мен кім болам ал сонда?
Сен қашаннан бізді ұғып,
Ой салып ең оң-солға.

Қанатың бар арқанда,
Сен бір пері, тарт алға..
«Ақшаң болса қалтанда,
Талтандасаң талтанда...»

Ойлағансып ел қамын,
Бойлағансып тереңге,
Ұран салып тұрсың сен,
Міне, менің төбемде.

Менің сорлы төбемнен
Сенің өкшең жоғары.
Езуіңе қыстырған
бір тал шылым бағалы.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

«Халқым» деген сөзіңе
Сенгенімді қайтейін.
Асқақ-асқақ уәде
Бергеніңді қайтейін.

Біздің ой мен сіздің ой
Бітісе алмас, шамасы.
Қосылмасы секілді
Көк пен жердің арасы.

Сақинасы басыңның
Маған бола қыспайды.
Ракета да ғарышқа
Отын үшін ұшпайды.

Сол ракета сен болсан,
Мен отынға айналам.
Жарылғанша бұл жүрек,
Қан-бензинді айдаған.

Жана-жана таусылам,
Одан артық құқым жоқ.
Сені ұшпаққа шығарып,
Қала берем түтін боп.

Ыстық күнде, тұмадан
Су ішкендей бір кесе,
Жылуымды сорып ап,
Торсиясың бүргеше.

Бар болғаны, мен сенің
Азығыңмын, бұл анық.
Қойды қасқыр мақтаса,
Түлкі қостар, құп алып.

Қой оңа ма ал содан?
Жемей қоймас қанды ауыз.
...Атыңды айтып жар салам:
О, алдамшы жалмауыз!

1990 ж.

...ШІРКІН-АЙ!

Кеудесіне нан пісіп,
Екі көзін шел басқан,
Кеселденген керденді;
Пенде екенін ұмытып,
Тәңірімен таласқан,
Тәубесі жоқ дінсізді,

Мейманасы асқан мерезді –
Көн тулақтай көсілтіп,
Таптап тұрып, табанға
Салар ма еді...

Сүтке тиген мысықтай
Тұнығыңды лайлап,
Адалыңды ластап,
Лан салар каскөйді;
Койға шапқан касқырдай,
Тыныш елді шулатып,
Шырық бұзар арсызды,
Бетон тұмсық бұканы –
Шыбидайын шынғыртып,
Бұралқы итше қыңсылатып
Сабар ма еді... ..шіркін-ай!

1990 ж.

...-ІКШІ, ...-ІКШІ

Жабыл кедей! Байларды демейікші,
Көңілдерін шаттыққа бөлейікші.
Қайыр-садақа сыйлап, жандарына
Шапағаттың ақ нұрын себейікші.
Күншілдіктің күшігін үргізбей-ақ,
Қолда бардың қадірін елейікші.
Ат жарысқа қосатын арғымақша
Әбден баптап, жемдеп бір көрейікші.
Аузына тосып жіліктің майлы басын,
«Біз жемейік, өзіңіз же», – дейікші.
Ел билеген әкімге – әкеміздей
Сенейікші, соңынан ерейікші.
Айдауына нық жүріп, айтқанына
Көнейікші, «өл!» десе – өлейікші.
Бюрократ-төренің ойын тауып,
«Шаш ал» десе – бас алып келейікші.
Обалына байғұстың қалмай, осы
Жағымпазға бір орден берейікші.
Тоқсан ауыз сөзде бар тобықтай дән:
Қиындықты қыңқ демей жеңейікші.
...Бәрін айт та бірін айт, ең алдымен
Лотерея билетін, кедей, ұтшы!

1990 ж.

* * *

Таңнан келген кезбені
«Басы, – дедің, – ырыстың».

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төрге оздырдың өзгені,
Өзін төмен ығыстың.

Кен дастарқан жайдырып,
Бағлан козы сойдырдың.
Майға қолын малдырып,
Мелдектете тойдырдың.

Келген мейман ертелеп,
Төріңе нық жайғасты.
Жиенінде еркелеп,
Құрт, жентіңе жармасты.

Түсте келген мейманға
Орын бердің түрегеп.
Төрге создың мойныңды,
Босағада жүрелеп.

Тамағына сапы ұрып,
Балғын тайды сойдырдың.
Сары қымыз сапырып,
Ортаға мес қойдырдың.

Түскі мейман тойған соң
Өз үйінде шіренді.
«Жем салып кел атқа!»— деп,
Сені жұмсап жіберді.

Кешке келер мейманға
Қайдан орын табасың?
Қазынан жоқ қойманда,
Артың немен жабасың?

Нәр татпадың азаннан,
Езуінді жалайсың.
Ұшқан бұға қазаннан —
Ұры иттей боп қарайсың.

Сықпытыңнан шошимын —
Жан күйзелтіп, мұңайтар.
Иесі деп осы үйдің
Енді сені кім айтар?!

Ырысыңды соншама
Шашып едің жатқа кеп.
Мен ойлаймын: «Ақ нанның
Киесі атқан жоқ па?..»— деп.

Қораға үрер төбет бар,
Оны қайда қуарсың.

Өзегіне қорек, нәр
Жалғай алсаң, қуан шын.

«Сәулем қашан келер?»— деп
Тосып жүрсің бүрсендеп.
Бар ғой, бар ғой сол жүрек,
Соғады ол «Бір сен!»— деп...

1990 ж.

* * *

Шыдаса деп керіп едік бір жіпті,
Шыдамады. Кетті үзіліп! Бұл бітті.
Енді қайта жалғамай-ақ қой оны,
Қалған көңіл қаламайды қулықты.

Сынған кесе бүтінделмес өзімен,
Түйіншек жіп өтпес ине көзінен.
Болар болып, бояу сіңіп қойған соң,
Қалпын қайта таппасын да сезінем.

Жіпке сенген көңіл нілдей бұзылды.
Үзілмесе болар еді-ау, үзілді.
Енді босқа тыраштанып кайтеміз,
Көріп тұрмын бетіндегі сызыңды...

1990 ж.

* * *

Жел есіп сөздеріңнен жанға жатық,
Төгіліп тұрғандай-ды маржан, ақық.
Ақ-адал ырысымды қақшып алып,
Аузымды кеттің-ау сен қан жалатып.

Тақырға отырғызды аңғалдығым,
Құдайдан қорқар-ау деп нанғандығым.
Ол үміт ақталмады, мені қайтсін,
Енді ұқтым көп сөздердің жалғандығын.

Сен, міне, жеңімпазсың! «Мен мұңдалап»,
Тұғырға көтерілдің амалдап-ақ.
Көзімнің бір қиығы шалып қалды,
Масайрап тұр екенсің маған қарап.

1990 ж.

* * *

Запы ішкендей зар еңіреп,
Сен айтасың маған кеп:

ШЫҒАРМАЛАРЫ

– Ағатай-ау, мен қайтіп
Өмір сүре алам?!– деп.

– Уа, не болды томсарып,
Таусылардай соншалық?–
Деп мен басу айтамын,
Қияпатыңа зер салып.

– Ағатай-ау,– дейсің сен,–
Жөні бар ғой, егілсем.
Жаласына мен қалам,
Имансыздан жеңілсем.

Көппен ортақ тілегім,
Ақ жүректің бірі едім.
Жәбір көрсем біреуден,
Жаза тартты жүрегім.

Мүйіздеуге, ал мені,
Әркім құмар, дәмелі.
Қорланардай осынша
Не жазығым бар еді?

Сен солай деп зарлайсың...
Өзінді-өзің қорлайсың.
Маған арыз айтуға
Келіп тұрған жандайсың.

Күйзелесің сен налып...
Бұл халінді аңғарып,
Жүдеу тартқан жүзіңе
Қараймын мен таңданып.

Қайта жұтып сөзінді,
Жерден алмай көзінді,
Жасып қалған жайың бар,
Кем сезініп өзінді.

Мұң-шерінді асыра,
Зар илейсің ашына.
Запыс болған ойың бар,
Соққы тиіп басыңа.

Сорлағансың сен содан,
Мен не дейін, ал, саған?
Жан талшығың жаншылған..
Оған қалай жан салам.

Ішкі демнің лебін
Айтып тұр ғой білегің.

Қаның сенің азайған,
Соғады әрең жүрегің.

Сөзді тында, ал, әкем,
Өзіннен де бар екен,
Жұдырықтай байғұсқа
Жапсырмаған жараң кем.

Кімнен кісілік күтпексің.
«Бүк» түсерде – «шік» бопсын.
Сырттың батпан бар зілін
Жүрегіңе жүктепсің.

Бокқа, отқа, оққа да
Қарсы айдапсың, тек қана –
Аямапсың сен оны,
Сол шындыққа дөп кара.

Жазықсыз жәбір көрдім деп,
Асылып содан өлгің кеп,
Зар жылап ең, шықпағай –
Жауыздың дәйі өзің боп.

Шындықты айтсам, сорлы-ақсын,
Жүр ме десем зарлап шын,
Сен өзіңнің бұл жалғыз
Жүрегіңді қорлапсың.

Айтсам екен бұған не,
Жауыздық па бұл, әлде.
Мүттайымсып сен тұрсын:
«Айтыңызшы, кінәм не?»

Жауыз дер ем, жаның жоқ,
Жүрегіңде жалын жоқ.
Өз атыңды біреуден
Сұрап алар халің жоқ

Ан мен мал да қорғанар,
Бойсұнбас-ты зорға олар.
Өзін-өзі кем тұтып,
Малғұн ғана қорланар.

Адамдыққа келсейші,
Ардың камын жесейші.
Ақ жүрекпін дегенше,
Доп жүрекпін десейші.

Ақпын деген боласың,
Өзіңді ақтап бағасың.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Намысыңнан айырылсаң,
Арды кайдан табасың?

Кімге кінә жабасың,
Көрсенші анау жарасын –
Жүрегіңнен айырылсаң,
Қайтіп адам боласың.

Бойлап өзен саласын,
Ыққан салдай ағасың.
Бір басыңды қор етсең,
Кімді қорғай аласың.

«Кінәм не?» деп мөлиіп,
Бір уыс боп, шөмиіп,
Тұрсың, міне, алдымда,
Қусырылып кең иық.

Кінәң емес, дертін ол,
Кезің келді желпінер.
Адамдықты ойласаң,
Намысыңның өртіне ер.

Кел, бетке алып мен Күнді,
Аластайын дертінді.
Адамға ұқсап сен де енді
Көтере ки бөркінді.

1990 ж.

САЙРА, САЙРА...

Сайра, сайра, сандуғашым,
Саудың басы даңғырласын.
Аузын ашып, тамсанып тұр
Салпаң құлақ мәнжубасың.

Сандуғашым, сайра, сайра,
Мәнжубасың барда сайра.
Қадірінді сол біледі..
Қарымтаңды сен де сайла.

Баяғы сол қадалғаның..
Сенің әнің маған мәлім.
Аузыңды ашсаң, көмейінде
не тұрғанын бағамдадым.

Жаттанды әнің таңсық кімге?
Бітірмедің таусып мүлде.

Сасық көлдің жағасындай –
Жарғақ құлақ сарсып күнде.

Ал, радио... Сезбеді, әлде?
Көшер емес өзге әуенге.
Шарқ ұрамын бір дәрі іздеп,
Жүйкесі әбден тозған елге.

Сандуғашым, телмендейсің,
Несібенді елден жейсің.
Осы әніңді қоя тұршы,
Онсыз дағы енді өлмейсің.

30.12.1991 жс.

ОПТИМИСТІК ТРАГЕДИЯ

«Жетеміз! Жеңеміз!
Тік қара! Бас алға!
Аламыз! Береміз!»...
...қашанда, қашанда.

Жініктің. Жанықтың.
Сарғайдың. Сарсылдың.
Түңілдің. Жалықтың.
Сарқылдың. Таусылдың.

Күректей аяғың –
теңгедей болғанша,
Темірден таяғың –
тебендей қалғанша,

Жоқты іздеп табам деп,
Барыңнан айрылдың.
Тұмсығың қан-қан боп,
Жартастан қайрылдың.

Сілең бір қатқан соң,
Оңалмақ оңай ма.
Есің жи, сақтан сен,
Жол қайда? Соны ойла.

Еш кеткен күндердің
Есесі қайтпас-ты.
Құлазып тұр көңілім,
Айтқызба айтпасты..

30.12.1991 жс.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТАҚ ПЕН БАҚ

Тақсырлар аттанады, тақ қалады.
Бұл тақты басқа деп кім ақталады.
Тақ біреу, тәж де жалғыз, оған келіп,
Иелік ететіндер көп болады.

Тақ барда табылмайды тартыс емі,
Бұл тақты басқа деп кім ант ішеді.
Шындық бір жол табады, сорлы аузыңа
қойсаң да шойын қақпақ алпыс елі.

Түлкі де көп шиырлап жердің жүзін,
Асырмақ болғанымен сұм қулығын,
Айналып-айналып кеп бір табады
Өзінің таныс жым мен белгілі ізін.

Тақ біреу, таласкерлер тізбек-тізбек..
Мадақтап ән шырқайық сіз боп, біз боп.
Сұрайық, өтінейік жалбарынып:
«Бақытқа құлдарыңды бір жеткіз» деп.

Осы біз қанағатшыл болмаймыз ба,
Бақ құсын қолға қонған аңдаймыз ба.
Қаһарлы тастай жүзін сәл жылытса,
Бақытқа кенеліп-ақ қалмаймыз ба.

Келмей ме, кетпей ме олар кезектесе,
Еліне кім болғаны сөзі өтпесе.
Біз неге жаңасына той жасаймыз,
Ескісі әбден ығыр, мезі етпесе.

Көп жұлдыз... ақ, көк, қызыл, сары мүсін.
Қайсысы жасамайды кәнігі ісін.
Аударып тастайтындай бірін-бірі,
Бейне бір жер мен көктің жарығы үшін.

Әр ісі азулының болмас ағат,
Айтпайды уәзірге ақыл, ханға сабақ.
Жазық жоқ жазған құлда: «Ләббай тақсыр!..»
Қай жаққа лақпадық біз далбасалап.

Таусылма, алақанды жайып мұнша,
Көн, шыда – өз атына лайық құлша.
Қайтер ек, көп тобырды шөлге тастап,
Өздері кеме мініп тайып тұрса.

Көкеміз жақсы-ақ еді... білетінбіз.
Дағдарып, аңтарылып, міне, тұрмыз.

Япыр-ай, кетпесе игі ол да тайқып,
Мойынға алайықшы күзетін біз.

Осы біз Күндейміз бе, Айдаймыз ба,
Қазанда қара судай қайнаймыз ба.
Қышуы тіліміздің тегін емес,
Шынымен, тағы бірін сайлаймыз ба?..

... Күймелер келер-кетер қоңыраулатып,
Ойқастап, арғымақтарын омыраулатып.
Тек қана сол баяғы митыңымен
Көп жаяу қала берер шаңға батып.

06.03.1992 ж.

* * *

Талпақ танау! Бір қуыс – білінді артың..
Кешегі әнің – «Ботқам-ай!», бүгін – «һәл-һім...»
Екеуін де күн бата сатып кеттің,
Тамағынды жырмай ма бұрынғы антың?

Тұмсығына құдайдың жоғы оралып,
Жатқан затты төңкеріп, бұзып-жарып,
Судан шыға келесің, отқа салса,
Қолға тұрмас сынаптай домаланып.

Секілді бір сүйеуіш-тіреуішің,
Жарылмайды-ау жер сызған сіреу ішің.
Тұмсығынды көтеріп көкиесің,
Тау қопарып жүргендей біреу үшін.

Құдай сүйер қылығың жоқ, өнер ісің,
Жан бересің, жан алып – қорек үшін.
Семіздікті көтерер қой емессің,
Мұнша майға бөкпесең өлемісің.

Аз болғандай бір басың, можай қарын –
қаптап кеткен, қандай көп торайларын.
Жаратқанның өзі де құп көрмес-ау,
Ашқарақ пен топастың молайғанын.

Тарсылына біреудің қорсыл қосып,
Иіс-қоңысқа үйіріп тұмсық тосып,
Именудің не екенін білмей, өтіп
барасың-ау, өңмендеп, өліп-өшіп.

Қорсыл басқа, ән басқа. Босқа дәмең.
Қанша айтқанмен, атың бар шошқа деген.
Ақырзаман басыңа орнайтындай,
Ниетің жаман, не деген бәтшағар ең.

01.01.1992 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

УАЙТ-ДА!..

Ана ағаштың басында
Алтын алма өсіп тұр.
Күзетесің қасында –
Көкейінді тесіп бұл.

Дәмін татсаң алманың,
Көңілің желдей еседі.
Даңқ тапсаң – арманың,
Атың Айға көшеді.

Дертін ауыр, ал емі
осы ағашта... көресің.
Жемісінен мәуелі
жеп қалмасан өлесің.

Шығарған бар ерінін..
Олар қайдан сені ұқсын.
Атақ – сенің өмірің,
Онсыз тірі өліксің.

Атағы жоқ, жалы жоқ,
Адам қайтіп күн көрер.
Жаны бар да, ары жоқ,
Жаманға асты кім берер.

Жауыр аттан түспеген,
Тоя тамақ ішпеген
Тазша бала секілді
құр талантты қойсайшы.

Азу тісі қабандай,
Тұмсығы көк тіреген,
Жарты әлемдей беті бар
Айбарлыны айтсайшы.

Осы ел күншіл, көбі сұм.
Ұқпайды, әттен, жан адам:
Бұл даңқ деген сен үшін –
артық су мен ауадан.

Әнеки, ол уылжып,
кол созым-ақ жерде тұр.
Даңқ ағашын
жұлынкұрт
жегісі кеп төрде отыр.

Одан тоя жегісі
келетіндер сансыз көп.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ақтамасаң үмітті,
Елден ұят болмай ма.
Даурыққан жұрт жінікті:
– Жол бермейміз ондайға!

Мансаптым-ау, жанқа бас,
Осыны ойдан шығарма.
Алда – майдан, жанталас..
Ұшырт, шырқа, шығанда.

Боқ карным-ау, ботқа бет,
Кимелей кір топқа кеп.
Көлбегенді көкпар ет,
Көлдененді таптап өт.

Қолтығыңда бар қолпаш,
Жүрексінер жоқ гадет,
батырашқа қотыраш
балта ұрмайды «тоқта!» деп.

Қорықпашы,
Ақанды
қияли ғып қойғанбыз.
Құлагерге ки артып,
Жон арқасын ойғанбыз.

Енді сенің алдынды
Орағытар озық жоқ.
Шаңдатшы бір сан қырды,
Би де, кожа өзің боп.

... Ана ағаштың басында
Алтын алма өсіп тұр.
Ұмтыл, жапыр танкіше,
Тау бөгесе – тесіп кір.

Төтелеп те, кей өрден
Қиялап та өтерсің.
Біреулерге ойы өнген –
Қиянат та етерсің.

Оны қойшы...
Ұрлықтың
ұяты жоқ кезде бұл.
Пыш-пышына тірліктің
пысқыратын сен бе едің.

Бұл ағашпен шатағым
жоқ менің де... Жесең же.

Өлгендердің атағын
Қалдыршы тек өзінде.

Жасың парлап көзіңнен,
Екі өкпенді қолыңа ап,
Жан түршігер сезіммен,
Демін бітіп, деден қак.

Ал, мен қалдым, сен кеттін.
Қош, есен бол көргенше.
Жаман атқа жал бітіп,
Су жорғадай желгенше.

Уайт-да! Қайтпа жеңгенше,
Бақ пен бабың бүгін сай.
Зорыққанша, өлгенше
әй, жүгірші,

жүгірші-ай...

16.02.1992

ЧЕМПИОН

«Жок-жок!

Жок-жок!

және жоқ...»

Жокка жүйрік жетпейді.

«Аллергия – зәрезеп»

бір ауру кетпейді.

Жок деген – ток, ол соқса,
ем қонбас дерт сол болар.
Насыбайсыз сар шакша,
Көңіл қалды, сен де қал.

Біз өткен жол – от тізбек..
Жеңеміз ғой, қорықпа.
Барды жок қып, жоқты іздеп,
Аттанамыз жорыққа.

Сан жорықтың сорпасын
Қайнатқанбыз бұрын да.
Сол қазанның ортасын
толтырмақпыз бүгін, жә...

Дәу қазанның қақпағын
ашып едік:

түбінде –

бес елі тұз! Басқа дым
мұнда да жоқ... Күлімде.

«Екі жерде екім – төрт»
деуден, сірә, танбайсыз.
Мың процент катеніз!
Көрдiнiз бе, кандайсыз...

Кеңiстiгi табылса,
параллель түзулер
киылысады... деп,
 Коля шал
айтпап па едi...
 Қайда жол?!

Дүниедегiнiн бәрi де
салыстырмалы екенiн,
Эйнштейн ақсақал
қаксап айтып кеткенiн,

бiлмеушi ме ең, маубасым?
Ал, бұған не дерсiн.
Көресiндi, сен сiрә,
надандықтан көрерсiн.

Әйтпесе, сен: «Маған жоқ –
неге бар, деп, анаған?!»
айтар ма едiн...
 Ғылымды
алғандай ғып жағадан.

Топасым-ау, ұқсайшы:
Дүние – кеңiстiк болғанда,
Түзулер емес пе – әр адам,
түскен параллель жолдарға.

Бiр нүктеден өтсе де,
Түйiспейдi олар ешқашан.
Сондықтан, саған жоқ нәрсе –
оған бар болса, несi таң?

Сол Әлемнiн кең iшi,
Тiршiлiк тұр бүлкiлдеп.
Ағашына жемiсi
ұксамауы мүмкiн бе ед?..

Онда, қапқа салып қой
таусылмайтын «Негендi».
Даурығасың, әлi ұқпай
шынайы өмiр дегендi.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Құйрығының астына
білеу қазы жасырған
шығайбайлар мектебі
енді көптеп ашылған.

Қу тірліктің әзілі
таусылмайды-ау, жарандар.
Жасыра алсаң қазынды:
басқаға «жөк» – саған бар.

«Бар – жөк» дейтін ойын бұл..
Мұны да бір көрейік.
Нәпақасын кедейдің
байға жинап берейік.

Он көш жерде осыдан –
Қара қазан қайнап тұр.
Қазы, қарта, жал, жая –
ішінде оның жайнап тұр.

Бар мен жөктың паркына
Бұл бір «эксперимент».
Жана өмір салтына,
Осы бастан бой үйрет.

«Көп алдым...» деп,
«аз алдым...»

текке өткізбе уақытты .
Құлағынан қазанның
ұстағандар бақытты.

Біздің сөре – сол қазан,
Мерзім қысқа – тек үш күн.
Бұрын жетсе кім оған –
Иесі сол шөміштің.

Ескертемін тағы мен:
Жол ашылған ерікке.
Әркім базар – барымен,
Шек қоймаймыз көлікке.

От арба ма, зымыран ба –
көлігінді сайлап ал.
Жаяу болсаң, бұлданба,
мейлің, қотыр сайда қал.

Ол жағына «Ұйымком»
жауапты емес! Болма мәз.
Жарыс шарты бірдей, тең:
Бұрын жеткен – жеңімпаз!

Қара қазан басына
бұрын жеткен – чемпион.
Жамбасының астына,
казы басар ол кілең.

Әркім көрер бағынан,
«Бар – жоқ» ойыны ойналсын.
Чемпионның тағынан
дәмегөйлер сайлансын».

Атаманның бұл сөзін
естіген жұрт түнерді.
Мұрты майлы бір сезім
жымындатты біреуді.

Құз жартастың түбінде
шалқып жатыр айдын көл.
Сол жартастан төменге
секіру ғой – жалғыз жол.

Өкінішті-ақ, әрине,
майып болып кетсеңіз.
Бірақ, оған амал не,
Бақыт – аман жетсеңіз.

Біз бақытты іздеуден
қашан шаршап, жалықтық?
Уәдесін де жүз берген,
Үміт дейтін жарықтық.

Енді қара қазанға
жету – арман, әрі күш.
Бағын сынап базарға
кім бармайды, кәне, ұш!

Бақыт үшін жан пида,
Көлге құздан қарғып түс.
Тәуекелден басқа жол
жоқ екенін сезеді іш.

«Басқа түссе – баспақшыл»,
Көнбей қайда бармақсын.
Атаманды қостап бұл,
Көпшілік тұр қолдап шын.

От арбасын, зымыранын,
танк, тракторларын
дүрілдетіп, «һайт!» деген
белгіні аңдып тұр бәрі.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төрағасы жорықтың
Ысқырығын шалды: «Е-ге-ей!..»
– Ал, бастандар!..
Лап қойсын:
бала, кемпір, шал демей.

Барды жою жорығы
басталып-ақ кетті, эне.
Көз көрмеген өмірі
болды дейсің жоқ пәле.

Әркім қамтып қалуда..
Уақыт басқа, күн жаңа.
«Барды» тасып алуға
шықты құл да, мырза да.

Ит пен мысық анталап,
Жетті арыстан, тышқан да.
Қарға, торғай, жарғанат,
Жорғалаған, ұшқан да.

Жолбарыстың алдына
қасқыр азық тасиды.
Ал, қасқырдың арқасын
түлкі келіп қасиды.

Ашық жатыр бар есік:
– Жалыста... алыңыз.
Және кір де және шық –
қамтып, қарпып қалыңыз.

Дән тасындар әр інге,
Тона, жымқыр, ал тала.
Толтырындар бәрін де:
қап па, дорба, қалта ма.

Бізде солай:
Айтқанды
екі етпейді!
Сеніңіз.
Талау, тонау жоспары
мың процент! Көріңіз.

Қайран қара шегіртке-ай,
Жапыруға шеберсің.
Қасиетінді мен ұқпай
келгеніме не дерсің.

«Барлыи» барлык егіні
тып-типыл боп жайпалды.
Ан біткеннің қорығы
Майдан болды майқанды.

«Жұта» салып шәрікті
тәтті ететін халықты
сикыршылар тағы ұтты
өнерлерін танытты.

Жар салып тұр біреулер
Алақанға түкіріп.
Тамсанып жүр біреулер
Түкірігін жұтынып.

Құлайтындай кара аспан,
Жерге карап көп тобыр,
Шен-шекпенге таласқан
Сяз, болыс, бек те жүр.

Жаяу-жалпы қауымға
жан екен деп карамай,
Паңдар отыр палау жеп,
сзулерінен аға май.

Өздерінше тұштыңдап,
жан алып, жан беріскен
ойсыз елді мыскылдап,
күледі олар өр, үстем.

Қолдарында, өйткені,
таяғы бар сикырлы –
Қас қағымда қазанның
қасында ашар ұйқыңды.

Ал, ана сорлылар
арып-ашып, қазанға
аман жетсе – қаспағын
жалай берсін... Ха-ха-ха!

Әркімнің бір ойы бар,
Кім ұтары белгісіз.
– Уа, қаспақбай, тойып ал,
түрін адам көргісіз.

Күнкіл өсті:
– Қулар мәз...
Бұл не заман, оу, тоба?!
Мұны естіген бір маңғаз
шыға келді ортаға:

ШЫҒАРМАЛАРЫ

– «Түгіменен түйені,
Бүгіменен биені
жұта алатын кімдер бар?
Күн соларға тиеді!»

Ашық сөзде айып жоқ,
Бұған тобыр не десін.
Енді ешкімнен қайыр жоқ,
Басқа түссе көнесің.

Ортақ өгіз сойылған..
Быт-шыт, міне, терісі.
Оны дал-дұл айырған –
Әр шатқалдың бөрісі.

Бөрі болса әр сайда,
Әр ауылдың иті бар.
Олардың да көмейі
бүлкілдеген сиқы бар.

Мығымсынған әлгінің
сөзі де өктем, ісі де.
– «Жалғыз-ақ заң бар бүгін:
Сенесің тек күшіңе».

Қаламаңыз, қалаңыз,
Міне, осындай сіздің хал.
Адал жолда – арам із,
Қан қасында құзғын бар.

Әркім жорық тойында
Өз релін ойнауда.
Жаны барлар бойында –
Өлмес күнін ойлауда.

Қолынан келген, қашанда,
қонышынан баспай ма.
Ішің күйсе, тұз жала,
Тісің сыздаса, тас шайна.

Қалауын тапса, қар жанып,
Ебін тапқан екі асар.
Жүре алмасаң жан бағып,
О дүниеге кете сал.

Міне, бүгін еркіндік..
Шырк иіріп бұл жұртты,
Ысқырығын төраға
үшінші рет шыңғыртты.

Оның өзі қазанның
қақ жанында тұр еді.
Ысқырығын, ал, оның
естіген жоқ бұл елі.

Өйткені, елдің қалған-ды,
сайда саны, құмда ізі.
Алданғанға арман боп –
қара қазан, сұр қазы.

Төраға да сол сәтті
қалт жібермей, сақ тұрды.
Вертолетпен он шақты
жаршыларын шаптырды.

Төрағанын жарлығын
жеткізді олар заматта.
Жыра-жыра, сай-сайда,
кұлап қалған халыққа.

Вертолеттер әуеден
Сай мен құмды шарлады:
– Бірінші өтіп мәреден,
Шығайбаев самғады!

– Шығайбаев Бұйрықбай
абсолютті чемпион!
Вертолеттер құйғытты-ай,
«Сүйіншілеп» еңтіккен.

Вертолеттер бір кезде
Бейнедидар жүйесін
косып еді –

Қазанның
басы у-ду... күлесің.

Аң-таң, гу-гу көрген ел:
– Ім-м... Бұл жарыс осы де...
Қадап жатыр төраға
Чемпиондық белгісін
Бұйрықбайдың төсіне.

Бүйрекеннің мойнына
Алтын медаль асылды.
Арам, арсыз қойнына
Жаһұт нұры шашылды.

Чемпиондық тұғырда
түйедей боп ол тұрды.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Оң мен солын –

Жыланбоз,

Жағымпаз кеп толтырды.

«Жоқ-жоқ» дейміз... О, гажап!
Мұны көрген ел қайран.
Қойғандайын дұғалап,
Ақылдары болды айран.

Әлгі үшеудің бойынан,
қалтасынан, аузынан
шығып жатыр не бір зат...
Жоқпыз ба осы алжыған?..

Шығып жатыр шұбалып:
Шұға, жібек, мауыты.
Көзден ұшқан мың азық,
Көлге батқан зауыты...

Қуырдақтың көкесін
жерсің түйе сойғанда.
Оның қандай екенін
Айтсаң еді, тойғанда.

Сол секілді, әліптің
артын бағып көрсеңіз,
есі шыққан халықтың
өзі ойыншық, сенсеңіз.

Танданатын несі бар,
Айтпап па еді атаман.
Соны қайта есіңе ал.
Бәрі заңды, деп саған.

Үш чемпион кеселді
Мұртын баппен сылайды.
Әбден сасқан осы елді
мазақтаған сыңайлы.

Мың құбылып көз алды,
Қазынаға кенелді.
Кенет... Олар қазанды
алып ұша жөнелді.

«Бар» елінің байлығын
«Жоқ»-тауына асырып,
әкетпекші... Сол үшін
барады олар асығып.

Қара құмырсқа – көп халық
қала берді сан соғып.
Жарлық берді төраға:
– Алда тағы бар жорық...

Мейлі, оны да көрерміз,
Көрмегенде не қалды-ай.
Шыдамының шегі жоқ,
Халықпыз ғой дегенбай..

Оны қойшы... Ал бүгін
«Жоқ» дейміз-ау... Әй, қайдам?..
Құлақ бітіп қалды –

мың
ойбай менен айғайдан.

Сол айғайдың артында
жатқан жоқ па бір пәле?
«Жоққа» үйренген құлақты
сарсытуда қырт, әне.

Еті өлген соң құлақтың,
Тілде тікен, ойда от
қайдан болсын, ақыры
болмай қалды «Жоққа» сот.

Сөйтіп, тағы құтылды –
Екі беті құйрықтай,
шығайбайдың ұрпағы
бұқа мойын бұйрықбай.

Күйі қашып халқымыз,
Сөзден қадір кеткенде...
Алдаркөсе қартымыз –
О да жай бір боп пенде.

Бұйрықбайдың сиырын
бағып қалған жайы бар.
Замананың құйынын
Сол сұңғыла айырар.

Ал, әзір би – бұйрықбай,
Жер баспайды аяғы.
Даңқыменен өсіп жүр
бабасының баяғы.

Уақыт басқа дегенмен,
Баяғыңыз баяғы.
Шошаңдауын қойған жоқ
Шығайбайдың таяғы.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Осы біздер, шынында,
Қайдан шыққан еркеміз?
Бардың төрін тарылтып,
Жоктың күйін шертеміз.

Әңкілдеп тұр атаман:
– Міне, нағыз жігіт деп
Бұйрықбайды атаған
жөн болады... Қолың сок!

Рас па екен?.. Шынында
не ғылсын-ау сот оны..
Бұйрықбайлар барында,
Жокка жүйрік жетеді.

19-22.02.1992 ж.

ҚАРАҒЫМ-АЙ...

Үлкен сыйлық! Сұлусың, паңсың әрі!
Секілдісің дүниенің шамшырағы.
Сенің нұрлы жүзіңе бір қарауға
зар болғандар қайғы ішіп, қалжырады.

Бір жымисаң, ерніңнен таң шығады,
Өзіңде ме әлемнің бар шуағы.
Қас қыранға лайық қарағым-ай,
Қара тобыр соныңнан сан шұбады.

Ару едің кезінде еркін, асқақ,
Талайларды тұқыртты сесің жасқап.
Не сабаздың меселін қайтардың-ау,
Бір карамай көзіңнің қырын тастап.

Сен кімдерге болмадың асыл арман..
Есіл ер бар – жолыңда «басы қалған».
Таққа мінген патшадай шаттанатын –
Кей пақырлар сәл уақыт қасыңа алған.

Кей танысың өзіңмен жекеленсе,
Өле жаздап, соныңнан бөтен ерсе,
Мүйізіне сенгендер тіресетін,
Жас тушаны қорыған текелерше.

Өңшең тасыр ашкөздер таласында,
Қайтейік біз, талапай боласың да..
Лашынға лайық қарағым-ай,
Жапалаққа қор болып барасың ба?

Асылынды әркімге арнады да,
Адалынды арамдап алмады ба?
Көріп қалды сұқ көздер, қалай сені,
Сұқсырдың да қасынан, қарғаның да.

Жан емес ем өзіңе түс тіктеген,
Шынымен-ақ болды ма іс күтпеген?
Су жыландай бір өсек сумаң етті:
Аяулым-ау, өзінді СПИД деген..

Алпыс арын – артыңда, тоқсан қарын...
Әрбіріне жалтақтап, қоқшандадың.
Ұят болды-ау, жеңілтек біреулерше
Тазалықтың көзіне шөп салғаның.

Түлкі болып қашса да заман салты,
Үлкен сыйлық! Болмадым саған тәнті.
Биіктегі арман боп тұра берші,
Сол тәкаппар, сол асқақ, сараң қалпы!

23.02.1992 ж.

СЫБАҒА

Бай-еке, малым семіз, ақын арық..
Жүрмеші, аңқауым-ай, қапы қалып.
Маңқиып отыра бер, бір-ақ сомға
Миллионер атағын «сатып» алып.

Бай-еке! Қойым семіз, ешкін арық,
Семіздің арыкпенен өштігі анық.
Бұрын ғой мал өсірдік..
Енді соны
саудалап, ерте күнді кеш қылалық.

Әй, кедей! Ақын семіз, затым арық,
Пайдаға құнықпашы куақыланып.
Жалданшы бай ағана, тышқак лағын
құнына бір қараның сатып алып.

Сіз бен біз сөйтіп, міне, келісейік,
ортақты оңашаға бөлісейік.
Айранды байкең ішсін, шелек түбін
Кедейжан, сен жалай сал, сөзді қойып.

Айт бірақ: «Бай-екеңе дұрыспын» деп,
«Айранды теңдей бөліп, бір іштім» деп.
Ауызға ерік тиген осы екен деп,
Тіліңді егей берме, тым үшкірлеп.

Белгілі, айран ішкен құтылары,
Жалаған шелек түбін – тұтылады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Айранның ақы-пұлын сен төлей сал,
Әйтпесе тақыр басың тұқырады.

Қарны тоқ – ыңқ-ыңқ етіп ырғалады,
Санасы аш – сыбағадан құр қалады.
Сен де егер ақылды боп шыға келсең,
Мыңғыртып байдың малын кім бағады.

Әй, кедей, ауылыңда үлкен той болады,
Соған бар, орнына қасқыр қой бағады.
Түймеге бие сұрап, түйе беріп –
Ол тойда базар жарыс ойналады.

Сол тойға тездеп жетіп үлгерсеңші,
Елге ұқсап, сен де адамша күн көрсеңші.
Тоныңда қалған жалғыз түймеңменен
Бағынды сынап, байқап бір көрсеңші.

27.02.1992 ж.

ҚОРЖЫНБАЙ

Өзің өз боп, бір ісінді оңдырмай,
Жақсылармен өмірбақи бол қырбай.
Өрге жүзген өнерліні күндеп бақ,
Өз қолыңнан бөк келмесін, қоржынбай.

Өзгені қор, өзінді зор тұтудан
бір жалықпа, осында ғой бүкіл мән.
Баз біреудің шіренгені не керек,
Айырылма қолыңдағы тұқылдан.

Өзіңе-өзің тамсанудан шаршама,
Үлгіліден үйренуді ар сана.
Бұл дүниенің құлағын бір сарсытшы,
Түкке алғысыз көр-жерінді жар сала.

Атың шыққан сабазсың ғой сен дырдай,
Енді көрші: өзіңе ерген ел жұрдай.
Үмітімді шайтан үптеп кеткендей,
Саған созған мойным менің болды ырғай.

Сол ырғайды көсеу етпек ойың бар..
Біреу оны сап қылса ше дойырға, ал?
Онда, сенің күн шалмаған арқанды
Найзағайдың от бәкісі оюлар.

Мен де сені мактаудай-ақ мактадым,
Жер мен көктен теңейтін сөз таппадым.
Таппағаным осы емес пе – ойыңнан
шығу үшін не айтсам да жақпадым.

07.03.1992 ж.

Алматыда терек көп,
Қардан сырға тағады.
Қардай қағаз медет боп,
Жаланаһ тәнін жабады.

Қардай қағаз бетіне
Қарамауға дәтің жоқ:
«Таңғы сағат жетіде
шірік картоп сатылмақ!»

Шірік картоп... Алтыным!
Сағындық қой, қайдасың?
Сенің балқып буыңа,
Көңіліміз жайнасын.

Қабың болса, картоп бар!
Батпан құйрық бұл неткен.
Бақыт жоқ деп өмірде,
айтады осы неліктен?

Көрмегелі көп айдың
жүзі болды, тәттім-ау.
Көзден бұлбұл ұшқан соң,
боп кеттің бе қаттылау..

Күтуші едім сарыла,
Бір хабарын жетер деп.
Сол үмітім ақталды,
Енді өзіңе өкпем жоқ.

Жолға шығам ертелеп,
Қапқа толы құшағым.
Таңғы сағат жеті емес,
Үштен тұрып ұшамын.

Құстай ұшып, қасыңа
жетермін мен әр таңда.
Қымбатым-ау, сен сонда
меселімді қайтарма.

07.03.1992 ж.

«БАЛАМА ЖОҚ!»..

Дүниедегі ең арзан не?
– Ақиқатқа жүгінсеңіз,
Біз де жүрген бір дүмшеміз.
Не көп – соның қадірі жоқ,
Бұл шындықты сіз білсеңіз.
«Сақтаушымыз бір құдай!» деп,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жалғыз-ақ тал шырпыдай боп,
шықпа жаным, шықпаменен
күн кешетін «шіркін-ай» көп.
Көп түкірсе көл емес пе,
Арзан деген сол емес пе,
Бұл дүние – ала,

демек,

әр нәрсеге баға бөлек:
ойы шыңға қонғанымен,
отырмаған бір күн төрде,
көңілі ояу болғанымен,
өзі жаяу шіркіндерге
«аға» да көп,

кожа да көп,

жаза да көп.

Дүниедегі ең қымбат не?
– Ақылменен ойласаңыз,
Ой парқына бойласаңыз,
одан да зор бір шындық бар,
Сүйіншіге той жасаңыз.
Алтыннан да ардақты ол,
Күмістен де салмақты ол,
Құнын ешкім шығара алмас,
Қымбаттан да қымбатты ол.

Тышқанның боғы ем емес пе¹,
Қымбат деген сол емес пе,
Бұл дүние – ала,

демек,

әр нәрсеге баға бөлек:
Ойы аласа болғанымен,
Бойлары көкке тірелгендерге,
Арғымақ мініп, аттан түспей,
Алтынды ер үстінде шіренгендерге
балама жоқ,

балама жоқ,

балама жоқ!!!...

07.03.1992 ж.

* * *

Елуде елеп үй бердің,
Рақмет саған, қалаатком...
Кіруге оған имендім,
Алтын бір таққа балап мен.

Тас үйдің тапал балконы,
Мен үшін тақтан кем емес.

¹ Мумие

АҚШ-тың Джимми Картері
Тұрғандай онда, мен емес.

Қалаатком жолдас... мырза әрі...
Тиді ғой сіздің шарапат.
«Уһ!» дедік, міне, біз дағы,
Сол үшін сізге марапат.

09.03.1992 ж.

* * *

Алматы – Мәскеужанның інісіндей,
Жастықтың жатық келген тігісіндей.
«Достық» деп аталатын кен бар болса,
Бірі – алтын, екіншісі күмісіндей.
Үстіге киіп алар тон болса егер,
Сол тонның бірі – сырты, бірі ішіндей.

Мәскеужан – Алматының ағасындай,
Мысалы, көздің ақ пен карасындай.
Бір сайдың қатар өскен ағашындай,
Бір қолдың екеуі – екі саласындай.
Болғанда алыспенен дәл осындай,
Қазак-ау, жүрші өзінді аласынбай.

09.03.1992 ж.

* * *

Қаруластар – тағдырластар,
Бюрократтар – патриоттар,
Бауырластар, жан жолдастар,
Қауымдастар, асыл достар,
Ұлы істерді атқардыңдар.

Қатарластар, сапарластар,
Шапандастар, бокалдастар,
Оқшырайған атан бастар,
Ойы бірге қатарластар,
Енді қайда аттандындар?

Құралдастар, ұрандастар,
Ымы бірге құмарластар,
Сыры бірге сылаң қастар,
Жүкті қарын, жуан бастар,
Жалт етіп бір, жоқ болдыңдар.

Құлқындастар, табактастар,
Сыбайластар, сабақтастар,
Құндыз жаға, жанат бастар,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қапталдастар, қанаттастар,
Неден үркіп, тоқталдыңдар?

Абзал достар, армандастар,
Көпті көрген тарлан бастар,
Беделдерің таудан да асқар,
Уа, сүйінші, нар жолдастар,
Сіздер... Қайта ақталдыңдар.

Ақталдыңдар... Шаттандыңдар,
Өз кезінде жеп қалдыңдар,
Енді жаудан кекті алдыңдар,
Елдің ары боп қалдыңдар.
Сендер біліп мақтандыңдар...

10.03.1992 ж.

ЕНДІГІНІҢ ЕРЛЕРІ (Махамбетше)

Желе жортып, жер шолып,
«Интервью»² бермей ер болмас.
Дүрілдетіп қол соғып,
Қолтаңба алмай ел болмас.

Заңы басқа әр елдің,
Қара касқа – иттері.
Мың жылқысы бар ердің,
Аштан өлер биттері.

Ерді сүйсең, бізше сүй,
Жер-көкте жоқ сыйды іздей.
Хан көтеріп төбеге,
Жерге аяғын тигізбей.

Қолпаштайық кеу-кеулеп,
Кеуделері шалқайсын.
Шаруалары өркендеп,
Көңілдері марқайсын.

Сый-құрмет те – сыбаға,
Қолың жетсе, ал да аса.
Тартылмайды әркімге,
Жүзден біреу болмаса.

Шүлен топтың ішінде
Күншілді де жоқ деме.
Қыз жақтаған жігітті
Мақтамайды ол тек неге?..

² Таңсық іс.

Сұрай қалса сырт біреу:
«Не жетпейді Сіздің елге?» – деп.
Біз айтамыз: «Шын тілеу,
таза ауа, су... һәм ер керек!»

Қыстың қамын жазда ойлап,
Қыстай соны тойлаппыз.
Ортамыздан ер сайлап,
Көрмелерге қоймақпыз.

Көз жетпесті шоламыз,
Кең залдарға келеміз.
«Қол сок» десе – соғамыз,
Ал, дауыс па?.. Береміз!

«Жан жоқ ондай – жалғанда!..»
Мақтап-мақтап қайтамыз.
Шыға бере, неге онда
пыш-пыш өсек айтамыз?

Жаяудың шаңы шығар ма,
Тұлпар мінбей ер болмас.
Оған дағы, бұған да
Ат мінгізбей ел болмас.

Ел жанында жара көп,
Емдер оны кім бас боп?
... Ер боп біз де алар ек,
Табылмайды-ау бір мәстек.

16.03.1992 ж.

ӘР РЕТ...

Әр рет:
жауыздықты,
азғындықты,
сатқындықты,
арсыздықты,
жалғандықты,
заңсыздықты,
каталдықты,
қансыздықты,
астамдықты,
жолсыздықты
жаның шырқырап көрген сайын,
жүрегіңнің бір жапырағын
жыртқыштың тісі бөлген сайын,
өзінде бар ұяттың
бір бөлшегін аяусыз
дар еткізіп айырып,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

лақтырып тастап отырмасаң,
онда, қалқам, сен үшін
мына жарық дүние
қыстың күніндей қып-қысқа,
шоп-шолақ
боларына күмәнданба.

Тағы кеп:
реніштің,
өкініштің,
қапылыстың,
опыныстың,
қорқыныштың,
толқыныстың,
аяныштың,
жеркеніштің,
ашыныстың,
өртеністің
зәрлі уын ішкен сайын,
көңіліңнің нұрлы атырабын
шөл қусыра түскен сайын,
бойыңда бар намыстың
ұшқындарын шашыратып,
жігердің қайрақ тасына
жанып, қаһар шақырмасаң,
онда, сенің өмірің –
мәнсіз өткен бос тірлік,
қыстың түніндей әрі ұзақ,
бітпейтіндей
болады-ау бұ жалғанда.

22.03.1992 жыл.

* * *

Кімге медеу құбылмалы коқым бұлт..
Бүгін ыржың, ертең тыржың – не тірлік?
Күнде ыржың болар едім, бар ма, ал –
ертең тыржың тумасына кепілдік?

Пенденіздің күнде өзгерсе түр-түсі,
Бүгін – біреу, ертең басқа бір кісі
болмас па еді... Мұны ойлаудың өзіне
сау адамның келеді ғой күлкісі.

Адамдағы мінез де дәл осындай,
Шарпысатын зарядтар бар, қосылмай.
Күйген көндей, қалмаймысың бырысып,
Найзағайша осып өтсе тосын жай.

Одан кейін келе алуың қалпыңа
екіталай. Қарап күшен артыңа.
Қата қалма ешкінің бір майынша,
Қаттың екен – балауыздай балқыма.

Хамелеоны емеспіз ғой Чеховтың,
Бетіміз де ұлтаны емес етіктің.
Клоунның маймылына ұқсатып,
келеді ғой мені, сірә, көкіткің.

Сол маймылша айтқанына көндіріп,
Мазак еткің келетінін мен біліп,
Қара тас боп жатып алдым мызғымай,
Күнгеімді теріскейше тоң қылып.

Тоңымды айтып, томсырайған жақын бар,
Томырыққа тоқсан тарау ақыл бар.
Менің тоңым жібір ме еді, әлі де
көңілдің бір түкпірінде жатыр қар.

Бірде тауға, бірде бауға сүйкенген,
Құбылмалы ала бұлтқа кім сенген.
Көңілімнің ашар ма едім бар гүлін,
Енді үсік жүрмейтінін білсем мен.

Жиі көріп кездерімді қынжылған,
Ойламаңдар түсіп жүр деп үнжұрғам.
Ертең тыржың болмасына сенбеуден,
Бүгін байқап, бой тартамын ыржыннан.

22.03.1992 ж.

* * *

Тұрар, Ахмет, Мұстафа,
Әлихандар кешегі –
Жол нұсқапты-ау халқына,
Ел болсақ деп көшелі.

Кеш ұғындық... Енді елдің
қайда сол бір ардағы?!
Екі келмес ерлердің
іште кетті-ау арманы.

Кеш те болса, көз жетті..
Тәубә, тәубә, ақсарбас!
Қырғыз, түрікмен, өзбекті
Өзім деуден қашпа, ал, жас!

Орнында бар оңалар..
Жан тазарды жаладан.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кейінгі іні не болар,
Жол көрмесе ағадан.

Ат тұяғын тай басар,
Жок жетілер түбінде.
Ел ертенін ойласар
Ерлер аз ба бүгінде.

Сынығындай асылдың
Қымбатына не теңдей?
Жақсы адамдар – халқының
Қасиеті екен ғой.

Жақсыларды күндеген
іштарлардан не қайыр.
Езді адам деп білмеген –
Елдің одан жолы айыр.

Тар жол, тайғақ кешулі,
Жолдан өтіп келеміз.
Кеше болған кесірді
бүгінде жоқ деменіз.

Амал іздеп жүрген бар –
Аққа күйе жақпаққа.
Жатып алып үрген бар –
Жайы келсе, қаппаққа.

Күншіл болса жақының –
кас жаудан да бетердей.
Қарау жандар – халықтың
қасіреті екен ғой.

Зауал емей немене –
қасіреті меңдесе.
Халық өсіп-өне ме,
Қасиеті жеңбесе.

Шаттан, халқым, ендеше,
Өсті мерей, мәртебен.
Кетік едім мен кеше,
Бүтін болдым, жарты емен.

Аты өшпеген жақсының
Хаты – бізге дұғадай.
Қасиеттеп ақ сырын,
Шығады Күн, туады Ай.

28.03.1992 ж.

КӨСЕМШЕ

«Базарыңның барында ойна да күл»...
«Халықшылдың» ұры ойы қоймада жүр.
Аузы дуалы, ақылы көл-дария,
Көптің қамын көсемше ойлаған ұл.

Көптің бірі – біз дейік, көсем қайда?
«Альтернатив»³ боп жүр ол өсембайға.
Ақылыңды білмеймін, аузын шымшып
Бұған қаптай – сыймай тұр кесел бойға.

Кесел деген – секілді кесек алтын,
Қара темір, мысалы, сіздің нарқың.
«Көсекеңді» қостай бер «хош-еке» боп,
Екі езуің жайылып, емен-жарқын.

Әулиесітіп, астына көпшік қойып,
Ішпей қанып сөзіне, жемей тойып,
«Қарандаршы, пәленше-екеміздің
Қақырығы алтын, түкірігі күміс» дейік.

Көш бастауға көк серке төселсе бек..
Кері кеткен ісіңе – кесел себеп.
Құдай содан сақтасын, дәтке қуат..
Ай мүйізді көсем аз, көсемше көп.

Ер шыға ма, үй маңын шу қылғаннан,
Пайда бар ма, жылусыз құр жылмаңнан.
Көсегесі елдің бұл көгерер ме,
Көсемшеден есімше тудырғаннан..

08.03.1992 ж.

* * *

Алматы – көтерем сиыр,
Одан сүт іздеме сен.
Аққа аузың тимес биыл,
Былтыр құрт, сүзбе жесең.

Аш сиыр мәңірейді,
Шөп пен жем – арман оған.
Ол енді сені жейді,
Қасына барма, балам.

Көрдін бе, сыртта боран,
Жетіпті-ау, о да қаңғып.
Далаға шықпа, балам,
Ұры жүр қораны аңдып.

³ Сәнге айналған сөз.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бұл ұры – қауіпті ұры,
Қойнына қару тыққан.
Көтерем, арық сиыр –
Арманы оның бұққан.

Қимайды ақы-пұлды –
Кедейге битін сыққан.
Қарақшы атышулы,
Тонаумен мүйізі шыққан.

Жалбарынамыз біз құдайға:
«Ұрыға жем етпегей» деп.
«Жан баққан жалғыз қара
Қолды боп кетпегей» деп.

Пеш жақта әжең жатыр,
Аурушаң енді ол кісі.
Көбейген ыңкыл-сынқыл,
Азайған ертегісі.

Құдайдан тілейді ол:
«Күшіктер болса аман!» деп,
«Алдында осылардың
Мені енді алсаң ал...» деп.

Тамағы аз – сүт пен талқан,
Таптырмай сол уайым.
Қояды сақтап саған
«Жүз грамм» сары майын⁴.

Шылым ба?.. Шекпейді ол,
Татпайды арағын да.
Алынбай екеуі де
Қалады «талонында»⁵.

Мінеки, сыртта боран,
Ал іште гүл өсіп тұр.
Таймауға өз жолынан
Тіршілік тіресіп тұр.

Сол кезде теледидар
Айтады дауыс кере:
– Ұшады Күнге қарай,
Тағы бір ғарыш кеме!

Ғылымның жетістігі
Қыздырып башпайынды,

⁴ Рұқсат етілген дастарқан мәзірі

⁵ Рұқсат етілген дастарқан мәзірі.

Қиялға шомасың сен,
Ұмытып аш жайыңды.

Ертемен қыбырлаймыз..
Сиыр тұр, жем жоқ, бірақ.
Нанымыз бар – бүгін баймыз,
Бір құдай берсе қуат.

Сиыр тұр – көтерем, аш...
Бұзаудың халі мүшкіл.
Құр сояу бола ма ас,
Аштықтың тілі үшкір.

Қой, мұнды тағы үстеме,
Болсыншы Отан бекем.
Түндегі ғарыш кеме
Қай тұсқа жете алды екен?..

Ілінсе аузы көкке,
Бұзау да бір тойынар.
Аш сиыр аман қалса,
Сүттен май жұрт айырар.

...Алматы – көтерем сиыр,
Әзір сүт іздеме одан.
Әжен де, тың ғой биыл..
Сен күдер үзбе, балам.

09.03.1992 ж.

* * *

Бүйрегі тас, бауыры бетон пендешік!
Күн шықты, эне! Кең дүниеге сен де шық.
Көленкеде көп отырып қалдың ғой,
Доңыз жылы кетіп едің төрге өсіп.

Сол жыл, міне, екі айналып келгенше,
Жайлы орныңнан қозғалмапсың, енді өлше.
Қаранғы қорада бордақыға байланған
бұқадайсың, жігіт едің дембелше.

Семірмейтін мал бола ма жем берсе,
Жоңышқаны итермей ме ерменше.
Кімге соғым боларыңды білмеймін,
Домаланған түрің жаман өлгенше.

Масылдықтың дәмін алып дәніккен,
пошымыңа қарау қиын парықпен.
«О-о-о!» деп, көп-ақ шошайтып ең аузыңды,
Аумай қапсың өзің де сол хари́птен.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бір пайдан жоқ септігіндей баланың,
Қайдан жедің он адамның тамағын?
Ол да мейлі... Ердің орнын малданып,
Төрден кетпей қойғаның не, қарағым?

Ар – таразы, салмағыңды кел де өлше,
Енді өмір сүр, өзге шаруаң жөнделсе.
Көленкеде көп отырып қалдың ғой,
Күнге күйіп, желге тотық сен де елше.

17.03.1992 ж.

ПРОБЛЕМАЛАР ҚАМАЛЫ. ЖОЯН, МЫСЫҚ, ҚҰЗҒЫН ЖӘНЕ ҚАРҒАЛАР

«Проблемалар қамалының»
Қабырғасы қандай қалың.
Зенбірекпен атсаң да оны,
Бұза алмассың жақтауларын.

Өйткені оны құдай емес,
Ойлап тапты Жоян адам.
Ол Шайтанмен ақылдасып,
Құрылысын жобалаған.

Бұл қамалдың қақпалары
ашылмастай жабық әрі.
Қайшыалысып, едірең мұрт
күзетшілер сабылады.

Шу-шу еткен қалың қарға
бұл қамалдың дәл ішіне
лап қоймақшы,
ал бұларға
арсылдайды ит өшіге.

Аш қарғалар албастыдай,
Сұрларынан шошиды адам.
Қасқыр иттер тайыншадай,
Арс-арс етіп, қоқиланған.

Қамал ішін қарасаңыз,
деуініз хақ: «Пай-пай, жалған!»
Не қасқа мен жайсаңдар жүр,
Салтанаттан басы айналған.

Бұлар – бұдан біраз бұрын
осы жаққа аттанғандар.
Көл маңына –
«Проблемалар»
қамалын сап жатқан жандар.

Зор камалдың құрылысы
Аяқталып келеді енді.
Миллион құлдың тегін күші –
Ортадағы көл дегені.

Бұл көл – бұрын Ұлы өзен-ді,
Екі жағы бау-бақшалы.
Аяқ-қолын кесіп оның,
Домаланған көл жасады.

Қорған жасап шыр айнала,
Қоршады оны әдемілеп.
Жазып қойды ең сыртына:
«Проблемалар камалы» деп.

Танысыңыз: Жоян батыр –
бұл Кешеннің төрағасы.
Ол – кешегі жай бір пақыр,
Ал бүгінде – ел ағасы.

Ұлы өзендер – «Халық жауы»
деп аталып, камалған соң,
Қалың елдің бақша-бауы
Жетімсіреп ол қалған соң,

Бір кездегі көкорай бел –
Ақ тақыр боп шыға келді.
Сулы, нулы, құлпырған жер
Көктен мейірім сұрады енді.

Құлан тайқып, ұлан-байтақ
Сахараны биледі шөл.
Бау-бақшасын жылан жайпап,
Тітіренді ашыққан ел.

Бұл камалың қандай десең,
Болды ол қазір үлкен қала.
Су жоқ, бірақ бар ғой Кешен –
Міне, сізге проблема!

Проблема! Оны жасау
оп-оңай деп айтады кім.
Өзендерді долы да асау –
Мәстек ет те, байқап, ұғын.

Бар нәрсені жоқ етуге –
қанша қаржы, қажыр керек.
Көкорайды шөл ету де –
дәл сондай ғой, қазір демек.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сен айтасын «жок» деп әлі,
Проблема, міне, қайда!?
Жүр дейсің бе текке бәрі
Азуларын білеп Айға.

Проблемалар қорғанын сол –
жасау оңай болған жок қой.
Тақыр жерге тұрғызылды ол,
Ұлы майдан, алғы шептей.

Бұл қорғанның өз басына
кеткен еңбек не тұрады.
Маңдай тер мен көз жасына
шыланды оның топырағы.

Қорған дайын. Қамал берік.
Жояндарды жау алмайды.
Өңшен құлға тамақ беріп,
Несіне енді алаңдайды.

Жоян дейтін дөйіңіздің
Адал досы – шайтан дедік.
Қиын-қыстау күн туғанда,
Бұған ақыл айтар келіп.

Бұл жолы да тастаған жок
Жоян досын ол далаға.
Айналдырып жіберді енді
Құлдың бәрін қарғаларға.

Аш қарғалар содан бері
Бұл қорғанға өш те кекті.
Жоян-екең мақсатына
Жетіп алып, мырс-мырс етті.

Жау жок деме – жар астында..
Міне, қайда проблема?!
Адалсынған әккі Жоян
Сыры аян бір Аллаға.

Көп түкірсе – көл емес пе..
Көлі – ішінде, сыртта – қорған.
Көңілді бұл әсем кеште
Жөкең «Жөрми»⁶ ұрттап алған.

Қамалдың қақ жүрегінде
Отыр олар карта соғып.

⁶ Жерде бар, көкте жок шарап.

Шылымынан шыққан өрттен
Арал менен Балқаш өліп.

Демесеңіз: кулар ырғын,
сайтаны мен сайқалы көп.
Сырты тозақ бұл қорғанның,
Іші – ғажап, айтары жоқ.

Сылаңдаған сұлулары
«Кіш» еткендей отқа, тіпті.
Балға қонған шыбындары –
Қарғалардан көп бақытты.

Көлде жүзген аққу-қаздай
Ханымдар мен Мырзаларға
қарап тұрсаң ала жаздай,
Көз тоймайды-ау бұл жалғанда.

Бұл камалға қашып келіп,
тығылғандар шырайлы әрі.
Америка ашып, ерлік
жасағандай сынайлары.

Осылардың көбі кеше:
бірі – аттылы, бірі – жаяу,
«айналайындар» еді десе –
ойы сергек, үні де ояу.

Бірі – жүрек, бірі – білек,
Ой тартқандай оң парыздан.
Шығып еді-ау, о, құдірет,
Өзіміздің ортамыздан?!

Қараңызшы, енді оларға:
Елер емес сіз бен бізді.
Сен салар да Мен саларға
ұзатпақшы Шыж бен Быжды.

Құрығанмен құда-сүйек
етіп, бізден құтылмақшы.
Уәдені мұзға сүйреп,
Күн жылына сытылмақшы.

Кім байлық пен мансап қуды,
«Қап!» деп қалды кім алдана?
Сенген қойың сан соқтырды –
Міне, қайда проблема!

«Проблемалар» камалының
Коменданты – Жоян батыр.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жарлығындай Жоғарының –
береді оған шайтан ақыл.

Проблемалар... Проблемалар...
Кинодай көп сериалы.
Ойлап отыр ол қазір де
тың сюжет жариялы.

Ол да пенде жұмыр басты –
Байлар неге жыламасын.
Соны ұқпаған селдір шаштың
түйсігіне таң қаласын.

Әләуләйім... Халауләйім...
Бірі бітсе басқасы бар.
Әнді Алдардан шайтан ұрлап
алған... Магниттік таспасы бар.

Ол таспаны Жояндарға
сыйға тартты, сенім артып.
Жөкең болса, танауымен
кұр ыңылдап, отыр шалқып.

Бұл Жоянның дәл қасында
Қанден иттей бір ақ мысық
ұйықтап жатыр пыр-пыр етіп,
Айран, сүтті тоя ішіп.

Домаланған осы мысық –
Жоянның сүйіктісі.
Қарғалардың шефі де сол,
Бір басында – билік күші.

Ал, қорғанның шатырында
қарақшыдай құзғын отыр.
Ол шайтанның ақылына
маужыраған... Мызғып отыр.

Кенеттен ол ұйқысынан
жын ұрғандай кетті оянып.
Сон-о-оу биік шың тұсынан
Қыран шықты оқтай ағып.

Мұны көріп, зәре-құты
кашқан құзғын бұға қалды.
Ал, Қыранның көзі жіті
Аңғармады бұл арамды.

Аңғармады, алыс жаққа
бағыт түзеп кете барды.

Кәрі құзғын көп қарғаның
ортасында жеке қалды.

Қыран кетті... Құзғын қалды –
билікке өзі ие болып.
«Изаура күн» фильміндегі
Франциско секілденіп.

Батылданып, қатуланып,
құзғын сарнап қоя берді:
– Ал, қарғалар, бәрің дағы
білесіңдер Жоян ерді.

Ол – камалдың әміршісі,
Ірі істерден артылар ма.
Халық үшін қайғы ішіп,
Әлі талай алқынар да..

Ал, сендердің басшыларың –
Мәртебелі Мысық мырза.
Жастыққа бір жар құлағы
тимейді оның...

Жұрт риза.

Және де ол басқарады
Лабораториясын «проблеманың».
Кімде қандай ұсыныс бар?..
Шеше алады бәрін, бәрін!

«Еруліге – қарулы» деп..
Сендер де бос, жай тұрмандар.
Екі қарап, бір шоқып тек,
Тыным таппай дән жинандар.

Соның бәрін мына менің
алдымдағы кең ұраға
тасып әкеп, жия бергін,
Пір тұтындар мені ғана.

Иә, айтпақшы... Жоян ер мен
Мысық мырза бар екен ғой.
Мықан – ғажап көзсіз мерген,
Жөкен деген – нар-екем ғой..

Құзғын солай сұңқылдады,
Ал, қарғалар үнсіз. Неге?
«Проблемалар» бұлтындағы
секілді олар тілсіз кеме.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Проблемалар қорғанының
қабырғасы сондай қалың.
Нешік екен хал-жайларын,
Қарғаларым, торғайларым?!..

24.03.1992 ж.

ҚАРАҚҚА

Әй, қарак! Жау көзінше досыңа күл,
Секілді жұртты сөккен осырақ ұл.
Бокта жат, саусағыңды шокқа шошайт,
Дүниенің қызығы деп осы да бір.

Әй, қарак! Жат көзінше жақынға күл,
Секілді әкесіне ақырған ұл.
Арқаңнан аярсынып қақса дұшпан,
Туыстың етпей тынба атын жауыр.

Әй, қарак! Данғой тұрып, данаңа күл,
Өзгені айт, өз шамаңа қарама бұл.
Қалайда қадірінді арттырып бақ,
Ініге доқ, көрсетсең де ағана қыр.

Әй, қарак! Оң ойымды бұрысқа бұр,
Секілді кері баққан тырысқақ ұл.
Білгеннің тілін алмай, өзің білмей,
Қисайып, қыңырайып, қырыс та жүр.

Әй, қарак! Достығымды қастық деп ұқ,
Арамға адалымды ас қып беріп.
Ал, оның есесіне жатты сыйла,
Иліп төсек, жайылып жастық болып.

Қолың бұл Айға жетсе аспандағы,
Момынның мойнына іл тас балғаны.
Өзіңнен зорды көрсең, көңілін тап,
Кінәсыз жолдасыңды сатсаң дағы.

Әй, қарак! Сыртқа бол да жағайымды,
Текені жезде ет, апа – ақ аюды.
Тістеніп, тізе батыр кекті жанша,
Табала, кемсіт, мұқат ағайынды.

Орға жық, өз жақсыңды торға қама,
Айызың канар сенің сонда ғана.
Өттең-ай, айтатын бұл сөзім бе еді...
Амал не, жараға көбік ем бола ма?!

Қарак-ау, мені қойып, өзің айтшы,
Таптың ба ұзын мұртқа өткір қайшы?

Көбеймес мен айтқаннан мінің, бірақ
Жасырғаннан шыққан тек мүйіз қайсы?

Қарак-ау, мен не дейін енді саған,
«Сен!» деумен тозды саным, сөнді санам.
Бетіңе бағжырайып жүз қарасам,
Мен одан не қияпат, белгі табам?

Айтшы өзің: мен бе, сен бе – кері сiген?
Уығын ақ боз үйдің теріс иген.
Өзің деп аласұрған аш көңіл мен
Жүректі қайда қоям сені сүйген?!

Қаракжан, айып етпе сәл ащыны,
Адамның көлгірленбес жанашыры.
Күлдіріп айтса дұшпан, дос жылатып,
Жан кірін кетірмей ме сөз ашығы...

05.03.1993 ж.

* * *

Атқа мiнген мырзаны
Аға тұтып келіппін.
Мүйізі үлкен құлжаны
Пана тұтып келіппін.

Аға тұтқан мырзаны
көріп, атшы бұғынды.
Майға бөккен құлжаны
Олжалады жырынды.

Ұран салған сол төре
Ер екен деп ойладым.
Сумаңдаған серкеге
Сенгенімді қоймадым.

Ер ақылдан айыға,
Салды-ау дейсің айқайға.
Серке кетті жайына,
Ал, ойбайла: қой қайда?!

Мылжыңына мырзаның
Иланып ек имандай.
Алдап соқты бұл залым,
Айранға арақ құйғандай.

Аты дүрдей, аяулы,
Атағы астам батырың,
Қағып өтті жаяуды
Кеудесімен атының.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Атқа мінген мырзаны
Ағалаған басым-ай.
...Замананың қылжағы
Қинайды екен осылай.

06.03.1993 ж.

ТЕКЕ-ТЕРМЕ

«Елім, елім, елім!» деп,
еніреген ер қайда.
«Ерім, ерім, ерім!» деп,
еміренген ел қайда.

Тауыққа жем шашам деп,
Тау сұрасам болмай ма.
Көптің шөлін басам деп,
Көл сұрасам болмай ма.

Тауды төбе-төбеге
үйіп алсам қайтеді.
Көлді кеме-кемеге
құйып алсам қайтеді.

Жиғанымнан жиһаздап
керуен неге артпайын.
Құйғанымнан ағытып
тоған неге тартпайын.

Артқаным мен тартқаным –
Кен болмаса, немене.
Айналайын мәрт қауым,
Кең болмаса, бере ме.

Сол кенімнің шетінен
кертіп алып отырсам.
Балта шаппай мұртымды,
Итке сүйек лақтырсам.

Қыт-қыттаған тауыққа
кебек шашсам, жетпей ме.
Құттықтаған тобырдан
Жөнep қашсам, кетпей ме.

«Өзім, өзім» дегенде,
Өгіз қара күшім-ай.
Ел атымен жегенде,
Сырқырамас тісім-ай.

«Елім, елім» демесем,
Елден қайтіп аламын.

Ел атымен жемесем,
Жанды қалай бағамын.

«Елім!» деген ер көрсен,
Мені де бір ойлап қой.
Екі көзім, өлген соң,
Топыраққа тоймақ па, ей.

Ол да айтады, мен де айтам:
«Ар қымбат, деп, алтыннан».
Енді арыма немді айтам,
Азғырды алтын антұрған.

Аңғал, аңқау, иланғыш,
Айналайын халқымнан.
Халқым сенгіш болмаса,
Жел шықпай ма артымнан?..

08.03.1993 ж.

АТЫ-ЗАТЫ

Газет басты хатыңды,
Радио айтты атыңды.
Бет-жүзіңді көрсетіп,
Теледидар катырды.

«Құлымын!» деп халқымның,
Тебірендің, алқындың.
«Ер екен!» деп сүйсініп,
Ыстық буға шарпылдым.

Сен мен үшін кім едің?
Қол жетпейтін Күн едің.
Көрмей-білмей, Алладан
саулығыңды тіледім.

Таппас еді кісі ойлап,
Көргендеймін түс әйбат.
Жаныңдамын, міне, мен,
Құдіреттің күші айдап.

Көргенім-ай, көргенім!
Өз көзіме сенбедім.
Осы болды өлгенім –
Жалмауызым сен бе едің?!

Қабағыңның мұзынан,
Көңіліңнің сызынан –
Маңдайыма тер қатты,
Қайда барып қызынам?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қайда, қайда сол дауыс!
Тау жанғыртқан зор дауыс!
Айықсам деп ескі удан –
Жаңасына толды-ау іш.

Байытам деп жарлыны,
Қабылдап ең жарғыны.
Дүрілдетіп қол соқтық...
Күні кеше барлығы.

Сеніп едім – бит тердім,
Еріп едім – ит болдым.
Аш балық ем, алдымнан
жайын ауыз кит көрдім.

Енді қайда қашайын?
Енді неден сасайын?
Арқа сүйер тауым – кит,
Бір құмарын басайын.

Кімдерді пір тұтқанмын?
Қай жырадан шыққанмын?
Зор екен ғой даусы да
Асаған мен жұтқанның.

Қайран аңғал басым-ай,
Аш боп, тоқты асырай,
Мүйіз сұрап, құлақтан
айрылғанның несі бай?

Өзіме де обал жоқ:
Атак, даңқа бодан боп,
Кімнің даусы зор шыкса,
Телмірдім-ау соған кеп.

Нем бар еді сағынып,
Нем бар еді қағынып,
Атағыңа алыстан
Жүре бермей табынып.

Естіп алып сөзінді,
Пір тұтып ем өзінді.
Бездім сенен, бәріне
Айыпты етіп көзімді.

Қашқаным-ай, қашқаным!
Ал, сен болсаң, саспадың.
Халқыңа арнап, тағы бір,
Лебіз айта бастадың.

Әттеген-ай, әттеген!
Қара болды ақ неден?
Болсам еді мен ғана,
Көңілі суып, «Қап!» деген.

Қалбалақтап, асыға,
Қайдан келдім қасыңа?
Маған ақыл кірмеді-ау,
Таяқ тимей басыма.

Естіп тағы атыңды,
Оқып тағы хатыңды,
Неге жүре бермедім,
Көрместен-ақ затыңды.

Халқыңа айтқан алқына
Ұйып едік антыңа.
Сеніп жүре берсемші,
Сол бір таудай даңқыңа.

10.03.1993 ж.

ХАЛЫҚ АЙТСА...

Қайда ғана тартпадық сорлы ұранды?..
«Халық айтсын!..»
Кім өзі ол? Сол күмәнды.
Мен сөйлеймін,
«Сен кімсің?!» дейді маған,
Мен де емеспін, бірақ та, соңғы зарлы.

Халық айтса, мыңы емес, бірі айтады,
Біреуді адам емес деп кім айтады.
Көл – тамшыны, тау құмды танымаса,
Мың жылдан соң қалмай ма құр ойпаңы.

Халық айтса, бәрі емес, мыңы айтады,
Мыңнан дүлдүл шықпас деп кім айтады.
Мыңнан шыққан дүлдүлдің басына ұрған
Имансызды атады Құдай кәрі.

Халық айтса, қалт айтпас, шын айтады,
Шындық жоқ деп, өмірде кім айтады.
Қайғысы жоқ, қарны тоқ – еріккендер
сау құлақты әдейі шұнайтады.

«Халық айтсын...» дейтін бір мәтел бар-ды..
Сол әнімді мақтаныш етем мәңгі.
Тәтті ұранға тоймасам, онда неге
Мен жарлымын, болғанмен әкем малды?

Сары алтын деп айтпаушы ма ед,
салқын түбі сабырдың.

04.04.1993 ж.

АРТЫҚ АҚЫЛ

«Халқым үшін, халқым!» деп
Ұра берсең көкірек,
Саған да бір нәпақа
Бермес пе екен өкімет.

Өкіметтің бөлгені –
Сол халықтың пұлы ғой.
Халықтан ап енді оны
Бермексің сен, кіміңе, ей?

Сен ақшалы қол болсаң,
Қай қалтадан шығарың
белгілі ғой, толған соң,
Ақыл емес – сұрарың.

Қалтасынан арықтың
семізге алып бергенде,
Сен кімдерді жарыттың,
Не айтпақсың енді елге?

Айбарымен халықтың
Өкіметті қорқытқан
өзі ме едің алыптың –
Мен атағын зор тұтқан?

Сен кеп, делдал болмасаң,
Биге шығып – екі жеп,
Өз халқының көз жасын
көрмей ме екен өкімет?

Бұрынғыша саған ел
қоя алмаса сенгенін,
кеуденді, онда, соға бер,
тағы ала бер бергенін.

Мұның бәрін өзің-ақ
Бізден артық білесің.
Аңқау жұрттың сөзі ұнап,
Тымпың қағып күлесің.

Сондықтан да, сен үшін
Артық ақыл – менікі.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мен өсірген жемісім,
Жейтін ауыз – сенікі.

«Елім аш!» деп еңіреп,
Тынбай сұрал сый табак,
Оған қоса мені жеп,
Тұрсаң қарның сипалап.

Паһ, сабазын, арында,
Саған елдің сенгені-ай.
Сендейлердің барында,
Көркеймесін ол қалай?..

24.04.1993 ж.

ЗАУЛАТШЫ-АЙ

Бүгін дүние түрленіп, жанарғандай,
Жанға батқан аурудан оңалғандай.
Кешегі көл дегенің – шөл екен деп,
Көрген адам тамаша таң қалғандай.

Балқаш қандай, шіркін-ау, Арал қандай,
Тоқсан тоғыз қаулыдан нәр алғандай.
Кешегі бір шалқыған кең айдынға,
енді қара, құм мен тұз оранғандай.

Салдыраған денеміз сабалғандай,
Қос тізесі тұрмыстың жамалғандай.
Бар болып та жарытпай, жоқ та болмай,
Пұлы ойнаған дүниенің бәрі армандай.

Түріміз бар жұтынып, жаланғандай,
Тірлік үшін жан беріп, жан алғандай.
Түсіп бердік соңына тағы да бір
нұрлы үміттің... Сол үшін жаралғандай.

Саскалақтап, бастары салбыраған,
Абыржыған халайық, абдыраған.
Су іздеген көп жаяу шұбырады,
Бөшке, шелек – іші бос, салдыраған.

Кімге олай бұл заман, кімге бұлай,
Күміс ақша тыш, мейлің, күлге құлай.
Күлтеленіп, құлпырмай тұрмайсың-ау,
Күріш атынан су ішкен күрмегім-ай.

Жаған сенің жайлауда, жымындайсың,
Көңілденіп, әндетіп, ыңылдайсың.

Кеше де сен ақ саусак аяулым ең,
Сындырмай-ақ шөп басын – бүгін байсың.

Тұлпар мініп, ту ұстап сен келесің,
Бұл түріңе қарап кім ер демесін.
Жетсеңші тез, дем беріп кетсеңші тез,
Жиып қалар сен келсең, ел де есін..

Дүние жи, дүкен аш, бос кеңес құр,
Ештемен жоқ өндірген, айырбас қыл.
Ұмтыл алға, замандас, жатпа қарап,
Өзін үшін еңбек ет, ертемен тұр.
Заулатшы-ай, құрбым, заулатшы-ай!

14.04.1993 ж.

* * *

Әйдік ел-ау! Сенде бес-ақ жазушы бар деседі..
Рас па сол? Әлде жұрттың әзілі мен өсегі?
Және қандай! Мүйіздері қарағайдай бәрінің,
Болсаң бол! – деп, барып келген жиһангездер бөседі.

Міне, ғажап! Сенде бесеу, менде бес жүз шұбаған.
Сол шулаған бес жүзімнен қайтіп бесеу шығарам?
Амал нешік, Дарвин қарттың елегіне түспеске..
Нар тәуекел! Мал боп кетер – мүйіздері шыдаған.

20.04.1993 ж.

ҚАЙДАН ТАБАМ?..

Мәпи мырза! Жұмысқа алшы мені.
Кетіп болды тұрмыстың бар сүреңі.
Бірде тамса, бір тамбай, сыздықтайды
Біздің қара шәугімнің тар шүмегі.

Тар шүмекке таласқан топты жанбыз.
Кекірген боп сырт көзге тоқсынармыз.
Аш адам да мас адам секілді ме?..
Кімге барып, ал онда, соқтығармыз.

Соқтыққанда кім тайсар біз пақырдан –
Бір көжесін күніне жүз сапырған.
Әуселеміз белгілі әупірімшіл,
Тағасыз ат секілді мұзда тұрған.

Еңбек еттік. Тер төктік. Егін ектік.
Одан қандай рақат көріп өттік.
Сараң байдың жалшысы секілденіп,
Ит басына, аш жүріп, іркіт төктік.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қыл үстінде ар мен жан тұр егесте..
Жанды сатса – ол арға мін емес пе?
Сен бе, сені торыған өзгелер ме –
Кім болса да тонаушым бір емес пе.

Алшы мені жұмысқа, Мәпи мырзам,
Несі жаман ұрының масыл байдан.
Бір ізгілік шарқ ұрып іздегенмен,
Сенен артық жақсыны табам қайдан?..

24.04.1993 ж.

АЛДАШЫ

Болған түрін осы ма –
Заманыңа бөркің сай.
Түлкі қашты асыға,
Тазы болсаң, кел, қушы-ай.

Мен айтпай-ақ, өзін де
Тазы болып кеткенсің.
Өрт тұтанып көзінде,
Құмарыңа жеткенсің.

Түлкі де қу, бұлтандап,
Ұстатпайды құйрығын.
Ентігесің тыртаңдап,
Аузыңа түсіп милығың.

Бұл қу түлкі талайды
отырғызған тақырға.
Саған астам қарайды,
Ал, жақында, тақымда.

Жетпек болсаң, арында,
Қалқам, қапы қалмашы-ай.
Айла-шарғың барында,
Алдап бақшы, алдашы-ай

26.04.1993 ж.

БЕЛГІЛІ...

Саба, саба сөз пісіп,
Жорта айтайық, жолдастар.
Сол сабаны тез ішіп,
Ортайтайық, кел, достар.

Қара суды сапырып,
Май шайқайық, кір-жағал –
Май жалаған ауызды
Алшайтайық, мырзалар.

Бір шайқаған тізімді
мың шайқайық, жырластар.
Онды бұзып, түзуді
қисайтайық, жымдастар.

Уәде мен уағызға
тойдырайық, жерлестер.
Ауыздарды сағызға
толтырайық, жемдестер.

Сол сағызды жас бала
картайғанша созайық.
Сағыз бермей басқаға
һәмме жұрттан озайық.

Сөйтіп, біз де ойлайық
Қалың елдің тілегін.
Ал, әзірге... ойнайық
озғандардың рөлін.

24-27.04.1993 ж.

ТАҒЫ ӨСТІ!

Табан ақы тағы өсті!
Өмір неткен мәрт еді.
Сіз алатын ақ ешкі –
Сары ешкі енді. Ән, тегі!

Ақ ешкіден сары ешкі
сәл арықтау демесе,
бұл пақырдың бағы өсті –
қымбатырақ көп есе.

Мұндай пұлға –
Қонды әрі
екі ешкі алғам мен кеше.
Бірің – екі болғаны
осы емес пе, ендеше.

Сары ешкіні, алайда,
менсінбес хал бізде жоқ.
Шыдап баксақ он айға,
Бір тоярмыз күзде жеп.

Демеушілер жебесе,
Мал боп кетер бұл дағы.
Ашыққанда жемесең,
Саудаларсын пұлға әлі.

Сол пұлыңа бір лак

ШЫҒАРМАЛАРЫ

сатып алсаң, биле, уайт!
Ішек-қарның шұрылдап,
Әнге басып үйге қайт.

15-16.04.1993 ж.

ӘДІЛДІК

Қара қылды қак жарған
Әділдікті қойсайшы.
Таймасына ақ жолдан –
ішпей-жемей тойсайшы.

Тойғаның сол емес пе –
Аузың сатпақ – қаспақтан.
Ал, қаймақтан дәметпе,
Май шелпек жоқ бос жатқан.

Оны жейтін ауыз бар,
Сенікі емес, бірақ та.
Дәні алынған қауыздар –
Сыбаған сол, мұны ақта.

Көп көженің даңқымен
Дәу қазандар асылған.
Одан саған тиері –
Сүйек-саяқ шашылған.

Көптің атын саудалап,
Алған аздың сауабын,
Бұл не деген салтанат!
Бұл не деген сара күн!

Көлгір сөзге көп тойған
Әділдікте шек бар ма?
Ел мүддесін жеп қойған
Ашкөздерде бет бар ма?!

16.08.1993 ж.

* * *

Сен жылайсың, наданым,
«Әділет жоқ!» – деп жүдеп.
Білмеуші ме ең боларын,
әр нәрседе екі шек.

Аспан мен жер арасы
қанша алшак болса ана,
Бір-ақ қолдың саласы
косылмайды соншама.

Шексіз, шетсіз дүние,
кеңдігінен не пайда.
Бас еркіңе – пұл ие,
теңдігінен не пайда.

Дүние кең болғанмен,
жүрер жолың сызулы.
Сол сызылған жолдармен
иректейсің ізінді.

Ішіп қойған айранын
бос шелек тұр жолында.
Қалқып алған қаймағын
көк сүт – сенің қолыңда.

Шелек жалап, айранын
ішпедім деп көрші енді.
Көк сүттің де қаймағын
сен жеді деп ел сенді.

Түк түсінбей зарлайсың,
Жүргендей-ақ кемдікпен.
Мынау әлем жаралған –
Әділет пен теңдіктен.

Әлжуаздың үстінен
қарғиды әділет пырағы.
Зорлық көрсең күштіден –
әлсіздігің кінәлы.

Неден өзін құралдың?
Темір тең бе күміске?
Көмейінен жуанның
неге өтпесін жіңішке.

Шындық іздеп толғансаң –
Білмейтінің әлі көп.
Азулыға жем болсаң –
Соның өзі әділет.

Әділеттің қос шегі –
Май мен судың жігіндей.
Сүт пісірген қазанның
беті менен түбіндей.

Жалаған мен тойған тең,
Риза бол, үндемей.
Қанағатшыл болған жөн,
Қарны тоқты күндемей.



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Құйқа-сұйқа жеу үшін,
Барынды сал қолдағы.
Лықа тойдым деу үшін,
Ауыз тисең болғаны.

Соның бәрін қылғытқан,
іші майлы маңғаздар
сендейлерге бұрлыққан,
құдайдан соң болмақ жар.

Майдың бәрін өзі асап,
сені немен жарылқар.
Бермек қолы – алашақ,
кімді кірден арылтар.

Бір құдайдан кейінгі
сенгеніңіз сол болса,
о дүниеге дейінгі
сіз көтерер сор қанша?

«Әділет жоқ!» дегенің –
байбалам ғой әншейін.
Майлы ішектің жегенін
көре алмасаң қайтейін.

Әр нәрседе екі шек
бар екенін білсеңіз,
Сенің орның қайсы шеп?
Соны ескеріп жүрсеңіз,

Алыптарды кінәлап,
налымас ең, мұң шаға.
Әділетті қуалап,
арымас ең мұншама.

Тірлік заңын мақтан қыл,
Әр түйткілдің мәні көп.
Жұтқан менен татқан бір –
Міне, сізге әділет!

Жүз құбылып, түрленген,
Сегіз қырлы, бір сырлы,
Күнсiздерге түн берген,
Кім білмейді бұл сұмды.

Әділеттің қос шегі –
бар менен жоқ, бак пен сор.
Онның бейнет шеккені –
Бірдің қамы, әттең сол!

Он жұғынды жаламай,
Біреу қайтіп тояды.
Соның бәрін, обал-ай,
Әділетке саяды.

Автобус та, әрине,
рәзінкі емес, шайқалды.
Ал, әділет –
әр үйде
бір түнейтін сайқал-ды.

Пұлын болса, бер де ал,
Әділет бар! Сенікі ол.
Берері жоқ кембағал
Ол бетпақтан не күтер?..

16.08.1993 ж.

* * *

Айтып жатыр радио:
«Банкідегі ақшаныз
жүз процент өсті!» деп.
Оның маған, әрине,
қатысы жоқ... саспаңыз.
Біздің сүрлеу ескірек.

Ол ауылмен суысып,
салмай кеттік ат ізін.
Ескі жолды шөп басқан...
Сүт орнына су ішіп,
Шұжық қысқа, ақы ұзын...
Ауыздан да еп кашқан.

Үйге мейман бас сұқса,
күйбіжіктеп, күмілжіп,
теріс карап, бет басқан.
Келген адам аш шықса,
өлемісің буынып,
Бұған ешкім жоқ сасқан.

Осы біздің жайымыз...
Жүндей болып түтілген,
Жабысамыз майға кеп.
Ат болар деп тайымыз,
Жалықпаймыз күтуден,
Ал, бізде, сол тай да жоқ.

Біздің жазған маңдайдан
бұршақтап тер төгілсе,
кімнің шөлі қанғандай.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сор татыған таңдайдан
бір кетпейтін желімше,
татуы жоқ дәм қандай?

Айтып жатыр радио:
«Банкідегі пұлыңыз
мың процент өсті!» деп.
Оған кімдер тағы ие?..
Біз емеспіз! Күліңіз:
Түйе қайда?! ешкі жоқ.

20-22.08.1993 ж.

АҚШАҒА НАЗ

Қайран ақша! Ұқтым сені құтым деп,
Келсең келші, жарты болмай, бүтін боп.
Қызға ғашық болғандағы кезімдей,
Күтем сені, тас жүрегім лүпілдеп.

Қайран ақша! Түсін, мейлі, түсінбе,
Бір қанбаған шөлім жатыр ішімде.
Ғашығымнан жауап күткен кезімдей,
Көзім жұмсам, көрем сені түсімде.

Қайран ақша! Өзің болдың мұң-қайғым,
Ойлаппын ба жолығар деп мұндай күн.
Уысыма ілінбейсің ұмсынсам,
Суға түскен сәулесіндей түнгі Айдың.

Жарқылың бар, өзің жоқсың бірақ та,
Қайран ақша, кеттің менен жыраққа.
Күміс тиын, теңгелерің енді жоқ,
Сыңғырлаған күлкісі бар құлақта.

Қайран ақша! Нұр сәуленді жырлаймын,
Оны көздің қиығымен ұрлаймын.
Сыбдырыңды алты қырдың астынан
Қыз өкшесі тықырындай тыңдаймын.

Қайран ақша! Көзден бұлбұл ұштың-ау,
Қайнап-қайнап, суалды ғой іш мынау.
Тағдырымды саған таңып қойған соң,
Сені іздемей, нені іздейін, күштім-ау.

Қайран ақша! Қайда жүрсің, алтыным,
Табамын деп, қалар емес тамтығым.
Ұлы сөзде ұяттық жоқ, келеді-ау,
Менің де бір өз буыңа балқығым.

Қайран ақша! Сүйіктім-ау, мөлдір көз,
Өлтірмесен, іштегі өртті сөндіріп тез.
Ауылдағы ең әсем қыз секілді,
Сен боп кеттің ауыздағы жалғыз сөз.

Сен ақылды-ақ секілді едің, болды не?
Көңіліңе бір арамдық енді ме?
Адал қолға қонбақ болған құс едің,
Түрткен шайтан ақыры бір жеңді ме?

Жарлы байғұс – жақыны деп ырғайдың,
Етегіне жабыстың ба бір байдың.
Сені сондай опасыз деп ойласам,
Өсегіне сенер ем ғой курайдың.

Қайран ақша! Құдай-ау, бұл не еткенің,
Жарты жолда тастап мені кеткенің.
Алысқан қол, айтысқан серт ұмыт боп,
Шынымен-ақ осы ма абырой төккенің?

Ұят сақтап, тұрушы едің тайынып,
Жайыңды бұл тапты екен-ау қай ұлық.
Қыпша белді қыздай едің, кетіпсің
Бес биенің сабасындай жайылып.

Адалдыққа қол қойып ең еркінмен,
Әуейі боп кеттің енді сен кіммен?
Қалқатайым, қай жерімнен мін таптың,
Неге тайдың берген уәде-сертіңнен?

Қайран ақша! Аясаңшы, жаным-ау,
Біз дегенде бола қалмай саңырау.
Сарнай-сарнай, қарысар ма жағымыз,
Аш лакқа оңай емес маңырау.

Қайран ақша! Аңдатушы ең құн жайын..
Болды мәлім: әзір асқа – кім дайын.
Маңдай терім желдің жемі боп алды,
Еңбегімді енді кімге пұлдайын?

Қайран ақша! Өтті-ау сенің қорлығың.
Бір өзіңе табынатын болды күн.
Бізден сені ұрлап кеткен найсаптың
Қалай ғана көтермекпіз зорлығың.

Қайран ақша! Таппай сені налимын.
Ақ шамына айналдың-ау әр үйдің.
Сол ақ шамдар өшпей жанып тұрса деп,
Тірлік халін қабағыңнан танымын..

05.04.1993 ж.



ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Өлі риза болмаса,
Байымайды тірі деп,
Тықпалайсың ұртыңның
біріне май, біріне ет.

Аруақ атын жамылып,
Елді алдаған антұрған,
Әңкір-мүңкір сені бір
алмайды екен алқымнан?!

Сөйтіп жүріп сен менің
камқоршымсың, қайтейін.
Қойға қасқыр шапқандай,
Мына тойың қай тойың?!

Самайыңнан тер ағып,
Арқана тас артқандай.
Екі иықтан дем алып,
Елдің жүгін тартқандай.

Кімге ұқсайды сыңайың,
Жайын ауыз, жайма бет.
Жаратыпты-ау құдайым,
Тұмсығынды майға дөп.

«Қой арық!» деп, қақсайсың,
Той семіз ғой. Керемет!
Сонда да елге жақпайсың,
Соларға осы не керек?..

1994 ж., қазан.

КӘМІЛ СЕНГЕН...

Ол кеше...
Дәлелдеп қасқыр қойға дос емесін,
Айдай әлем алдында ант-су ішіп,
Сөзінің хақтығына кәміл сенген...
Сол үшін төбесіне ұран ұстап.

Ал, бүгін...
«Көгерткен қасқыр қойдың көсегесін»
деп өндеп, көкжалдармен шарт құрысып,
Олардың ақтығына жанын берген...
Сол үшін төбесіне құран ұстап.

Қойлар-ше?..
Шіркінді ары қудық, бері қудық...
Бағытты жалт бұрысып, қалт тұрысып.

Бәріне көніп келген, айтқанға ерген
ел де енді мәре-сәре, қуанышты-ақ...

Шіркін, кәміл сенім!
Екеуінде де тіл жоқ,
Айырман не қойдан сенің?..

1994 ж., қазан.

* * *

Біздің халық шыдамды қандай шіркін!
Мінезінің міні жоқ қылтың-сылтың.
Міншіл сөзге ілдірмей тоңған ішін,
Сыншыл көзге білдірмей тозған сыртын,
Намысына тыртысқан аш бөріше,
Қаперіне ілместен қауіп бұлтын,
Таусылмайтын үміттің жетегінде,
Алған беттен қайтпаған қайран жұртым.
Шыдайды ғой, шыдайды бәріне де,
Жерұйыққа жетем деп әйтеу бір күн.
Отты өріске асыққан қалың тобыр
Серкесіне сенбей ме сырбаз, сылқым?
Ер табылмай ол қалмас осындайда,
Көсемденіп көтерер көптің рухын.
Не де болса, жол түзу, дәме биік,
Бірі қалды қиынның, өттік қырқын.
Бай қонысқа басқадан бұрын жетіп,
Мырс-мырс күлген мырзалар – кутың-кутың.
Жаяу-жалпы, аш-арық басып кетіп,
Кетірсесе болғаны көштің сұрқын.
Шыдай-шыдай сіңірі ширатылып,
Саптан шыққан садақа – тыртын, тыртын.
«Қайда барсаң – Қорқыттың көрі ғой...» деп,
Алатындар тағы бар елдің шырқын.
Кімге өкпе артарсың, кімді сөгіп,
Белгілі ғой өзіңе – өзің сиқың.
Жер шегіне бір шығып, жетерміз-ау,
Жүре берсек осылай сылпың-сылпың.
...Мен қорқамын тек қана оған дейін
бұзбаса деп бір шайтан жұрттың құлқын!

1994 ж., қазан.

* * *

Құрметтім, қадірмендім, сәулем-«изм»,
Өзіңе арналады әр лебізім.
Соғады біздің жүрек сіз деп қана,
Қалқам-ау, өлтірсең де мен сендікпін.



ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өзінді өмір бойы көзсіз сүйдім,
Өртіңе көбелектей жанып-күйдім.
Сен мені қорласаң да, қорғаушым деп,
Табындым, таңырқадым, басымды идім.

Ол кеше. Бүгін сені жатқа қидым.
Басына қай-қайдағы пәлені үйдім.
Орнында отыр енді басқа сайқал,
Тілімнің бар шырынын соған жидым.

Өйткені, мен күштіге дайын сыймын,
Жаныма табынудың уын кұйдым.
Сайқалдан сайқал асар замандарда,
Жеңгеннің сыбағасы болып тидім.

1988, 30.04.1995 ж.

САҒАН СЕНСЕ...

Әділдік жоқ дегенді көп айттың деп, кінәлап,
Сөгесің кеп сен мені, ит қосқандай қуалап.
– Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін!
Міне, қайда әділдік! Күштіге кім қой десін.

Айтшы, қане, ақылдым, арыстанның барында,
Отыруға лайық Әділдіктің тағында
одан өзге, оллаһи, құлы жоқ деп құдайдың,
ант ішпеп пе ең, япырым-ай, енді неден мұңайдың?

Арыстанның жолында жан бергендей зәндемі ең..
Енді келіп, қасқырға тең таппауың, ал, неден?
Айтқаныңа ергендер жол ортада тоналды,
Арыстан жоқ, өйткені, қасқыр келіп кек алды.

Аузы-мұрның, ал, сенің қисаймады, қалпында.
Орға құлап ол жатыр – ойсыз тобыр артында.
Обалына солардың қалдым-ау деп сескенбей,
Тағы да бір ұранды бастап кеттің, дес бермей.

«Арыстансыз дүние – ақырзаман» деп едің,
Сол қисынмен таптың сен қасқырдың да керегін.
Сәтін аңдып түлкі отыр. Оған айтар уәжің не?..
Саған сенсе ел... қырсықтан құтыла алмас әзірге.

1992 ж. – 22.04.1995 ж.

ӨЛМЕЙМІЗ БІЗ ДЕ ...

Азық қып жанымызға жақсы аңызды,
Мактайық, дәріптейік бас уәзірді.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Жалаңаш, ашпыз деп те жыланбайық,
Ұшпаққа шығармақ па ақша бізді?

«Ол да жоқ, бұл да жоқ...» деп, көп егеспе,
Бұл елес бәйге бермес ол елеске...
Ал, оның есесіне, тәтті аңыз бар,
Қарашы, бақыт деген сол емес пе?

Істі қой, іскерлікті айт! Міне, тәртіп!
Тағдырдың бермесін ал түре тартып.
Қазаның аш болғанмен, базарың тоқ,
Не керек қу жаныңа бұдан артық.

Әспеттеп байлардың да мәртебесін,
Теңейік әулиеге әр төресін.
Бізге бай сізден басқа керек жоқ деп,
Шулайық, біле тұрып мәрт емесін.

Еңірейік, соңыңыздан ереміз деп,
Құлдықпыз, не айтсаңыз да көнеміз деп.
Бармақтың мөрін басып, ант берейік,
Оллаһи, сіз кетсеңіз өлеміз деп.

Ал, егер бұл бай бұкса, күнді ай жұтса..
Орнына одан да зор бір дөй шыкса,
Жалт беріп, жапырылып енді ол жаққа,
Қалайық көзге түсіп ыңғай тұста.

«Уа, тақсыр, сізсіз біздің күніміз жоқ,
Сарғайып күткеніміз – өзіңіз!» деп,
Бұл сөзді бұрын айтып көрмегендей,
Қоштайық бірімізді біріміз кеп.

Байкең де сөзімізге шын сенгендей,
Арқадан қағып қойса, бір езулей.
...Осылай он бай келіп-кетсе дағы,
Жүрерміз өлем деп ап, біз де өлмей.

1987 ж.
30.04.1995 ж.

ӨЛЕҢНЕН ТУҒАН ӨЛЕҢ

Ей, менің қызметшім, қансын қыбың,
Жолдастан садаға кет, сенсің құлым.
Кіміңсің құлым емей, мойнындағы
өгізше сүйрегенің – менің жүгім.

«Теңмін!» деп, «Адалмын!» деп шаттың бұрын..
Қап түбін айналдырып қақтың бүгін.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шікірә – шірік картоп болғаннан соң,
Шіріңге сұрамай ма аттың құнын.

Мәз кейіп – жалағанға шелек түбін,
Қайыршы аяғандай болса түрің,
Адам боп жүргеніңнен кімге баһыра,
Қанағат еткеннен соң хайуан күнін.

Бір тойып, шала баю – болса мұңың,
Шүйірер шамаң бар ма итке мұрын.
Тең – теңін, тезек – қабын табар болса,
Сенің де белгілі ғой бізге сырын.

Не пайда сайрағаннан қызыл тілің,
Ерніңе қарасайшы тілім-тілім.
Сен кімді қорқытпақсың, бойыңда бұл
қауқар жоқ құмыраға да болар тығын.

Өзіндей сорлы көрсең – тарпитының,
Әлдінің «әтпүшіне» балкитының
болды аян – қолың асқа жетпей жүріп,
Ақымақ, «басым бос» деп тантитының.

Орныға таласқандай қай жексұрын?
Сен де бір ызындаған арам шыбын.
Айнаның кінәсі не, бетің қисық,
Бейнелеп көрсеткенім – өзің сұрын.

Ендеше, маған шапшып, болма шыжың,
Жоқ менің сені жеңіп, шықпақ шыңым.
Айтпай ма жау күлдіріп, дос жылата..
Хан екеш хан да сүйген сөздің шынын.

15.08.1995 ж.

* * *

Кеуден жерден көтерілмей, көсілмексің аспанға..
Көк пен жердің екі арасын сенің бұтың қосқан ба?
Байқа, бала, масқара боп жүрме, шатың айрылып,
Екі аяқты пенде екенсің, – не жетер, тең басқанға.

Аяқ – бастың соры болса, жарты қайсы, бүтін кім?
Үкімнен де күш кетпей ме, орны ауысса үтірдің.
Желге қарсы жүгірмейтін қаңбақ қандай ақылды!
Тағдыр сызған өз жолы бар оттан ұшқан түтіннің.

Сол қаңбақтың ұлылығын миың болса аңдайсың,
Бір аяқты жерге, бірін көкке тірей алмайсың.

Құдай саған – патша емес, өкімет емес – табиғат,
Оның заңын ойыншыққа айналдырсаң, оңбайсың.

1996 ж.

* * *

Жетімдер қоғамының жебеушісі –
Тасбауыр сараң байдың шолжың ұлы,
Ал, әкем, риза бол соған енді,
Асырап шолжың ұлды – болғын ірі.

Әкең де, шешен де осы. Қаулы алынған.
Оны әкем демей көрші ендігәрі.
Ағанның ошағына аударылған,
Мейірім сауынының қазандары.

Ал, оған қажет емес қикар бала!
Айтқанды ұқ. Тамақ сұрап тақылдама.
Момын бол. Токетері – қикандама!
Әрі жүр. Дастарқанға жақындама.

Алтынды – үй, ал күмісті кеңсе ететін,
Бұл ағаң мансабына өкінбеген.
Халық пен өкіметке көрсететін –
Қолында мандаты бар «Жетім!» деген.

Сол қағаз – «бизнесі» оның, саспа, балаш...
Белгілі: қарын толмай, ой тола ма?
Ашпысың? Есесіне, асхана – мас,
Оны ағаң айналдырған тойханаға.

Не деген зар жақ едің, комағайым,
Жылайсың, түк көрмеген жандай болып.
Бердік қой, әкетті ғой оны ағайың,
Жетпей тұр енді саған қандай кемік?

Қапшықтап жібердік қой кеше «лимон»,
Жүгірмек, жеп қойдың ба соның бәрін?
Ауызың кара суға неше күйген,
Өзін де байғұссың-ау сорын қалың.

Артынып елден тасып, өрден тасып,
Арқасы қаптан жауыр болды ағанның.
Санынан жаңылады ол, кара басып,
Кіл жарау арғымақ пен жорғалардың.

Не деген тойымсыз ең, жетімегім,
Көрші, әне, қойдың шөбін ешкі жейді.
Жыласаң жылай берші, көген көзім,
Бәрібір ешкім оны естімейді.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қайтейік жетім болсаң, тайқазаның –
Әуелден қолында ғой өз ағаңның.
Соған айт арызыңды, айда, жаным,
Осымен бітті әңгіме! Және, барғын.

Байғұс ол... Сендер үшін зыр қағуда,
Жастыққа тимей, тіптен, жар құлағы.
Шапқылап, қайыр(ым) сұрап, ойға-қырға,
Көрнекті қайраткер боп алды дағы.

Осыны ұқпай тұрып, «ашпын» дейсің,
Бастағы шәріктерің түгел ме өзі?
Айталық, қойдың атын қасқыр қойсын..
Қасқыр аш қала ма одан бұл елдегі?

Ағаңның көпке сыйлы атағы бар:
«Па, шіркін, жетімдердің жебеушісі!»
Қалын жұрт кезекте тұр, әне, бұлар –
Мейірім қазанының демеушісі.

Аш болсаң, есесіне аған тоқ қой,
Соған да шүкіршілік етпейсің бе.
Ол сенің талқаныңды шашпай-төкпей,
Өзі жеп, шаршап жүрген жоқ дейсің бе?..

1996 ж.

* * *

Сырт мақтайды, арқаңнан сипай қағып,
Жәдігөйсін, өтірік сұмпайыланып.
Өкпелері кара бір қазандай боп,
Ағайын мен туыс жүр сырт айналып.

Бар шаруаны қатырған адамдайсың,
Несібенді өзіңше адал жейсің.
Ағайынды жақтырмай, «пыш-пыштаған»,
«Топас шіркін, ақымақ, надан» дейсің.

Айттың – болды, осымен бітті шаруа.
Тағдырлары шешілді, батты сорға.
Ақымақ қой, өйткені, кешелер ғой,
Өздерінде бар кінә. Сөз бе сол да.

Миын шұқып сан айттың... Мыңқ етпейді.
Енді саған не ғыл деп, үркектейді.
Жұртың надан, оңарсын қайда барып,
Соны біліп, арқаңнан сырт ептейді...

1996 ж.

Мың күн ойланып, миымды шіріттім.
Шығар жол таппай, ұшына үміттің.
Алысқа сермеліп, құр босқа сенделіп,
Өзімнің көшемді, шиырлап жүріппін.

Желпіндім. Жел қудым. Жетем деп мұратқа.
Алқындым. Шарқ ұрдым. Шарпылдым мың отқа.
...Айтпайтын шындық пен шықпайтын шың біткен –
Адамға арман ғой... Не пайда бірақ та.

1996 ж.

ЖӘРЕКІМ

Уа, жарқыным, жәрекімбай, жәрекім,
Көн қайыстай созылды ғой жақ етің,
Мың шақырым қашықтықтан тағы да,
қайталашы: түшкірді екен, кәне, кім?

Барлық әтеш «таң атты» деп сайраса,
Барша шешен «күн шықты» деп жайнаса,
«Алақайлап» қосыла кет жарбаңдап,
Алды-артына қарамай шап, той жаса.

Маған да мұң болды-ау сенің уайымың,
Көп тобырдан қорғап өлдің бай ұлын.
Сол тобырдан басқамысың сен өзін,
Белгің қайсы бір міскіннен айырым?

Ал, әйтпесе, кімдікі анау дойырың?
Оны өзіңе сілтеп жүр ғой ойы ұрың.
Аш қарныңа не бетінді айтпаксың,
Соғып келдің тоқ мырзаның сойылын.

Бұл сойылмен кімді соғып сұлаттың?
Талқанынан бөліп берген... Мұны аттың.
Енді сені есіркей ме бай ұлы,
Араларың көк пен жердей жырақ тым.

Ерлігіңді көрмейді ол ешқашан,
Өз тобынмен жан аямай шайқасқан.
Мен білмеймін, кім құтқарар сені енді,
Өз үйінде тағы да бір аш қалсаң?

Жарнамаға қарап ал да, карағым,
Айта қойшы бұл сұрақтың жауабын.
«Бай боласың» деген сөз бар, ал, онда,
Міне, азамат! Бәрекелде! Жарадың.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алғыс айтып тағдырдың бұл сыйына,
Құйып берші кешелердің миына.
Компьютерде жазылған ғой ап-айқын,
Телмірші оған ғашығындай қиыла.

Мығым дәйдің сөзін қостап сөйлесең,
Өзіндейдің аузын жауып, «қой!» десең –
Есебінен жаңылмайтын ешқашан,
Ең ақылды данышпансың бейне сен.

Тақпағыңды жаттадың ба, тебенім?
Такылдай ғой, тексермей-ақ тереңін.
Аппаратың, ақпараттың айтып тұр:
Не туралы қалай ойлау керегін.

Қарашы енді, міне, қандай камқорлық!
Ойланудан сен азатсың! Ал теңдік.
Баска бастар, қасқа бастар берді оны,
Құлдық ұрған көңіліңе бартер ғып.

Қандай еді сол бастардың тілегі?
Көбейтудің кестесіндей біл оны.
Содан кейін сайрай жөнел такылдап,
Айтқанды ұқсаң – адаспайсың бір елі.

Өйткені сен салауатты пақырсың,
Милы бас пен сыйлы ауыздар – ақылшың.
Айтпайтынды айтып қалмау үшін де,
Тақпағыңды жаттап оқып жатырсың.

Жазбай тауып сыйлы ауыздың тәбетін,
Жан-тәніңмен өтегенде әжетін,
Қайдағы бір хамелеоны Чеховтың
Қолыңа су құя алмасын, жәрекім.

Компьютерге жазып қойса, тегінде,
Елді алдаған ақылдыны «ерім» де.
«Олай емес» дейтін ауыз табылса,
Ол ауызды қары қызған темірге.

Түйеден де бұрын жылды байқаған –
Мен өзінді тышқан ба деп айта алам.
Былтырғы ерің жақпай қалса бұл жылға,
Көк есекке теріс мінгіз қайтадан.

Әлдеқайдан «әтпүш!» десе бір мықты,
«Бұл әтпүші – ұлы әтпүш» деп тұр... бітті!
Әлдекімдер күмәнданса сөзіңе,
Ант-су іш деп, куәға тарт шындықты.

Сезбей қалма: кім шалқайды, кім бұқты?
Көзге түскіш тобыр неге дүрлікті?
Әне, біреу қағып кетті бағынды,
Жәрекімжан, білмейсің-ау кулықты.

Өзің де бір аяулымсың аш құрсақ,
Ал, аналар... Ойнап жатыр «Қасқыр шап».
Сен оларға тәнті жансың, өзіндей
боз өкпеге атар оғың – тас бұршак.

Битің – торғай, мойның бірақ ырғайлау..
Мықтыларға керек пе еді мыңды ойлау?
Өкінішті, әттең, сенің сол дәйің
дүниеде барынды да білмейді-ау.

Оған сенің өкпелейтін кай хақың?
Жаза басып жүрме, шырақ, байқа тым.
...Тақпағыңды жаттадың ба, жәрекім,
Сөзің қандай – ертеңгі күн айтатын?

1996 ж.

МОЖАЙБЕККЕ

«Шіркін, біздің пәленшекең ер-ак қой,
Көзі қандай, өзі қандай, сөзі-ай!» деп,
Ішпей-жемей, бет-аузына қарап той,
Мысы басқан мықты көрсен, можайбек.

«Шіркін, біздің түгеншекең ғажап!» деп,
Түкірігін балай қойшы алтынға.
Бірақ сенің басың – бақыр бар-жоғы,
Түкірікке тұрмайды-ау бұл қалпында.

«Шіркін, біздің «екең» қандай екен?» деп,
Теңеу таппай қиналдың-ау жер-көктен.
Сені аядым, «есіл ер-ай, не етем?» деп..
Саған жаны ашымайтын мен деп пе ең?

1996 ж.

ЗАҢ

(Шектеусіз аз шамаға)

Айтуға арзымайтын аз шама!
Сен кімсің соншама?
Әділ де дәлмін деп мақтанатын
Есеп ғылымының өзі де
Сені түкке алғысыз етіп,
Нөлмен теңестіреді
Мәнінді жоққа тән деп.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ал өмір есеп пе?
Сені өлшеусіз аз десек те,
Көптің асын ішіп семіріп,
Тежеусіз осы қалпыңмен,
Шексіздікке ұмтылдың!
Бетіңе қарап, міне, енді,
Қарсы уәж айтар жан жоқ.

Әлде, ақиқат осы ма?
Өмір, есептен шошыма!
Ғылым сенен өзгеше.
Сандар патшалығының заңдары
Адамдар қоғамына жарамсыз.
Ал мұнда: «Көп – көмір, аз – алтын»,
Мінеки, осыны айт заң деп!

Шектеусіз құрдым аз шама!
Шексіздікке патша болдың жан сала.
Кімдер, сені менсінбегендер?
Әне, олардың өздері – нөл!
Ал сен триллион тағын көксейсің.
Академик – Президенттер Кеңесі
бір кісідей Қаулы алды:
«Шексіз аз шама – шектеусіз өсетін сан» деп...
Міне, солай!

1996 ж.

ӘУПІРІМ

Бізді қойшы, көрерміз – не көрсек те,
Табылар бір – мәстек пе, көк есек пе.
Мерейлері үстем боп жүрсе екен тек,
Кісімсініп мінгендер «мерседеске».

Әупірімдеп соларды көтерейік,
Қолтығынан жабылып біз демейік.
Азаматтық дегенің осы емес пе,
Арманына аңсаған жеткізейік.

Атқа мінсе әлдекім, әуліге кеп,
«Әупірімге» басайық, «әулие» деп.
«Обал болды-ау, ер еді!» деп шулайық,
Жаяу қалса бір күні әлгі кенет.

Ұраншының алды – айғай, арты – дүрмек..
Ынтымақ пен ым-жымның паркы бір боп,
Атқа мінген мырзаны тұлпарынан
Жүрейікші түсірмей, «әупірімдеп».

1996 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

САЛАУАТТЫ ҚҰЛДАРША...

Бір сасық байды көрсеңіздер –
Күндемеңіздер,
Қызғаныш отын үрлемеңіздер,
Айыздарыңыз қанғанша.

Жолында соның өлсеңіздер –
Үндемеңіздер,
Өліңіздер,
бірақ «кім?» демеңіздер,
Салауатты жандарша.

Қорлыққа шыдап көнсеңіздер –
бүрсектеңіздер,
«Бұл не?» деп,
бірақ тырс етпеңіздер,
Соңғы демдеріңіз тынғанша,

Тозаққа тура келсеңіздер –
Мұң шекпеңіздер,
Риза болып,
«Кірсек...» деңіздер –
Парасатты құлдарша.

1996 ж.

ҚЫЗМЕТ СҰРАҒАН АҚЫНҒА

Ақын деген немене? Ойлап қарашы:
Билік айтар біреуге бар ма шарасы?
Сойыл кімде – әділет соның содыры,
Қане, бұған бар екен кімнің таласы?

Тәлкек еткің келеді-ау мені, шамасы?
Күл, ақымақ, аққанша көзің сорасы.
Содан соң да басыңа ақыл кірмесе,
Қара бакыр маған да оның бағасы.

Миллион жыл деп – үңгір мен үйдің арасы,
Мардымсисың. Осы елдің болсаң данасы,
айта қойшы, қуылғаннан бері жұмақтан
Өсті ме өзі бір сүйем – адам санасы?

Сана дейміз... Осы ма ойдың сарасы?
Кенірдектен қанша алыс оның қарасы?
Сенің қолың байлауда – тірлік жібімен,
Білесің ғой, жайлауда – кімнің жағасы?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шие жегің келеді, бірақ, ағасы,
Жолда жатқан қайда бар аттың тағасы?
Адалмын деп бөсесің, дәрі – ол кімге?
Жазылмайды-ау дәл содан – қарның жарасы.

Бұл дүниеде ақшаның, білсең, досы көп,
Сені сатып келді олар «бақыт осы» деп.
Есігімді өзің де қағып тұрсың ғой...
Қызметіме алмаймын, көңіл хошы жоқ.

1996 ж.

МЫҢ МЫРЗА

Сол жағымда бір мырза
Тиын санап, бөсіп тұр.
Ризығына бұл риза,
Көңілі де өсіп бір.

Оң жағымда он мырза
Алақанын жайып тұр.
Нәсібіне ол да риза,
Садақаға байып бір.

Жан-жағымда жүз мырза
Жан баға алмай, қаңғып жүр,
Сіз мырза да, біз мырза,
Еркіндікте барлық құл.

Қай жағыңа қарасаң,
Қаптап кеткен мырзалар
Қастарына жанасаң,
Киімдері кір, жағал.

Қамқоршы етті қас жауын,
Қой теңеліп қасқырға.
Ток мырзаның шашбауын
Көтеріп жүр аш мырза.

Күндік асы болар мұң –
Талайларын білемін.
Тауып көрші солардың
Мырза емес біреуін.

Әр мырзаның соңында
Митындап жүр мың мырза.
Көңілі жай оның да,
Ол белгісіз: кімге риза?..

1996 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ МЫҢ ШҮКІР

Байларымыз тасып жүр,
Алшаң-алшаң басып жүр.
Ел байлығын аяусыз,
Оңды-солды шашып жүр,
Шүкір.

Қойларымыз шошып жүр,
Ал, қойшылар бөсіп жүр.
Бөрілермен келісіп,
Қой ішіне қосып жүр.
Шүкір.

Жастарымыз көшіп жүр,
Мастарымыз өсіп жүр.
Қалада да, далада,
Аштарымыз босып жүр.
Шүкір.

Тойларымыз шалқып тұр,
Айбарымыз артып тұр.
Жерге тимей аяғы,
Ойларымыз қалқып тұр.
Шүкір.

Кеткеміз жоқ елдіктен,
Кем болмаймыз кеңдіктен.
Байлар жасап жатырмыз,
Жанқиярлық ерлікпен.
Шүкір.

Қайсыбірін айтармыз,
Көзбен бәрін жайпармыз.
Әр ауызда – мың шүкір...
Соған тойып қайтармыз.
Шүкір. Шүкір.

1996 ж.

ТҮСІНДІРУ

Ей, мүсәпір, бейшара, түсініп ал,
Көрмеймісің, бетім мұз, ішім ызғар.
Тағдырыңа риза емессің бе?
Онда біздің қаншалық ісіміз бар!

Біз айтамыз ашығын, сөз дұрысын,
Көрсетпейміз ешкімге езгі, қысым.
Өлесің бе, жоқ, тірі жүресің бе?
Білмеуші ме ең, бұл сенің өз жұмысың.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тірлік заңын мойындау – бұл борышың,
Қоян екен – түлкінің қолында өлсін.
Бұ дүниеге сені ешкім шақырған жоқ,
О дүниеге аттансаң – жолың болсын.

Сатып алған жоқ болса сыйлы орның,
Өкпелейтін өмірге бар ма жөнің.
Болу, болмау құқығы өз еркінде,
Осы емес пе еркіндік деп жүргенің.

Тағдырыңа риза бол күлді-көмеш,
Сонда ғана жұрт сені «жынды» демес.
Өз басыңды соқпасаң, жұдырықпен –
Тас камалды талқандау мүмкін емес.

1996 ж.

БАҚЫТ КІЛТІ

Хан бәйгеде көп шобыр сайда қалып,
Жүзден жүйрік шықпай ма айдан-анық.
Отырайық бақытқа біз де батып,
Ауыл сайын бір байдан сайлап алып.

Бай атағын алуға түсі лайық,
Кандидат қып бір дөйді ұсынайық.
«Бұдан басқа – бай бола алмайды!» деп,
Бағын биік байғұстың ұшырайық.

Міне, сөйтіп, парызды орындайық,
Байларға құл болудан қорынбайық.
Бақыт кілті – әркімнің өз қолында..
Қолыңды әлде жүр ме едің тегін жайып?..

1996 ж.

КОМПЛИМЕНТ

Ферма бастық – академиктер!
Фирма бастық – президенттер!
Уау, Сіздер – елдің ертеңісіздер,
Бүгінгі жас өркенісіздер.

Кең айдында келеміз жүзіп..
Кемеміздің желкенісіздер.
Айтар бар ма, істеріңіз ғажап,
Ауызда аңыз, ертегісіздер.

Сіздер өмірдің болашағысыздар,
Еркін көңілдің жолашарысыздар,
Алақан жайған аяулыларды

Мүсіркейсіздер – қаласаңыздар.
Академиктер, президенттер,
Ауыздарыңызда – қара сағыздар.

Сол сағызды тағы асаңыздар,
Байлық деп оны санасаңыздар.
Дүние кетігі аз емес әлі,
Кірпіш болуға жарасаңыздар.
Есімдеріңіз қалар мәңгілік,
Тарих мұнарасына жанасаңыздар.

Сіздер барда – тамашамыз бар,
Қыңқ демейміз – сабасаңыздар.
Уайымымыз – аштығымыз емес,
Бақыт – сіздер аман болсаңыздар.
Домкрат болып көтереміз біз,
Банкрот болып, тарасаңыздар.

Сіздер жасаңыздар, уа, жасаңыздар,
Асаңыздар, тағы асаңыздар!
Қанағат, нысап, ұяттан асып,
Өздеріңізбен таласамыз ба, ал?

Тілектеріңізді тілей бермекпіз,
Қайыршымыз бен қарашамыз бар..
Жасаңыздар, уа, жасаңыздар,
Асаңыздар, тағы асаңыздар!

1996 ж.

ӨМІР, ҚАНДАЙ СҰЛУСЫҢ

Барша, ақ-қара бояуларыңмен,
Маған берген ой, арманыңмен,
Өмір, қандай сұлусың сен.

Барлық дауыл, жаңбырларыңмен,
Қиын да ауыр тағдырларыңмен,
Өмір, қандай қызықсың сен.

Күллі күлкі, қуаныштарыңмен,
Өкініш, мұң, жұбаныштарыңмен,
Өмір қандай қымбатсың сен.

Қанша қорланып, и болсам да,
Шаршап, қажып, қиналсам да,
Өмір, сені қимаймын мен.

1996 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Қалқам-ау, бала қаздай балғын мүсін,
Аяусыз басқаның-ай шалдың мысын.
Алдында пұшайман боп тұрмын, міне,
Кенеттен ашылғандай бар қылмысым.

Соңыңнан өзім түстім, сорым дайын,
Ал саған керексіз зат – менің жайым.
Сыртыңнан көзін сатқан көп пақырдың
Мұны үшін шекпесін хақ сенің уайым.

Не дерсің шал шіркінге сый бақпаған,
Қысылып, қыз алдында қипақтаған.
Көзіме тік қарасаң, машинаға
соғылған арбадайын қирап қалам.

Ойнаған кәрі аңшымен – бала қаз қыз,
Сені атып, өзімізді жаралармыз.
Қарар бет, қарамауға дәтіміз жоқ,
Қайтейік, біз бәріміз Забалажбыз⁷.

1996 ж.

АРНАУ

Сен аспанда, мен жердемін.
Жерде тұрып, көкті сүймек мен бе едім?
Жарық жұлдыздардың сәулесін сатамын дейсің...
Жұлдызды қайтем, теңім бе еді ол менің?

Басымды қатырмашы, жарнама, жарқыным!
Керек емес маған – жақұтың да, алтының!
Арбама мені, бәрібір түсіме кірмейді –
Сенің шәрбатты бал түнің.

Өзің де білесің, мен саған кіммін.
Дымың құрып, келіп тұр қойныма кіргін.
Бәрібір сенің ыстық құшағыңа жоқпын,
Сенен маған жылуы жақын Күннің.

Маған күлкінің иісін шаштың, мен күлгем жоқ.
Келгенінді білем, нәпсінің тәттісін кімнен жеп.
Менімен жаны бір жүзіқара сайқалдай болып,
Өлердегі сөзінді айтып өтінесің: «мәңгі бір бол!» деп.

Көмейіңнен ойың көрініп тұр... «Сүйгенім – сен» демексің,
Менің иығымды басқыш қып, жұмақ төріне өрлемексің.

⁷ Мексикалық телесериал кейіпкері.

Көленкелі, сулы, нулы рақат жайда жатып,
Япырау, қалайша мен болып шөлдемексің?

Айтшы аруым, не іздеп келдің бұл жаққа?
Әлде саған таныс емес пе, мен жеп отырған сүр ботқа?
Жымиясың тағы... маған деген махаббатың –
Әтір аралас самопал сасыған күлкіңнен қымбат па?

...Мен жердемін, сен аспанда.
Жарнама, жарнама! Біз ердік саған, баста алға!..

1996 ж.

ЖАҢА ЖЫЛҒА АМАНАТ

Рупорларын МАИ-лар бебеулетіп,
Мүлгігенді еліртіп, елеуретіп,
Кең көшені басына көтеріп жүр:
«Жаңа жылды қарсы ал, жұрт, өлеңдетіп!»

Бәрекелде! Музыка! Ал, шық, ойна!
Бір, екі, үш... Дирижер, әнші қайда?
Он екі айдың патшасы – Жыл келеді!
Жыл дегенің – өмір ғой! Жан шыдай ма?!

Қуаныштан жия алмай енді ел есін,
Ханнан қашқан қаңбақтай дөнгелесін.
Екі бетің қып-қызыл нарттай болып,
Жайкынданып, Жаңа жыл, сен келесің!

Мерседестер қоршаған нөпірінде
Жолың ашық: бәрі де өкімінде.
Ат арбамен, есекпен күтіп тұрмыз,
Біз Өткелді кезеннің көпірінде.

Уақытша деп қалқайтқан бұл дөкірін –
Салмайды еске тозақтың қыл көпірін
Өйткені, оның соңында ұжымақ бар,
Болашаққа менің де тұр кепілім!

Уа, қош келдің, Жаңа жыл! Нарым, серім!
Құрбандығың емес пе жаным сенің.
«Маған ер!» деп майданда жалғыз тұрсың,
Саған ермей, мен қайда лағушы едім?

Ләббай, құлдық! Армысың, таксыр-еке?
Тағың дайын, елің тұр тәжім ете.
Қамшың осса – арқамды тоспайтыңдай,
Маған керек болып па жақсы көке?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бүгін мейрам. Әулие – жас. Албырт – абыз.
Шет елдерден самопал алдыртамыз.
Тротуардан жерошак қазып алып,
Ата-баба дәстүрін жаңғыртамыз.

«Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды» –
Қолтығыңа қыс келіп кіріп алды.
Үй суық деп өкінбе, көше жылы:
Аяз ата градусы – қырық алты!

Кешір бізді, Жаңа жыл, жарықтығым,
Біздің баста болмай тұр нарық бүгін.
Күдірейіп сонда да, күпсінеміз,
Білдірмейтін бөрідей арықтығын.

Жеп қойған соң жарықты – қараңғылық,
Жасырады тоңғанын қалам бұғып.
Жиырма жасын тойламақ ғасыр-патша,
Сенің тағың – ғасырға табалдырық.

Инфляция, дағдарыс, банкроттар,
Жұмыссыздық, қайыршы-қалтырақтар...
Құрысыншы бәрі де! Уақытша ғой...
Сен келесі ғасырға жарқырап бар!

Кең айдынга келеміз бұрып кеме,
Бұл жалғанда орын мол күдікке де.
Қайда барып, қай жерден шығамыз деп,
Қабағыңа қараймыз үміттене.

Сенің жүзің, мың шүкір, жарқын, әрлі-ақ,
Жар шашасың айбынды – халқыңа арнап.
Қайда апарсан, онда апар, таласым жоқ,
Құдай үшін, тек қана тәртіп орнат!

Аманатым тек осы. Соны акта да,
Аттан түспей жүре бер әр уақта да.
Қызмет те береміз, күдірет те,
Бір ауыздан сайлаймыз сенатқа да.

Алда жаз бар. Қазір қыс. Нәсіп – көкте.
Көптей көріп азынды шашып-төкпе.
Келе жатқан ғасырдың өткеліне
Бізді тастап, бір өзің қашып кетпе.

Мынау бейпіл өмірде өткелі көп,
Былқылдама сен дағы «өтпелі» боп.
Семірмегей кей мешкей шенеунікше,
Ел аузынан жырылған бөкпені жеп.

Аудырмай арт елімнің нарға жүгін,
Айла деген – қулық қой, арға жүгін.
Келмей жатқан ғасырдан несие алып,
Болашаққа қарыз боп қалма, Жылым!

Төрлет жылым, бас ием тағзым етіп,
Өзіңе аз наз айттым, дәтім жетіп.
«Осындай да жыл болған!» деп мақтансын,
Келер ұрпақ тарихтан атыңды оқып!

...МАИ-лар жүр рупормен өлеңдетіп...
Барша жұртты үмітпен елеңдетіп,
Сен келесің,
кел, Жылым,
Елім менің
Көтеріп тұр көк Туын желбіретіп!

1996 ж., желтоқсан

БІЛІМГЕ МАДАҚ

Тіршілік бір алма ағаш ашқан гүлін,
Нәр тамыз таңдайына, хас тәңірім.
Бар болса бұл дүниеде азбас байлық,
Ол – Күндей жарық нұрын шашқан білім.

Бас жоқта мың жығылып, мың тұрды аяқ..
Қараңғы жолымызға күлкің — маяк.
Кел, білім, қоңырауың күмбірлеп бір,
Ұйқысын әлі аспаған жұртымды оят.

О біздің дала қандай көркем үй ед!
Еркіндік әлемінің ерке биі ек.
Киенді ұстай алмай, даңғылым-ау,
Сан ұшқан біздің бастан өркениет.

Көше алмай, жұртта қалып надандықтан,
Марғаулық, аңқаулықты мақтан тұтқан.
Ел едік біз – қармалап қараңғыны
Дағдарғанда өзіңнің бағанды ұққан.

Ұрпаққа шамшырақ қып ұлы ойларын,
Әл-Фараби, Ыбырай, Абайларым.
Ұласып ұрық шаштың ұлы елімде,
О Білім, уа жайдарым, уа байрағым!

Болғанда білім – теңіз, біз бір қайық,
Біліммен шылбыр ұзарт, тізгін байыт.
Тіршілік ағашының тамырына
Күн-білім нұр жаудырсын, жұлдыз жайып.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Болғанда білім – мұхит, біз бір кеме,
Уа, жұртым, ой-өренді тізгіндеме.
Уақыт пен кеңістіктің айдынында
Тоқталмай керуендерің, ұмтыл өрге.

Саналы ел сенен сайлар бас қаруын,
Өзіңмен сергек те нық асқак үнім.
Елімді жас шәкірттей елендеген
Парасат биігіне баста, Білім!

01.09.2004 ж.

ӨЛЕҢ-ОППОЗИЦИЯ

Ақтық сөз

Алпыс жыл соққан жүрегім,
Азға тағат етпедің.
Ширек адым қалғанда
Сыр бергенің не еткенің?

Өзекті жанға бір өлім..
Тыншымай қалам дедің бе?
Белгілі ғой, білемін,
Барар жерің сенің де.

Болар еді-ау ол жаққа
Асықпай-ақ қойсаң да.
Хор қызы бар бау-баққа
Бір жетерсің сен сонда

Бұл фәниде өйткені
Адал соқтың, жүрегім.
Азғырса да кей пері,
Хақ жолында жүдедің.

Күн көрісің қиындап,
Күлкі де болдың шайтанға.
Тазалық үшін шырылдап,
Ендіктің талай қайқанда.

Жанды сақтап қалмаққа
Тамұқ, тозақ өртінен,
Аман жүрдің әр уақта
Жалған дүние дертінен.

Қош бол, жампоз жалғызым!
Бұл дүниеден енді озғай.
Адал өтеп парызын,
Шейіт боп кеткен сарбаздай.

О дүние, құшағынды аш, мен келемін!
Кемді күн тірлік кештім, енді өлемін.
Тазарып бар күнәмнан, сәбидейін
Мәңгілік бесігімде тербелемін.

Қонақтап қалдым біраз, енді ұшамын.
Жанымның жаннат бағы – кең құшағың.
«Қара жер өлсем орным...» сыз болмайды,
Алдымда нұр дидарың, мен құшамын.

О дүние, аманбысың, ар мекенім?
Ішінен келдім саған тар кепенің.
Көсілер «Өлең төсек – өз үйім» деп,
Өзіңнен басқа менің бар ма төрім?

Өзінде анам – мені аймалаған,
Өзінде әкем – жаны жайдары адам.
Мен де сол өзіндікпін, олай емей,
Құдай-ау, сенен қашып, қайда барам?

Мен басқа қайда барам сен тұрғанда?
Шайтан боп кеткенім жоқ, шүкір Алла.
Ар-иман – алып келген бар байлығым,
Ант еткен одан басқа сертім бар ма?

О дүние, бақи ғұмыр, мәңгі отаным,
Шомылып хак нұрына мен жатамын.
Нәпсінің бұғауынан азат алып,
Ниетім – баһра етпек жан баһарын.

О дүние, мен де сөйтіп өліп тындым.
Бірі едім шәрбатыңа жерік құлдың.
Қабыл ал кір шалмаған пәк жанымды,
Кешікпей, мезгілінде келіп тұрмын!

2004 ж.

ТӘУЕЛСІЗДІК БАЛАЛАРЫ

Қой саны емес, қызықтырған –
Тесттен алған бағалары.
Бильярд таяғын уық қылған
Тәуелсіздік балалары.

Машина мен білім кілті –
Ажырамас аралары.
Өздерінде мұның да ырқы,
Тәуелсіздік балалары.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Асық та атқан, доп та тепкен
Секілденіп ағалары.
Интернетті ақпар еткен
Тәуелсіздік балалары.

Соткалатқан, клиптеткен,
Компьюрлетіп одан әрі,
Хит-музикті сүйікті еткен
Тәуелсіздік балалары.

Төле би мен Қазыбек би,
Әйтеке би даналары
Тастап кеткен таусылмас сый –
Тәуелсіздік балалары.

Елдік жолын нұсқап өткен
Абылай, Абай бабалары.
Азат күннің таңы өпкен
Тәуелсіздік балалары.

Жеті жұрттың тілін білген
Бауырындай әр адамы.
Ана тілін – арым деген
Тәуелсіздік балалары.

Қуғын-сүргін, соғыс жойқын
Сойқандардан ада бәрі.
Теріс болса – теріс дейтін
Тәуелсіздік балалары.

Еркін өскен, өр еңселі,
Жайлауында – жағалары,
Ел төрінен көрем сені,
Тәуелсіздік балалары.

Ыбырай, Ахмет, Мағжан сенген
Таймас жүйрік тағалары,
Ел ертеңі – тек сендермен,
Тәуелсіздік балалары.

Сондықтан да төмендемес,
Қазақ туы жоғары әлі.
Сол туындай көкпен теңес,
Тәуелсіздік балалары.

Бабалардың сенім хаты
Өз қолында, бол қырағы.
Сенің атың – елдің аты,
Тәуелсіздік балалары.

19.07.2011 ж.

ӘР ҚИЯДА



БАСПАЛДАҚ І

(1956–1961)

Жауқазын

Шәкірт жыры



ШЫҒАРМАЛАРЫ

ҚАЛАММЕН СЫРЛАСУ

Жолдас қалам, бес жыл бойы
Бірге болдық, бір тұрдық.
Жаршы болдың жүрегіме,
Достарша сан сыр құрдық.

Түсірген ең тұңғыш рет
Мен оқыған әліппені.
Сенен бұрын асыл ойдың
Қағазда ізі калып па еді?

Сені сүйіп сондықтан да,
«Құралым!» деп қолға ұстағам.
Сәт тілеймін жорығыңа,
Жолың болсын, жолдас қалам!

5.4.1956

КІМ БОЛАМ

Ойлайтыным әрқашан:
«Не істеймін, кім болам?»
Нағыз досым қайсы адам,
Кім үлгілі, кім жаман?

Ойлайтыным әрқашан:
Бақыт, күрес немене?
Асу бар ма алда сан,
Әлде өзі келе ме?

Көп ойландым, осының
Іздеп анық жауабын.
Адалдықтың досымын,
Мүмкін, содан табамын...

10.3.1956

АРМАНДАР

Болашаққа шарықтап,
Қиялым алға зулайды.
Ой аспанын қалықтап,
Жүрегім атша тулайды.

Арманға арман жалғасты,
Дариядай сан тармақты.
Қуалаймын мен оны,
Бұзып өтіп тау-тасты.

10.3.1956

ЖАСТЫҚ ШАҚ

Па, шіркін, балалық шақ неткен тәтті,
Өмірдің қызығы ғой тым қымбатты.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Кетемін қалай қиып, қарайламай,
Осы бір қызығы мол қыршын жасты.

Жастық шақ, жалынды шақ, сұлу дүние,
Жақпайды сенің жарық нұрың кімге.
Өкінген адам аз ба өзінді ойлап,
Қамығып қарттық табы білінгенде.

Мен сені сүйемін, паң жастық шағым,
Ол шындық: жастық – жалын, жастық – дарын.
Қалайын құшып сені өкінішсіз,
Жоқ менің құр қиялға бастықпағым.

Төгейін елім үшін ащы терді,
Басайын жалындатып жас жігерді.
Өзіңмен шеру тартып алыс күнге,
Өмірдің жана бетін аштым енді.

20.5.1956

ОРМАН

Сүйемін сыңсыған орманды,
Орманды даламды.
Толқынды жас ойым толғанды,
Қолға алдым қаламды.

Сыбырмен, сыр шертіп тұр маған
Жасыл жас жапырақ.
Дегендей: «Ақыным, сырға қан...»,
Тұр тыныш атырап.

21.12.1956

МЫРҚЫМБАЙҒА

Айтқанда сен сондайсың,
Сөзбен иық қомдайсың.
Ал өзін ше?
Байқасам,
Жібімеген тоңдайсың.

Ісің баяу, өнбейсің,
Сын айтқанға көнбейсің.
Орақ орып аузыңмен,
Бәрін сөзбен жөндейсің.

Алмай жүрсің, бауырым,
Жақсылардан тағылым.
Сеземісің, Мырқымбай,
Кетіп болды қадірің...

7.5.1956

ШЫҒАРМАЛАРЫ

БАЛАЛАРҒА

Балалар, балалар,
Айтқан ғой даналар:
Сен – кірпіш дүниеге,
Кетікке қаланар.
Осыны ұғайық,
Іс істеп лайық.
Халықтың үмітін
Ақтап біз шығайық.

3.10.1956

* * *

Балағат сөз, дөкір іс –
Батырлық ол бола ма?
Ар-намысты кетіру –
Адамдыққа қона ма?
Өрт емес пе – өкініш,
Жамандыққа жолама.

4.10.1956

АНА-МЕКТЕП

О, сүйікті мектебім,
Есімнен еш кетпедің.
Дүние танып өзінде,
Өмір гүлін екшедім.

Ауасындай Қырымның –
Балын таттым ғылымның.
Арналады өзіңе
Арнасы жас жырымның.

Сенсің – білім қайнары,
Сенсің – ғылым майданы.
Өмірімнің сенде өтті
Бақытты жыл, айлары.

Сен алақан төседің,
Құшағыңда өсемін.
Мен дайынмын, міндет арт:
Тау бұзып, су кешемін.

3.1.1957

БОРАН

Ұлиды боран қыңсылап,
Жылайды кейде балаша.
Айнала тұрды бұлдырап,
Секілді аспан – аласа.

Жеңіл қар ұқсас – жапырақ,
Жапырлап жерге қонады.

Ақ тонын киіп атырап,
Мамыққа жыра толады.

Жел тұрып бірде желіккен,
Ұйтқып кеп бетті ұрады.
Сұрамай келіп, бетінен
Сүйеді, қылжақ қылады.

10.1.1957

«ҚЫЗЫЛ АТ» ПЕН «ТОРЫ СИЫР»

Біздің Ермек: «Қызыл ат –
Кетті, – дейді, – тым ұзап».
«Қызыл емес, торы деп», – деп,
Атасы айтты дұрыстап.

«Торы» деген бұл ұғым,
Көкейінде көп тұрды.
Аз ойланып сиырын,
«Торы екен ғой», – деп тынды...

1957

БҰЛБҰЛ, ТҮБІР, БҰТАҚ
(Мысал)

Бұлбұлға ақыл айтты бұтақ тұрып:
– Тек мендік болса жырың келісер, – деп.
– Бүтеке, ол жарамас...
– Лактырып
тастармын, етермін де сені шелпек.

Б ұ л б ұ л:
– Бүтеке, артық мақтан мін жамайды,
Ең әуел менсіз сізге кім қарайды?

Бұлбұлдан жеңілген соң бұтақ енді,
(Ашуы тым-ақ қатты тұтап еді).
Түбірге түксие бір қарап алып,
«Сөзімді менің дұрыс тында», – деді.

Б ұ т а қ:
– Мен сені танымаймын, әй, қу түбір,
Әуелі менен төмен парқынды біл.

Т ү б і р:
– Кетіпті кекірейіп тілті басың,
Әй, бұтақ, менсіз қайтіп тік тұрасың?

1957

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Гүл тереміз ойнап, – деп,
Жаз қызығын тойлап, – деп,
 Бала-шаға қуанды.
Көктем келді бүгін, – деп,
Осыны, қыс ұғын, – деп,
 Күллі дүние қуанды.

март, 1957

КӨКТЕМ

Ақ тонын дала тілкімдеп,
Шапанын жасыл киінді.
Жотадан сырғып біртіндеп,
Жылғаға сулар жиылды.

Арнадан аспақ бұлқынып,
Жосылып аққан долы өзен.
Дегендей: «сабыр!», тұр күліп,
Алтын Күн төніп төбеден.

Оянды дала, гүлденді,
Киініп жасыл атырап.
Жас орман ғажап түрге енді,
Жамылып шәлі-жапырақ.

Көңілі шуақ көктемнің
Жылы еді неткен самалы.
Төбеден нұрын төккен Күн
Жанымды баурап барады.

март, 1957

ГҮЛ

Ілесіп көктеммен
Гүл өсті бұралып.
Өзіне көп төнген
Күннен нәр, нұр алып.

Жарысып көктеммен
Гүл өсті құлпырып.
Өзіне көп төнген
Көздерден нұр туып.

Қауышып көктеммен
Гүл өсті қуанып.
Өзіне кектенген
Құр қурай қуарып.

август, 1957

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТУҒАН ЖЕР

Көз тарттың гүлдей жайнап, туған жерім,
Бетімді өзеніңе жуған жерім.
Құс іздеп, асық атып, асыр салып,
Тай мініп, қашқан анды қуған жерім.

Туған жер, әрбір сайың маған таныс,
Міне тұр қоғалы көл, әне қамыс.
Өзіңнен қанша жырақ кетсем де мен,
Келбетің көңілімнен болмас алыс.

август, 1957

АНАМА

(Аяулы, асыл анам Нұрбағи Нұспекқызына)

Жарық дүние қызығын
Көп көрмедің, жан анам.
Қос ұланың – ұл-қызың,
Өміріңді жалғаған.

Сенсіз мына өмірдің
Өзі өгей секілді.
Жуып жүрмін әрбір күн
Ащы жаспен бетімді.

Бес жасым ба, алты ма—
Бізді тастап кеткенде.
Әкемде әйел болғанмен,
Басқа ана жоқ менде.

Ес білгенде еркелеп,
Сан қиғылық салып ем.
Сен кешкенмен, өзіме
Кеше алмаспын соны мен.

Қос құлының, жан анам,
Ғұмырыңды ұзартқай.
Сонда ғана алармыз
Үмітіңді біз ақтай.

5.5.1957

БІР ҚЫЗҒА

Дарбаң-дұрбаң алысып,
Ойнап бұрын жүргенмін.
Қалжың айтып, қағысып,
Күлгім келсе – күлгенмін.

Енді бүгін қарасам,
Күлкі орнын ой алған.
Неге саған ұрланып
Қарай берем, ой, Аллаһ?!

Жақындаса жаныма
Ақтарыла сөйлеу жоқ.
Қызық – қыздар жағында:
Болып кетті: «Қой!» деу көп...

Сезінемін біртеп,
Мынау болды анығы:
Түскен маған бұл мезет
Махаббаттың жарығы.

О, ғажабын, баламын –
Махаббаттың несі бар?
Осыған таң қаламын,
Өзің тапшы осыны ал...

5.5.1957

СҮЙГЕНІМ

Ең алғаш кез болғанда,
Сегіз жасқа толғанда,
Қарап едім қызыға,
Жағып еді ол жанға.

Сол бір сезім өршіп кеп,
Кетті маған жол сілтеп.
Осы жырды қалдырдым,
Тұңғыш өрнек болсын деп.

16.5.1957

СҮЙГЕН ҚЫЗҒА

Баурадың еркін мені билеп,
Ояттың балғын ойымды.
Махаббат гүлі «бері жүр!» деп,
Өзіне тартты бойымды.

Неткен ыстық от көзіңнің қарасы,
Жазылғандай жас жүректің жарасы.
Қос шырақтың ұшқындары қосылса,
Толар еді көңілімнің сабасы.

Шып-шымыр ақ білегің, алма бетті,
Сәулешім, қарақат көз, аппақ етті.
Қай жанға сездірейін сенен басқа,
Өзіңнен алғаш рет алған отты.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бәрінен ыстық маған бал мінезің,
Көзімнің жанарында қалды көзің.
Жырымды ерте туған көрмей-ақ қой,
Өрімдей баласың ғой балғын өзің.

Салмақты өзім ғана көтерейін,
Жақсы емес бұзылғаны бекер ойың.
Сақтармын осы жырды, өзің танып,
Дегенше: «Бер қолыңды, жетелейін!»

16.5.1957

ҚҰРБЫ ҚЫЗҒА

Әй, құрбым-ай, көрмесем де қыз қармап,
Үлгердім-ау жүрегіңді жүз барлап.
Тек мен жайлы ойлануға бір минут
Жайың бар ма, айтшы соны, қызғалдақ?!

май, 1957

БАЛА ОЙЫМА

Бала сезім, бал сезім,
Бауырыңа алшы өзің.
Жүрегіме, арыма
Жаңылмайтын жаршы едің.

Бала сезім балдырған,
Бал жинашы әр жылдан.
Үстімдегі жейдені
Маған ағам қалдырған.

май, 1957

ЖЫР

Жыр – қанаты тілектің,
Жыр – көрігі жүректің.
Жыр – қуаты білектің,
Жыр – жарығы түнектің.

Жыр – көрмесі көңілдің,
Жыр – өрнегі өмірдің.
Жыр – бейнесі елімнің,
Жыр – байлығы жерімнің.

9.1.1958

ҚЫРАН

Жас қанаты талмаған,
Құзды таулар еркесі.
Кең аспанда самғаған,
Сәуле сүйіп өр төсі.

Бойын шыңнан асырған
Құс төресі – қыраным.
Саған қарап жасымнан,
Көкке құлаш ұрамын.

10.3.1958

АЛЛИТЕРАЦИЯ

Көйлегі түннің сетіліп,
Кенересі кетіліп,
Күміс гауһар төгілді
Күңгірт күрке тесіліп.

Көк шыңымен сырласып,
Күн сұлу тұр нұр шашып.
Көмейінен ағытты
Күйін бұлбұл жырласып.

Кенеліп нұрға айнала,
Көңілденді жайқала.
Көз жеткісіз кең алқап
Кеудесін ашып айқара.

Көлеңкелі нуларын,
Күлдіріп тау суларын,
Көркейді көз тартып шын,
Көсілген орман ну қалың.

Күлді биік өрде Күн,
Келтіріп жер келбетін.
Келді диқан атызға,
Кестелеп бір жер бетін.

Күлді, күлді, күлді Күн,
Көктің ашып түндігін.
Күлмендеген балалар
Күтіп алды жыл құсын.

3.3.1958

ҚЫС-АПА

Келсең де сен жұлынып,
Ашуың тез тарқады.
Ақ шапаның бүлініп,
Қара қошқыл тартады.

Байбалам сап, бакырып,
Келсең де сен, апажан.
Тырнағыңды батырып,
Төнсең де сен, апажан.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Көктем сұлу көзіңе,
Көрінгенде, желің –
Су сепкендей басылды,
Елжіредің, ерің...

... Бұл кейпінді, апажан,
Көріп келем туғалы.
Мұра болып атадан,
Қалған ба, әлде бұл халің?.

10.3.1958

ҒАШЫҚ

Отты ойға жыр ғашық,
Алтын өрнек өрсеңіз.
Асыл сөзге тіл ғашық,
Ой миуасын терсеңіз.

Күн нұрына гүл ғашық,
Мәңгі сүйіп өтуге.
Ұзақ жолға су ғашық,
Алыстарға жетуге.

Ғашық, ғашық, мен ғашық
Өмір дейтін ағысқа.
Ғашық көзбен жол басып,
Жорық тартам алысқа.

май, 1958

АБАЙ

Қазағымның көгіне
Күн боп шыққан ер дана.
Көп сыр айттың еліңе,
Көкірек жарып толғана.

Озып шыққан тарланым,
Халқың сүйіп, таныды.
Жасай берер арманың,
Ақыл-ойдың алыбы.

май, 1958

ҚАЛАМЫМ

Самғап көкке өрлейтін
Қалам – менің сұңқарым.
Озу үшін терлейтін
Құрыш тұяқ тұлпарым.

Сол сұңқардай, тұлпардай,
Ұзаққа шап, арында.
Жүйрігім бол жыр-таңдай,
Жаз, қаламым, жаңылма.

март, 1958

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
БІРЕУГЕ

Жүгіріп көзі,
Сұғынып өзі,
Сұйық сөзбен сырғанап.
Жағаттап жалғанды,
Жабылып қалғанды,
Жүрегінді шырғалап.

Ішінде арбап,
Ауыр зіл жалғап,
Кеселдің жатыр кесегі.
Арамдық күшқан
Ертеңгі дұшпан –
«Жанашырың» кешегі.

10.10.1958

КЕРБЕЗ СЕРІ

«Білем» деп бәрін,
Еске алмай әлін,
Шынымен бас шұлғиды.
Өзгеден жеріп,
Кеудесін керіп,
Құрмет, шенді қылғиды.
Серінің семер санасы,
Шындыққа жоқ жанасы.

Кеудесі қирап,
Тек өзін қинап,
Кербез бір күн сүрінді.
Жамылып алған
Шапаны жалған
Отқа өртенді, бүлінді.
Аузы қалды қарылып,
Масқараға малынып.

ноябрь, 1958

* * *

Көп мүлкін өңешінен жөткеремді,
Әр сөзі – «ақ қардаймын» деп келеді.
Ойла, досым, өкінер кезің келер,
Деп санама өтірік сөзінді өнер.

ноябрь, 1958

ӨМІР

Өмір – дастан, мен – оның
шәкіртімін,
Беттерін

ШЫҒАРМАЛАРЫ

бірден санап келемін,
Соңына жоқ жеткенім.

Өмір – дария,
тамшымын,
Ілесемін ілгерілеп.
Жақсылыққа жаршымын,
Өсіп келем күнге өрлеп.

март, 1959

БІР ЖАНҒА

Қамшылап тілек,
Тулайды жүрек,
Тың бетін ашып өмірдің.
Тасиды қан,
Балқиды тән,
Оты лаулап көңілдің.

Күліп күндей,
Жайнап гүлдей,
Көз алдымда бір жан тұр.
Жылып бойым,
Тұнып ойым,
Туа берді жырдан-жыр.

август, 1959

МАХАББАТҚА САУАЛ

Әркімнің-ақ бар шығар
Өзінше бір сүйгені.
Болмаса да нағыз жар,
Қыз отына күйгені.

Сол әркімнің бірі мен,
Болмай қайтіп қалайын.
Ұйқы көрмей түнімен,
Өтіп жатты сан айым.

Лебізінде тың күш бар,
Айналайын махаббат.
Болам кімге тым құштар?
Айтшы өзін атап-ақ.

август, 1959

* * *

Жалының шарпып,
Ынтығым артып,
Жас жүрегім елжіреп.
Ұшқыны лаулап,
Сезімді баурап,

Қара көзің мөлдіреп,
Жүрегім, нені ымдайсың,
Жүгіріп, сірә, тынбайсың.

Жүрер ме ем шалқып,
Қайықша қалқып,
Мұхитында махаббат.
Көңілге көрік,
Өмірге серік,
Жас жүрегің шапағат.
Қанаттанды от сезім,
Таңдағаным – тек өзің.

август, 1959

* * *

Нұр теңіз, ыстық сезім, сәулетайым,
Ұқсатам көктің алтын Күн мен Айын.
Көктемгі қызғалдақтай көз үйірсең,
Көркейем келбетінді көрген сайын.

Сәулетай, алыс кетсең – аңсарымсың,
Қиялға қанат берсем – арманымсың.
Алдымнан Күндей болып шыға келсең –
Айқарған көкжиекті таңсәрімсің.

сентябрь, 1959

* * *

Күн шығып күлкіңнен,
Өзіңе баурадың.
Қандай бір сиқырмен
Жанымды жауладың?

Ынтыға қарадым
Тулап бір жүрегім.
Жарыма баладым,
Өзің боп тілегім.

Бойымды шарпыды
Ұшқыны көзіңнің.
Құштарлық қалқыды
Бетінде сезімнің.

сентябрь, 1959

МАХАББАТ

Бас иемін алдында,
Махаббат – менің ғашығым.
Ауыстырмас алтынға,
Асыл арман, асығым.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Оның отты сәулесін
Күндей ыстық сеземін.
Ынтыға бір күтемін,
Шын махаббат кезеңін.

Жұтар едім құмарта
Махаббаттың озонын.
Бүгін соның бірақ та
Тар соқпағын кеземін...

сентябрь, 1959

ДОСЫМА ХАТ

Өмірдің тап келсе де тар қимасы,
Өшпейді махаббаттың картинасы.
Айнымас адал байлау аясында,
Асыл дос, әркімнің де бар сыйласы.

Көргенде махаббаттың соқтықпасын,
Жас көңіл жасымасын, көп бұқпасын.
Махаббат майданында масыл болма,
Сезімнің пәк ұшқынын тот тұтпасын.

сентябрь, 1959

СЕН – ЫСТЫҚ СЕЗІМСІҢ

Сезімнің құштарын
Қайтермін, сәулешім.
Көтердім, ұстадым
Махаббат әуресін.
Барлап көр,
Жауап бер –
Жүректің сөзіне.

Өзге емес, өзіңсің –
Жүректің сыйласы.
Сен – ыстық сезімсің,
Қиялдың қимасы.
Бер шәрбат,
От жалғап –
Махаббат көзіне.

сентябрь, 1959

ТЕК ӨЗІҢЕ АРНАЛҒАН

Тек өзің, сәулем, сүйгенім,
Жан ынтығы, құштарым.
Жалыныңа күйгенмін,
Айтшы, кім ол – құшпағың?
Самғап сезім,
От – көзің,
Шоқ – сөзің.

Тек өзіңе арналған,
Аралас жаным өртпен.
Болашаққа жалғанған
Таймашы, сәулем, серттен.
Құшағыңды аш,
Жалын жас,
Қарындас!

сентябрь, 1959

ТҰР СҮЙГЕНІМ АЛДЫМДА

Қуанамын сыр төгем де,
Тұр сүйгенім алдымда.
Толқиды сезім бұл кеудемде,
Әлде мас боп қалдым ба.
Алдымда тұр нұрланып,
Тек қараймын ұрланып.
Ғажап бір
Тұйық сыр.

Әлденені сұрайды
От шарпыған жүрегім.
Махаббат кілтін бұрайды
Толқын құшқан тілегім.
Аузымда сөзім жоқ,
Сөзім жоқ, сезім көп.
Балқыдым,
Қалқыдым...

сентябрь, 1959

СЕН – АСУЫ МАХАББАТЫМНЫҢ

Сен – асуы махаббатымның,
Басқа емес, дәл өзін.
Мен – белгісі адал атыңның,
Жанымның жыры өзін.
Сен түнерсең – түнекпін,
Жылуы кетер жүректің.

Күлкің – ерке бұлақтай,
Сынаптай сырғи жөнелер.
Жүзің – жасыл құрақтай,
Жан шаттыққа бөленер.
Жүрегімнің ғашығы,
Сен – махаббат асуы.

сентябрь, 1959

МАРАТТЫҢ АЙЛАСЫ

Өзгелер класс ішіне
Кіргенде соңғы сағатта,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Салмағын ауыр түсіре,
Килікті бір ой Маратқа.

«Білмеймін есеп сабағын,
Тапсырма тағы шыкпады.
Бәрібір «2» аламын,
Етектен мықтап ұстады.

Көшеге барып онанда,
Жақсы ғой сергіп қайтқаным.
Табамын сылтау оған да,
Бұрын да талай айтқанмын.

Әй, өзім ғажап пәлемін,
Тауып-ақ тұрам айланы.
Ал, Марат, тездеп тап ебін,
Тамашаға тарт, тай, кәні...»

Осыны ойлап Марекен,
Көшеге тайып береді.
Алдына оның ал ертең
«Ескі дос» тағы келеді.

сентябрь, 1959

ӨЗЕН

Сылдырла сырлы өзен, сұлу өзен,
Әр кезең әсем әуен, жырдың көзі ең.
Сенсің ғой сезімді сергітетін,
Сондықтан соңыңнан мен ере берем.

Сан ақын жырласа да сен туралы,
Айқын-ақ сезіледі кем тұрғаны.
Жүректің жыр-көрігін үрле, үнін –
Жүйрік тіл, болат қалам, келтір, кәні!

Сұлудың бұрымындай бұраңдаған
Күніне толқын-жалың мың аунаған.
Сері едің сезім-құсты еліктірген,
Сен едің ару – ақын жыр арнаған.

Жартаспен жағаласып жатасың сен,
Сылқым үн болашаққа қатасың сен.
Тәрізді кейде бура,
Буырқанып,
Ақ көбік айдалаға атасың сен.

Тоғысқан толқындарың сұлу неткен?!
Жырымды қызықтырды-ау сының көптен.

Ну орман, биік шалғын – жағалауың,
Бейне бір айнамапсың суреттен.

Мінезің, сұлу өзен, неткен қызық,
Бірде асау, бірде жуас, кейде бұзық...
Сонда да толқыныңмен аса қатал
Жарысып, талай рет өткем жүзіп.

Сылдырла сырлы өзен, сұлу өзен,
Әр кезең әсем әуен, жырдың көзі ең.
Қуалап мен өзінді, ере берем,
Сенен де келер, бәлкім, озар кезең.

сентябрь, 1959

ЖҮРЕКТІ СЫЙҒА ҰСЫНЫП...

Ойланамын мың қабат:
Мектебіме сый қандай
Ұсынамын бір ғажап,
Жан сезімім сыйғандай.

Отырмын ойлап мың қабат:
Ұсынамын деп сый қандай,
Ұстазыма бір ғажап,
Толқыны ойдың сыйғандай.

Орала қалды ойыма
Осы бір жауап орынды:
Бітірген қуат бойыма,
Нақ сілтеп айқын жолымды,

Өмірге құштар мені еткен –
Осы екеуі емес пе.
Мен дағы осы себептен,
Тебірене алып оны еске,

Ұсындым сыйға жүректі,
Қабыл ал, ана-мектебім.
Жүректен шыққан жыр-отты
Өзіңе тарту еткенім.

сентябрь, 1959

МАХАББАТ ШЫҒЫ

Деп айттым алғаш: «Сүйіктім!»,
Көңіліме бейнең орнады.
Секілді арман – биік шың,
Алдымнан сағым жолдады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жетелеп мені балаша,
Қиялым алға тартады.
«Өрлей түс, тұрсың аласа...», –
деп сезім салмақ артады.

Япыр-ау, биік не деген
Шың еді көкпен теңескен.
Қарап тұр маған төбеден,
Махаббат босап елестен.

Сүйіктім, шыңның басында
Отырсың, мүмкін, сен күліп.
Барамын өрлеп қасыңа,
Жетемін деп жел мініп.

Күйдірерсің, мүмкін, сен,
Жүректің орап өртімен.
Ғашықтар, бірақ, шын сүйген –
Айнымас адал сертінен.

октябрь, 1959

...-ға

Қанжар кірпік, қара көз –
Қарайлашы, қарындас.
Бола алмадым дара кез,
Кәне, нәзік назыңды аш.

Жылжыса да жылдар сан,
Ұғыспадық, тек бірге...
Сыр айтуға бұлдансаң,
Ой шарығын өткірле.

Сүйгем, сүйдім, сүйемін –
Мінезінді, көзінді.
Айтшы, өзің игі емін –
Іркем қалай төзімді?

Бұлдырап ойың буынса,
Дермісің: «Аулақ кет!» – әлде?
Сүйіскен көңіл суынса,
Жүрегім қалар не халде?

октябрь, 1959

ЖАС ТАНЫСҚА

Сен де қымбат серігімсің, танысым,
Махаббаттан төмен қойман ар ісін.
Біз біргеміз, жүрегіміз жүздескен,
Қарындасым, хат жазып тұр үзбестен.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Асыр салып ойнамадық бірлікте,
Бір ауылда кесілген жоқ кіндік те.
Екеумізді табыстырған – өмір ғой,
Оған айтар уәжің бар ма, берілмей?..

* * *

Мен іздеймін дос жүректі,
Дос жүректі – пәк сезім.
Бұл айтқаным – өткір, отты,
Өткір, отты нақ сөзім.

октябрь, 1959

ЖАС ШЫБЫҚ

Жас шыбық Күннен нәр алып,
Өседі өршіл бәйтерек.
Жас сана өсер жаңарып,
Өмірден жиып бай қорек.

Оянған орман ұрпағы –
Ұйқыдан тұрып қос қайың.
Жалпырақ нені жырлады
Ұғысып сырлас достайын.

Сізге де осы айтарым
Тамшыдай таза сезіммен.
«Жас жүрек жайып саусағын...»,
Талпынып өсер төзіммен.

қараша, 1959

ТУЫС ЖҮРЕКТЕН

Жалынды жүректен
Жас сәлем жолдайын.
Қимас бір тілекпен,
Қиялды қомдайын.

Туыстар қанаттас
Дәл батыр мүсінді.
Кім бүгін жаратпас
Гүл ізді ісінді.

қараша, 1959

МАХАББАТ МАШАҚАТЫ

«Айым» дедім, «күнім» дедім,
«Күннен шыққан нұрым» дедім.
«Жас жаныңды сүйдім» дедім,
Сен мен үшін биік едің.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Биік едің көкте Күндей,
Сүйіп едім көктемімдей.
Билеп ерік-тынысымды,
Кетірдің-ау тынышымды.

Жүрегімде шоғың жанып,
Қарадың-ау көп ұрланып.
Сездің сен де... сезімімді
Тарттың, таптым өз үніңді.

«Сүйем» дедің, сүйдің беттен,
Жүрегіме сыйдың кеп сен.
Құшырлана құштым сені,
Бірақ... мұндай түс кірмеді.

Таптым, таттым ерніннен бал,
Төндім, көрдім көзіңнен нәр.
Есінде ме, күнім менің,
Сонда назбен күлімдедің.

«Сәулем, сәнім, күнім менің,
Сенен жоқ сырт сырым» дедің.
Әй, амал не, сендім деп ем,
Соның бәрін сездім бе мен?

Сендім, сенді-ау албырт көңіл,
Кеткені ме тартып жеңіл?
Бір күн... бір ай жатып тұрдық,
Бір қазаннан татып тұздық.

Бір ай өтті бейне сағым,
Қызығы мол, кейде шағын.
Келдің үйге бір күн бір-ақ,
Күрсініспен тым тұнжырап.

Сұрап едім мән-жайыңды,
Естімедім балдай үнді.
Қыңырландың, түсінбедім,
Сене алмадым, «түсім» дедім.

– Неге?

Үн жоқ.

– Неге?

Үн жоқ.

Сездім, сенің көнерің жоқ.
Кінәладың, жаттың бөлек,
Жүрегімді аттың кезеп.

Сөйлемедің күндіз жөндеп:
«Бірге жүрдің бір қызбен...» деп.

Айттың түнде шағымыңды,
Тек сақтадым сабырымды.

Іші қуыс тар кеуденің,
Шөлдейсің-ау қаталап та.
Сенім жоқта – одан орын
Табыла ма махаббатқа.

1960

ҚЫРМАНШЫ ҚЫЗҒА

Қырманшы қыз, қыр гүлі,
Созған бойын Күн жақтан.
Сахараның бұлбұлы,
Еңбек әнін тыңдатқан.

Шын көңілмен сырды ұқтың,
Биіктетіп дән тауын.
Тоқыған сен тірліктің
Ең бірінші арқауын.

Отау тігіп қызылдан,
Орда етгің қырманды.
Жолың еді сызылған –
Шығын етпеу бір дәнді.

Қарындасым қырманшы,
Ақын жанын бір барла.
Қимылыңа жыр – қамшы,
Оны ұғынбай құр қалма.

1960

ТРАКТОРИСТ ҚАРЫНДАС

Тың қыртысын қопарып,
Тракторист барады.
Атызға нұрын қотарып,
Күлімдеп Күн қарады.

Тракторист қарындас,
Ел ырысы – еңбегің.
Жалын атып жаның жас,
Күліп тұрған сен де – Күн.

март, 1960

МАҚТАШЫ ҚЫЗ

Жаз гүліндей жайқалтамын,
Алқабымды ақ мақтамен.
Жасап байлық дастарқанын,
Ел үмітін ақтап келем.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аймалаймын ақ мақтамды,
Еңбек етем елім үшін.
Кешке жалғап атқан таңды,
Еселеймін мол ырысын.

март, 1960

МІНЕМЕ

Үнсіз егер қара жерге қарап келе жатсам мен,
«Аяғыңның астын ғана көресің» деп мінеме.
Көңіл-көзім тым биікте, аспаннан да асқар кең,
Ай – баспалдақ, асып онан қол артамын Күнге де.

Өз отына күйіп жүрсем, сүйіп жүрсем сені егер,
«Сүю сенің не теңің» деп жүрегімді мінеме.
Маған алғаш сүюді сен үйреттің ғой, сене бер,
Сондықтан да ыстықсың сен бүгін, келер күнде де.

Өмірден мол дос іздесем сын үстінде сыйласар,
«Маған деген махаббатың кемиді» деп күндеме.
Достарымның ақ көңілі өзімменен бір жасар,
Олардың ер, пәк жүрегі – жүрегіммен бір дене.

1960

КӨЛСАЙ

Із салған айшық бір кезде
Табанға тарғыл тастары.
Оралдым туған жеріме,
Паң құзынан асқалы!

Ғажап неткен тамаша!
Қарап тұрмын шаттанып.
Күн аспанмен таласа,
Күлімсіреп жатты анық.

Көлсай маған ізетпен:
«Кел, өренім, кел!» – деді.
«Күндіз-түні күзеткен
Гүлімді сен тер», – деді.

Тамаша ғой тау іші,
Көкті сүйіп, кеңескен.
Малшының зор дауысы
Құзар шыңмен теңескен.

Көз алдымда –
Туған жер,
Жаюлы жатыр картасы.

Асау өзен, жасыл бел,
Кереге көз жартасы.

март, 1960

ЖҮРЕК СӘЛЕМІ

Сөз салдым ба сезімді біліп мен?
«Сүйер, мүмкін...» деген әлсіз үмітпен,
Ақ конвертке орап жүрек сәлемін,
Ұсынып ем, қалдың бірақ тынып сен.

Өтті ай, жыл...
Жылы лебіз таппадым,
Жалғыз оқпен я жанымды атпадың.
Жандым, күйдім, жаутаңдадым, жалықтым...
Сезімді кескіледің, таптадың.

Кінәң емес мені, жаным, сүймесен,
Өмірінде мен үшін бір күймесен.
Айтшы, бірақ, салты ма еді қыздардың,
Неге душар еттің мұндай күйге сен?

Жетіп жатыр өз жанымның әлегі,
Борыштарым басқа ойда да бар еді.
«Сүйем!» деген сөзің ыстық мен үшін,
Бірақ шындық одан қымбат, әдемі.

1960

МАХАББАТ

Сүю бар ғой әркімнің де басында,
Кім теңейді махаббатты масылға.
Оған жеңіл қарауға әсте болмайды,
Махаббатсыз өмір шіркін асыл ма?

Елің үшін арнайсың сен барыңды,
Қажет болса төгесің де қаныңды.
Сол махаббат ата-анаңды сүйгізіп,
Іздетеді жарты жаның – жарыңды.

1960

ҚҰРБЫМА

Ашқанда альбом беттерін
Шақтарда алыс алдағы.
Жастықтың өтіп кеткенін
Ойлана еске ал тағы.

Жастықтың сол бір жарқылын
Қармауға жаның асығар.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сондағы сенің әр күнін
Көзіңе ыстық басылар.

Қуаныш, қайғы, жеңіс, той,
Басыңнан өткен бай қадам.
Керемет жігер, келісті ой,
Парақтап өтер қайтадан.

Күлерсің, мүмкін, жымиып,
Түйілер кейде қабағың.
Шытырман ойға жылы ұйып,
Бөгеліп қалар қаламың.

Өтті деп өмір, өкініп,
Көңілдің кенін қазарсың.
Жантайып, бәлкім, отырып,
Жастықтың сырын жазарсың.

1960

ҚАҚПАН ҚАПҚАН ҚАРҒА

Сауысқандар абайлап,
Иесіз етті маңайлап,
Жүрген шақта жорғалап,
Төбеден кеп сорғалап,

Қарға қонды жалп етіп,
Маңғаздана саңқ етіп:
– Не нәрсе ол жиылып,
Жүргендерің сиынып?

Бір сауысқан қарғаға
Жайды айтты. Азғана
бөгелді де қар-екең:
– Қымбат нәрсе бар екен.

Қоркаксындар, ал мен ше?
Керек емес жәрдемші.
Қазір барып аламын, –
деді дағы, қанатын

Қағып қалды, төнді әне,
Шақ етті, сап етті.
Сонда не
екенін сезіп қар-екең
Бақырды:
– Қақпан бар екен!

Сауысқандар сасып қап,
Кетті лезде қашықтап.

Қарға қалды қалқиып,
Құлқын үшін жан қиып.

1960

МЫСЫҚТАР КЕҢЕСІ

Ұзын мұртты,
Томпақ ұртты
Мысықтар жиналып,
Іштен бірін
Бастыққа ұйғарып,
Жағдайда қиын,
Құпия жиын
Ашыпты қиналып.

Қара ала мысық,
Сол көзі қысық
Алдыға шықты
Болғансып пысық.

– Азамат мысықтар, – деді, –
Кеше кешке шақырып мені,
Құрметті түлкі ақыл айтты,
Жаны ашып, батыл айтты:

«Мысықтар надан
Болған соң,
Адам
Мейлінше езеді, – деді –
Бейшара мысық
әуреге түсіп,
Даланы кезеді, – деді.

Бермейді тамақ,
Аш үйге қамап,
Тышқан алмасан безеді, – деді.
Қорлыққа мұндай
Бас иіп қалай
Мысықтар төзеді, – деді.

Осыдан былай,
Бұйырса құдай,
Андыған жөн тамақ басын, – деді.
Мысықтар енді,
Іс тауып жөнді,
Тышқан мұрнын канатпасын, – деді.

Айран, сүтті,
Етті де тіпті

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ебін тауып ұрласын, – деді.
Мысықтар қаңғып,
Тышқанды аңдып,
Тау-тасқа басын ұрмасын, – деді.

Әр түрлі пікірлер туды,
Біреулер түлкі сөзін қуды,
Біреулері қарсы тұрды.
Таластан дау-жанжал туды.
Көп мысық көпіріп,
Азының аузын буды.

Түлкіден келген бұйрықты
Орындауға келісті.
Қара ала мысық алдында
Осыған уәде берісті.

Есік ашылып,
Ақырын басып түлкі келді
Мысықтар бас ұрып,
Әдеппен сәлем берді.
Кенет сарт етті,
Шолан солқ етті,
Есік тарс жабылды.
Түлкісі бар,
Мысық бар,
Барлығы бір балаға бағынды.

1960

БЕСІК ЖЫРЫ

Әлди, әлди әлешім,
Кіркесе де әлі есің,
Көзіңнен от жалындап,
Жанып тұр ғой,
Жаным, жат.

Әлди, әлди еркешім,
Әрнеге бір елтесің.
Қылығыңнан таппай мін,
Күнде бір жас аттаймын.

Әлди, әлди ермегім,
Сенен шаршап көрмедім.
Тесірейе қарайсың,
Мені кімге балайсың?

Тынымсызым, тынбайсың,
Не сұрайсың, ымдайсың.

Керегіннің бәрі бар,
Таңдап өзің танып ал.

Әпкең қазір оқуда,
Шешен карап отыр ма.
Өзіндей сан өрімге
Киім тігіп беруде.

Әкең жұмыс басында,
Ағаң көрік қасында.
Қоян қуып сұр күшік,
Тышқан аулап жүр мысық.

Бәрі кешке келеді,
Әңгіме айтып береді.
Бәрі бейне балаша
Сүйер сені таласа.

Айналайын өзіңнен,
Мөлдіреген көзіңнен.
Сені баулып төзіммен,
Күні-түні көз ілмен.

Әлди, әлди әлешім,
Кіркесе де әлі есің,
Ертең ғана ер жетіп,
Мандайыңды терлетіп,

Елің үшін, біз үшін
Жинап дала ырысын,
Қолдан жасап алтынды,
Асырарсың халқыңды.

Күтемін сол күніңді,
Естимін әр үніңді.
Тезірек ер жет, сәбиім,
Ұмытпа ана әлдиің.

1960

«ӨЗГЕРІС»

Достары айтты
– Темірбек,
Мінезің аса жеңіл, – деп.
Темірбек айтты:
– Енді мен
Салмақты болып көндігем.

Болам деп ауыр мінезді,
Өзгеріп кетті лезде:

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Түйіп ап қалың қабағын,
Кейпінен кетті баланың.

1960

ТҮС

Түс көріп түнімен тым қызық,
Ертерек тұрды Ермек жиналып.
Атасын төсектен тұрғызып,
Жылап тұр қынжылып, қиналып.

Атасы:

– Ермектай, келе ғой,
Жылатқан өзіңді кім? – деді.
– Жоғалды мені еш елемей,
Ұстап бер түсімді түндегі...

1960

МИ

– Тәте! – деді бір күні Ермек,
Жасап өзі әріптен өрнек.
– Әу...
Шешесі қасына келді,
Бала кенет бір сұрақ берді:
– Мен оқуды неммен ұғам?
Шеше айтты таңырқап бұған:
– Миыңмен, жаным,
Сұрадың неге?
– Бола ма ми елдің бәрінде де?

– Болады, – деді шешесі күліп,
Сұрады Ермек бөгеліп тұрып:
– Білмейсіз әлі әріпті бір де,
Ми деген нәрсе жоқ па әлде сізде?

1960

КӘРІ ТЕРЕК

Көктем басы, көріктеніп жер беті,
Кемеліне келді өмір келбеті.
Орман тұтас ұйқысынан оянып,
Жасарды тез жасыл түске боянып.

Кәрі терек жамылғанға жапырақ,
Орман биі болуды ойлап, шатынап,
Түсірді указ...
Естіп оны атырап,
Тәлкек етті, деп: «Терегің батыл-ақ...»

Бір күн терек бар ағашты жинады,
Шалқып көңіл, атырапқа сыймады.
– Бұдан былай патшаларың мен болам,
Орындандар бұйрығымды жолдаған.

Мені мәңгі патшамыз деп білiндер,
Айтқанымды екі етпестен жүрiндер.–
Кәрі терек зәрiн шашып жымыскы,
Қарағай мен қайыңға да тиiстi.

Ормандықтар қарсы болып терекке,
Десiп жүрдi: «Осы бiзге керек пе?..»
Теректiң бұл тепкiсiне көнбеске
Шаралары болмағандай сол кеште...

...Күз. Теректен безiп жасыл жапырақ,
Оны жоққа санап жүрдi атырап.
Билiк түгiл, тiрлiктен де жоқ үмiт,
Iштен кеулеп кемiрдi оны жегi құрт.

«Терек патша науқастанып қалыпты...»
Деген хабар тарап, артын бәрi ұқты.
Бiрақ аяп есiркеген ешкiм жоқ,
Көкке бойын еркiн созды өскiн көп.

Аскынып тез аурудың аяғы,
Кәрі терекке ажал аузы таяды.
Ол сонда да сырын сыртқа бермейдi,
Қарағайға қарағысы келмейдi.

Көп өтпедi, кәрі терек құлады,
Азат орман – еркiн тiрлiк тұрағы.
Неге керек өңеш созып өрекпу,
Құрт кемiрген құлап түстi терек ку.

1960

ЖЫР

Шiркiн жыр, сөз қанатты, ой тұлғалы,
Сен – ақын қиялының жойқын дәнi.
Ойымды қалғып кетсе кiм оятқан,
Сарқырама суындай құлай аққан.

Арманның iзiн шолып қиян түзден,
Жолыңда кейде ерке қиял тiзген.
Аралап асқақ лебi аспан, жердi,
Не бiзге миллион қымбат дастан бердi?

Шiркiн жыр, сөз қанатты, ой тұлғалы,
Сен – ақын қиялының жойқын дәнi.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Еркесі шексіздіктің – ақ қанатым,
Тылсымын өзіңсің-ау ақтаратын.

1960

ТАРТУЫМ

Өзіңменен, оқушым,
Кенесуге ынтық ем.
Міне, бірге отырсың,
Құштар көңіл ыркымен.

Даулар айтып талай шын,
Сәл кынжылып дос көңіл.
Кейде күліп қарайсың,
Қадап бірде төске гүл.

Жүздесуге өзіңмен
Ертеден-ақ бекіп ем.
Аса алмадым төзімнен,
Айыптама, өтінем.

Отты ойлар ғаламат
Кейін тағы табылар.
Етпесең де қанағат,
Жырларымды қабыл ал.

3.1.1961

ЖАЗҒЫ БАҚ

Жазып бойын жазғы бақ,
Жанды тербеп сол кезі,
Сыбдыр қағып жапырақ,
Сырласады өзді-өзі.

Жапырақтан күміс шық
Төгіледі төменге.
Маужыраған тыныштық,
Ашық аспан төбеңде.

Бұлбұл отыр бұтақта
Үні жасыл қырды асып.
Бақ баураған құшақта
Жігіт пен қыз сырласып...

25.5.1961

КҮЗ

Жазғы таң, қолымда орақ, жарқын жаным,
Жинаймын туған жердің алтын дәнін.
Желпісе самал желдің жылы лебі,
Алқапта бұйра толқын жүгіреді.

Кез еді таңғы қимыл тұрған кызып,
Дән – теңіз, комбайн жүр жылдам жүзіп.
Комбайнер сүйген қызы сыйлық еткен
Кестелі жібек шытпен бетін сүрткен.

Күн сүйіп күмістейін жарқыраған,
Мықты ұстап ай-орағын жарқын адам,
Төсіне қадағандай қырдың гүлін,
Қырманға жиып жатыр ақын жырын.

10.7.1961

КАЛЕНДАРЬ

Жалғас бетін өмірдің
Жарқ еткізіп ашқанда.
Құсы ұшып көңілдің,
Сәлем берем жас таңға.

Белгісіздеу жолымнан
Не шығары, не екені –
Бейтаныс күн қолымнан
Тартып алып кетеді.

30.8.1961

МҰРА

Келешек – кең, сен өсерсің, сез, інім,
Саған мұра – менің жастық сезімім.
Шәкіртпін ғой Пушкин, Байрон, Абайға,
Мен олардан басқа жанмын алайда.

Сол секілді сен де менен басқасың,
Әр қадамың жақсылыққа бастасын.
Бірақ, інім, өткен күнді ұмытпа,
Содан өнген ұлылар да, ұлық та.

30.8.1961

ТҮС

Парижде емес, Лондонда емес, кәдімгі
Өз үйімде қонақтарым қадірлі
Қыза сөйлеп, қызық жайды кеңесіп,
Отыр, міне, көкпен ойы теңесіп.

Ортасында мен отырмын солардың,
Торабында асқақ сезім, мол ардың.
Меймандарға қарай берем қайталап,
Тапқандаймын отты жігер, бай талап.

Дәл ортада тарап аппақ сакалын,
Толстой қарт отыр айтып сапарын.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Оң жағында Пушкин отыр паң қарап,
Бұйра шашын саусағымен ол тарап.

Қолын оның Байрон келіп қысады,
Қос ақынның қауышқандай құшағы.
Белинский сөйлеп отыр:
– Ақындар!
Жыр – жүректің нұр тамшысы, татындар.

Отыр мұнда Гёте менен Гейне де,
Екеуі де ойлы пішін бейнеде.
Әне, анау сұр мундирлі Лермонтов,
Отыр, мүмкін, Печоринді өрнектеп.

Деп ант еттім: «Заманымның геройын
Ұрпақтарға мен де айтып берейін».
Көтеріп бір поэзия мерейін,
Есенинше жыр ағытып көрейін.

Отыр мұнда мұртын сипап Горький де,
Ойын қосып отты, ойлы мол күйге.
Ақ шашты ана суретіне мұздана
Қарайды көп: шындық – ана, бұл – бала.

Маяковский отыр оның қасында,
Бір сыр айтып қазақ ұлы Қасымға.
Енді бірде өткір үні саңқылдап,
Жыр оқыды шапқан аттай қарқындап.

Отыр Абай мол сақалын салалап,
Ойдың кенін, сөз асылын саралап.
Дейді: «Халқым, надан болма, адам бол,
Жалықпайын көрсетуден саған жол».

Өңшен дана, ойы заңғар даңғылдар...
Ә, айтпақшы, ортасында Жамбыл бар.
Мен отырмын есік жақта қалқайып,
Кеткендей боп бір ғасырға қартайып.

«Түс – түлкінің боғы» дейді, рас па?
Маған бұл түс ұнап қалды бірақта.
Өзім де бір ғұламаша ой кештім,
Ұлы ақындар рухыменен сөйлестім.

19.11.1961

ЖАЗҒЫ ТАҢ

Көкжиектің пердесін
Кен көтеріп Күн шықты.

Жасырып қара денесін,
Түн кеудесі тұншықты.

Алтын сәуле төгіліп,
Жарқырады жасыл бел.
Түнді Күннің тоғы ұрып,
Кереметін асырды ол.

Таңның таза самалы
Желпіп өтті даланы.
Тіршіліктің сән әні
Шалқи тарап барады.

Таңмен бірге оянып,
Жасыл белде жаттым көп.
Күн нұрымен боянып,
Таңнан таза таптым леп.

Жел сызғандай су бетін,
Жан бітті де сөзіме.
Жазғы таңның суретін
Кұйып алдым көзіме.

20.11.1961

ҚАЙДА БАРСАМ

Қайда барсам, көңлім
Шалқып, аял таппайды.
Өз даламның өр үнін
Жас қиялым жаттайды.

Көңілім менің еліккіш,
Ере берем соңынан.
Кейде тұрса болып қыс,
Боранына жолығам.

Тауға шықсам, таң желі
Жылы сипап арканы.
Малшы достын әндері
Қиялымды тартады.

Кезсем сұлу орманды,
Бұлбұл үні елтеді.
Шаттандырып ол жанды,
Тағы, тағы ертеді.

Бара қалсам сүйкімді
Мөлдір бұлақ бойына.
Сырлы бір саз сикырлы
Оралады ойыма.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ойда тоқып даламды,
Көз сүзсем көк аспанға.
Даярлаймын қаламды
Жаңа сазды дастанға.

Қайда барсам, көңлім
Шалқып, аял таппайды.
Ойларымның көрігін
Желдей үрлеп, шоктайды.

30.11.1961

РАДУГА

Аспанда бұлттар азайып,
Жасала қалды бір қосақ.
Жай қосақ емес, ғажайып,
Жақұттай жарқын нұр қосақ.

Художник жолдас, зор шебер,
Табиғат сырын танып қал.
Бояуың әлсіз болса егер,
Радугадан алып қал.

1961

ОЗОН

Сыртынан шерттім есіктің,
– Рұқсат... Қайда жоғалдың?
– Қия алмай біраз кешіктім
Табиғаттың шарабын.

1961

АЛАТАУ

1

Алатауым, пейілі кең көсілген,
Емеспін мен сенде өмір кешірген.
Бірақ менің ата-бабам кіндігі
Өз қызынның қолыменен кесілген.

Бір өзеннің суын ішіп өстім мен
Ағып шыққан өзіңнің өр төсіңнен
Жасырар жоқ, жаным сенің жадында,
Ақиқаттан айни алам не үшін мен?!

2

Ақ бас тау алып тұлға асқар биік,
Мүсіндей қол жасаған тастан құйып.
Тәрізді аспан-жердің баспалдағы,
Жұлдыздар – шолпанындай аспандағы.

Бейне бір жаулығындай – аспан онын,
Гүліндей көйлегінің – тас, тал, егін.
Өрнектеп өңі-жүзін адам қолы,
Жасартқан жас жігіттей мосқал өңін.

Толықсып қайың, шырша, қарағайы,
Нұрына шомылдырды таң арайы.
Ауасы – бейне жұмақ шәрбатындай,
Жаннат тау жер бетінде бар ма мұндай.

Тәрізді тау бұрымы – өзендері,
Ұмытқан дүлейлігін ежелдегі.
Шындарға артқан шақта Күн иегін,
Мөлдір су жұтып алар нұр реңін.

Алатау тұр аспанмен тайталасып,
Адамға қазынасын айқара ашып.
Шыңынан саңқылдаса алып бүркіт,
Қашады таудың жыртқыш аңы үркіп.

Алатау, атың неткен келісті еді,
Сен – бейне табиғаттың кең үстелі.
Жеріңе терім сіңсе – арманым жоқ,
Деп тұрмын: «Өмірімді арнадым» деп.

1961

АЛАКӨЛ

Көк көйлегін дір етіп,
Жамбасыңнан нұр өтіп,
Жатырмысың, Алакөл,
Еркін тербеп жаңа жел.

Аппақ қала – айналаң,
Бауырың – ырыс, бай далаң.
Асыл түлік айдаған
Шопаныңнан айналам.

Балықшы ата, қолың бер,
Дикан аға, төкші тер.
Құшағыңды кең жай, кел,
Алакөлдік комбайнер.

Көз алдымда көп тұрды,
Түсіме сан кеп кірді,
Алатаудың құздары,
Алакөлдің қыздары.

Айдыны кең айна көл,
Сендей ғажал қайда жер.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Секілденіп шағалаң –
Қанат қаққан мен балаң.

1961

АЛМАТЫ

Қазак атын әлемге
Асқақтатқан бақ-қалам.
Атыңды айтам бар елге,
Мен өзінмен мақтанам.

Мөлдір суың тәрізді –
Махаббаттың шарабы.
Алмаң – қыздың жаны ізгі
Төсін еске салады.

Қазак десе – сені айтып,
Тамсанады барша ел.
Шаттанбайын мен қайтіп –
Саған деген аңсар ол.

1961

АДАМЫҢ СОЛ БІР...

Қойнында піскен қос алмаң
Уылжып, шіркін, тұр екен.
Нәріне ернін тосар жан,
Шырынын жұтпақ кім екен...

Жұптаса өнген қарақат,
Жайнап бір тұрған нұр екен.
Сол нұрдан тауып рақат,
Жұлдызы жанбақ кім екен.

Толысқан торғын бәденің
Ырғалған балғын гүл екен.
Дариға, сүйген адамың,
Адамың сол бір кім екен?!

1961

ТАСТЫ

Тасты деп аталыпты тентек өзен,
Тартылған линиясы ерте кезең.
Ақ жарлы жағасына, жартасына
Күліп кеп күміс толқын еркелеген.

Дерсің сен жағалауы жасыл баркыт,
Үстінде тұнық ауа жатыр қалқып.
Дейді жұрт: басталады бауырынан –
Жатқан тау ақ шытымен басын тартып.

Таулардан Тарбағатай, Барлық деген
Ағады асау өзен қарғып төмен.
Оралған Алакөлдің ұланындай
Сол өзен – талайларға ризық берген.

1961

ЖЕҢГЕЛЕРГЕ

(әзіл)

Айтып ем талай қалжың, жеңешежан,
Айыпқа бұйырмашы деп: «Есалаң!».
Арнапсың бірің – әзіл, бірің – қыжыр,
Айтшы өзің, көп қақсаймын неге саған?

Деуші едің мені талай: «Ақпа құлақ»,
Өзің де осы сөзді ақта бірақ.
Қайындық борышыма өтейтұғын,
Айтайын біраз қалжың, қақпа, мін ап.

Кей жеңгем ебі қашып еңбек десе,
Үйінде тұра алмайды тез кетпесе.
Кеңесін достарының кек көреді,
Жұлқынып, «жұмысыңды тездет» десе.

Кейбірі секілденіп қотыр сиыр,
Келеді пыш-пыш сөзге тым-ақ үйір.
Түсіріп екі араға қара мысық,
Аузынан өсек тарар иір-иір.

Кәсібі кейбірінің – жігіт таңдау,
Бықсытып қай-қайдағы былықты аңдау.
Ойы бар, өз еркіне жіберсе егер,
Күніне он жігітке құрық қамдау.

Кей жеңгем шайпау сөйлер, шалыс жүріп,
Біреуді біреулерге шағыстырып.
Көтеріп алғандайын көше көркін –
Күніне алты көйлек ауыстырып.

Қабылдар қалжыңымды келді кезің,
Сөзімді жақтырмасаң, сен біл өзің.
Әйтеуір, бар айтарым, тағы айтарым –
Көзіме көрінбесін сол мінезің.

1961

СЫРЛАСУ

I

Июльдің жайлы түні еді,
Өшпеген өмір күндізгі.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Айтпай-ақ әркім біледі:
Түн қызы – Айды, жұлдызды.

Ырғалып орман, бау-бакша,
Желпініп, желге үн қосты.
Қайсы жан қашып аулаққа,
Ұмытар кімдер бұл кешті.

Ұйқысыз өтті бұл түні
Оныншы класс ұл-қызы.
Естіліп жатты күлкі үні,
Бәрінің жайнап нұр жүзі.

Мектепті ертең тауысып,
Ұядан ұшар кез келді.
Өмірде орны ауысып,
Салмағы жүктің өзгерді.

Елестеп өткен кездері,
Балдырған шақтар балалық.
Манағы ұстаз сөздері,
Айтылған ақыл ағалық.

Оқушы жастар осы бір
Ынтыға түсті өмірге.
Олардың алтын кеші бұл
Отты ой тастап көңілге.

Төбеден төніп кербез Ай
Бак ішін барлап жүр әлі.
Ырғалған орман желге жай
Ән салып әр кез тұрады.

Шетіне таяу қаланың
Орын ап тұрған осы бақ.
Кеңейтер көңіл алабын,
Секілді сырдың досы нақ.

Ойналып вальс, бак ішін
Бөледі ду мен думанға.
Жастардың досы, танысы
Жиналған бәрі бұл маңға.

Біреулер кетті шырқап ән,
Жүректің сөзін ағытып.
Достары оны тындаған
Құптасып, бірде қағытып.

Жазылып көңіл тұйығы,
Кеңейді кеңес аспаны.

Жастар да кейбір бұйығы
Шаттанды шалқып жас жаны.

Қарт ұстаз ойлы Ақылбай
Ортада отыр толғанып.
Ұстаған семсер батырдай
Қаламын бір сәт қолға алып.

– Өсе бер өршіл ұрпақтар,
Алдында – өмір асқары.
Жалынды осы бір шақтар –
Інінің тындар дастаны.

Қанатың – талап емес пе,
Ол сені алға бастайды.
Сақтандар мәңгі соны есте,
Болмасын әсте бас қайғы.

Балапан сұңқар ұядан
Ұшады қағып қанатын.
Ол – қыран, көзі қиядан
Қашқанды шалып қалатын.

Сезімі сергек үн қатты,
Жорғалап кетті қолы да.
Альбомның ұстаз қымбатты
Былай деп жазды соңына:

«Жас сұңқар – жарқын ұрпақтар,
Сендерге тұрмын сәт тілеп.
Сенімін мектеп шын сақтар –
Өздеріндей тас түлек».

Ақылбай сөзін тыңдаған,
Шәкірттер оны құлтайды.
Дегендей: «Қымбат бұл маған»,
Жанынан әсте шықпайды.

Шәкірттер – ойы ересек,
Ұстазға адал серт етті.
Күндерге деген келешек
Ойларын айтып көрсетті.

– Дәрігер болам.
– Мен ғалым...
– Трактор айдап, тың жыртам.
– Инженер болу – арманым,
– Өзгертіп шөлді құлпыртам.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

- Мұғалім болам.
- Мен акын.
- Ашамын жақсы жаңалық.
- Марсқа. Күнге қонатын
Ракета ұшырам ғажайып.

Тұс-тұстан ойлар тоғысты,
Ашылып көңіл сарайы.
Кеңестен ұстаз соны ұқты:
Ауылда қалмақ талайы.

Айтылды ойлар сан тарап,
Тарқалып арман, тілектер.
Сапарға шықпақ зор талап,
Бак сынап балғын жүректер.

II

Ауғанда түннің жарымы
Үйіне қайтты Ақылбай.
Бұзылмай жастар қалыбы,
Шертісті сырын жасырмай.

Ішінде бақтың таралып,
Қос-костан кетті қыз-жігіт.
Сұлудай орман таранып,
Төбеде Ай да үздігіп...

Назданып қыздың күлгені,
Жігіттің «сәулем!» дегені.
Ашылған бақша гүлдері,
Жүйткіген көңіл дөнені...

Бәрі де жастық өмірдің
Сәулесі, сәні тәрізді.
Көрігін басты көңілдің
Жалынды жастар жаны ізгі.

III

Бакшаға кіріп сұғына,
Екі жас кетіп барады.
Махаббат шашқан шұғыла,
Жандарын баурап алады.

Жалындай толқып жас жігіт,
Қызара бөртіп жүзі оның.
Қарадай терлеп, аптығып,
Тындайды қыздың жүрегін.

Қасында сүйген қызы оның,
Келеді үнсіз оймен тек.

Сонда да жігіт жүрегін
Анғарды, анық қойды өлшеп.

Қызық-ау жігіт қиялы,
Шапқылап секунд құрғатпай,
Көп сырын көзбен құяды
Миына қыздың, тіл қатпай.

Минуттар өтсе баяулап,
Қарайды қызға он рет.
Беліне қыздың таяулап,
«Тентектік» етті қолы көп.

Қыз ойы сырғып сынаптай,
Жұмбаққа ұксап сөздері.
«Келесің неге сыр ашпай?» –
дегендей жігіт көздері.

Айтқызбай ойын сезгендей,
Жымиып қыз да қояды.
Жігіттің жүзін сол мезет
Нарт қызыл рең бояды.

Қыз қолын қысып еппенен,
Саусақпен шашын тарайды.
Үн қатып ыстық леппенен,
Үздіге жігіт қарайды.

IV

Келеді үнсіз қыз-жігіт,
Алыста қалды ән, вальс.
Кеңесті әттең қыздырып,
Көсерге шоғын бар ма күш?!

Ән салып тұрған бір бұлбұл
Екеуін алдан шолады.
Айтса да мың күн, мың жыл жыр,
Таусылмас сірә сол әні.

Екі жас бір кез қос қайың
Түбіне келіп отырды.
Қос қайың – сырлас достайын,
Шертісіп тұрды көп сырды.

V

Сағаттың тілі жар салып,
Көрсеткен шақта дәл үшті,
Махаббат нәзік ән салып,
Арнасы кеңес ауысты.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

– Жұпаржан, – дейді бозбала, –
Махаббат деген не нәрсе?
Сырласып біз де азғана,
Талқылап көрсек соны әлде?..

– Махаббат деген немене? –
сынғырлап Жұпар күледі.
– Айтайын, білгің келе ме? –
Тулайды жігіт жүрегі.

– Махаббат – жұмбақ сезім-ді,
Сырына терең бойлашы.
Өмірге ғашық өзінді
Ететін не күш, ойлашы.

Екі жас көзбен ұғысып,
Сөз жетпес жайға қанықты.
Түн бойы кеңес құрысып,
Қарсы алды таңғы жарықты.

Құйылып Күннің шуағы,
Жайқалып бакта тұрды гүл.
Жанғанда көңіл шырағы,
Шыққандай болды бір дүбір.

Екеуі кенет селк етіп,
Қарады бірден маңайға.
Тыныштық қалпын көрсетіп
Қайың тұр...
Бұл не алайда?

Соңынан сезді:
Бұл дүбір –
Үні екен қос жас жүректің.
Екеуі қатар күлді бір,
Жазылмай жұбы тілектің.

VI

Үйіне Жұпар келгенде,
Анасы күтіп алды оны.
Қасына таяй бергенде,
Құбылып кенет қалды өңі.

Сонда да ойын сездірмей:
– Жұпаржан, қайда болдың? – деп.
Күдікке бірақ жеңдірмей,
Жағдайды болды ол білмек.

Кенеттен болған сұраққа
Таба алмай Жұпар жауап түк,

Сырғып бір ойы сынапша,
Қалды тек төмен қарап тік.

Сәлден соң баяу үн қатты:
– Кешіміз жаңа аяқтап...
Жымия күліп сымбатты
Түпкі үйге кірді жай аттап.

VII

– Жұпаржан, жүрші, болшы енді...
– Тағы да қайда, баққа ма?
Болып кеттің белсенді,
Тек болып жүрме жаттама... –

Деді де Жұпар әзілдеп,
Ілесе берді жігітке.
«Сүюге еркім әзір...» – деп
Тұрғандай, қойды күліп те.

Әуендеп әсем ән-күй, жыр,
Құйқылжи сайрап сан аспап.
Жатқанда тарап шалқи бір,
Бақ іші сондай жарасты-ақ.

Қол ұстасқан қос түлек
Тосылмай кірді думанға.
Жұлқына соғып жас жүрек,
Құс-көңіл лыпып тұрды ол да.

Бақ іші тірі толқынға
Ұқсап бір кетті сол кезде.
Тылсым күш баурап тартуда,
Әлемге бастап енді өзге.

Әуені шалқып вальстін,
Қос жүрек түсіп ырғаққа,
Бөленіп сырға таныс тым,
Екі жас қалқып жүр бақта.

Таусылмас сол сыр екеуін
Біржола баурап алғандай.
Махаббат деген не екенін
Тек енді ұғып қалғандай.

Екі жас енді білгендей
Алқынып жүрек күйгенін.
Есігін ашып кіргендей
Тылсым бір жұмбақ дүниенің.

ШӘКІРТ СЫРЫ

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол...»

(Абай)

О менің сорлы жүрегім! Қандай бір қасіретке тап болдың? Сен сол бір жұмбақ сағымға жетсем деп ұмтылдың да, күйіп қалдың. Өзіме серік етсем деп ұмтылдың да, суып қалдың. Іштегі жалын сені аяздай қариды, қуырдақтай қуырады. Ал мен дауыл шайқалтқан қурайдай, жүректі жарып шығатын, мұңлы бір әннің сарынына ілесемін. Жүректі жайлаған жалын жалаң қылыштай жарқылдайды.

Жоқ, менің жүрегім жалынмен бірге жасай алмайды. Мен жүрегімді ондай азаптан азат етермін.

...Оның қара кірпіктері жүрегіме қанжардай қадалды. Мөлдіреген көздері Күндей күйдірді. Бірақ оның менімен, менің жүрегіммен ешбір ісі жоқ. Бұл не сезім? Ғашықтық па, құмарлық па? Тегінде, бұл екеуі бір нәрсе ме, әлде екі басқа ма? Мен оған ғашықпын ба, әлде құмармын ба? Бұл сұрақтардың жауабы маған әлі белгісіз...

1961

ДОС ТУРАЛЫ

«Адам баласы өз өмірінің белгілі бір белесіне көтерілгеннен кейін артына қарап ойланып, «сезім» атты нәзік пружинаны ілгерінді-кейінді сабылтып, өткен өмірдің салмағын өлшеп, сапасын тексереді. Ақыл таразысының туралығы әр адамның басында әртүрлі болмақ. Кейбіреулер өмірдің ауыр сынынан қысылып қинала өткен кезеңдеріне өкіне қарап, арқасына салмақты жүк түспей, ауырдың асты, жеңілдің үстімен абайлап өткен шағына шаттана ой жүгіртеді. Немесе оған керісінше.

Өмірдің де өрі мен ылдиы болады ғой. Данышпан Абай айтқандай, өмірдің өзі тудыратын күйініш пен сүйініш адам басында алма-кезек ауысып, өзіне жайлы орын іздейді. Кейбіреулердің басында тайталасқан екі сезім бірін-бірі жеңе алмай әлек болады. Бірақ түптің түбінде сол екі ойдың біреуі ғана адамға әмірін жүргізеді.

Адамның жан дүниесі де – күрес майданы. Адамның екі жолдың біреуін таңдауына тура келетін кездері болады. Осы күрес адамды не салдыратып төменге құлатады, не самғатып биікке шарықтатады. Сондықтан өмір дегеніміз – күрес жолы. Тағдыр – өмірдің әр адамға беретін еншісі. Адамдар тағдырын таңдай алмайды. Бірақ әркім өзінің өмірі үшін жауапты...»

Бұл жолдар – Лев Толстойдың да, Қасым Аманжоловтың да сөзі емес, жан досым Таймастың айтқандары болатын. Ол ойға көп шоматын. Анда-санда осылай философия соғып кетуші еді. Сол кездері мен де оның қасында жүріп, Таймас секілді ойсоқты болып кетемін бе деп қорқатынмын.

1961

ТАЙМАСТЫҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН

Ол кезде біздің ауыл жаз лебі біліне-ақ Сарыжон деген жайлауға шұрқыраса, шұбатыла көше бастайтын. Сарыжон – төңірегін қатпарлы қара тау қоршап тұрған, төрт жағы түгел ат шаптырым келетін аласалау жазық төбе. Осы төбенің

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

орта тұсынан кесіп өтіп жататын тайыздау жырашықты бойлап бір бұлақ ағады. Сарыжонды жайлайтын шопан ауылдары суды осы бұлақтан ішеді. Мөлдір тас бұлақ, нағыз тау суы. Сарыжонның оңтүстік батыс жағында Айнабұлақ, Сарыбұлақ деген үлкендеу екі бұлақ бар. Ал солтүстігінде Айбас бұлағы деген тағы бір су ағып жатады. Сарыжонның төңірегінен ағатын осы төрт бұлақ төменіректегі Ақырынбай қыстауы дейтін ескі қоныстың дәл тұсында түйіседі де, кішілеу өзенге айналады. Оны жергілікті халық Сусиыр өзені деп атайды. Олай дейтін себебі, бұрынырақта бір адам осы өзенге түн ішінде атын суаруға келіп, атының ауыздығын ала бергенде, анадай жерден әлдеқалай бір керемет екі мүйіз су астынан сопаң етіп шыға келеді. Мұны көріп қорыққаннан жүрегі жарыла жаздаған әлгі адам атын суғаруға да мұршасы келместен, жөтеліп дыбыс беріп қалмау үшін алақанымен аузын басып, тырағайлап қаша жөнеледі. Есі кеткен ол жол-жөнекей аты сүрініп кетіп, өзі жерге бір аунап түрегеліп, өлдім-талдым дегенде атын қара суға малшындырып, ауылға әрең жетеді-мыс. Әлгі адам үйіне келгеннен кейін ауыл адамдарына мақтанып: «Атымды суғарғалы жатыр едім, әлдененің қарағайдай екі мүйізі су астынан сопаң етіп шыға келмесі бар ма. Атымның ауыздығын жайлап алып, асықпай суғардым да, «Бұл не екен?» деп қасына барсам, сабалақ жүнді, қарағай мүйізді керемет бір жануар тұр су ішінде. Мені көре салып тұра ұмтылғаны бар емес пе. Қонышымда қанжарым бар еді, сол есіме түсе кетті. Сонан соң «мынадай дәу қарамен айқасып мерт болсам, арманым жоқ» деген ойға бекідім де, қанжарымды суырып алып, әлгі дәу қараның қарақшыдай қақшиып тұрған қарағай мүйіздерін қағып-ақ тастағаным. Жарандар-ау, әлгі алып анның бар қайраты мен бойындағы жаны сол ербиген екі мүйіздің ұшында ғана тұрады екен ғой. Мен екі мүйізін қағып жібергенімде, әлгі дәу қара сылқ етіп құлай кетті де, құдай куә, тышқак лақ құрлы күйі болмай, манағы тізесінен аспай тұрған су арқасын көміп, ағызып-ақ әкеткені. Сөйтіп, дәу қараның бір-ақ жолда жайын тауып, аяндан ауылға қайттым да кеттім. Артынан өкіндім, керемет мүйіздерді қанжығама байлай салсам болады екен. Есімде болмапты...» – деп бөсіпті.

Міне, атының ауыздығын алуға мұршасы келмей, су ағызып бара жатқан ағаштың арбиған бұтақтарын көріп тұра қашқан «ердің» әңгімесі осындай еді.

Қазақ қысыр кеңеске қандай. Әлгі әңгімені әркім әр нәрсеге жорып, ақыры «Сусиыр болар» деген келісімге келеді. Содан бастап, өзеннің бұрынғы «Төртбұлақ» аты ұмытылып, Сусиыр өзені аталып кетеді.

Сол Сусиыр өзені біздің ауыл отыратын Сарыжоннан екі-үш шақырым жерде. Балапан іздеп қаңғырып, күніне ауылдан бір көш жер ұзап кететін қазақ балалары Сусиырға келмей қайдан тұрсын. Тіпті күн аралап, не екі-үш күнде бір келеміз. Келетін себебіміз – Сусиыр өзенін бойлап алуан ағаштар өседі. Оның ішінде қарағайдан басқасының бәрі бар. Ағаш арасы қызылды-жасылды гүлмен көмкерілген. Теректердің биік басында қарға, сауысқан секілді құстардың ұялары болады. Балапандардың көбі құс болып ұшып кеткен. Біз анда-санда бірер сауысқан балапанын тауып алып, құйрық, қанатын қырқып, аяғына жіп тағып, ойын қыламыз. Өйтпегенде ше? Бұлар, қарға, сауысқандар бізге не істемеді? Өредегі аппақ таза құрттардың талайын арамдап, алып қашып кеткенінің есесін қайырмай, біздің айызымыз қайдан қансын.

Сусиырдың беткейлерінде қой бүлдіргеннен басқа тәтті жемістердің барлығы да бар. Жаз күндерінде елжіреп пісіп, «мені қайтесін?» дегендей, жәудіреп тұрады. Біз ең алдымен, бидайға үйірілген тауықтың шөжелерінше, осы жемістердің тәттілеріне қарай жүгіреміз. Бұл жердің тошалалары бармақтай, алмалары

ШЫҒАРМАЛАРЫ

жаңғақтай болады. Біз алмаларға «жүрек алма», «киіз алма», «тәтті алма» деген сияқты ат қойып, айдар тағамыз. Таңқурайлары елжіреп, қарақаттары мөлдіреп тұрады. Мұнда «қара қарақат», «қызыл қарақат», «аю қарақат» деген түрлері болады. Бұлар тұрғанда, сары ағаш, долана, мойыл тәрізді «екінші сортты» жемістерге көбінесе қарамаймыз. Біздің бұл теңсіздігімізге олар өкпелегендей, беттері балбырап, бастары салбырап тұрады.

Жолшыбай алыса-жұлыса топырлап бірге келетін біз Сусиырға келісімізбен тауыққа шашқан тарыдай болып, қалың ағашқа жалғыз-жарымнан сіңіп жоқ боламыз. Анда-санда қысқа тіл қатып, айғайлап, хабарласып тұрғанымызбен, ауымыз жеміс асаудан босамай, көбінше үндемейміз. Біз осынша мол байлықтың ішінде жүзіп жүріп, табиғаттың таусылмас тәтті тағамдарын бірімізден-біріміз қатты қызғанамыз. Егер бір бала: «Әй, сендер жақта қарақат қалың ба?» немесе «тәтті алма таптыңдар ма?» дер болса, кейбіреулеріміз шімірікпестен өтірік айтып: «Жоқ» дей саламыз. Кейбіріміз ұялғандықтан: «Бар екен, бірақ азырақ» деп, артын «жоққа» апарып тіреп қоямыз. Сонда, өзі де өтірікті соғып тұрған балалардың бірі әлгіге: «Әй, неге өтірік айтасың? Қазір барып, өзім көрсем қайтер едің!» деп қорқытар еді. Бірақ аузы айтқанмен, орнынан қозғалмайды. Өйткені өзінің де жеміс тұнып тұрған «меншік жерін» тастап кетсе, орнына аңдып тұрған басқа бір бала келіп тұра қалатынын біледі.

Балалар кейде жоқтан өзгеге керілдесіп, төбелесіп те қалатын. Бірақ төбелестен екеуі де пайда таппайды. Бірінің мұрны қанаса, екіншісінің жейдесі жыртылады. Әдетте мұрны қанағаны – жеңілген есептеледі. Оның есесіне, төбелесте мұрны қанамай, тек жейдесі ғана жыртылып, «жеңген» бала, киімін жыртып келгені үшін таяқты үйінде жейді. Ал «жеңілген» бала мұрнын жуып тазартып, түк болмағандай жүре береді. «Бір жаманның – бір жақсысы» осылай болады. Енді бір балалар төбелеске араласпай, мұрны да сау, жейдесі де бүтін болып жүреді. Алайда оларды «ку, арам» деп, төбелеске зорлап қатыстыратын кездер де болады. Төбелес – балалар үшін өзінше бір «қызық концерт» те.

Менің мінезім қызық еді. Ашық майданда арпалысып жүріп, кенеттен жуаси қаламын. Немесе қой аузынан шөп алмас жуас болып тұрамын да, күтпеген жерден қызу төбелеске кіріп кетемін. Сондықтан балалар маған «сотқар» деп те, «жуас» деп те ат таға алмай, «қоңыр» деп атап кетті. Ақыры ауыл балалары түгелдей осылай атайтын болды. Тіпті осы ат маған жауыр өгіздің қомындай жабысып алмасы бар ма.

Біз Сусиырға жиі келіп жүрдік. Хамит дейтін бір бала, ертеректе, Сусиырдың аты Төртбұлақ кезінде бір ақынның шығарған өлеңін айтатын.

*Туған жерім, Төртбұлағым,
Бір тал миуаң мың ділда.
Жасыл кілем атырабың,
Өзегі өзің жырдың да.*

*Беткейіңде таңқурайлар
Тұр езіліп, елжіреп,
Қарақат көздің жауын алар,
Жар көзіндей мөлдіреп.*

*Торсиып тұр ақ тошалаң,
Қыз бетіндей қызыл алмаң.*

*Жер тең келмес әсте саған,
Табанымның ізі қалған.*

*Туған жерім, Төртбұлағым,
Өзің барда өрісім кең.
Неткен ыстық топырағың,
Ата-бабам тері сіңген.*

Хамит кекілі танауының ұшына жететін қыли көз бала еді. Біз жайшылықта оны қылисың деп мазақтағанымызбен, ол «Төртбұлақ» өлеңін мәнерлеп айта бастағанда аузымыз ашылып, барлығымыз аңқайып қарап қалатынбыз. Оның дауысы жіңішке, бірақ ойқыл-шойқылы жоқ майда, әдемі, болашақта нағыз қоңыр үнді, кең тынысты әнші болып шығатын ыңғайы бар. Міне, мұнысына қарап, біз Хамитты аялаймыз. Аялағанда, бір жарым қарыс кекілін төбесіне қайырып, мұрнының ұшынан екі елі ұзын, аузына барып қалатын маңқасын сүртіп бермейміз. «Хамит-ау, терекке байқап шыксаңшы, арамыздағы жалғыз әншісің ғой. Құлап, мертігіп қалсаң, бізге кім ән айтып береді...» деп, оны аялаған болып, терекке шыға алмайтын, тағы бір осалдығын алдына тарта қоямыз. Хамит кейде ашуланады, кейде еріксіз ыржиып күледі.

Ал енді Сусиырдан қайтып, ауылға таяй бергенде, «Хакетай, бір ән бастап жібер» десек, желігіп алған Хамит тағы да әлгі ақынның «Сарыжон» деген өлеңін ағыта жөнеледі.

*Ауасы ем, суы бал,
Сән жайлауым Сарыжон.
Шөбі шүйгін, түгі – нәр,
Төсіңде асыр салып ем.*

*Беткейіңде қайың, тал,
Қапталыңда қарағай.
Әнім өзің мен шырқар,
Шаттанып бір баладай.*

Расында, Сарыжон жайлау десе жайлау-ақ еді...

1961

ОЛ
(шәкірт сыры)

Таймас аласа бойлы, арықша келген, бет аумағы кішкене, ойлы қоңырқай көзді, кара қоңыр өнді, денесі аса нәзік бала еді.

Ол мақтанды сүймеуші еді. Егер өзін біреу мақтай қалса, ыңғайсызданып қалатын. Әсіресе өзін көп адамның көзінше мақтауды ұнатпайтын.

Таймас аса алғыр еді. Егер бір ережені, я бір қиын терминді, болмаса тың жайды естіп, құлағы шалып қалса, ол оны мүлде ұмытпайтын.

І-класта әліппені іркілмей оқитын. Бір күні Жамбылдың бір өлеңін оқып тұрып, сәл мүдіріп қалды. Мұны көрген мұғалім оны көтермелеп: «Шауып келе жатқан аттың сүрініп кетіп, қайта жүріп кеткені сияқты...» – деп Таймасты мақтай бастады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ол жазу емлесі мен тыныс белгілеріне өте көңіл бөлетін. Бір күні оқушының тақтада жазған сөзінің ішінде бір үтір қалып қойғанын көріп, мұғалімнің рұқсатымен оны түзетті. Мұғалім алғашында: «Ол жерге тыныс белгі қойылмайды», – дегеніне, ережені айтып беріп, дәлелдеді.

6-класс басталғанда кітап дүкеніне барып, алгебра оқулығын сұрады. Дүкенші оның бойының кішкенеелігіне карап, «саған алгебра не керек?» деп сұрады. Таймас 6-класта оқитынын, жақында алгебраның басталғанын айтты. Дүкенші сонда да сеніңкіремей, «онда мына есепті шығаршы», – деп, алгебра оқулығының алғашқы беттерінен бір есепті көрсетті. Таймас: « $a+a+a=3a$ » деп тақ еткізіп айта салды. Бұған риза болып танданған дүкенші оған 1 дана алгебра кітабын тегін берді.

Таймастың әкесі Серғазы ағай әдебиеттен сабақ беретін (аудандық, облыстық газеттердің штаттан тыс тілшісі ретінде мақалалар, өлең, әңгімелер жазып тұратын), ал әкесінің інісі Құсайын Елеуұлы математикадан (алгебра, геометрия), қосымша, керек кезінде физика мен химиядан да сабақ беретін мұғалімдер еді.

Осы екі мұғалімнің бір-бір әрекеті Таймастың өмірін өзгертіп, болашағына жол сілтеген оқиғалар болды. Екі оқиға да 6-класстың бас кезінде, сентябрь айында болды.

Бір күні әдебиет пәнінің мұғалімі (Серғазы ағай) оқушыларға үйден шығарма жазып келуді тапсырды.

Таймас соңғы сабақтан кейін, класта қалып, үш шумақтан тұратын бір өлең жазды. Бұл өлең қабырға газетіне шықты. Осыдан бастап Таймас ақын атанып кетті. Бұл – 1956 жыл болатын. 8-класта күніне он шақты өлеңге дейін жазатын болды. Бұл – Таймастың өмірін өзгерткен бірінші оқиға.

Екінші оқиға былай болды. 6-класта геометрия дейтін жаңа пән басталды. Бір күні үйде геометрия оқулығының бетін ашып қойып, «Сәуле. Кесінді» деген тақырыптың ережелерін қайта-қайта айтып, сөзін жаттап отыр еді, мұны көрген мұғалім ағасы Құсайын: «Не істеп отырсың? Сабақты жаттап оқымайды. Басынан аяғына дейін бір рет оқып шық. Түсінбесең, екінші рет немесе үш рет оқы. Қашан түсінгенше... Ертең сенен сабақ сұраймын!» – деді. Таймас қорыққанынан (сабақ сұрайды деп), ағасының айтқанын істеді. Бірақ мұғалім ағасы бір ай бойы сабақ сұрамай қойды. Ал Таймас болса, «Ертең сұрайды» деген оймен, күн сайын сабақты түсініп (жаттамай) оқып, үйрене берді. Осылайша бір ай ішінде Таймас сабақты жаттамай оқып түсінетін халге жетті. Сөйтіп, түсініп оқу Таймастың дағдысына айналды.

Бұдан арғы тәсілдерді Таймастың өзі тапты. Ол енді сабақ үстінде қозғалмай тыныш отырып, сабақты мұғалімнің аузынан түсініп алатын болды. Және түсінгені есінен шықпайтын. Алайда мұның соңы екі түрлі қолайсыз жағдайға апарды. Тарих сабағында жылдарды, кісі аттарын түсініп емес, жаттап алу керек еді. Таймас оқиғаның бәрін айтып беріп, кісі аттары мен жылдарын айта алмай, жаңылып қалып жүрді. Мұның ақыры Таймастың өз өлеңдерін жаттап ала алмайтын әдетіне әкеліп соқты. Тіпті Абайдың өлеңін де.

Екінші жағдай: Таймас бәрін сабақ үстінде біліп алған соң, үйге берген тапсырманы орындамауға көшті. Бір күні (9-класта) алгебра пәнінің мұғалімі Таймасқа: «Үйге берілген тапсырманы орындадың ба?» – деді. Таймас: «Жок», – деді. Мұғалім: «Неге?!». Таймас: «Оны орындамасам да білем!» – деді. Мұғалім: «Бәрін білесің бе?!» Таймас: «Иә, бәрін білемін». Мұғалім: «Онда тақтаға шық!» – деп, Таймасқа есеп берді. Жаттамауға, бәрінің мазмұнын ұғып алуға үйренудің соңында осындай жағдайлар болды. Сабақты орташа оқитын кейбір

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

балалар Абайдың, Жамбылдың өлеңдерін сартылдатып жатқа айтып, «5» алатын. Сонда Таймас кейде: «Жаттаудың да керегі болады екен» деп ойлап қалатын.

Таймас барлық сабақты жақсы оқыды. Химияны оқығанда химик болып кеткісі келетін. Алгебра мен геометриядан жаңалық ашқысы келіп, өзі ойынан, ережелер, формулалар дәлелдеп шығаруға тырысатын.

Өлең жазу Таймасты әдеби кітаптарды көп оқуға үйретті. Сол 6-кластан бастап «Жұлдыз» журналын үзбей оқыды. Зейін Шашкиннің «Теміртау» романын осы журналдан оқыды. Көптеген акындармен сырттай танысты. Қазақтың жазатындарының бәрін біліп алды. Бұл жағдай оны 9-класта жүргенде-ақ: «Акын болу үшін 5 жыл оқып, уақыт өткізу не керек? Басқа ғылымды білген жөн» деген ойға әкелді. Бір күні ауылдағы дүкен алдындағы аялдамада автобус күтіп тұр еді. Ересек екі жігіт келді. Бұлар университет (КазГУ) бітіріп келген Төлеш (әдебиетші) пен Сатыш (тарихшы) еді. Төлеш Таймасты сынағысы келіп: «Акындардан кімдерді білесің?» – деп сұрады. Таймас мүдірмей айтып шықты. Жазушыларды сұрады, оны да айтты. «Сыншылардан кімдерді білесің?» – дегенде, Таймас: «Есмағамбет Ысмайылов, Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, Баламер Сахариев, Әбен Сатыбалдиев...» деп шұбыртып келе жатыр еді, сол кезде Сатыш Төлешке: «Әй, Төлеш! Болды енді, қой» деді.

Ол сабақта ереженің кері жағын қарастыруды ұнататын. Өзіне: «Ал егер бұлай болмаса ше?..» деген сұрақ беріп, соның шешімін табуға әрекет ететін. Дәлелденуі күрделі ережелердің оңай жолын табуды ойластырып, қағазды көп шимайлайтын. Мазмұнды өлеңді әркім жазады, көркем өлең жазу керек деп түсінетін. Өлеңнің грамматикасына, тыныс белгісіне көп көңіл бөлетін. Ол кітапты өте тез оқитын. 8-класқа дейін кітаптың әрбір сөзін қалдырмай оқыды. 8-кластан бастап, алғашқы он шақты бетін «көлденеңінен» оқып келіп, одан кейін «тігінен» оқып кететін. Ара-тұра кейбір беттерді тағы да «көлденеңінен» оқи беретін.

Ол адамдармен тез танысып, шүйіркелесіп кетпейтін. Ал жақсы танитын адамымен жайдары сөйлесетін.

Сыршыл, лирик акындарды ұнатып оқитын. Сырбай мен Хамитты жоғары бағалайтын. Классиктерден: Абай, Байрон, Пушкин, Лермонтов...

Мектепте бір ғана қызды беріле сүйді. Басқа қыздарға көзін де салмады. Бір ғана қыз оны өзеннің толқыны сияқты, басқа жаққа бұрылдырмай, бір жаққа алып кетіп, айдалаға, жағаға лақтырып кетті... Көп қыздың қадірін біле алмады.

Ақындықтан ба, ғашықтықтан ба, ол ойға көп берілетін, өмір туралы өзінше ой түйіп, қорытынды пікір шығаруға әуес-тін. Армандағыш, қиялдағыш еді. Өзін ақынмын деп ойлады, бірақ ғылым сырына жетік, жаңалық ашатын ғалым болғысы келді.

Ол өмірді, жарық дүниені сүйді. Оны жаратылыс, әлемнің құпия сырлары қызықтырды, тандандырды, табындырды.

Қарапайымдылықты ұнатты. Мақтану наданның ісі деп түсінді. Ешкімге соқтықпай, өз бетімен тыныш жүрді. Бірақ өзін басқа біреудің басынуына жол бергісі келмейтін. Менмендерден аулақ жүріп, адамгершіл, кішіпейіл адамдармен тез тіл табысты.

Дүние күйіп кетсе де, тек шындықты айтатын. Мұны көрген бір таныс (клас-тас) бала: «Сен болғанды болғандай айтады екенсің», – деген-ді.

Біреуден бір нәрсені қызғануды, оны көре алмауды әдет еткен жоқ. Өзін жеңіл сезінетін. Денесі қандай жеңіл болса, іші де сондай таза, жеңіл еді. Осынысы өзіне ұнайтын.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Пікірталасқа қызығатын. Өз пікірін дәлелдеуге тырысты. Өзгенің сөзіне ілеспейтін. Қара қылды қас жарып, әділін айтып қарап тұрғысы келетін. Біреумен бақталасып шаршауға жаны қас еді. Тыныш, өзімен-өзі, жеңіл өмір сүруді қалады.

Ол өркөкірек, менмен емес еді. Бірақ менмен секілді «жыны» бар болатын. Кеудесін керген адамдарды көзіне де ілмегендей болып, оның жанынан қасқайып өтіп жүре беретін. Біреуге жалпандау, жағымпаздануға жаны қас еді. «Мені көр де – өзінді көр» деп, әркімге өзінше мінез көрсететін.

Біреумен таныса кетуге, сөйлесе кетуге құлқы соқпайтын. Және ешкіммен де бірінші болып танысуға асықпайтын. Әр нәрсенің өз ретіне бағынатын. Әркіммен дос бола кетпейтін. Оңашалықты ұнататын. Ешкімге, ешнәрсеге (жағдайға) тәуелді болғысы келмейтін. Тек өз қалауымен ғана өмір сүруді ұнататын.

Астрономияны оқыған кезде астроном болғысы келді. Оны аспан әлемі қызықтырды. Махаббатта бір ғана қызға, ғылымда барлық пәнге бой ұрды.

Табиғат көріністерін тамашалауды, содан ләззат алуды ұнатты. Өзі сұлу емес еді, бірақ сұлулықты сүйді, соған ғана тамсанды. Спортқа әуестігі болмады. Сурет салған жоқ. Ал музыка аспаптарының кез келгенін (пианино, гитара, балалайка, скрипка, т.б.) ешкімнің көмегінсіз, көрсетуінсіз, өз бетімен «тыңқылдатып» кете беретін. Домбырада күй «шығаратын». Өлеңді ән сияқты етіп, әуендетіп оқуға 7-кластан әдеттенді. Әндер «шығарды».

Өзі ұнатпайтын балалардың қасына жоламай, олардан аулақ жүретін. Қашанда біреуге тәуелді болуды, өзгеге жалтақтауды жаратпайтын. Ғылымды шексіз әлемнің сырын ашатын нәрсе деп қызығатын. Көбінше топқа қосылмай, оңаша ойланып жүретін. Мұны бірінші болып қыздар байқап, себебін білгісі келіп, сұрақтар қоятын. Сабакты жаттамай, мәнін түсініп, мазмұнын есте сақтаушылық әдеті оның түсініксіз нәрселердің сырын өз ойымен, өз бетімен білуге құштарлық танытуына себеп болған секілді. Ол сөйтіп, қиялдағыш, армандағыш, ой қуғыш болып өсіп келеді...

1962



Б А С П А Л Д А Қ V II

Тамшы – теңіз анасы

Лирикалар

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өркенді өлең – желкенді қайық

Қазақ радиосы өлеңге бәйге жариялапты. Сол бәйгені анықтайтын қазылар алқасына басшылар мені де кіргізген екен. Алқа мүшелері қазақ радиосының директоры, белгілі жазушы Мұхамеджан Дүзеновтің кабинетіне жиналып жатты. Қазылар алқасында ақын ағамыз Әбу Сәрсенбаев бар. Мұхамеджан Дүзенов – алқаның төрағасы. Алқа мүшелерінің бірі – журналист Совет Масғұтов. Жиынымыз басталарда мәжіліс өтетін кабинеттің алдынан Төлеген Айбергеновпен ұшырастым. “Тұмеке, бәйгеге қатысып ем. “Маңғыстау мұнаралары” дейтін анада өзіңізге оқыған өлеңдерімді қостым бәйгеге”, – деді. Мен оған: “Ол өлеңдерің маған қатты ұнаған. Одан артық өлең дәл осы жолы ұшыраса қоймас. Бәйгенді жууға дайындала бер”, – деп мәжіліс өтетін кабинетке кіріп кеттім. Бәйгеге түскен өлеңдердің ішінде Төлеген өлеңдерімен иық тіресетіні, шынымен, болмай шықты. Бірінші бәйгені іштей бәріміз Төлегенге береміз деп ұйғарып отырмыз. Сол кезде Совет Масғұтов: “Мына бір дәптерге назар аударыңыздар. Талдықорған жақтан жазыпты. Авторы мектепте математикадан сабақ беретін жас жігіт көрінеді”, – деді.

– Оқы, олай болса, математиктің өлеңін, – деді Мұхамеджан аға.

Совет бір дәптерді оқи бастады. Өлеңнің біріншісінен екіншісі жақсы. Үшінші өлең одан да жақсы. Қысқасы, кіл бір маржан жырларға кезіктік. Бейне шөлдеп кеп мөлдір бұлаққа бас қойғандай әсерлендік бәріміз де. Ішімнен Төлеген өлеңдерінің бәйгеден келгеніне тілектес боп мен отырмын. Бір кезде Мұхамеджан аға жұлып алғандай: “Осы өлеңдердің бас бәйгені алуына қарсылық бар ма?” – деп қазылар алқасына сұрақ тастады. “Қарсымыз” деген адам болмады. Сөйтіп, бірінші бәйге бұрын өлең өлкесінде аты белгісіз математик жас жігітке берілді. Содан бері қаншама жылдар өтті, сол жігіт бүгін жасы елуге келген Ғұсман Жандыбаев еді.

“Жазармын мен бақыттан мас болғанда,

Қуаныштан жанарға жас толғанда.

Пәк көңілдің райы пәс болғанда,

Қамалғанда қас тұлпар тас қорғанға.

Жазармын мен, көгіме күлкі қонар,

Аппақ арай көңілдің бұлтын орап.

Ақын жыры сел болып жұлқып ағар,

Дүние есігін ашқанда жыр-тұмалар”. –

деп өлең есігін ашқан Ғұсманның ақындық жолы сол алғашқы қолпаштан кейін көп жақсылық көре қойған жоқ. Бірақ оның кітаптарына үңілген сайын өсіп келе жатқан терең, телегей талаптың тегеуірінді қаламының күшіне дән риза болған едік. Біз бәріміз де Төлеген Айбергеновке бірінші бәйгені алып бере алмағанымызға іштей ренжідік. Төлешті екінші бәйгесімен құттықтадық. Өңі күренітіп тұрып: “Ойбай-ау, дүниеге мықты талант келіп жатса оған қуанбай мен неге қуанам. Жас жігіттің жолы іләйім бола берсін”, – дегені құлағымда.

Ғұсман өлеңде өз бақытын табу үшін біз сияқты Алматыға көшіп келді. Үйдің де, күйдің де қиындығын әбден көрді-ау.

Ақын інімнің елу жасын құттықтап, ол туралы бір-екі ауыз сөз жазу үшін мен оның үш кітабын бір сөзін қалдырмай оқып шықтым. Ақынның барлық жазғаны маған ұнады. Өзінің көзі бар, өз мінезі бар, ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасы бар ақын ғана жыр төріне шыға алады. Ғұсман ақынды елеп, ескеріп жазылып жатқан

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

мақаланы мен бұрын оқымаған да екем. Ол әдебиет сыншыларының ауылына айтылатын наз. Ғұсмандай үлкен таланттың еленбей елуге келуі – әдебиетші қауымның еренсіздігі дер едім мен.

Шабытты ақынның жырларымен кезігу – бақытпен кезігу,өзінді ұзақ күткен жақсылықпен кезігу екенін мен баяғыдан-ақ мойындаймын. Ғұсман жазған “Әпке” поэмасын оқып отырып өзімнің жалғыз әпкем жайлы, дүниеден жас кеткен Тұрлығызым жайлы осындай поэманы мен неге жазбадым деп өкіндім. Інісіне қызыл жейде сыйлаған әпке қандай мейірімді, оны ылғи есіне ұстап іздеп жүретін іні қандай қасиетті. Бұл поэманы оқығанда мөлдір бұлаққа, тазалық бұлағына шомылғандай өзіннің ішің де нұрланады бір түрлі. Бастан-аяқ бір төмендемейтін ақындықтың шабысына риза боласың. Күнге қарай қанатын қатты қағып ұшып бара жатқан қыранның самғауын сезіндім мен. Ғұсман ақынның ақындық күшіне, ақындық алғырлығына риза болдым. Дүниеден арманда кеткен Әділбек Абайділданов ағасының жырдағы екпіні, бір биіктеп алса төмендемейтін қанат қағысы, қырандығы келді көз алдыма. “Махаббат пен әзәзіл” де өзінше әдемі поэма. Айтары бар абзал дүние. Екі поэмадағы ақындық қуат, ақындық айбын, ақындық сес оқырманын бейжай қалдырмайды. Ақын қиялымен бірге ұшып, жақсылықтың ауасымен тыныстайсың. Ізгілікке, кісілікке, парасаттылыққа бастайтын жыр жолдары өзінді де күнгірт ойдан, мимырт сезімнен тазалайды. Бойың да, ойың да өсе түскендей боласың. Ғұсман Жандыбаевтай іні ақынмен сырлас, сыйлас болмасам да, оның өжет, өр шығармашылығын әрдайым құрметпен қарсы алғаным өкінбеймін мен. Өміршең поэзия – халық қазынасы. Сол қазынаға көз тоқтатып, көңіл бөлгеніме дән ризамын мен. Жұлдызды жырдың иесі Ғұсманға әрдайым сәттілік, шалқар шабыт тілеймін.

*Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.
(“Қазақ әдебиеті”, 1 сәуір, 1994 жыл.)*

Бұлар Москваға барады

Жас поэзияның ВЛКМ XV съезіне арналған республикалық фестивалі көптеген жас талантты жұртшылыққа танытты. Облыстағы фестивальда ондаған жас талапкер өнер бәйгесіне түсті. Бір ғана Алматы облыстық комсомол комитетіне 70 шақты қолжазба келді. Жас авторлардың шығармалары тақырыбы мен жанры тұрғысынан әр алуан. Кішкентай өлеңнен бастап лирикалық поэмаға дейін бүгінгі күнге арналған.

Әр облыс республикалық фестивальға үш-үштен жүлдегер ақын жіберді. Республикалық фестивальда қырық ақыннан бес ақын бәйге алды.

Бас жүлдегер – Ғұсман Жандыбаев, 22 жаста. Алматы облысы Алакөл ауданында мұғалім. Оның лирикалық дәптері соны сөзге бай. Екінші бәйге алған Валерий Прокуров (Целиноград телестудиясының редакторы). Өлеңдерінде азаматтық сарын басым. Айбергенов Төлегеннің Маңғыстау циклы көтеріңкі леп, асқақ ойларға бөленген. Ол да екінші бәйгеге ие болды.

Үшінші бәйгені бөліскеннің бірі Надежда Чернова (Семей облысынан), былтыр ғана он жылдықты бітірген қыз. Өлеңдерінде совет жастарының ой-арманын жырға қосады. “1-май” совхозының шопаны Сұлтанәлі Балғабаев (о да үшінші бәйге алды) өлеңдері Чернова туындыларымен үндес.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жүлдегерлермен бірге дарынды жастар Виктор Семериянов (Павлодар), Михаил Полячектер де (Целиноград) Москвада өтетін бүкілодақтық фестивальға қатысады.

Жолдарың болсын, абыройлы оралыңдар, жас таланттар!

**Мұзафар Әлімбаев, жас поэзияның
республикалық фестивалі жюринің председателі.**

*Қазақстанның халық жазушысы.
("Лениншіл жас", 16.04.1966 жыл).*

Ғұсман Жандыбаевтың өлеңдері туралы

Қазақ поэзиясының ілегіне араласып жүрген жас акын Ғұсман республикалық мерзімді баспасөзде соңғы жылдары жиі көрініп жүр. Жырларының ойлылығымен, алға ұстаған бағытының дұрыстығымен өз өрісін тапкандай.

Ғұсман көбіне адамгершілік тақырыбына бой ұрады. Және де ол жөнінде жырлағанда қарадүрсінділікке ұрынбауға, өзінше толғап, өзінше философиялық ой түйіндеуге ұмтылады. Жырлары ширақ, әр өлеңінің бүлкілдеп соғып тұрған кішкентай жүрегі бар сияқты.

Ғұсман әдебиет айналасында жүрген кездейсоқ жастың бірі емес, поэзияны сүйетін, оған адалдықпен қарап, адалдықпен қызмет ету ниетінде. Оның жырлары осыны аңғартады. Жас акын оқушы қауымға танытуға тұрарлық.

*Қазақстан Жазушылар одағының консультанты
М.Мақатаев.*

1972 жыл.

Құрметті Ғұсман Жандыбаев мырза!

Өзіңізді жырлары исі қазақтың жүрегіне жол тапқан айтулы акын, қарымды қаламгер ретінде жақсы білеміз. Қолтаңбаңызға тән ерекше байқағыштық кімді болсын әдбен тәнті еткені рас. Қазақ әдебиетіне қосқан зор үлесіңіз тарихтың еншісінде. Шығармашылығыңызға шалқар шабыт тілейміз. Өресі биік көрегенділігіңіз бен терең танымыңызды ескеріп, Дүниежүзілік Ұлы Форум өткізу жөніндегі Халықаралық Ұйытқы Комитеті Сізге өз Үндеуін жіберіп отыр.

Форумның мақсаты – Жаңа Мыңжылдық қарсаңында өткенді саралап, тарихқа лайықты бағасын беру, келешек міндеттерді белгілеп, планетарлық сипат алған жалпыадамзаттық мәселелерді шешу жолдарын іздестіру. Жердің Ортақ Үйіміз екенін кеңінен насихаттау.

Қазіргі таңда Комитетіміз әлемнің ірі тұлғаларымен, дін басылармен, мемлекет басшыларымен, түрлі саяси-қоғамдық ұйымдармен және ұлттық-мәдени орталықтармен байланыс орнатып, қолдау табуда.

Дүниежүзілік Ұлы Форумға дайындық жасау мен өткізу жөніндегі бірінші жұмыс тәртібіндегі мәжіліс осы жылдың қазан айында Алматы қаласында өтеді деп күтілуде.

Халқымыздың біртуар ардақты перзенті ретінде Сізге хат жолдай отырып, біздің бұл бастамамызды талғамыңыздың таразысына салып, түсіністікпен қарайды және ниеттес болады деп сенеміз.

*Ерекше ықылас, үлкен құрметпен
Ұйымдстыру комитетінің атынан Ерментай Сұлтанмұрат
27.08.1998.*

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ ЕКЕУМІЗ

Екеуміз қиын асып, қырға шықтық.
Сонда да ашылмадық сырласып түк.
Бір жүрдік, “мінсіз” жүрдік, үнсіз күлдік...
Түбіме жетер ме екен қу жасықтық!

Екеуміз гүлге асықтық, Күнге асықтық,
Сонда да арада тұр бір қашықтық.
Бар еді жетпей жүрген бір қайрауым..
Жанымай қоймас мені бұл ғашықтық.

1962 ж.

ҰНАТАМЫН

Мен сендердің көбінді ұнатамын,
Ару қыздар, керілген таңдай көркем.
Бір-ақ рет атады мына таңың,
Бүгін туған жұлдыз да жанбайды ертен.

Жүрек сүймей жақсыны қалай шыдар,
Ал жақсыға кенде емес жарық дүние.
Әр жұлдыздан өзгеше арай шығар,
Сонда да сен төзесің зәру күйге.

Сұлулық пен пәктікті сүйе алмасаң,
Тіршіліктің құны не? – Қара бақыр.
Жүрегіне жақсының сыя алмасаң,
Кен дүние болады заман ақыр.

Ару қыздар, биікте – біздің үміт,
Күліп қарсы ал, суытпа жылы өңінді.
Жүздеріңді көргенде, жүз құбылып,
Жұлып бергім келеді жүрегімді.

Сендерге айтар бар менің бір тілегім:
Назданындар, кылықты ерке қыздар.
Бүгін Күндей шуақты күлкілерің,
Жүздеріңді шалмасын ертен ызғар.

Жүрегіне жігіттің құдайсындар,
Көздерінде тылсым күш, талай сыр бар.
...Көбің маған, о қыздар, ұнайсындар,
Ұнатуға, ал мені, қалайсындар?!

1962 ж.

ТІРШІЛІК

Нұрлы бір дүние – тіршілік.
Кірмеймін оған қымсынып,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жүрмеймін жүнжіп, құр сұлық,
Шықпаймын және күрсініп.

Толқынды дария – тіршілік.
Астына кейде бір сүнгіп,
Үстіне кейде бір шығып,
Келемін қуып, қусырып.

Ну жыныс орман – тіршілік.
Тамырын жаяр бүр шығып,
Мен онда балғын бір шыбық,
Жатпаймын, қурап құр шіріп.

Үзілмес үміт – тіршілік,
Жол емес ол бір күншілік.
Жалғаймын өмір сапарын
Арайлы таңда құлшынып.

Қиындық көрсем, тұншығып,
Етпеймін оған құлшылық.
Өмірге менің өкпем жоқ,
Төбемде тұрса Күн шығып.

Нұрлы бір дүние – тіршілік.
Кірмеймін оған қымсынып,
Жүрмеймін жүдеп, құр сұлық,
Шықпаймын және күрсініп.

Нұрлы бір дүние – тіршілік...

1962 ж.

МЕНИҢ ӘЖЕМ

Қараша үй жыртығынан қадап тілін,
Тұрғанда мазасыз жел отпен ойнап,
Шағындау шаңырақтан тарап бір үн,
Кетіпті кен далада көкке бойлап.

Тар үйдің керегесін үні керіп,
Көбейтіп кемпір-шалдың аз ермегін,
Есігін жүрегімен ұрып еніп,
Келіпті өмір-үйге әжем менің.

Алысқа сәби ойды серметтік-ау,
Асыға күтуменен жаз ермегін.
Желбіреп қос тұлымың сен де өттін-ау,
О, әзіз әжем менің!

Оңаша кесте тігіп қыз отырса,
Шытқа орап махаббаттың наз өрнегін,
Мөлдір көз он үшінде ұзатылса,
Келеді көз алдыма әжем менің.

Тұңғышын жас келіншек көп толғатып,
Көтеріп отырыпты-ау әрең белін.
Балалық! Қолдан шығып кетті ол бақыт –
Ең алғаш ана атанды әжем менің.

...Шүйкедей кара кемпір әжім жүзді,
Бетіне салған уақыт әр өрнегін.
Еңсеріп қалған тіпті қазір жүзді,
Бала қыз бір кездегі – әжем менің.

Жас дәурен – кәріге де, балаға арман,
Қызығы өте шығар келте жаздай.
Үй емес, бір ауылға ана болған –
Әжеміз енді бізге ерке қыздай.

О, менің әзіз әжем қасиетті,
Сонау бір есінде ме тұлымды қыз?
Сокпақ жол... Содан бері ғасыр өтті,
Қайда екен мөлдір көз бен бұрынғы жүз?

О, тағдыр, катал еді уақыт неткен,
Ақ шаш боп самайыңда қалыпты-ау мұн.
Денесі қарт әжемнің қатып-кепкен –
Орнындай шөгіп қалған алып таудың.

1963 ж.

ОЙСЫЗ ҚАЛЫП ОҢАША

Мазасыз ойдан кейде аулақтанып,
Қадалып қарсы алдыма қалам қарап.
Жанарым жалынына тау қақталып,
Көзіме кеңістікті алам қамап.

Ойсызбын. Мен мылқаумын. Тас кереңмін.
Қосылам кеңістікке қос жанармен.
Мен жоқпын. Патшасымын басқа әлемнің.
Ойсызбын. Ойға батсам – бос қалам мен.

Мен жоқпын. Ақ әлем бар жалғыз ғана.
Сол ғана ақтық сөзін арнайды енді.
Жабысып малта тасқа жалбыз-бала
Өлі мен тірі арасын жалғай берді...

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жансызбын. Меңіреумін. Көз майымды
тауысам. Күш түседі бойға батпан.
Мен тіпті аңғармаймын өз жайымды
Бұл жұмбақ әлем жайлы ойға батқан.

Санамның саусақтары аршып мені
Алғанда қалың ойдың батпанынан,
Толқындай жағаға ұрған шапшып кері,
Өзіме өзге әлемнен ақтарылам...

1963 ж.

ДАЛА СЫРЫ

Тау иықты, Күн көзді ен даламын,
Адам, сенің ұлы анаң мен боламын.
Мен бар жерде – сен барсың, осыны ұқсаң,
Бақыт сыйлап, жолыңды оңғарамын.

Менің байтақ кеңдігім пана болып,
Құрсағымнан тіршілік тарады өріп.
...Аяғымнан басыма, басқа түгіл,
Күн де әрең жетеді ара қонып.

1964 ж.

ДАЛА СЫЙЫ

Үстінен толастамас толған лек,
Даланың айқыш-ұйқыш жолдары көп –
Ырыздық үлестіріп жатады ылғи
Табиғат әжеміздің қолдары боп.

Тұратын әр күн сайын қайталанып,
Даламның құдіретін айтам анық:
Таңертең күндік азық ала барып,
Кешінде жылдық азық қайтам алып!

1964 ж.

ДАЛА ДАУСЫ

Құрғанда шымылдығын таң шығысқа,
Әсем бір сазға басар әнші құс та.
Ертемен айқайлатып қыр гудогын,
Балғаның салмағымен балқыр ұста.

...Далаға ұқсар адам бар ісімен:
Әндетіп жүре қалсам тау ішімен –
Тұрғандай боламын мен айқай салып,
Даланың дауыл қанат дауысымен.

1964 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
АДАМ КҮНІ АДАММЕН

Өшпейді көпке ортақ шан,
Данғыл жол оған – тар асу.
Жалғыз жүріп жол тапсаң,
Соның өзі – адасу.

Сыймайсың көпке, тегінде,
Көңілінде болса құйттай мін.
Кез келген үйдің төрінде
Көсіліп жатып ұйықтаймын.

Жалғыздың шықпас жалкы үні,
Адамның күні адаммен.
Жақсылық жасау арқылы
Жақсылық көре алам мен.

1965 ж.

* * *

Бұл өмірде қызыққа толған әр күн,
Қола болып көрінер қолдағы алтын.
Бір бақытқа жетерсің арып-ашып,
Ұмытылар күні ертең ол да, бәлкім.

Бұл өмірде думанды, тамашалы,
Жүз биікпен жүйрік ой таласады.
Табанда қап тұлпардың кара шаңы,
Шыңға шықсақ, аңсаймыз аласаны.

Желді күні сезесің ат арынын,
Бала болып көрінер қатар інің.
Есейгенде есіңе ап, сағынасың
Ұстазның қамқоршы катал үнін.

Болса түнде ойлаған қаталдығың,
Күндіз жайлар жаныңды қапалы мұн.
...Қадірімді адамдар жиі ұқсын деп,
Тәулігіне бір рет батады Күн.

1965 ж.

ҚЫСҚЫ ТОРҒАЙЛАР

Торғай ұшты пыр етіп
Бағаналар басынан.
Бағаналар басынан
Құйылады тасып ән.
Сым жағалап жүгірген
Торғайлардай осы бір,
Сезімімнің қылына
Жүрегіммен асылам.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бағаналар барады
Шеру тартып, жол бойлап.
Қолтығында қонақтап,
Топ-топ болып торғай қап.
Тосады олар кеудесін
Жылы ағысқа, содан ба –
Қаймықпайды дауылдан,
Сары аязда тонбайды-ақ.

Сып-сып етіп торғайлар
Қонып жатыр сым бойлап,
Қыз көзінен сыр тартқан –
секілденіп сүр бойдақ.
Жүз жүректің салмағын
көтеріп тұр жұқа сым,
Тартылыстың күшімен
майысса да, сынбай қап.

Бағаналар басынан
Сансыз тамшы саулаған.
Тамырда қан тасыған,
Бойды алғанда баурап ән.
...Жүз торғайдың жүрегі
жылытып тұрған сым тізбек –
Жазып қойған, жақсы әннің
нотасынан аумаған...

1966 ж.

ОБАЛ

Екі жүйрік қатар үзді кермені:
Біреуінің даңқы дара өрледі.
Екіншісін... Ешкім оны көрмеді.

Мұның бірақ таңданатын жоқ түгі:
Жүлде алғанның биігірек шоктығы,
Құр қалғанның... шағынарға жоқ тілі.

Тұлпар қалып, озып келсе биесі,
Арқасына кілем жабар иесі –
Атпаған соң... ақиқаттың киесі.

1967 ж.

КЕЙДЕ

Мұндайға да кездесесің кейде сен:
Кейбіреуге адамша бір сөйлесен –
Дал боласың тілдескендей есекпен.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Бас ішінде бермеген соң ақыл шаң,
Бір пақырға есек болып бақырсаң –
Ит қуғандай атқылайды кесекпен.

Ал енді сен арыстан боп ақырсаң,
Жанды жерге тырнағыңды батырсаң –
Бас иеді, қарғып тұрып төсектен.

Жандар барда жаңылмайтын есептен –
Алас ұрып, ауырғандай шешекпен,
Ауа жетпей, қысылады қос өкпең...

1967 ж.

БІР ЕСЕП

Көрмесе де тұлпарлардың шаңын да,
Тұяғымен шаң боратар есектер.
Мысық шіркін тышқан алар шағында
Жолбарыспен өзін бірдей есептер.

Өзін осал санамайды еш пенде,
Қойшы оны да, есек деген – бұл есек.
...Көп мыңғырттың ортасына түскенде,
Миғұла мен ғұламаңыз – бір есеп.

1967 ж.

НАМЫС

Намыс паркын елемес
Нақұрысын мен емес.
Асылым сол –
Тайтұяқ
Алтыныңа теңемес.
Қол-аяғым байласаң –
Азабыңа керенмін.
Тозағыңа айдасаң –
Пешенемнен көрермін.
Ине сұқсаң етіме –
Басымды имей жеңермін.
Мазағыңның бетіне
Бір түкіріп өлермін.
Мазағыңа бас ұрсам –
Намысымды төгермін.
Жанбай, бықсып басылсам –
Өзімді-өзім көмермін,
Оған қалай көнермін,
Арыма онда не дермін?!

1967 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Көргенімнен көрмегенім көп менің,
Ертеңіме бір ескерту – өткенім.
Түкке алғысыз – тындырдым деп кеткенім,
Қайран уақыт өтіп жатыр теп-тегің.

Өткен күнім – бүгін, бейне, балалық,
Жеткен күнім – айтады ақыл ағалық.
Қара шашым түзетумен катемді
Өтер ме екен ағарып!

Өмір жолы – ойқы-шойқы, бұралаң,
Ерлік екен – құтылу да күнәдан.
Өліп-өшіп өзім сүйген кей қыздың
Мені елемей кеткеніне қуанам.

Мені өзіңе жарық жұлдыз етіп ең,
Кейімеші, күнәсіз жан, өтінем.
Өз қасыңнан көзді жұмып өтіп ем..
Бейқам, бейпіл күндеріме өкінем.

1969 ж.

* * *

Таң атқаннан күн батқанша жол жүріп,
Жол шегінде құлап түссем болдырып,
Соңғы адымды еңбектеп-ақ өтермін,
Өз ізімді жоғалтпастан кетермін.
Өйткені мен соңғы адыммен өлшенем,
Соңғы адымды алу үшін жол шегем.

Көз ашқаннан көз жұмғанша жол шегіп,
Жер шетінде құлап түссем теңселіп,
Аунасам да, өтермін-ау айналып,
Тұңғыққа қалмау үшін байланып.
Өйткені мен ертеңіммен өлшенем,
Жаңа бір жол бастау үшін жол шегем.

1969 ж.

КЕЙДЕ МЕН...

Көңілсізбін кейде мен:
Бақытымның бал даусын естімеймін,
Ет-жүректі тілгілеп, кескілеймін.
Солып қалған сорлы бас асқабақтай,
Аш қарынға, ашынам, ас та батпай.
Тарамыстай ширығып әл-шыдамым,
Қара терге сұп-суық малшынамын.
Боран ұлып кеудемде ала бөтен,

Тірлігімді болымсыз талақ етем.
Айтып-айтпай не керек, достарым-ай,
Отырғам жоқ тарылып босқа бұлай:
Осы өмірдің өгей бір баласындай,
Жүдер кезі жүректің бар осындай.

Көңілдімін кейде мен:
Мергендеймін сол кезде құлан атқан,
Жігіттеймін асауды тұралатқан.
Өзендеймін қысаннан құлап аққан,
Кісідеймін арылған кінәраттан.
Күні сонда шаттықтың күркіреді,
Қайғы-бұлтты шаштан ап сілкілейді.
Ақ нөсері шабыттың сіркіреді,
Сел-тасқыны сезімнің дүркіреді.
Аяқталмас жүрегім жыр тілейді,
Жеті түнде көзіме Күн түнейді.
Сүнгіп шыққан көліне көгілдірдей,
Мең-зең көңіл, беу, шіркін, бір түлейді!

1969 ж.

ҚОСЫЛМАЙТЫН СӘУЛЕЛЕР

Қырға шықты жас жігіт атқа мініп,
Алдан сырғып ақ сағым – аққан үміт.
Қызыл гүлдер қыр үстін қымтай орап,
Қия беттен жалқын нұр жатты ағылып.

Арындатып ақшамда баран атты,
Қызулы жас қыр асып бара жатты.
Қиян шетте қыран құс ақ сәуледей,
Қоңыр таудың төбесін жанап ақты.

Қырға шықты бір ару жаяулатып,
Күнгірт тартты күрең Күн, баяу батып.
Көрер емес, әттең-ай, жігіт мұны,
Алыстап бір кеткендей таяу бақыт.

Бұрын-соңды еш қызға килікпеген
бұла жігіт бұлқынған жүйрікпенен
өте шықты тұсынан тұл арудың –
тумысында еркекке илікпеген.

Қараңғылық көзге де тосылды айқын,
Өтер бастан әлі сан осындай түн.
Бұл дүниеде аз емес жарық жұлдыз
Ғұмыр баки сәулесі қосылмайтын.

1970 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ҚЫРАН

Көз талдырар киянда
Көк мұнарлы құяңға
Бір батқанда –
Тұйғын көкірек тұншыққанда,
Бір шыққанда –
Ыстық ұшқын ыршып қанда,
Қылп ете қап –
Түсіп кеткен түймедей,
Жылт ете қап –
Көзге іліккен инедей.
Жел сәуірдей түйлігіп,
Жеті қат көктен шүйлігіп,
Жай оғындай килігіп,
Серіппелі сом болат
Жебе-сынды сорғалап;

Балғын еті бал дәмді
Балпанақтай бағланды
Ала қашқан арланды
Қаншық иттей жұмарлап,
Басын жерге нығарлап,
Темір шеңгелді тереңге
Тебендейін сүңгітіп,
Жылы өкпесін е демде
Құшырлана қылғытып,
Жемтікке емес, Жеңсікке
Шаттана бір шаңқ етіп,
Жапан түзді жаңғыртып,
Көк төріне көсілте
Қайта шығар салдыртып –
Жарты патша сал бүркіт:

Жол берместен ойранға,
Жауын жайпап майданда,
Туған жердің көгіне
Қалқан етіп қанатын,
Туын жықпай, Еліне
Салтанатпен баратын,
Дақ түсірмей тегіне,
Қыран болып қалатын,
Достасқанның бауыры,
Қастасқанның дауылы,
Елім деп туған марқасқа
Ерлерді еске салмас па?
Уай!

1971 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
ЖАЙЛАУ

Жайлау. Жалқын кеш.
Көкжиек. Алтын көш.

Кере қарыс маңдайы
Кең дүниені жарық қып,
Көкжиекке жантайып
жатыр аспан жарықтық.

Жабағы бұлт, мамық бұлт,
Арық бұлт пен алып бұлт –
бөлек-бөлек үюлі
қойдың ұлпа жүніндей
немесе бір жиюлы
көк қызының жүгіндей.

Сенгір тауға сүйкеніп,
қол-аяғы ұзарып,
бірін-бірі итеріп,
бірін-бірі ыза ғып,
Көлеңкелер ойнайды.

Жолай тезек-ки теріп
шықан қойдың алдынан
келіншекке иті еріп,
“Қоян-соян қаңғыған
кездессе...” деп ойлайды.

Көкжиектен асқан Күн
Көлге сүңгіп барады.
Сарғалдағы аспанның
самсап қауыз жарады.

Аспан асты – сары ала
Жарқыраған самала.
Төбе сайын сан оба,
Сакшыдайын сак о да.

Алтын жалды айғырдың
айдап салған үйірі,
Әр ауылдың, әр үйдің
түнеп қалған сиыры –
лағып сала-салада.

Қымызы мен іркітін
күрпілдеткен сабада,
Сай бассайын бір түтін –
Бұлақ құяр сағада.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Орман – баулар, қорған – таулар,
Толған аңғар – ордалы аңдар.
Мұз бен қар бар шыңдар заңғар –
Игі мұрат, ізгі армандар.
Құздардан да озған жолдар –
Қиындыққа созған қолдар.

Қорасының шетіне
жапырақ емес, жабағы өскен,
Іргесінен самал ескен,
Іші толы асыл бұйым,
Дала – есігі ашулы ұйын.
Шаңырақ – аспан,
Сұрауы жоқ қанша жақсаң,
Жұлдыз – ақ шам.

Жайлау. Жалқын кеш.
Өріс пен ауыл арасы –
Ақ керуен, алтын көш.
Жайылымнан ақшамда
қоналқыға қой келіп,
Мәз-мейрам боп жатқандай
Ауыл сайын той болып.

Тұла бойын гүл жапқан,
Ән әлдилеп, жыр баққан,
Сырбаздық пен мөлдірлік
сырлы сазбен үн қатқан,
Туысындай бауырмал,
Сезімтал, сергек, сері-сал,
Ер көңілді елім екен ғой бұл!

Тастарынан май аққан,
Бұлттары садақ-жай атқан,
Қарағашы темірдей,
Топырағы көмірдей,
Табиғаттың жас шағы
секілді жерім екен ғой бұл!

1971 ж.

ҚЫР СУРЕТІ

Уа,
Жөңкілсе бұлттар дүркіреп,
Бұзылған сендей күркіреп,
Көк-күмбездің қоңырауы
Күнгірлеп берсе, күмбірлеп.
Аспанның иіп омырауы,
Ақ жаңбыр құйса-ай сіркіреп.

Аунап тұрған көгалға
Арғымақтай сілкіне,
Бабына келер болар ма
Дүние шіркін дүр түлеп!

Сыңсып өтіп нұр-лек,
Шым-шым етіп жылы леп,
Риза ғып үмбетін,
Әншейін бір үлбіреп,
Шыға келсе, Күн бетін
Кебу бұлтпен сүлгілеп.

Күн кызының бантигі
Сияктанып өзінше,
Өрнек сәні сан қилы
Жеті тарам – өрімше,
Кемпірқосақ керілсе.
Сағым бұған тау шыңы
Дараланып бар сыны,
Жұмыртқадай аршылып,
Тап қасыңнан шаншылып,
Сараланып көрінсе.

Шұркырасып қосылып,
Жолды бөгеп жосылып,
Өңшен асау пыракша,
Салдыр-гүлдір су ақса.
Дәлдүр-дүлдір бұлақша –
Тай-құлынын уақша
Үйірімен шұбатса.
Шалғын кешкен малшылар,
Тоғай кезген аңшылар,
Малмандай боп малшынар –
Ақ маңдайлы тамшылар
Жалт-жұлт етіп сынапша.
Аң мен түлік лепірсе,
Қунаңдаған құр атша.
Балақандар секірсе,
Асыр салып лақша.

Бұғынқы жүрек бұлқынса,
Бұйығы жүзге нұр тұнса.
Булыққан сезім бусанып,
Алқынған көктің бұлтынша,
Бұла бір күшпен ұмтылса.

Анадай күліп Күн тұрса,
Бала-дүние құлпырса.
Бұрынды-соңды еш ақын

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Айтып та жазып көрмеген,
Жүрекке тіке беттейтін,
Тіл құдіреті жетпейтін,
Ырғағы ырғын жыр туса.

Жыр туса рухы тіл байлар,
Терең батып, бір бойлар.
Көңіл шөлін қандырып,
Сазды, назды үн жайлар.
Түске кіріп, өңінде
Құдіретін күнде ойлар.

Байыз тауып қонбай дәл,
Дүрлігіскен торғайлар –
Нәрлі өзегі балқыған,
Нән тамшылар толқыған
Жасыл талға жапырлап,
Жамылса жас жапырақ.
Құс атаулы со бойда
Бастап кетсе той-сауық.
Әсершіл акын тоғайда
Үн теріп жүрсе, ой сауып.

Сонда, соно-оу қыратта
Қос жас шопан қой бақса.
Қалың отар бір уақта
Ойыса кеп бұлаққа,
Төмен құлап, ойға ақса.
Шөлін әбден қандырып,
Қайта беттей қайрылып,
Қау шалғынмен бой жапса.

Екеудің бірі – есті қыз,
Ендігі жұбы – жігіт боп,
Құлшынып тұрып сырласса,
Қымсынып күліп, тіл қосса.
Биік жалға жайғасса,
Өріс жайын ойласса,
Ұлы уағда байласса!
Пау, шіркін!

1971 ж.

КӨЛ МІНЕЗІ

Көлге келсең – желде кел,
Желді көрсең – көлде көр:
Алапат дауыл бұл бір сәт
Қым-қуыт майдан, қырғын сап,
Қамыс-қоға дүре жеп,

Шу-шұрқан боп жылайды.
Жекпе-жекте беттескен,
Батырлардай оқ кешкен,
Тоқсан толқын түрегеп,
Тоқсан толқын құлайды.
Жарылғандай мың мина,
Жардың үсті дүрсілдеп,
Сан зеңбірек ылдида
Жатқандай-ақ гүрсілеп.

Дауылды көл бұзық та,
Дауылды көл қызық та:
Тырнағына іліксең –
Жолбарыстай бүлікшең,
Ұрты қанды бір апат.
Көз тастасаң жағадан –
Байлаулы иттей қабаған,
Қорқынышсыз рақат...

1971 ж.

ҚЫРАНЫМ

Қыран ең балапаннан сыңар ұшқан..
Дауылды – тас ұядан шыға құшқан.
Тап болып таң дүниеге үңірейген,
Жат көріп жүз таңырқау, бір үреймен,
Беймәлім бөгде түйсік бойды алғанда,
Көз тігіп айналаңа, ойланғанда,
Төменнен – жерді гүлмен көмкерілген,
Төбеңнен көкті көріп төңкерілген,
Жігер мен қайратыңа қатар сеніп,
Кеткенсің шексіздікке сапар шегіп.

Сен, бірақ іркілместен самғай бердің,
Жамылдың шарбы бұлтын шалғай жердің.
Тағдырың тап қылғанда ауыр сынын,
Майысты қатаймаған қауырсының.
Жер-көктің жіті аңдап қылт еткенін,
Биіктен шүйілгенде, мүлт кетпедің.
Үстінен ұшып өттің шалқар көлдің,
Сан сала, сайын дала, салқар белдің.

...Балапан шағың еді, елең-алан,
Ақ үрпек, топшын бекіп тола алмаған.
Аттанып бір сапарға жөнелді анаң,
Сор айдап, содан қайтып оралмаған.
Қыран ба өздігінен оңалмаған,
Сілкініп, тұғырына қона алмаған?
Анаңның қанатына оранбаған

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қатыгез қарлы аязда борандаған
Көзіннің ұшқындары жоғалмаған.

Жетімек қайсар болып жетілгенсің,
Жалама жартастардан секіргенсің.
Етіңнен ет кессе де, ғұмырында,
Бетіңнен тайсалмасқа бекінгенсің.
Үйреткен шарықтауды – тілсіз түндер,
Үйреткен жалықпауды – үнсіз күндер,
Ширығып шын айқасқа құмар сезім,
Басталған бақ-бабыңды сынар кезің.
Өткен-ді өн бойыңнан өрт жүгіріп,
Жайтандап қызыл шоктай қыран көзің.

Сен, сірә, бола алмассың өкпелі де,
Тартыспен өміріңнің өткеніне.
Бір буда буыншақтай бұлт үйіріп,
Кіл қалқып, кіді шалқып, кілт иіліп,
Танытып тартқаныңды дөп тегіңе,
Сүйектес, қандас, діттес, көп теңіңе,
Сайраншыл самғауыңмен көк төріне.
Жолықтың қанша жаз бен көктеміңе?

Қыраным, топшың берік, қаның тұнық,
Кеуденді жан шыдатпас жалын буып,
Серпіліп шырқау көкке шыққаныңда,
Қалмас па іштен ғана жауың тынып.
Сырынды сырт әлемге бір бермейсің,
Шайқасқа ұран салып кіргендейсің.
Зәуде бір әуелеп ап, әудем уақыт
Өзінді сикыр жіпке ілгендейсің.
Деміңнен дене ширар күй таралып,
Ұйыған уыз ауа ұйпаланып,
Астынан канатыңның дауыл тұрып,
Сен өтсең, қарамас па бәрі ынтығып.

Қияннан қиып түсер қимас құсым,
Бойыңа алапат мол сыймас күшің.
Анаңнан дарып қалған бір қасиет –
Ұйықтайсың иегінді шынға сүйеп.
Төзбейсің масылдыққа, пасықтыққа,
Сөз емес, биіктік те, қашықтық та.
Азулы аусарлардан тайсалмадың,
Жасық пен жансарларға бой салмадың.
Тепсіңген тегеурінге сай самғауың,
Теңермін саған көктің қай саңлағын?
Білместен тумысыңнан томағаны,
Тар құздан таңдап табар қонағаны,
Қиынды тілеп тұрар, қызба қаның,
Қиырды мұрат қылар мұзбалағым.

Жадына ұстамайтын жан керегін,
Ақ жүрек мәрт батырдай аңғал едің,
Ызадан жарылардай іші қайнап,
Дұшпаның аңдымас па тісін қайрап.

Жүргенде қасты елемей, досқа сеніп,
Қапыда маңдайыңды тасқа соғып,
Опық жеп қала көрме, қыраным-ау,
Қашанда қалтарыста тұрады жау.

1972 ж.

ТҰЛПАР

Дауылпазы даламның – сайгүліктер,
Күнді өңгеріп, желді айдап, Айды бүктер.
Айдау жолды айылдай орап алып,
Жұмыр дене сынаптай домаланып,
Қиялыңды қияға ала қашып,
Бұлдыраған сағыммен араласып,
Бура таудың басына күле жетсең,
Тақымыңа бір бұлтты іле кет сен.

Сен онымен әуелі жай жүріп көр,
Өзің ұшқан ұяға қайрылып кел.
Асау арын ырқымен кетпе лағып,
Шын жүйріктер межеге жеткені анық.
Тізгінді ұста езуге тіреп тартып,
Білеу-білеу мойнына білекті артып.
Соның өзі-ақ көзіңнен жас парлатып,
Көңіліңді әкелер аспандатып.

Тағдыры оның – қолыңда, шабандозым,
Үмітпенен тігеді ел саған көзін.
Алмас қылыш кетілер тасқа шапсаң,
Арғымақ ат қорланар басқа соқсаң,
Серт байлаған сапарға сеніп барар,
Арман қуған жігітке серік болар,
Тұлпар шаппас тұяғы тозу үшін,
Шапса егер – топ жарып озуы шын.

1974 ж.

ШАЛ МЕН ШАЛҒЫ *Сәлімбай Дүйсебайұлына*

Ортасынан ойып ап қырдың отты шалғынын,
Әбден қызып арқасы, екіленген шал бүгін.
Сүңгіп кіріп қалыңға, сүйкей жайпап барады
Сүргі тілі сүйреңдеп сүйір тұмсық шалғының.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тарамыс дене ширеңгіп, шып-шып терлей астады,
Алақанға шиырып, шыртып түкіріп тастады.
Шаруасы жоқ Күнмен де тас төбеден шаңқиған,
Ұмытқан ол шалғы мен шабындықтан басқаны.

Шалғы сабын қыса ұстап, қылпылдатып барады,
Өз-өзінен дыбыстап бір тіл қатып қалады.
Тобарсыса таңдайы – топырақпен бүркеулі
торсықтағы шалаптан қылқылдатып алады.

Кенет, кенет... Сезді шал шаршағанын әл тайып,
Шау тартқаны осы ма, қауқар қашып, қартайып?
Қылпылдаған шалғының қырсыз жүзі секілді –
Қылшылдаған жас күнін есіне алды жантайып.

Батар күнге тесілді – бастан дәурен өткендей,
Шалғымен қош айтысар соңғы сәті жеткендей.
...Періште күн, қайран шақ, кетесің-ау көкке өрлей,
Көк шалғыннан пыр етіп көз жаздырған кептердей!

1975 ж.

СЫБЫЗҒЫ ҮНІ

Сыбызғы үні, сырлы әуен,
Сикырыңа тәнті едім.
Жанарымды сулар ең..
Тәкаппар ең дарытпас
қайғының да тәлкегін.

Бұл өмірдің мұңы мен
қуанышы өлшеулі.
Сыбызғының үнінен
Қайғыны ұғам бақытты,
Бақыт көрем ең шерлі.

Үлбіреген гүл мінез,
Ерікті алған ерке наз,
Жәудіреген нұрлы көз
Саған жиі кез болмас –
Дүние шолақ, келте жаз...

Кеудеңе кеп сары құс
ұя салса – сен тербет.
Мұндай мұңды сағыныш
Енді бәлкім жолықпас,
Бүгінде бар, ертең жоқ.

Сыбызғы үні, сырлы әуен,
Кеудеме қон, қайт маған.

Мұңлы дүние, нұрлы әлем...
Әні екенсің арманның,
Адам тілі айтпаған.

1978 ж.

* * *

Ұға білсең, бұл өмір – ұлы сынақ,
Тұра бермес алдында жылы ұшырап.
Күн шығады лайықты жауап күтіп,
Ай туады дайындап ірі сұрақ.

Бұл өмірде сан сапар, бел асасың,
Талқысын да көресің, тамашасын.
Бір билетке қол созған студенттей,
Жаңа күннің есігін сен ашасың.

Уақыт – қуғын, көнбейді мол аялға,
Секіресің, жолықсаң жолай орға.
Бір үтірден жаңылған оқушыдай,
Оқыс омақасуың – оңай ол да.

Үміт, күдік андысып, кезектейді,
Екеуіне, белгісіз, не жетпейді.
Ортасында олардың күйіп-пісіп,
Қуырдақ боп бір жүрек безектейді.

Елендейсің құс-уақыт хабарына,
Сәт тілейсің баспаған қадамыңа.
Шешіп болмай бүгіннің күрмеулерін,
Келер күннің қарайсың қабағына.

Сыры терең, қыры мол өмір – сынақ,
Шыға бермес алдыңнан жеңіл сұрақ.
Оңай билет таңдаймын деп жүргенде,
Орын таппай қалмасын көңіл-сынап.

1980 ж.

ЛАШЫН

Көңілімнің көгіне
Шырақ алып шығасың,
Жүрегімнің төріне
Ұя салған лашын.

Толқындарын қанымның
Ескек болып ұрасың.
Жалқы ұшқынын жанымның
Жарк еткізген лашын.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сермеп-сермеп ұрғандай
Өршіл ұлан құлашын,
Қушық денен құмғандай
Құзарт көктен құласын.

Жазғырмайын сені мен
Жыртқыш деп те, жауыз деп.
Бұл дүниеде жемінен
Бас тартатын ауыз жоқ.

Жорғалаған жыланның
күйігі боп, соры боп,
Тұяғындай құланның
Тырнағыңмен соғып өт.

Қыранға тән құлықпен
Екі өкпенді қысасың.
Құзырланам қуып мен
көңілімнің құсасын.

Күрке тауық секілді
Күйез тірлік ұят-ақ.
Желге тосам бетімді
Сенен дабыл, мият ап.

Өрмін деген жігіттер
Өжеттігін сынасын,
Уысыңа бүріп көр,
Шын кайсарлар шыдасын.

Қол тоқпақтай қалпында-ақ
Бұлағайсың, бұласың.
Қақ төбемнен жарқылдап,
Ағып бір өт, лашын.

Құлдилап кел, ездердің
құм жігерін сусытып,
Алау атқан көздердің
Ақ моншағын ыршытып.

Сәулесіндей Күн, Айдың
Құйылып кел, лашын.
Құлқыны емес, Құмайдың
Құлқы жуар күнәсін!

Жүрегімнің төріне
Ұя салған қыран өр,
Көңілімнің көгінде
Қалықтап сен тұра бер!

Самға, самға төбемде,
Үрей бұлттын ыдырат.
Арманым боп сен өрле,
Көз ұшында зымырап.

Шарла, шарла, шалт құсым,
Бұлтты көкті бұрғылап,
Батылдық пен мәрттіктің
Дауылпазын ұрғылап.

1983 ж.

ҮМІТ

Кең дүние, келем сені
нұрлы үмітпен айналып,
Намысым мен өр еңселі
жігеріме қайралып.

Қалмасын деп тегін олжа
қанжығама байланып,
Ар жебейді мені жолда,
Күнім ашық, Ай жарық.

Кес-кестейді күдік қара
Дегбірімді кейде алып.
Үзілмейтін үміт қана –
Бойға қуат, ойға құт.

Сенімімнің қарлығашы,
Кеттің мені қайда алып?
Арман-таудың қарлы басы
көрінбей-ақ қойды анық.

Жүрегім-ау, қалғымашы,
Мені жолда қалдырма.
Арман-таудың қарлы басы
тұрған шығар алдымда?

Жетсем деумен сол тауыма
Альпиниске айналып,
Үмітімнің арқанына
Келемін мен байланып!

1984 ж.

КӨШ. ИТТЕР

Іздей ме екен жылы орын жүрегімнен,
Құлағыма ұрылды күйкі үн неше.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өз-өзімнен елегізіп жүремін мен,
Жан-жағымнан абалап ит үрмесе...

Көш соңынан кашанда ит үретін,
Ит үрді-ау деп етпей-ақ ешкім елең.
Жайлауына жетіп ел үй тігетін,
Кой, жылқысын шұбыртып ешкіменен.

Ит үретін. Көз тігіп тамашаға,
Қызықтайтын әр елдің жараны көп.
Қыз-келіншек, шал-кемпір, бала-шаға:
“Әнеки, бір көш кетіп барады!” деп.

Көш ұзайды, ал иттер қалыспайды,
Жер тырмалап, ұпайы түгенделмей.
Көпке дейін жақтары қарыспайды,
Ата жауын өткізіп жібергендей.

Көштің сәні келмейді – шәбеленген
бірер иттің шығармай арам терін.
Асқан көш бұл сан белес, төбелерден,
Қасиетті қоныс қып далам төрін.

Мейман келсе ауылға – ит үретін,
Иттің даусы кететін алыстарға.
Аз көрдім бе мен оның хикметін,
Күймесімен уақыттың жарысқанда.

Бір ауылдың мейірбан қартына кеп
тұлпарымды алам да тағалатып,
Алғыс айтып бұл елдің халқына көп,
Кете барам иттерін абалатып.

Шалқактаймын, кеудемді желге керіп,
Жүрмеген соң өрт қойып, ұрлық қылып.
Адамдары ақ көңіл елге келіп,
Аттанамын иттерін дүрліктіріп.

Шүкір, біз де аман-сау жүрміз бүгін,
Соңымыздан әредік ит үргізіп.
Ит үреді... Жалғасар тіршілігің:
Қалам ұстап, жер жыртып, үй тұрғызып.

Аяқ асты тап беріп, кез болғанда
байғұстарды мүсіркеп аядым ба:
Үзеңгіме секірген жазғандарға
тиген емес қамшым да, таяғым да.

Ит иттігін жасамай тұра алған ба,
Оған ерсең, өзін де сол боларсың.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Итке өкпе жүрмейді, мұны аңғар да,
Жолдан қалмай тарта бер, қолда – қамшың.

Итпен ит боп жетіскен пенде бар ма,
Қанқу-санқу қайғы емес ер жігітке.
Одан дағы жолыңды өрге жалға,
Бұлт өңгер, қанжығаңа желді бүкте.

Өлермендік – ит мінез, мұны аңдасаң,
Ер көңілмен ежелден – өрлік егіз.
Екі-үш итті шулатып жүре алмасам,
Онда... онда мені де өлді деңіз.

...Іздей ме екен жылы орын жүрегімнен,
Құлағыма соғылды күйкі үн неше.
Өз-өзімнен елегізіп жүремін мен,
Жан-жағымнан абалап ит үрмесе.

1985 ж.

МАХАББАТ АЛЛЕРГИЯСЫ

(Аллегория)

Сенбеймін!

Айтпа маған!

Жалған бәрі!

Қанша рет аңғал жүрек алданбады!
Енді сен көгертем деп әуре болма,
Көңілдің курап-семіп қалған бағы.

Қалайша сиқыр күлкің жанды арбады?
Шыққыр көз шын сырынды аңғармады.
Қыл шылбыр шокқа түсті – шорт үзілді!
Енді оның мүмкін емес жалғанбағы.

Сені әкеп маған қосқан қара кеште,
Мен сонау қырсық күнді алам еске.
Ақ бәтес шыт сыйладың... Қызыл кестең –
қарды ойған жас қыранның қаны емес пе?!

Мен онда ойладым ба алданам деп,
Сол үшін мені Құдай қарғаған деп.
Қолыңа тағдырымды тапсырғанмын,
Түбінде бақыт жолы сол болар деп.

Сенгенмін сенудей-ақ сенген кезде,
Қайтадан оралмаспыз енді ол кезге.
Таппаспын деуші ем сендей адал серік,
Дүниенің төрт бұрышын мен кезгенде.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мән бермей артыңнан да ерген сөзге,
Көніп ем көнудей-ақ көнген кезде.
Белгілі болды сенің кім екенің,
Осынша аярлықты көрген кезде.

Мен сенен күтіп пе едім бұл мазақты?
Көтеріп қала бердім күллі азапты.
Жалаңаш шала жанған шок-жүрегім
Қап-қара көмір болып күлге батты.

Білемін, керек емес енді ол саған!
Үміт те қара күйе болды аңсаған.
Енді одан отқа көмген картоп артық,
Май шамдай қалтырайды тоңған санам.

Қаңтарда жай түскендей тас төбемнен,
Тап болдым мазағыңа, масқараң мен.
Сытырлап кірпіктерім сынды менің,
Мұз керіп жанарымды жас бөленген.

Желтоқсан, қаңтарменен – сол бір-екі ай..
Сұмдық пен сұрапылын келді тақай.
Бұл жаным – қасқыр шапқан қораға ұқсап,
Шұркырап шыға келген көп құлын-тай.

Кім тепті: мен бе, сен бе – бақты аяқпен?
Сұр жылан кетпейді екен шақпай, әттең!..
Барады сары сайтан сақ-сақ күліп,
Сапырып көз жасымды саптыаяқпен.

О, сенің сайтаның-ай, сайқалың-ай,
О, сенің сойқаның-ай, шайпауың-ай.
Бетіңнен зәрің шашып, әбжыланша
басыңды оңды-солды шайқауың-ай.

Қараптан-қарап тұрып ендіктім ғой,
Жау шауып, жын қумай-ақ мертіктім ғой.
Қапыда у жалаған қайран ердің
Қайырсыз тағдырын да енді ұқтым ғой.

Сен кеше пір тұтып ең мені қайтіп?
Сертіңнен шыға бердің енді тайқып.
Кез еткен сендей доңбет жүзіқараны
Тағдырға өтермін мен қарғыс айтып.

Мен сені ойлап па едім осындай деп?
Еркіне бағынып ем тосылмай көп.
Жанымның жапырағын қалтыратты
Сокқандай қара дауыл – тосын жай кеп.

Өргенді көк жайлауым – күлі қалды.
Дұспанның көре алмаған қыбы қанды.
Жоқ, енді сене алмаймын, жолым бөлек,
Кеудемді желдей кеулеп күдік алды!

Бақшамда үсік жүріп ашық күнде,
Алдым мен сабырымды шашып мүлде.
Жо-жо-жок! Керек емес! Енді маған
әзәзіл сайқалдыққа басып күлме.

Жыланның жотасындай бүлкілдеген
бетіңнен ысылдаған күлкің көрем.
Арбайсың, алдайсың кеп тағы мені,
Бөксеңді бұлтыңдатып іркілдеген.

Ерем деп әуеніне кесір күйдің,
Мен кеше көңілімнің десін кидым.
Тәлкегін сұм тағдырдың кеш ұқтым да,
Еңіреп жүріп, әрең есім жидым.

Мен кеше жүрегімнен жырақ тұрдым,
Мәніссіз, жынды адамша жылап-күлдім.
Жібердім айырбастап асылымды
Алдамшы бір сәтіне жұмақ түннің.

Сен кеше маған қандай ұнап тұрдың!
Құмартып, құшағыңа құлап кірдім.
Жанымның шырқыраған балапанын
Аузына аждаһаның лақтырдым.

Мен сенің құлақ кесті құлың болдым,
Сен менің сорым емей, кімім болдың?
Кереге, шаңырақсыз лашық пен
Иесіз жұртта қалған құлын көрдім...

Жәбірден жәутендеген көздер көрдім,
Қабірден жан тербеген сөздер көрдім.
Ол – менің сен жерлеген махаббатым,
Айт өзің: мен бе, сен бе – өзгерген кім!

Түсімде құлазыған мола көрдім,
Ішімде – түрі азыған дала көрдім.
Мола да, дала да ол – өз жүрегім,
Қан жылап, қайран таппай қала бердім.

Ақ танда – інге кірген көп із көрдім,
Ақшамда – өртке бөккен теңіз көрдім.
Көп із де, теңіз де ол – іштегі арман,
Ал одан күдерімді мен үзгенмін.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Біз кеше қандай едік, балдай едік,
Молаға бір кіретін жандай едік.
Сеніскен көңілдердің ақ гүлдері
бір түнде кеткені ме қардай еріп?

Жаныма кінәратсыз – жақтың жала,
Мен содан жазылмайтын таптым жара.
Сол жара жан сыздатып, мәнсіз бақыт
жерітті... қаңсып қалған жат жылғада.

Сол жылға – кеше ұлы арна еді ғой.
Алғаусыз ақ махаббат арда еді ғой.
Ата мен аға шулап сонда маған:
“Жансыз жау жар астында бар...” – деді ғой.

Мен бірақ ол сөздерге дес бермедім.
Зымиян күлкінді де ескермедім.
Мойныма оратылды ақ білегің,
Жүрегім қақты менің... Төске өрледім.

Өзге емес, өзім болдым шын алжыған,
Айыр тіл арбап апты шіл аңдыған.
Орнынан ақ білектің – бір мезгілде,
көрдім мен иреңдеген шұбар жылан.

Не пайда бармағымды шайнағаннан,
Жыртқыштың жемі болған қайран арман!
Әлімді әрең жиып, сермеп қалдым
қанжарын намысымның қайрап алған.

Есімде білегімнен шап бергенің...
Үзіліп бара жатты, әттең, демім.
Ес жиып, көзімді ашсам, демің шарпып,
сыбырлап: “Өзіңді ая, сақ бол!” – дедің.

Қайтадан тағы естілді сиқыр күлкің,
Ашылды шайдай менің ұйқым бұл түн.
Орнымнан шошып тұрып, тұра бездім,
Жанымды тітіретіп сиқың-сұрқын.

Кеше біз берісіп ек тәтті ерулік,
Неге енді жат көріндік, қатты егілдік?
Өр өзен жағасында табысып ек,
Қайтадан сол жағада қак бөліндік.

Арадан суық сөздер өтті жүріп,
Ызғары жүрек етін кетті тіліп.
Енді біз ата жаудай қарасуға
дайынбыз, кеудемізге кек бітіріп.

Болары болғаннан соң, бұрынғы әннен –
тамтық жоқ, құр далбаса – құбылғанмен.
Жылытпас жүрек түгіл, саусақ ұшын –
Қылшығын өлген оттың суырғанмен.

Бекерге әуре болма ынтық жанша,
Бетімді оскылайды күлкің қарша.
Ұмытпас қан жалаған қайран жүрек,
Сол түннің сейілтсең де бұлтын қанша.

Сен мені еліктірем деме енді,
Кеткенмін қоздырудан делебемді.
Бүтіндеп, бүршік тағып, қайта тігем,
Қисайып, қирап қалған керегемді.

Обал жоқ өзіме де. Ебелекпін.
Отқа кеп өзі ұрынған көбелекпін.
Балауса орманыма балта ұрғызып,
Жанымның жас гүлдерін тепкілеттім.

Не таптым? Мен бір бейбак шашын жұлған.
Айрылдым қымбатым мен асылымнан.
Шығам деп көңіліңнен, шырқыратып,
Балапан ойларымның басына ұрғам.

Сырқаумын – канатымнан майрылғанмын,
Мылқаумын – тіл-ауыздан айрылғанмын.
Жасырып ауруымды, құр даурығып,
Қалпақпен аспандағы Айды ұрғанмын.

Мен қайтіп жасырмасты жасыра алам?
Әйтеуір жан кеудеде, басым аман.
Кешегі патша көңіл – енді пақыр,
Сыйың да, сыбағаң да – осы маған.

Жаза ауыр адал жолдан тайған жанға,
Сен алдап – мен ашындым, қайран қалма.
Сырың бір ашылған соң – сиқың мәлім,
Артыңды жабар енді қайлаң бар ма?!

Жоқ! Енді көне алмаймын мазағыңа!
Мен қамшы көтеріппін өз арыма.
Көрдің бе, қайта толған теңізіме
келеді қаптай ұшып қазы ағыла.

Шыдамым түгесілді, бітті шараң!
Жоқ енді мені бөгер сенің шамаң.
Тәуекел, белді будым, қош бол енді,
Өзімді алдағаннан мен не табам?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қудая, қайта жанды өшкен санам!
Мен енді бағынамын жалғыз соған.
Тіліме қызған темір бассаң дағы,
Ынтық сөз бұрынғыша айтпас саған.

Кен еді – бұл жүрегім, көңілім – көл,
Кеулете қаздың келіп, жерігің бе ол?
Құлазып қалды орнында қуыс кеуде,
Сөйтіп кеп, дейсің тағы: “Серігім бол!”

Сеніп ем сенудей-ақ сенген кезде,
Көніп ем көнудей-ақ көнген кезде.
Қадірі сыйластықтың кеткеннен соң,
Не қалды айтысқан серт, берген сөзде?

Сенбеймін! Айтпа маған ертегіңді!
Кеш еттім ертегіңмен ерте күнді.
Ештен – кеш... Өткен өтті... Өгейсітпей,
Алайын өз қолыма ертеңімді.

Не болып, не қоймады баяғыда..
Өткенді саудалама, қой оны да.
Ант ішіп, өлердегі сөзіңді айтып,
Оралма енді менің аяғыма.

Сенбеймін! Уәде-сертің арзандады!
Қанша рет сенгіш жүрек алданбады?!
Махаббат өлген күні – мен де жоқпын,
Бекер ол – бар дегенің! Жалған бәрі!

1988 ж.

КЕРТОЛҒАУ (Антиода)

Жауыздықтың жалауы – шындық болса,
Сұлу сөздің ішіне сұмдық толса,
“Әділет!” деп, зұлымдар ұрандаса,
“Адалмын!” деп, аңқауды ұры алдаса,
Сасық пандар “елім!” деп еңіресе,
Ақысына – азық қып сені жесе,
Езуінді айырып, әрмен барып,
Кеңк-кеңк күлсе, айызы әбден қанып,
Содан кейін арқаңнан қаққан болып,
Қамқорсынып, аярып, мақтан көріп,
Қан жалаған аузыңды шөппен сүртіп,
Ойнағандай қытықтап, беттен түртіп,
Еркелете сөйлесе, ебін тауып,
Сесті зілмен жасқантып ауық-ауық,

Көнсең – осы, көнбесең – жаннан шошы,
Жомартсынып – түскенде көңіл хошы,
Уәдеге қарық қып, бөсе-бөсе,
“Жертөлеге алтын шам жағам” десе,
Ойда – жасак, құрғаны тауда – қасап,
Қасиетті сезімді саудаға сап,
Саясаттың көріпкел тәуібінше,
Сәуегейсіп, бас бағып, ішіне енсе,
Бұта басын сындырмай, іс тындырмай,
Өтірікті жел сөзбен етсе шындай,
Шын пиғылын, түпкі ойын жасырғансып,
Орны бөлек, біртуар асыл жансып,
Бірегейлер “Алға!” деп жар салса кеп,
Шүрегейлер арыса арса-арса боп,
Кеңсірігі сасыған кердең байлар
Азаматы атанса, енді, елді ойлар,
Жетесіздің төбесі көк тіресе,
Жерге салып жетімді тепкілесе,
Көкектен – би, көжектең батыр сайлап,
Қыранға ақыл қарға айтса батыл сайрап,
Ток қасқырға той күні қой бақтырса,
Ол антұрған өз ісін ойлап тұрса,
Жауыр атты сауысқан күзетке алса,
Сұр жыланның сұрына ізет қонса,
Тұлпар тұрып, жабыны жұрт мақтаса,
Сұңқар құрып, қоныз бен құрт қаптаса,
Қырттан – шешен, қыңырдан көсем шықса,
Ұлықсыған ұрдажық есенді ұтса,
Ел жоқшысы – шойын бет шонжар болса,
Көптің мұңын жаны ұққан дегдарларша,
Аталы сөз айтқансып, қиналғансып,
Жүрегіне бар жақсы сыйған жансып,
Өтірігін алдымен өзі біліп,
Іштей күліп, сырттай жұрт көзі қылып,
Қалың жауға шабардай жалғыз кіріп,
Емексітіп, еліртіп, қан қыздырып,
Ере шапқан қиқушыл қара-құра
Жын қуғандай арам тер болса бұл да,
Иттен үркіп, беталды зытқан лақша,
Айдалаға мақсатсыз босқа лақса,
Айғайшының онымен ісі қанша,
Өз шаруасын түгендеп, үйде жатса,
Бөртіп бөккен сұлыға тойған атша,
Кеселденіп, кекіректен, ықылық атса,
Арам ісі жанына майдай жақса,
Шырт түкіріп, шырланып, жымың қақса,
Қиыспастың қиюын, қыбын тапса,
Құдығына құлып сап, суын сатса,
Құлынына биенің құнын сұрап,
Бірін сынап қауымның, бірін сыбап,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Көзбен арбап, біреуді сөзбен алдап,
Мата орнына өткізсе бөзді амалдап,
Сезе тұрып осыны, іштен тынып,
Қолдан келер қайран жоқ, діңкең құрып,
Тығырықтан шыға алмай жүдеген соң,
Ығырлықтан ыржандап күле берсең,
Сазды ойпаңның бақасы сияктанып,
Ішек-қарның шұрылдап, жүрек талып,
Хал кеткенде, бай ұлы келе қалса,
Қаршығанды қолқалап, салмақ салса,
Мың жылқылы шұбар төс, шынжыр балақ,
Бұт артар бір жорғанды алса қалап,
Біреуі аған, бірі інің – бәрі ағайын,
Қысылғанда бермейді-ау аттың майын,
Бар байлығың – төрт-бес қой, қотыр тайың,
Тесік байпақ, қаудыр тон, қалқатайым,
Еткен еңбек, төккен тер – ізі-қайым,
Қауқиғанмен, белгілі сенің жайың,
Саудың басын даулы етер – сары уайым,
Сабырға көш, оңынан туар айың,
Жорта жылап, жоқ жерден ерсінген бар,
Шын мен жалған – от пен күл, сол сырды аңғар,
Шоқпарлыны “ер” деме, көре салып,
Бәрі бірдей Қабанбай емесі анық,
“Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған...”
Көзге түскіш кейбіреу дызбақтаған..
Қорқақтан – мәрт, жасықтан асыл бөлек,
Оның парқын білмеген опық жемек,
Көп үстінен күн көрген бейнетсіз жан,
Сіздің ойда не барын ұқсын қайдан,
Ішкені адал, жегені ақ, ары таза,
секілденіп сырт көзге, мойнын соза,
Сонысы үшін алғысты және де алса,
Сый-сыяпат, атак, даңқ... – эне, қанша?!
Ауырсынбай көтеріп соның бәрін,
Адымымен жер ойған, дүлей арын,
Қорған болып жаныңа қайдан келсін,
Оған сенің тек қана пайдаң болсын,
Осыны ұқ та, азамат, арыңды ойла,
Қайыры жоқ ханға да қолың жайма,
Жуан иттің құйрығы жол салады,
Екпінінен күштінің жел соғады,
Шаң боп қонып, қоға боп жапырылсаң,
Онда кімге өкпең бар, өзің солсаң?!
Сырты сұлу қобдидың – іші күмән..
Жатпасына кім кепіл улы жылан,
Кызыл тілде буын жоқ, сөзде – өлшем,
Ішін барлап, ісін бақ – өзгеге ерсең,
Жанашырың бүгін көп... Соны білсең –
Қайсысы оның қасында қалады ертең?

Кей тілектес кигізсе тойыңа тон,
 Қойы бірге біреудің – ойы бөтен,
 Тең-теңімен... Не күтер жарлы байдан?
 Тәрдегілер есепсіз етпес қайран,
 Ерте тұрып, кеш қалған – мәнсіз сайран,
 Өкініші, сірә да, кетпес ойдан,
 Қайтер едің, еш болып нұрлы үмітің,
 Құр тұлыпқа мөңіреумен өтсе күнің,
 Сенген қойың арық боп, саның соқсаң,
 Қазы керткен қолыңмен қауын сатсаң,
 Дүние – кезек, дүмшелер тізгін ұстап,
 Олар – түзді, сіз мұнда – мұзды қыстап...
 Қарынбайлар тереңге бойлағансып,
 Шикі надан шіренсе, ойлы адамсып,
 Ердің қолын жоқ байлап, ез өрлесе,
 Жақсы ұмыт боп, жаманның сөзі өлмесе..
 Ток балаға аш бала мұңын айтса,
 Тонған – тонды мырзаға сырын айтса,
 Күліп барған қарызың жылап қайтып,
 Уәдешіл – сөзінен кетсе тайқып,
 Күнәһарға – шен-шекпен, куәға – сот,
 Қыран сөздің тажалы – жылан өсек...
 Күйінішін өзгенің күліп тыңдап,
 Әрең айтса әр сөзін ұлық пұлдап,
 Ырысынды алаяқ төксе шайқап,
 Орап өтсе алдынды, өртше жайпап,
 Сандалбайлар сау миға ине сұқса,
 Е дегенше екі жеп, биге шықса,
 Жұлқыласа жуасты, кезеп келіп,
 Запы көңіл зарланса, безек болып,
 Дәлдір – соқса ұлағат, өжеттеніп,
 Қаңғып кетсе данышпан, тезек теріп,
 Судың кілтін тапсырса сұмырайға,
 Ыстық тілек айтқызса суық ойға,
 Токал қойдың камқоры – бұқа болса,
 Тоғай тозып, орнында бұта қалса,
 Сырты күміс, іші алтын, қайран адам,
 Іші бақыр, сырты алтын, майдалаған..
 Жанындағы жақсыны күндей білген,
 Кімге шікірә боларын білмей жүрген,
 Шірік картоп секілді небір кеше,
 Құнын пұлдап, қымбаттап шыға келсе,
 Амалсыздан шіркіннің аузын бағып,
 Картобынды қылғытсаң қаужың қағып,
 Саудагерге саулы інген – бағы жанса,
 Шаш етекпен пайдаға бата қалса,
 Дедектеген сукиттың қарны толса,
 Күзеттегі сақшыны қалғыта алса,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бәрі ақыры жиылып, жанын салса,
Бейнетқордың бүргеше қанын сорса,
Парақор мен жалақор құдаласса,
Уәждеріне әділ заң құлақ асса,
Ұлық жасап ұрлықты – қара басса,
Мұны көріп жағымпаз, тұра қашса,
Бетсіз тентек тепсініп, төріңе озса,
Жендет келіп, жендеттің көрін қазса,
Көп шуылдақ алдында арызданып,
Көке мылжын жөн айтса, маңызданып,
Қырғи – көлге, аққуды шөлге айдаса,
Өрттің тілін құтыртып, жел қайраса,
Басынан қамшы кетпеген жалтақ атша,
Жарамсақтар көлгірсіп, жанталасса,
Үй ішінен жау іздеп, “Аттан!” даған,
Алакөзді ағайын – жаттан жаман,
Жақынынан өш алып, пасық ойлап,
Ақыны мен батырын берсе байлап,
Пиғылы өзге бөтеннің несі кетер,
Қасиеттіңді таптап бір, көші де өтер,
Өлі арыстаннан артық деп тірі тышқан,
Тірлігіңе мәз болсаң құйрық қысқан,
Кожайының басыңнан сипағансып,
Қолын қатты батырып, алса шымшып,
Желе жортып, майпандап, түссең жолға,
Алды-артыңа карамай, оң мен солға,
Арамзаның қырық кез құйрығы алдап,
Ой мен қырды шулатса, үйді лаңдап,
Содан жаның түршігіп, жаран сыздап,
Түңіліп те шошынып, жағанды ұстап,
У жайлаған денеңнен жүрек қашып,
Қаңыраған көңілің жүдеп, жасып,
Сеніміне – күдігің болса басшы,
Ішіңе бір запыран толса ащы,
Жігер құм боп, ақылың қалжыраса,
Айла күліп, тұншығып Ар жыласа..
...Қатты шошып оянып ұйқысынан,
Түсін айтып жорытып бұл шытырман,
Жауап күтсе өзіңнен байтақ елің,
Қайтер едің,
Ағатай, не айтар едің?!

Желтоқсан, 1988 ж.

БҰЛ ҚАСЫМ

...Қасыммын. Қасым болсам, қай Қасыммын?
Оны айтсам, ақын емес, жай Қасыммын.
Әйтсе де тағдырымда ұқсастық бар,
Мен де бір алған беттен таймас ұлмын.

Шыныңды жақынға айтпай, кімге айтасың?
Ақынның рухы қолдап, судай тасын!
Мен де бір өз жайымда сыр қозғайын,
Ол Қасым бұл Қасымды бір байқасын.

Кәсібім құрылысшы. Шошымағын.
Адалдық – ризағым, досым – арым.
Отбасым: ұл-қыздарым, жар-қосағым,
Жайымды білгің келсе, осы барым.

Қалаймын іргетастан ел ертеңін,
Маңдайдың тамшылатып төгем терін.
Өзімдей тарыққан мен зарыққанды
Бақыт пен қуанышқа кенелтемін.

Жартыны бүтін етем, өзім жарлы,
Дон Кихот секілдімін, жомарт жанды.
Мен қайтіп отызымда орда бұзам,
Басымда лашық та жоқ, өтті зары.

Мен ақын болмасам да, жырды сүйдім,
Жыр сүйген жүрегіме жылу жидым.
Жаны асыл жақсылардан қалған сөзді
Жадыма тоқып өсіп, ойға түйдім.

Жастықтың жалын күні бастан ауды,
Сонда да тастағам жоқ астанамды.
Ұлы ақын жаққан отпен жылытамын –
Өзімді, әйелімді, бес баламды.

Ел осы ерке ұлдарын аялай ма?
Ақынды жеңген тағдыр мені аяй ма?
Бірақ ол тағдыр емес, тас көздер ғой,
Соны ұқсаң, іш қазандай қайнамай ма?!

“...Дүниеге келер әлі талай Қасым...”
Солардың бірі деп, жұрт, мені ойласын.
Ақынның армандаған жалғасы боп,
Жоғалтпай ұстап келем шар айнасын.

“Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын...”
Сыры бұл – бір басы емес, мың Қасымның.
Егіздің сыңарындай қайталанған
Тағдыр мен тарихы бар бұл ғасырдың.

Мәңгілік мекенінде Қасым жатыр..
Енді оған керек емес алтын шатыр.
Ақынның өзі тартқан азап пен дерт
Дәл бүгін ұрпағының басында тұр!

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өкпесін ұлы ақынның сыз қапканда,
Мұңсыздың кірпігіне мұз қатқан ба?
Сол сурет қаз қалпында: ер – бір оқтық,
сұм түлкі соғылмайды жүз қақпанға.

Арсыз бен айлалылар әлі күйлі,
Ақ-адал намысқойдың жаны күйді.
Бастырып әділ заңның бал бармағын,
Бай алды жақсы тұрмыс, жарық үйді.

Біреулер балпандайды, талтандайды,
Жиі ат аустырып, там таңдайды.
Тойғанға май – топырақ, аш тобырға –
Ел аман, жұрт тынышта талқан қайғы.

Жел соқса – селеу басы қалтандайды,
Жапалақ – қарға көрсе жалпандайды.
Қолына кісен тұрмас ер жігітті
Таршылық тас қазыққа арқандайды.

Жарлының жас құрағы жалтандайды,
Жаралы көздерінен қан парлайды.
Өзегін қарып өткен кара суық
Жанының нәзік қылын талқандайды.

Папасы бар болғанмен, панасы жоқ,
Жүректе қаршадайдан жарасы көп.
Әлдекім айтса айтар: “Жұмысшы емес,
кәдімгі кайыршының баласы”, – деп.

Мұңы емес бұл да менің бір басымның,
Жан сыры өзімдей сан мың Қасымның.
Төре мен қараға тең пәрмен болса,
төзер ем... Жасырғаннан – кімді асырдым?

Үйі бар – жұрт жаңартып, кеңге көшті,
Күйі бар – ойды тастап, дөңге көшті.
Әлдене дәметкендей әділ қазы
аузын қу шөппен сүртіп, шөлге көшті.

Өгейлік көрем деп пе ем өз елімде,
Тең болсам, қиянатқа төземін бе?
Әкімдер әлділердің сөзін сөйлеп,
Бір үйге жетпей қойды кезегім де.

Атағым шықпаса да мен еліме,
Азамат атын алып келем, міне.
Көшеде қатын-балам қаңғып қалса,
Өлген соң маған көрдің керегі не?

Сондайда оймен жанды жаралаймын,
Әйтпесе, елді неге қаралаймын.
Өкпелеп шешесіне, алдындағы
көжесін ішпей қойған баладаймын.

Кегім жоқ тағдырға да қаһар төккен,
Қайтатын ойым да жоқ алған беттен.
Әр үйдің отбасына бақыт тілеп,
Қалаймын әр кірпішті “Отан!” деп мен.

Бөгдеге қастығым жоқ, ниетім дұрыс,
Қаһарым, шамырқансам, алмас кылыш.
Зорманның Күшті атасы ақымды алып,
Атандым өз Үйімде Жетім Бұрыш.

...“Барам...” деп хат жазыпсың, кластасым,
Қоятын сен емессің жуасқа сын.
Үй тар деп қорынбаймын, көңіл кеңде,
Кел, шала шабылайын тыраш басым.

Үйірлі жылкым да жоқ, жүз қойым да,
Аш лақ маңырайды ізгі ойымда.
Ақынға көше берген қайран қазақ
Қимас па бір кереге біздей ұлға.

Ұрпағы ұлы ақынға жыры үшін де
қарыздар. Мұңы бірге, сыры ішінде.
Мен сенем: сол Қасымдар бір көшеді
Кең... жайға – өлгенде емес, тірісінде!

1989 ж.

ӘЛДЕҚАНДАЙ

Әлдекандай, дегенде, әлдекандай,
Әлдекандай болғандар дәндеді, Алла-ай!
Манызданған түрін айт, мардымсынып,
Манайында теңі жоқ мәнді адамдай.
Кісімсініп, ісініп, тыраштанып,
Әлде жардай болады, әлде нардай.
Килікпейтін ісі жоқ, дүниеде
жоқ секілді әмбебап әрнеге ондай.
Солар ғана күй шертіп, жәнede ешкім
айта алмайтын сияқты әнді олардай.
Сүйген құлы Алланың – өзі ғана,
Құдай артық жаратқан әулие жандай.
Күллі әлемнің – мойнына жүгін артып,
Ұсақ-түйек тірлікпен әуре болмай.
Қайғысына біреудің арып-ашып,
Таксіретін тартқандай әбден оңбай.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Міндетсіген сыкпыты бір керемет,
Адамзатқа ғұмырын арнағандай.
Тілі майда, бүрі жоқ табанының,
Сөзбен алдап, көзбенен арбағандай.
Жүрсе – аяғы жер баспай, майпаң-майпаң,
Дөңгеленіп семірген жорға малдай.
Мысықша бір көздерін ашып-жұмып,
Есінейді ұйқысы қанбағандай.
Өрге шыққан адамша ыңыранып,
Әр лебізін алтынға саудалардай.
Арзан беріп, орнына маржан алып,
Ақылымен аумағын жаулағандай.
Шекірейіп, шертіп тұрған қалпы –
Жалғыз өзі мың десте баулағандай.
Қызыл көрсе, көзінің иі түсіп,
Қашқан аңды індетіп аулағандай.
Өзіне-өзі тамсанып бір кеткенде,
Табындырып баршаны баурағандай.
Пиғылы жат болғанмен, қимылы сақ,
Хак жолынан қалт етіп аумағандай.
Көмейіне бұлбұл құс ұя салып,
Асыл гауһар аузынан саулағандай.
Жарық дүние – жалғанның бар бақыты
Бір өзінің басына орнағандай.
Ол күлгенде – Күн шығып, қабак түйсе –
көктің жүзін қара бұлт торлағандай.
Момын жанның мойнына құрық салса,
Шаттанады шайтанды алдағандай.
Көптің тезі түсірсе тәубесіне,
Тәнірісін қарғайды, сорлағандай.
Ұмытқанда Құдайын, шел көзденіп,
Сиынғаны өмірі болмағандай.
Күдірейіп, жалданып, сыз беттеніп,
Қызметіне күллі елді жалдағандай.
Қырық тұтам қулығын ашып көрсе,
Сырық ұшын құрықпен жалғағандай.
Бермекке – жоқ, көрмек пен алмаққа – дөп,
Кеңірдегін созады, толмағандай.
Нан жемейтін секілді – ең алдымен
қазы-карта, жая мен жал жеп алмай.
Қашқан аңды қазулы орға қамап,
Ұшқан құсты тор құрып қармағандай.
Алтын балық қуана өзі келіп,
Қара суда қармағын қандағандай.
Қақырығы – алтын, күміс боп түкірігі,
Басқан ізіне таңырқап ел қарардай.
Көзіне де ілмейтін көп тобыр кеп,
Көлеңкесін паналап қорғалардай.
Ыстығы асып, аузынан буы атқылап,

Өмірінде бір рет тонбағандай.
Зәресі ұшып қорқады: көрінуден –
дарынсыздау немесе кембағалдай.
Сөйтіп жүріп кедейдің жоқшысы боп,
Алақанын жая ашып зарлағандай.
Зарлап жүріп тапқан мен таянғанын
қалтасынан жарлының алмағандай.
Өзіне-өзі риза, көңілі өсіп,
Қарсыласын ұқсатып жеңген андай.
Біліктімсіп, білгірсіп, биіксініп,
Жұртты үйретіп, өз ісін жөндеп алмай.
Бірер мінін байқамай айтып қалсаң,
Кісілігін боласың қорлағандай.
Сотпен басың қатпаса, соған шүкір,
Арызын ол Құдайға жолдағандай.
Бұл түрімен өзі де орнын тауып,
Көкке ұшатын секілді, жерде қалмай.
Әйтпесе ме... Теңі жоқ бұл шіркіннің
жай пенде боп жүруі енді обалдай.
Әлдекандай, дегенде, әлдекандай,
Әлдекандай болғандар дәндеді, Алла-ай.
Пай-пай, шіркін, шімірікпес неткен сабаз,
Бұл дүниеде, олла-һи, жан жоқ ондай.

... Әлдекандай.

1989 ж.

* * *

Уа, жас қайың, жас қайың!
Мен бір ұран тастайын
Ұлы айғайға үн қосып:
Құрайық біз тездетіп
жеменгерлер қоғамын,
Даңқ қуайық бірлесіп!

Ау, аш құлын, аш құлын!
Жаныңда тұр қасқырың –
Қамқоршың сол ендігі.
Оған алғыс айтпай көр:
Сені жемей қайтпайды ол –
Барар жерің белгілі.

Ей, көк терек, көк терек!
Жапыраққа өкпелеп –
Тамырына балта шап.
Бүгін сенің кезегің –
Қырық құлаш айдаһар
қылғытпақшы алты асап.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жапырақ-ау, жапырақ!
Ақ лак сені жемесе –
Мойнын созып несі бар..
...Мынау жалған дүниенің
екі жүзді екенін
ебің барда есіңе ал.

1989 ж.

ЖҰРТ БІЛЕДІ ЖАЙЫНДЫ...

Жұрт біледі жайынды, жұрт біледі.
Сыралғы ел сырғақтап, сырт күледі.
Білгенінен не пайда, әлі күнге
Табылған жоқ СПИД пен кырттың емі.

Уәдеге біз тойдық. Сен тоймадың.
Толтырардай тобырдың олқы ойларын –
Аямадың, барынды судай шаштың,
Өзің бірақ бір сүйем ортаймадың.

Былайғы елге көріндің сабаз-ақ тым.
Сордың – кепкен жілігін каражаттың.
Ертіп алдың соныға аш-арықты,
Өзің бірақ жуандап бара жаттың.

Жұрт біледі жайынды, жасырғанмен,
Бір көргеннен таниды ел асылды әбден.
Әттен, әдет қалмайды-ау, неге әйтпесе,
Әлі жүрсің, ұрлығың ашылғанмен.

1990 ж.

ЖЕТЕДІ!

Жетеді!

Жетеді енді!

Әурелеме!

Қаусады кара шаңырақ, дәу кереге.
Қолынды малған қанды жалап тұрып,
Сұрқия жәдігөйсін “тәубе” деме.

Тәубеге келмес бұрын күнәнді жу.
Арзанға түспес саған лаң құру.
Ақыры алып тыңдың қапылыста,
Сен едің андысқан жау, сыралғы ку.

Жауыз ең тартып туған жатырыңа,
Көлгірсіп көңіл айтпа жақыныма.
Мойныға қан жүктеп кеп тапқаныңды
көжеңнің сеппекпісің қатығына.

Жаңылар, түлкі көрсе, қоян жолдан.
Аяғы аңғалдардың таяр жардан.
Адамзат әлі талай бармақ шайнап,
Опық жер екі жүзді аярлардан.

Жетеді! Басты ауыртып, бопсалама!
Жақын дос жат ұңғыға оқ сала ма.
Таныдым. Таттым зәрін. Тарттым зарын,
Болсаң да сексен іні, тоқсан аға.

1990 ж.

* * *

Әділ ханның жарлығы –
жауыз емес деменіз.
Қап тауындай қаулыны –
қауыз емес деменіз.

Дастарқанның мәзірі –
қазы-қарта, жал-жая.
Аш қарынның азығы –
картоп емес, идея!

Желім болса жегенің –
Жемісті аңсап мұңайма.
Шын витамин дегенің –
Шырында емес, ұлы ойда!

Арық койдың арманы –
Уәденің мол шөбі.
Ақиқаттын сорғаны –
Өтіріктің емшегі.

Біз сенеміз ал бұған,
Нағыз жайсаң жандарша.
Қап тауындай қаулыдан
тарыдай дақ қалғанша.

Менің қаулым – кәрі қыз:
толықсиды оң жақта.
Соны мактап бәріміз
ұзатпақпыз аулаққа..

1990 ж.

* * *

Әділет дейтін бетсізді
Айтпашы маған, ағасы.
Беделі түскен бес тиын –

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мен үшін онын бағасы.
Суынған көңіл бірдей-ді
Суалған көлмен, шамасы.
Ескі Ай да есіркеген жоқ,
Жарылқар деймісің жаңасы.
Қадалды улы қанжар боп –
Жауыздың арсыз жаласы.
Қорғансыз жаным қорланды,
Жазылмас енді жарасы.

1990 ж.

* * *

Мандайыңның арылмаған ку соры,
О, байғұс-ау, есіркейді кім сені.
Бір Алланың жазуынан басқада –
Қаралмаған қорғансыздың мұң-шері.
Көп жабының ішіндегі құр аттай –
Он “жаппастың” ортасында бір сері.
Қожайынның ымдағаны – құлға заң,
Ойланбастан орындайды бұл соны.
Саудың миын піскілесө инемен –
Өңшең маубас молда санап дүмшені,
Бүркітпенен ажал түртіп ойнайды –
Әттең, соны қарға шіркін білсе еді.
Арланның да азу тісі сырқырар,
Арыстанның шот-тырнағы бүрсе оны.
Айдалада ит-құс қуса, алдымен
қиылады аш-арықтың тірсегі.
Заң қақпанын құрған жерден – сарт етіп
ашылады заңсыздықтың күршегі.
Обал-сауап ойында жоқ шойын бас..
Болар ма екен арсыздықтың бір шегі?!

1990 ж.

СЕН...

Сен...
Сен басқаша сайрап ең кеше ерсініп,
Шыға келдің бүгін де шешенсініп.
Әттең, менің қолымда пышағым жоқ,
Алар едім жаныңнан кесел сылып.

Ұран салып сен кеше бері шаптың,
Сол айғаймен, ал бүгін кері шаттың,
Екі ұдай боп ел аң-таң... Тек сен ғана
Селт етпейсің... Нені алып, нені саттың?

Зордан асып зор шықса аты мығым,
Жылмандайсың, қақшып ап қақырығын.
Итке арнаған сөзінді мысыққа айтып,
Ауыстыра қоясың тақырыбын.

Қара басың болған соң – сиынғаның,
Сыққан биттің қанындай – сыйың мәлім.
Үнің аққу болғанда, тілің шаян,
Көл мен шөлдің арасын шиырладың.

Көп момынды жүргенмен пысың басып,
Сөзің әтір аңқиды, ісің сасық.
Жарығына жалғанның тастар ма еді,
Сұм түлкінің ініндей ішіңді ашып.

Сикыр сөзбен сыйлы етіп басыңды елге,
Домалатқың келеді тасыңды өрге.
Жауға жалғыз аттандап шапқан ерше,
Жанығасың, жалбырап шашың желге.

Сыртың қарық бір жансың, ішің кәріп,
Сөзің семіз болғанмен, ісің арық.
Тойдан шығып, жиынға томпаңдайсың,
Қолтығыңа папкіңді қысып алып.

Билік айтып, жол бастап, тарланданып,
Салдырлата жөнелдің арбаңды алып.
Мұнда жүрміз біз әлі... Ал сен өзін
қайда лағып барасың далбаң қағып?

Даңқ – түлкі боғанда, сен бір тазы,
Тірлігіңе көз куә, көңіл қазы.
Екі аяғың тартады екі жаққа..
Іздегенің, қуғаның ненің уәжі?
Ойпырмай, сен...

1990 ж.

* * *

Көңіл көгі күн сайын күркіремес..
Бұлттан шыққан ақ сәуле, күлкіңе көш.
Сол ала бұлт секілді, ақындардың
бір күн – елес өмірі, бір күні – егес.
Көңіл арбап, алыстан көз тартатын
Ақ ордаға ат басын кім тіремес.
Қызықтырса біреуді ән мен күйі,
Дедектетер өзгесін құлқын, өнеш.
Ашық тұрған есіктің қадірі жоқ,
Сүтке бақа түссе де, “қыңк” демес.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Пайда қуған суайттың ойы басқа,
Тегін асқа құба-құл, дайынға әуес.
Отқа қарап шаптырып, шаңырағың
ортасына түссе де, уайым жемес.
Қайыршы да, қаныпезер қарақшы да
Өзіңе емес, айдаған малыңа дос.
Ол жоқ деме – қаскүнем, күншіл неме,
Іші күйсе, қалмайды еш ақыл-ес.
Саптыаяқпен ұсынған сары қымыз,
Сарқынына у салып, қайырса бос –
Жүрегіңнің қанымен шөлін басар,
Қылышыңды тасқа шап – болады кеш.
Сайтанға ақыл үйреткен саудабайдың
Саф алтынға “ташлары” – күлді-көмеш.
Бір алдап, екі жеген алаяқтың
сол күн тыныш ұйқысы, көңілі хош.
Өз төріңнің кетірсең қасиетін –
Арамданар адалың, еңбегің еш.
Әркім қожа, көрінген билік айтып,
Қикандасаң, көрерің – қысас пен сес.
Құлып-кілтсіз кең үйде ерсінуге
көп тыраштың сұрпы да, қырты да өш.
Кісі келсе, “кім-ау?..” деп сәп салмайтын,
Құрақ ұшқан, парықсыз құлқың әбес.
Айыр жолдың үстінде алақтамай,
Қабырғанмен өзіңнің әбден кеңес.
Бойың өспес – өкшенді көтергеннен,
Нық тұрып-ақ, мойны озық жұртпен теңес.
Ақыл болса басыңда, ел сияқты,
Сен де ішінді кең ұстап, сыртыңа бөс.
Пұлдылығы не керек бір басынның,
Жұртқа пайдан тимесе, сен қуыс мес.
Ағайынды аяқтан шалып жығып,
Төс қаққанмен, төбең бұл көкке жетпес.
Құмырсқадай ұйысып тірлік қылсаң,
Береке бар бейнетте, текке кетпес.
Максатына жетпек боп ант ішкен ер
Айдаһардың қабығын өткел етпес.
Қайратыңа айлаң сай болсаң жарар,
Жүйрік тазы бермейді түлкіге дес.
Өзге түгіл, өзін де жарылқамас,
Салдырлаған шелектей құр күлегеш.
Бастан қайыр болмаса – аяққа сор,
Алақанның іші ашық, сырты дөңес.
...Соның бәрін көтерген көнбіс жүрек,
Сеземін-ау, сені алдау мүмкін емес!

1990 ж.

Уа-а-ай!
Халық қамын ойлаған,
Қызыл тілі сайраған,
Сөзін пұлдап, жақ жанып,
Азу тісін қайраған.
Қыстың қамын жаз ойлап,
Бес қаруын сайлаған,
Етігінің табаны
жалтыр мұзда таймаған.
Дүние, байлық жиғанмен,
Дүкенге қол жаймаған.
Шөбі шүйгін, суы бал,
отты жерді жайлаған.
Қысырақтың үйірін
қысталаңнан айдаған.
Сары майдан үй салып,
Матап вагон байлаған.
Сабан ғұрлы ақшаны
тең-теңімен тайлаған.
Кісілігі – мысықтай,
тышқан көрсе, ойнаған.
Қызыл көрсе, қылмындап,
екі көзі жайнаған.
Былай шыға, былқылдап,
қызық қуып, тойлаған.
Маймен сылап қойғандай,
Бетін көрсең айнадан.
Берешегі – айладан,
Алашағы – пайдадан.
Бөркін киіп заманның,
зынданына бойлаған,
Пай-пай, пай-пай, уайдайт-ай,
Сондай да бір қайда адам?!.

1990 ж.

АБАЙША

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір төрені көрсеңіз.
Қолың жетер ұшпаққа,
Қолтығына енсеңіз.
Қор болмайсыз, тегінде,
Айтқанына көнсеңіз.
Айдауына ілесіп,
Жетегіне ерсеңіз.
Түсіп алып алдына,
Су жорғаша желсеңіз.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Күншіл жауын жапырып,
Бас көтертпей жеңсеңіз.
Оған қарай атылған
Оққа қарсы келсеңіз.
Жамандығын жасырып,
Жақсылығын терсеңіз.
Ұрлығына көз жұмып,
Өтірігіне сенсеңіз.
Тәбеті ауған тәттіні
Қоймай тауып берсеңіз.
Тіске томпақ қаттыны
Қақшып алып, бөлсеңіз.
Қас-қабағын бақылап,
Аузын аңдып, төнсеңіз.
Қажет болса, онымен
бір молада өлсеңіз.
...Жаман айтпай, жақсы жоқ,
Оймен бәрін өлшеңіз.
Жарық дүние – қараңғы,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Ағартасыз адалды,
Қарау ойды көмсеңіз.
Адасқанның алды жөн,
Арты сокпақ, білсеңіз.
Өкініште опа бар –
Қайта көктеп өнсеңіз.
Арға жүгін, ағайын,
Ана сүтін емсеңіз.
Халқы сүйген ер – ерке,
Сіз бір – тамшы, ел – теңіз.
Жақсылардан үлгі алсаң,
Үстем болар еңсеңіз.
Қара қайсы, ақ қайсы,
Ақылға сап теңшеңіз.

1990 ж.

* * *

Жарқыным, дауысың зор, тілің майда,
Белгілі: ішке кірген жылынбай ма..
Жарлы мен жақыбайды жарылқаған
боласын, келіп тұр ғой түрің байға?..

Тектен-тек қызға жігіт жымындай ма..
Ендеше, түпкі ойыңды айт: мұның жай ма?
Көргенбіз көлгірліктің неше атасын,
Жасырған, іш сезеді, жымың қайда.

Айтса да, қысыр бие құлындай ма..
Жұқсыз сөз болмасы хақ жұғын бойға.
Сен, бірақ, шалабынды шайқай берсен,
Білесің бір толарын күбің майға.

Қашаннан қанық едің біздің жайға,
Біздің жай қайдан келсін сіздің де ойға.
Сауабын өтіріктің алғаныңмен,
Табасы ақиқаттың шыжғырмай ма.

Дәніккен ку түлкі ме ең сіз мұндайға,
Ол шіркін қоян аңдып, із кумай ма.
Сен мұнда неғып жүрсің арам тер боп,
Білеміз: қыран қайда, құзғын қайда..

1990 ж.

“ЗАҢШЫЛ” ЗАЛЫМҒА

“Заңсыз...” дейсің, заң дейсің... Ә, зэнталақ!
Заңмен заң боп қалып ең сен қашаннан?
Сен айтатын сөз бе еді обал, сауап,
Келмеді ме әлде әлі “жөнге” шаруаң.

“Заңсыз...” дейсің... Сен заңнан қорқамысың?
Жібергенің қайда оны қағаз етіп.
Мүләйімсіп, құрып тұр жорта мысың,
Етегіңе жүргендей намаз оқып.

“Заңсыз...” дейсің... Сен заңмен санастың ба?
Заңсыздықтың ашқансың “заңдылығын”.
Сені күтіп ұры тұр жар астында,
Сол екеуің көресің бар қызығын.

Әй, залым-ай, заң үшін қиналғансып,
Саудың көзін шокып жеп, оясын-ау.
Бордан ботқа езгендей, қидан – балшық,
Тұнық суды лайлап қоясын-ау.

О, ку сорлы-ай, күні үшін күйбеңдеген!
Есекке жем етпексің ердің арын.
Аманжолов Қасымға үй бермеген
кім екені біздерге енді мәлім.

Заңның майын ерітіп ішкендейсің,
Көзің бірақ тұр әлі карауытып.
Сыр алдырып, ешкімге түс бермейсің,
Жай тапса да көңілің, қалауы ұтып.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Заң жолы тар, есепте әрбір орын,
Нысапсыз жан тұрсын ба мол апшымай.
Қағып тастап шокпармен арлы қолын,
Кәнігесің әккі бір қарақшыдай.

Заң дегенін – әлжуаз балақай ғой.
Сен бір жуан жұдырық, атың мәлім.
Қиқандаса, тұмсығын канат, ойдой,
Аузын теріс қарат та, опыр жағын.

Кей залымдар занменен жарактанса,
Қараулықтың қариды бойды ызғары.
Заңның күні сендейге қарап қалса,
“Бастан – құлақ садақа...” – дейміз дағы.

“Батыр жоқта – қатын ер” деп еді кім..
Қасқыр риза, қойшыға қой жарымай.
...Занды менен заңсыздың төрелігін
Әттен, саған айтқызып қойғанын-ай.

1990 ж.

ӘЛСІЗ ШЫРАҚ

Әрең-әрең жанады әлсіз шырақ..
Өшіреді оны үрлеп қансыз сұрақ.
Шалғыны өссе Шындықтың – шалғы даяр,
Жатары хақ күні ертең жансыз сұлап.

Әрең-әрең жанады әлсіз шырақ,
Шаптырады аузына арсыз сынақ.
Сол шырақтай санаулы ғұмыры бар –
шуылдайды көп тобыр қамсыз шұбап.

Кім иірсе – сол ие, аңсыз шын-ақ,
Сіз бір ауа жайылған малсыз, шырақ.
Артында – сел, алдың – шөл, иен тақыр,
Талсыз бұлақ қайда бар, жарсыз – суат?

Шуылдай бер қадірсіз шұбырынды,
Шырқыратар күн таяу шыбыныңды.
Табылмайды тірі жан, санап алар –
Шалшық көлде шашылған шығыныңды.

Саудан бітті! Пейіштен күдерінді үз!
Отқа секір, күлге ауна, езіп іш тұз.
Ақтангердің дал ұрған үйірінше,
Сасқан үйрек, кәнеки, артыңмен жүз.

Қандай едің сен кеше, қашты ажарын,
Аш қасқырдай аранын ашты ажалын.
Қара түннің қап-қалың маңдайынан
шатынаған көздері – қасқа жалын.

“Жұтамын!” деп, сол жалын, обынбасын,
Жұмырына жұқ емес сенің басың.
Шексіздікте шейіт болған шерлі жұлдыз,
Жаһаннамға барған соң – жаның қасым.

Ал әзірге тірісің! Жанды затсың.
Басқа – басқа, сен – басқа, жалғыз-ақсың!
Жұмылған көз ашылмас енді қайтып,
Бір кеткен соң, өзіңе мәңгі жатсың!

Қара түнде қалтырап жанған шырақ,
Үзілмегін, ғұмырың жалғансын-ақ.
Әлсіздердің күні бір туар болса,
Әділет соты алады жаннан сұрақ.

Танда толған көңілің – кешке жарым,
Кетпей қойды бір шаншу – ескі азабын.
Қалт-құлт еткен қолыңда – әлсіз шырақ,
Сол шырақтай жалп етіп өшпе, жаным.

1991 ж.

БӘРІ БЕКЕР

Бүгін дұрыс... Күні ертең бәрі бекер!
Көп қымбатың арзандап, сәні кетер.
Не үшін келіп-кеткенін өзі білмей,
Бұл фәниден жас кетер, кәрі де өтер.

Бүгін дұрыс... Гүлдеп тұр көздегі үміт.
Ертең өмір көрсетер өзге қылық.
Бүгін әулие санаған пақырыңды
Ертең дарға асарсың, тез де құрып.

Бүгін дұрыс... Ертеңгі күнің басқа,
Досың жауға айналар, ұрын – досқа.
Пәтуасыз тірліктің айтағымен
Қу сүйекке таласқан күйін – босқа.

Бүгін дұрыс... Ал ертең не болады?
Ешкім жауап берген жоқ оған әлі.
Мәңгіліктің өзі де бір өткінші,
Шексіздікте жым-жылас жоғалады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жоғалады, қайтадан құралады,
Ұлы өзендер тасиды, суалады.
Мәңгіліктің жаңылмас таразысы
Асырмайды өлшеулі сыбағаны.

Сыбағадан ұтқансып, ақылдымсып,
Мәз болуың әлі ерте... Жақын қырсық.
Мәлім болар қандай жіп иіргенің –
Түскен күні қолыңнан ақырғы ұршық..

1991 ж.

БІРЕУГЕ

Мұқатпак боласың-ау сен өзіңше,
Салсам деп бетке шіркеу ел көзінше.
Жетісіп тұрғандай-ақ өз әуселен,
Кісіге күлесің сен не жөнінше.
Тойған торай секілді торсиясың,
Қансыған итаяқтай өзегің ше?
Өтірік тісің шұқып кекіргеннен
не пайда – түсіңе тек көже кірсе...
Қоңырсып іші-бауырың жанып жатыр –
Сиырдың шала кепкен тезегінше.
Көрінген боқташыққа тұмсық тығып,
Жүргенің иіскелеп мегежінше.
Әркімнің мінін теріп, көзбен тінтіп,
Андисың көк базардың кезебінше.
Тарпансып, тасырандап, кеуделейсің,
Бір сайдың саяз, шолақ өзенінше.
Кездессен әлдекалай бір дөкейге,
Безесің боз қоянның көжегінше.
...Япыр-ау, қайтер еді, кейбіреулер
өзінің шама-шарқын сезе білсе.

1991 ж.

* * *

Ақ қағаздай жаным бар,
Сенің сияң қап-қара.
Қара сияң бетіме
Шаштың-ау кеп ақтара.

Ақ бәтестей арым бар,
Сенің күйең жабысқак.
Қара күйең етіме
Жаптың-ау сен тағы ыстап.

Қара күйе қолыңда,
Жұқпай қалмас – жанассам.

Тағдырдың тар жолында
Құтылмаспын мен қашсам.

Сүттей аппак көңіл бар,
Сенің ойың қараңғы.
Сол түнектің шетінен
Көріп қалдым қабанды.

Мен қарусыз бір жанмын,
Қабан содан ұялса-ау!..
Ем жоқ жүрек дертіне,
Болғанымен қиял сау.

Түтіндеген жалын бар,
Майша жұғар мақтаға.
Қара жалын өтінде
Қақталып тұр ақ қала.

Әділетсіз бұл неткен
Өмір еді, масқара!
Іші аппақтың сыртын көр:
Тағдыры бар қап-қара!

1991 ж.

ҮМІТ ПЕН АРМАН ЖЫЛДАРЫ

Етегін бұршақ бомбылап,
Қара тау басын қар алды.
Қаршадай сәби қартайып,
Қара бір шашы ағарды.

Секемсіз едің сен кеше,
Серілік кетті. Бұл қалай?
Шерінді төкші ендеше,
Арман мен үміт жылдары-ай.

Күмілжіп тұрған жайың бар,
Ағылда-тегіл жырламай.
Ішінде қандай уайым бар,
Үміт пен арман жылдары-ай.

Көзінді жерден алмайсың,
Басыңа сойыл тиген бе.
Үріп бір ішіп, барлайсың,
Аузың да оңбай күйген бе.

От едің, енді көр, міне,
Түтіннен бар ма айырмаң.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қызыл тіл былқ-сылқ, кезінде –
“Тағыны жетіп қайырған”.

Қашты екен сәнің қай күні,
Сенімің неден сетілді.
Тасыған көңіл айдыны
тартылып қалған секілді.

Мінезің неден өзгерді,
Қорғаншак, жалтақ емес ең.
Сауықшыл, сайран кездерді
ұмыта қалдың неге сен.

Хан ұлындай текті едің,
Тезек тергеніңе жол болсын.
Жылан іні ме еді жеткенің,
Япыр-ау, қайда келгенсің.

Мүсәпір халге түскендей,
Басыңа қандай зор келді.
Күйрей жеңілген күшті ердей,
Көтере алмай тұрсаң кеуденді.

Еңсеңді тікте, езілме,
Алдан күт. Өткен енді жоқ.
Тәкаппар жастың көзінде –
Бейнең жүр сенің, белгі боп.

Алдыма тосты орманын
Шет-шексіз дүние жұмбағы.
Кеудеме шоқ боп орнадың,
Үміт пен арман жылдары.

О да бір дәурен екен ғой,
Сағымдай дүние алдамшы.
Кешікпей мен де кетем ғой..
Арманды жылдар жалғаншы, сен қалшы!!

1991 ж.

ҚҰЛЫН

Жаутандаған жас құлын –
Жаным емей немене.
Жалмаңдаған қасқырың –
Жалын емей немене.

Аш құлыным қасқырға
жем болмаса игі еді.

Жалын ұрды, астында –
жаным, бірақ күймеді.

Ойнақтаған құлынның
қайда кеткен енесі.
Қызуы асып тұр ұлдың,
күйіп-жанып денесі.

Қосыла алмай үйірге,
Саяқ құлын шеттейді.
Кекшіл ұлдың үйінде
жылы алақан жетпейді.

Екеуі де тұл жетім,
Тағдырына өкпелі.
Ащы таяқ тұщы етін
бір тілгілер деп пе еді.

Әділеттің қолында –
Әлділердің шокпары.
Ақ тілектің жолында –
залым ойдың шатқалы.

Нағыз жаумен тегінде,
Шайқасарсыз енді Сіз.
Ертегі емес өмірде
кім женері белгісіз.

Құлын өсіп, батырға
Тұлпар болса игі еді.
Тасбауыр ұл – аққуға
іңкәр болса игі еді.

Жалғыз шапқан кісінеп,
Құлын көрсем аяймын.
Сипағым кеп жалынан,
Жүрексіне таяймын.

Кісікиік жануар
ытқып кетті. Қап, бәле-ай.
Жалт-жұлт етіп алтын жал,
Сол кеткеннен тоқтамай.

Ұзай-ұзай, құлынның
үзіледі-ау қарасы:
кеше менен бүгіннің
қосылғандай арасы.

1991 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

КӨШЕДЕГІ АРУ

Көшемен кетіп барасың,
Сұлулық пенен жарасым.
Армандай асқақ ақ сәуле
Қай жаққа қарай ағасың.
Аңғарып қалсаң, ғапу ет,
Сұқтанған көздің қарасын.
Сикырлы демің тұтатты
сөнген бір шоктың шаласын.
Андаусыз тырнап алдын да
Жанымның бітеу жарасын,
Есіме салдың тағы да
көңілдің ескі наласын.
Аумаған ерке қарлығаш,
Қайшылап қанат қағасың.
Қара бір түннің қойнынан
Ақ шырақ болып жанасың.
Көктегі Күндей жарқырап,
Табындыр адам баласын,
Жолаушы көрсең, бер қуат,
Ағартып кетші санасын.
Соңыңнан қуып жете алмай,
Жанасып тағы кете алмай,
Таппады көңіл сабасын.
Қарғам-ау, қайрыл бір сәтке
Бермесең қуат сен дәтке,
Әуреге мені саласың.
Бір ауыз тілге келместен,
Жұмбақ боп қалай қаласың.
Сәбидей мені тербетсең,
Сырыма сонда қанасың.

Жүректің үнін жеткізер
Таңдап ем дыбыс дарасын.
Жүзік көзінен өткізер
Жібектей сөздің сарасын.
Қор болдым, әттен, біле алмай
Болмас бір істің шарасын.
Сүйретіп және жүре алмай
Балауса шақтың шанасын.
Қуаты күшті жас түйін,
Құлпыра бүршік жарасың.
Қуарған менің ерніме
Құдірет нұрын жағасың.

Қиналған кәріп пенденің
Азапты жүзін алыстан
тәкаппарлана шоласың.

Қиралаң қаққан арбадай
Қиюы қашқан ауыздың
Қимылын андап, бағасың.
Қиял мен шындық – екі ұдай,
Қисынын қалай табасың.
Қиыспас қиыр шеттердің
қисығын немен жабасың.
Болғанда мен бір кәрі ағаш,
Тал шыбық-сынды баласың.
Туған Ай сәндеп қасыңды,
Самал жел шашың тарасын.
Жарға ұрған толқын секілді,
Кеудені жүрек жанасын.
Сезімнің үркек үйірін
Жартас боп көзің қамасын.

Ойымыз шалғай. Осалмын.
Жаным-ау, қалай қосармын –
Дарияның екі жағасын,
Қыс пенен жаздың арасын.
...Бұл неткен әсем күйтабақ!
Состиып тұрмын... сипалап –
тұлпардың сынық тағасын.
Сол сынық таға секілді –
Көңілдің шеті кетілді,
Кім берер маған жаңасын.
Тәңірің қосса көнесің,
Көтеріп және өлесін
тәлкекшіл тағдыр жаласын.
Қайтейін, мені бүктырып,
Өткенін дәурен ұқтырып,
Алдымнан өтіп барасың,
Сұлулық пенен жарасым.
Сездің бе, аттай тебіскен,
Сыртыннан сені бөліскен
Мүсәпір ойлар таласын.
Өзіңді көріп, қырландым:
Қағаз боп ұшқан жылдардың
Алтынға балап бағасын.

Қол созым ғана жер еді...
Шексіздік бізді бөледі –
Сен онда мәңгі қаласың.
Дүниенің уын сіміріп,
Мен ала кетем сіңіріп,
Шәрбатына сен қанасың.
Татқан соң күздің дәмін бір,
Жұтпаспын жаздың ауасын.
Шарк ұрар, шалқыр... Бәрібір

ШЫҒАРМАЛАРЫ

таппас бұл көңіл дауасын.
Бауыры нөсер ала бұлт,
Тұрақ жоқ сенде, күні ертең
басқа бір жаққа жауасың.
Опасыз дүние, осылай,
Ақ арман – бұға айналып,
Біздің де бастан ауасың.

1991 ж.

ЖАСТЫҚТЫҢ БУЫ БАР КЕЗДЕ

Буалдыр тұман – ойың да,
Мастықтың уы – әр көзде.
Бұлқынған жігер бойыңда –
Жастықтың буы бар кезде.

Таусыла еске аласың
Албырт сол шақтың қызығын.
Ішіп-жеп көзбен барасын
Батқан бір күннің қызылын.

Шерменде көңіл ынтызар –
Шексіздік дейтін тылсымға.
Шектеулі ғұмыр – ескі жар,
құламай қалмас бұл сұм да.

Баянсыз жалған фәнидің
бар мұны сенің кеудеңде.
Іңгәлап туған сәби күн
жарар ма көңіл демдерге.

Жалаң бас сөздің күнәсін
күпірлік санап сәлделі ой,
Шарт етіп бір күн сынасың,
Жалт етіп өшкен сәуледей.

Құлшылық етіп тәңірге,
Тереңге көміп көп сырды,
Жерлейсің жүрек – кабірге,
Кеше бар, бүгін жоқ күнді.

Айтатын нендей уәжің бар,
Тағдырын пенде таңдай ма.
Өшпейтін қатал жазу бар,
Жазмыш басқан маңдайға.

Мәңгілік дерті – ыстық бу,
Сарғайған сен бір жапырақ.

Тойымсыз нәпсі – іштегі у,
Ұшарға тұрсың қалтырап.

Солқылдап шекең сондайда,
Сағыныш уы бойды алып,
Шал менен қыздай шалғайда
екі ұдай сезім байланып,

Отырасың, сен ұмытып –
барын да ғұмыр сызығы,
Жүректің қанын жылытып,
Қимайтын күндер қызуы.

1991 ж.

* * *

Ағарған шашты боярсың,
Әжімін беттің жоярсың.
Айналып соқпас уақыттың
алғанын қайда қоярсың?!

Ала тау басын бұлт алар,
Аңсатқан шөлің бір қанар.
Шашылған жүгің жиналып,
Ашылған көрпең қымталар.

Бак қонар... Болар ондай күн,
Көңілінде қалмас тоңдай мұн.
Сауысканнан артық қай жерің,
Жеміне қонсаң торғайдың.

Жалшы деп ұқпа жарлыны,
Ақылсыз деме арлыны.
Аз күндік қана алданыш –
Дүниеде бардың барлығы.

Көз құрты – түлкі, қыран жас,
Жұмарлап бүктеп, құмар бас.
Тояттап тұрсың. Ертең ше?..
Оны ешкім болжап біле алмас.

Рақымы түссе Алланың,
Қолдағы алтын – арманың.
Есіңе сонда ал бәрін:
Өткінші дүние – жалғанын.

Мал таптың. Одан не шықты?
Уақыт – жел, бақыт кешікті.
Бәрібір қайта ашу жоқ,
Бір жауып кеткен есікті.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төрдегі саған бата алмай,
Жәутендеп қалған ботаңды-ай.
Қолыңды қанша созсаң да
Қор болар жаның, жете алмай.

Оған да көніп шыдарсың,
Көзіңнен тамшы сығарсың.
Түсіңе кіріп сол бота,
Дөңбекшіп түндер шығарсың.

Тағдырың солай. Дөңбекші.
Астамсып күлдің. Енді өксі.
Тіршілік үшін тоқыған
Торында өлер өрмекші...

1991 ж.

* * *

Аңқылдаған күндер жоқ,
Ыстық-суық басылған.
Өп-өтірік күлген боп,
Өте шығам қасыңнан.

Салқын күзде –сары ала
жапырақтар жаңбыры.
Құйшы, нөсер, сабала,
Тарқасыншы жан мұңы.

Алаң-ашық күндер жоқ,
Ыңқыл-сыңқыл көбейген.
Жұрт қатарлы жүрген боп,
Арпалысам көне оймен.

Ойлар – менің тағдырым,
Тағдырыма мен бодан.
Орындаймын жарлығын,
Босанбаспын енді одан.

Соккан желдей теңізден,
Бір салқын леп еседі.
Көк жапырақ жел үзген,
Жер қойнына көшеді.

Сол жапырақ секілді –
Менің алақандарым.
Күнге бұршы бетімді,
Балғын балапандарым.

1991 ж.

Ол күндер енді қайтып оралмайды!
Адамға не бар екен одан қайғы?!
Қайыру бермей қашқан қайран көңіл –
Көмейі ағытылған тоғандай-ды.

Ол күндер аққан селдей өтті-кетті,
Өзімен бірге жайпап көп тілекті.
Иесіз шатқалдай боп кеуден қалды,
Қараңғы оның іші – тек түнек-ті.

Татқан дәм, баққан қызық – көрген түстей,
Өтті өмір – бірден санап берген тістей.
Жер сұлу, аспан жап-жас, ғұмыр – шие,
Аттанып сен кетесің енді ол піспей.

Ол күндер енді қайтып келмесі анық!
Ентіккен кеуденді ая, дем басалық.
Әттең-ай, жаси күшің, ашиды ішің –
Арканы жүрген кезге кеңге салып.

Кеш енді. Қолда бұғау. Жол байлаулы.
Уақыттың найзасы өткір. Ол қайраулы.
Алдың тар, артың қыспақ. Шарқ ұрғанмен,
таппайсың суы тұнық кең қойнауды.

Белгілі ол күндердің оралмасы,
Өзгеріп, кілт бұрылды жол арнасы.
Әнеки, сыпырылып жерде жатыр –
Сұлудың қара ормандай қолаң шашы.

Ол күндер оралмайды. Күдеріңді үз.
Денен тас. Демің ызғар, жүрегін мұз.
Ысқырған өзің де бір аждаһасың,
Тәнің – қыс, жаның – көктем, реңің – күз.

Ол күндер оралмайды аңсағанмен.
Бүгін жоқ – кешегі елік самсап өрген.
Уақыт бір – қашқан түлкі, қанжығаңа
бөктертпес, болсаң дағы қанша мерген.

Ол күндер енді келмес аһ ұрғанмен,
Далбаса – ала өкпе боп қапылғанмен.
Хал кетсе, құлағыңда тышқан ойнар,
Арыстан дәуірінде ақырғанмен.

Не пайда сермегенмен қолыңды құр.
Құмырсқа, жүретұғын жолыңды біл.
Кешегі таскын судай дәуренің жоқ,
Қимылың ыбыр-жыбыр – болдың ығыр.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ол күндер бұл күндермен қосылмайды,
Ойнақ сап ерке құлын жосылмайды.
Бұзаудай қазықтағы монтиясың,
Ендігі тірлігіне осы ыңғайлы...
Ол күндер оралмайды, күтпе, күтпе..

1991 ж.

* * *

Мен ертең жоқ боламын, тоқта, жаным!
Ақ тозан оранады от қаламым.
Ал бүгін тап-тазамын, сол қаламмен
соңғы рет жарық Күнге хат жазамын.

Мен ертең жоқ боламын, тоқта, жаным.
Деміннен ұрсын ыстық бетке жалын.
Қара тас-жүрегімді ақырғы рет
шоршытып қозғап өтсін шоқ назарың.

Мен ертең жоқ боламын, бүгін бармын.
Бар болсам, ойларымның бүрін жардым.
Сеземін: бар мен жоқтың шекарасы –
Көк бүршік зәрлі үсікке ұрынған күн.

Бар болсам – күн кешермін кемістікте,
Маған да сол жетеді, келістік пе.
Мен бармын. Жалғыз тамшы сәуле болып,
Күні ертең сіңіп кетем кеңістікке.

Мен ертең жоқ боламын, тоқта, жаным..

1991 ж.

* * *

Түсіме таң алдында кірдің бүгін.
Күн жайып келе жатты күлгін нұрын.
Жанымда балаларым және жарым,
Жұбатып жүр едік біз қырдың гүлін.
Қалың шық жауып алған шылап қырды,
Мұнайып қырдың гүлі жылап тұрды.
Шоктығын шолақ сайда бір көтеріп,
“Шок-шок!..” деп, қыбы қанып құрақ күлді.
Жарада – жанға батқан күйік қиын,
Қызғалдақ келе жатқан жиып түйін.
Сол гүлдің жұлып кетті бір кірпігін,
Жол тосқан қарақшыдай бүлік құйын.
Күш қайтты. Күйреп тұрып Күн жеңілді.
Иреңдеп қара суық іргені ұрды.
Япыр-ау, қайда ғана алып қашам,
Қорғансыз, бұл бейкүнә, гүл-көңілді?!
Түсіме таң алдында кірдің бүгін...

Еңлік гүлдің
мен жұқтырдым
кеппеген көз жасын әлі.
Қара суық
қанжар сұғып,
қызыл қаны шашырады.
Түнде оянған
гүлдей арман
шексіздікке асығады.
Кәрі ажалдың –
қара жанның
мойнына кеп асылады.
Жасты құшқан
әккі дұшпан
сұм пиғылын жасырады.
Ожар мыстан
осал тұстан
қулық ойын асырады.
Шарап ішкен,
шала піскен
құмарын жеп масығады.
Көңіл жайлап,
ышқыр байлап,
үстін тыр-тыр қасынады.
Қанды пышак,
зәрлі құшак –
көргенінің осы бәрі.
Түнде оянған
гүлдей арман
түнге барып қосылады..

1991 ж.

* * *

Сағы сынар ұстаның –
Сабы сынса сапының.
Жомарт колы – қысқаның
тоқым тесер тақымын.

Сенген жаның арзулы –
сырың шашса сырт елге,
қан жалаған аузыңды
жетпес жеңің – сүртерге.

Оқтан қорқып, жазған-ау,
Отқа түстін – не еткенің?
Жанып жатып маздамау –
Күлге айналып кеткенің.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алақаны қылыштын
сипап жазды арқанды.
Саптыаякпен у іштің –
Сақалыңнан қан тамды.

Басы ұшты балтаның,
Тісің қарш-қарш... айқасқан.
Тыртығына арқаның
шок басқаның – қай сасқан?

Уа, бұл, неткен сайқал ең,
Қисық қылыш – махаббат.
Төгіп те ішіп, шайқап ем..
Шөлдедім-ау қаталап!

1991 ж.

* * *

Тандаған жолдың қиынын,
Тау кезген тарпаң киігім.
Үп еткен желмен ілесіп,
Үдере босты үйірің.

Секемшіл түйсік – қаруың,
Серіппе мүсін аруым.
Таппайсың іздеп бәрібір
Жаныңның шипа-даруын.

Таппайсың... Олар жоқ енді.
Қансырап суат, жол өлді.
Судағы Айдың сынығы –
Сұқсыр боп жүзіп жөнелді.

Сұрама өткен күндерді.
Гүлдердің жүзін күл көмді.
Жаныңды қояр жер таппай,
Тұтарсың пана кімді енді.

Басыңды ұрдың тау-тасқа,
Жосылған ізің – қан-таспа.
Қуырдақ болған жаның жеп,
Құмарын басты сан қасқа.

Фәни бір – түпсіз иірім,
Жан даусың шықты-ау, киігім.
Өзіндей момын ойларым
Таба алар ма іздеп үйірін?..

1991 ж.

Лашын ғой деп жүргенің –
Жапалақ боп шықпасын,
Тышқан аулап тоятын.
Түлкі ме деп ілгенің –
Саршұнақ боп зытпасын,
Мысық қылғып қоятын.

Асыл ғой деп білгенің –
Арзан болып өшкен соң,
Бармақ шайна. Не пайда.
Зая кеткен күндерің –
Быт-шыт болып көшкен сен,
Ұшқан жаңқа, кет, әйда.

Айналып бір келгенде
Ұтылатын бір өзің,
Мейлің, алдан, мейлі, алда.
Пенде шіркін өр кеуде,
“Өзім, өзім!” деп жүріп,
Өлер жерін ойлар ма.

Адал ғой деп сенгенің –
Жемтік көрген құзғындай
көзіңді кеп ойғанда,
Байыбына сен ненің
барам дейсің, көкжалдың
аузына түс, қой бол да.

Көз жетер жер – көк тайғак,
Далбасалап көп шаттың.
Аршимысың жол күреп?
Бөденеге ат байлап,
Мұз үстіне от жақтың,
Екеуі де енді жоқ.

Алдындағы – қызыл су,
Артында өрт. Тілсіз жау.
О, сормандай! Сау болғай.
Құлағыңда ызың-шу.
Кімге керек құнсыз дау?
Сен бір жүрген сандалбай.

Жетсем деп ең – шегіндің.
Жеңбек едің – жем болдың.
Сен бір сүйек мүжілген.
Жанға батқан шөгірдің
Азабынан шерлендің,
Тесік алма үзілген.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Үсік ұрған бақшанды
Енді аяла, мәпеле,
Онсыз сенің күнің жоқ.
Қалтаңда бар ақшанды
төлеп құтыл катеңе:
Өткен күнге – бүгін сот.

1991 ж.

АҚЫН

Ақын жыр жаза алмады – айлар өтті.
Күзғындар ұмытпапты майда кекті.
Қапыда опық жеген өр Қыранның
тағдыры Таудың ұлын қайран етті.

Ақын жыр жаза алмады – жылдар өтті.
Ол Күнге ғашық еді – түн жар етті.
Бұл дүние тыңдағандай кімнің зарын..
Әттең-ай, өңшең қырттың қылжағы өтті.

1991 ж.

ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ ЕРТЕГІ

Түңілдім. Тойдым, біттім. Қош бол, шындық!
Біз сені бар екен деп босқа ерсіндік.
Ауыздың аузын ұрып кеткен жоқ па –
Жүректің қабырғасын сөккен сұмдық.

Ауызда пәтуа жоқ – қуыс қауыз,
Байқасаң, оның өзі – сайқал, жауыз.
Жалғандық таққа мінсе тақсыр болып,
Жабыла соның әнін айтады ауыз.

Ойласаң, түзік емес, бұл да бұзық,
Табыла бермейді одан имандылық:
Жаңбырдың суы сіңген топанға ұқсас,
Кетеді күн өткенде ми да қызып.

Әмірін орындатса қолға солар,
Сойылын сойлылардың ол да соғар.
Билігі аяқтың да баста болса,
Зорлықтың күшіменен жол жасалар.

Салмақтап соның бәрін, ішпен танып,
Тереңде салқын жүрек тұрса бағып,
Жындыханаға түскен сау пақырдай
Айналар шын пәңгіге, құсаланып.

Міне, сен осындайсың, сайқал шындық!
Біреуге біреу мұны айтар сыр ғып.
Опасыз, опа жаққан дүниенің
бетіне үңілгендер байқар сұмдық.

– Алты тау, жеті көлді жапан түзде,
Он мыстан, қырық пері тақалды ізге.
Сол жерде Шындық шөбі бар екен...– деп
бастайтын ертегісін атам бізге.

Сол шөпті кімдер тапты?– Маған жұмбақ.
Мен айтам енді ертегі, балам тыңдап.
Сол шығар, бәлкім, менің іздегенім:
Әжеміз шай ішетін қалампырлап... баяғыда...

1991 ж.

ДАУДАН ҚАШАМ

Өтінемін, тиіспей-ақ қой маған!
Жан емеспін дау-дамайды ойлаған.
Еш адаммен шай деспеген күндерім –
Өзінше бір кіші-гірім той маған.

Сіз ғажапсыз! Мен оңбаған, оңбаған!
Жете ме осы? Ризасың ба сен маған?
Құдай үшін тоқтата гөр дауынды,
Көңілімді ете берме енді алаң.

Шатақ қуып күн көретін жоқ шамам,
Қызыл тілім қыңыр сөзге бек сараң.
Дауылым жоқ даудың отын өршітер,
Көңілімнің көрігіне шоқ салам.

Өнбес даудың өлі шөбін ормадым,
Күндемедім өрмекшінің торларын.
Өз өртімді өшірдім де ішімде,
Өзгелерді қиянаттан қорғадым.

Жалған айтсам, кетейінші мен оңбай,
Құдай ақы, жүргемін жоқ өле алмай.
Күндік жерден аяғыңның тықырын
ажыратам, төбемді сол оярдай.

Өтінемін, қоя тұршы дауынды,
Жаным содан қанша күйіп, ауырды.
Запы болған қараторғай-жүрегім
Айлық жерден сезеді енді дауылды.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Друдың бәсін саған бердім, керексең,
Бұл жарыста чемпионсың, демек, сен.
Қош бол енді, аманымда қайтайын,
Сен-ақ жетіс, мүйіз шыкса егестен.

Ақсиганда азу тісің қабандай,
Қарайдың ба, бір қарсылас таба алмай?
Онда саған еш қайыр жоқ менен де,
Друдан кашам – жаудан кашқан адамдай.

1991 ж.

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЫ

Туған жер, атамекен, қара орманым,
Өзінде қалды менің бала арманым.
Жүз бұлақ төскейіңнен өруші еді..
Біреуі мен болармын сол арнаның.

Туған жер, арқа тірек тауларым-ай,
Саф таза салқын ауа, саумалым-ай.
Қайырылмас, қайта келмес қайран күндер,
Сары аяз сағыныштан жаурадым-ай.

Тар айырық, шөл текшелі – асу белім,
Тасты өзен, шұңқыр жұртты, жасыл көлім.
Иіскелеп топырағынды, тасың сүйем,
Иіліп алма ағаштай басым менің.

Сары төбе, төре жайлау – бай бғысым,
Қалқан тау – найза қара, байрағы – шың,
Санамда өшпес ізін қалдырыпты,
Сахара төріндегі тай жарысым.

Қарақат, таңқурайлы, доланалым,
Ұшқатты, тобылғылы көк алабым.
Секілді қыз бұрымы – шымды бұлақ,
Қау шалғын, көк майсалы кең аралым.

Сайларым, беткейлерім, төбе-жалым,
Кереге жартастарым, көне жарым.
Лебінен самал ескен сарқырамам –
Арудың салады еске орамалын.

Құс шулап, жеміс толған тоғайларым,
Суы бал, шөбі шүйгін, тоқ аймағым.
Қымыздық, саумалдық пен сары жусан,
Ерменді, қалақайлы, шоғайналым.

Аюлы шатқалдарым, аңғарларым,
Шілдеде мұзы ерімес заңғарларым.
Сібірлеп атқан таңнаы, шыққан күннен
Өзінді көрсем-ау деп армандадым!

Көгалға қонған қаздай боз үйлерім,
Боз үйден шыққан ізім – өз ирегім.
Жылқы айдап, бие байлап, қой қайырған,
Бақытқа толы сол бір кезім менің!

Онда мен көк балауса егін едім..
Ойласам ол күндерді – егілемін.
Сағыныш – дертім болды, жүрегім-ау,
Айтшы енді, табылар ма менің емім?!

Адамда таусылған ба жалғанда арман..
Өттім-ау талай қысаң, тар жолдардан.
Туған ел – тағдырымсың, сен аман бол,
Алдыңнан жарылқасын мейірбанды Аллам!

1991 ж.

САҒЫНЫШТЫҢ САРЫ ЖҰРТЫ

Шылдырлап шашбауларың, теңгелерің,
Басына жаулық тартқан жеңгелерім.
Су тасып жүрсіндер ме қос шелекпен,
Майысып тал шыбықтай желге белің.

Иіліп, тізе бүгіп, сәлем етіп,
Маңынан үлкендердің әрең өтіп.
Үзіліп бет моншағың, жүрсіндер ме,
Әр үйден, әр ауылдан Әдеп оқып.

Ат қойған “Еркем”, “Төрем”, “Ақылдым” деп,
Қалжыңбас қайындарың – алтын діңгек.
Жарасып әзілдерің, жан сырларың,
Сендердей кім біздермен жақын жүрмек.

Жан қайда дәл сендердей бізге жақын,
Жалғасып бір күлкіміз жүз болатын.
Балалық көңілдер-ай, өздеріңді
көлденең көк аттыдан қызғанатын.

Күндер-ай, бар қызығын үйе салған:
Жүн түтіп, киіз басып, бие сауған.
Қайран да асыл менің жеңгелерім,
Сендерге қазағымның киесі ауған.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қос өрім, тірсекті ұрған бұрымдарың,
Жалт етіп, ақ маралдай бұрылғаның.
Нәзік үн, әдепті иба, әсем қимыл –
паш етіп Ұят деген ұғым барын..

Кісіге қарап көздің қиығымен,
сыр ұққан, ұяң мінез, бұйығы рең.
Сендердей сезімтал жан таба алам ба,
Аумаған сахараның киігінен.

Тартқандай күйеулерің өздеріңе,
Баттып бір қарамай көздеріңе,
Алыстан ынтық болып жүретіні-ай,
Ілікпей сыншыл көздің безбеніне.

Керімсал кең жайлаудай жеңгелерім,
Шылдырлап жүрмісіндер теңгелерің.
Тағы бір бие бауға барайықшы,
Ұлы той өткізбекші Жеңген елім.

1991 ж.

* * *

Сот емес, от кеседі –
Заңды менен заңсызды!
Тіршіліктің есебі:
Жанды билер жансызды.
Мен бір шортан, сіз шабак,
Қайтсем екен, ал сізді?
Кім де, ол де – бәрібір:
Күшті жейді әлсізді.
Жұлынды мен жуанның
Азу тісі қан сызды.
Іштен шыққан жыланның
Азабы да сансыз-ды.
Құтылмайсың қашқанмен,
Күтіп тұрған бар сүзгі.
Тісін қайрап сақ жүрген –
Пәршелейді қамсызды.
Бұл сұрқия дүние
болғанымен қанша ізгі,
Ақ төсектің үстінде
шалжитады арсызды.

1991 ж.

* * *

Мен кімнің құзырына телмірмедім,
Төбе-екем қайыстырды төрдің белін.

Кінәмді алдындағы жуа алмаспын,
Еңкейіп өткен менің өр күндерім.

Мәрт жанды әркімге бір малай еткен
Заманның ойы зілді, қалай өктем.
Кектінің бас-аяғы бір мен емес,
Тағдырмен тайталасып талай өткен.

Бұл тағдыр – асау екен, создым жүген,
Тарпаңдық, шалттығына төздім кілең.
... Мен де бір көп қайралған қайқы қылыш,
жұқарып, жінішкеріп, тоздым, білем...

1992 ж.

* * *

Сенгің келсе өсекке,
Кім айтты оны? Соны біл.
Иесіне тартқан ит –
Көршісінің соры бұл.
“Жақсы адамның соңынан
сөз ереді”, – дейміз-ау...
Біздің қазақ айтып па
жетіскеннен соны бір.

Сенгің келсе жалаға,
оның да біл төркінін,
Күлімсі иіс жетпей ме
сарсытып кеп жер түбін.
Қанды басын қақшитып,
жалаңдатып шел тілін,
Сумаңдаған сұр жылан
аңдымай ма жемтігін.

Өсек те емес, жала емес,
жымысқы сөз – жылымшы у,
Аярға тән әдет қой –
жәдігөйсу, қылымсу.
Иесі кім екенін итінен-ақ танырсың,
Жүрген жерін шұбарлап;
бірін– шұрқан, бірін – шу...

1992 ж.

* * *

Бүгін күн бұлыңғыр. Тым тұнжыр.
Менің де жан дүнием дәл сондай.
Жылбысқы қар жауып тұр сылбыр..
Сол қардай мен де еріп жаусам ба-ай.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жер тұман. Жол бұран. Алдыдан
не шыға келері белгісіз.
Мен де бір жетім лак қаңғыған,
Кеудемнің ішіне толды сыз.

Сол сыздың ызғарлы табынан
Ызғырық соғады аңырап.
Бос қалған көңілді не ғылам –
Ескі бір корадай қаңырап.

Жетімде ес бар ма, қауыз боп
қалғанын білмеймін дәнiм ақ.
Жаныма жылу мен нәр іздеп,
келемін зар қағып, маңырап.

Шырылдап шыққан бұл жан даусым
Кімнің құлағына жетпекші.
Мені ме?.. Қайырымды қорғаушым
алдымен өзі жем етпекші.

Дәл соның өзінен, зыр қағып,
мен қашып келемін Қайрошша.
Алдымда не күтіп тұр бағып?..
Бұл тағдыр құтқармас Құдай қосса.

Бүгін күн бұлыңғыр. Дәл менің
көңілімдей, тым күңгірт төңірек.
Жан демім біткендей халдемін..
Жылағым келеді еңіреп.

Еңіреп жыласам – бұл шерім
тарқар ма, білмеймін. Күнде – ойым.
Жылтырап қалыпты-ау сөнбеген бір шоғым..
А, Құдай! Соны енді үрлейін.

1992 ж.

* * *

Тас кабақ Әлем мына
түнереді.
Жәутеңкөз жанарыма
Күн ереді.

Түнерген суық жарға
не істей алам?
Күн ерген қабақтардан
Жылу табам.

Қарсы отыр Ақ пен Қара –
бір күймеде.

Түнек пен Күншуак бар –
бұл дүниеде.

Екеуі аңдысқалы
қанша заман.
Бұл әлем тайталассыз
қалса жаман.

Жібітіп жердің тоңын
тұр шыбық-тал.
Түнекті Шуак жеңсе –
Тіршілік бар.

Сыйлайды Әлем-анам
Нұрын маған.
Сол нұрмен жазылсайшы
Менің жарам.

1992 ж.

* * *

Дүние-ау, сен осындай шексіз бе едің?!
Мен қуып көріп едім – жеткізбедің.
Әттең, тек, кеңдігіңді кештеу ұғып,
Шиырға түсіп алып, жоқты іздедім.

Сырынды білген болсам, өстер ме едім?
Көп болды жанғанымнан – өшкендерім.
Амал не, өткен күннің өтеуі жоқ,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Дүние-ау, кінәлайын енді кімді?
Сезбедім биіктік пен кеңдігіңді
Көп жүрдім көрген жерде ауыл бар деп,
Алданып аз қызыққа кемді күнгі.

Көлшікті көл екен деп ойлағаным –
Теңіздей тереңіңе бойламадым.
Өзге жыр, басқа қызық бар демедім –
Бір тойдың жарын айтып, қоймағаным.

Дүние, кең екенсің, білсемші мен,
Кеш енді шарықтауға, босқа ерсінем.
Кеткен соң қолдан шығып жалынды шак,
Қайтейін маңдайымды құр тершіген.

1992 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Жарлы жігіт тас батқан жамбасына,
Тауық сояр жарының қалжасына.
Басына іркіт төгілген байдың иті
Кембағалдын бас сұқпас ауласына.

Бар мен жоқтың арасы – жер мен көктей,
Қысқа жіп те күрмеуге келген жетпей.
Содан бері өтсе де неше заман,
Бір сүйем де ұзарып көрген жоқ қой.

Жаралған соң сол жіптің ұшы болып,
Жетер жерің белгілі, ішіңе бүк.
Қотыр бұзау мойнында шолтиярсың,
Ұзын шалма арқанның пысы жеңіп.

Жіп ескеннің қолы – ала, бөле өреді,
Қысқа қайтіп ұзынмен теңеледі?
Теңегіштер жамаудан өз жыртығын
артылмайды, басқаға не береді.

1992 ж.

* * *

Уа, ағатай, айтшы маған,
Иесі кім осы үйдің?
Түйсігі жоқ, тақсырсынған
тасырлардан шошимын.

Іші қапас, сырты топас,
Ісінгендей эманда,
Көзінде мұз, өңінде сыз,
Түсін бермей адамға.

Алдап билеп, алмақ илеп,
терідей ғып малшылап.
Әлі жетсе, нәлілі өкше –
табанға сап жаншымақ.

Пиғылы арам, күйлі надан
буға пісіп, күмпиіп,
Сені асырап жүргендей боп,
Қашан көрсең қыртыып.

Күнін түссе сондайларға,
Сорың қалай қайнамас.
Талпын, жатпа, сенбе жатқа,
Өз күніңді ойла, жас!

1992 ж.

Болмаған соң өзінде,
Елде бардан – көзіңді ал.
Сені біреу арамдап:
деп жүрмесін “қу шыбын”.
Кейде мына өмірде
қорланатын кезің бар –
танымайтын адамнан
сұрағандай бір шылым.

Өз қолында болмаса,
Әлдекімді бәлсіңтіп,
Жалынғаның, жаным-ау,
қорлық емей немене.
Бұл да сондай далбаса:
Жаныңды біреуге тапсырып
қоюшы ма едің, тәңірім-ау,
мінді екем деп кемеге.

Өкпен жүрер кімің бар?
Шараң қайсы – көнбеске.
Кісідегі қобдидың
кілті – аспанда, қайтерсің.
Өз шамаңды ұғып ал,
Құр бет алды белдеспе.
Сен де, шырақ, ес жиғын,
Мандайы бір тайқы ерсің.

1992 ж.

* * *

Жүрегім-ау, жүрегім,
Жоқтаушың аз, білемін.
Біліп тұрған шындықты
Сенен қалай бүгемін.

Жүрегім-ау, жүрегім,
Мен сені ойлап жүдедім.
Өзің үшін Құдайдан
Бітпес қорек тіледім.

Жүрегім-ау, жүрегім,
Тоңғансын ба, жылы едің.
Кигізейін көйлек қып –
Көңілімнің жібегін.

Жүрегім-ау, жүрегім,
Қан жанартып, түлегін.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Аш-жалаңаш қалма сен,
Мен табармын бір емін.

1992 ж.

* * *

Аппақ теңіз гүлінше
Әсем мойнын иілтіп,
Көлде керіле жүзіп аққу жүр –
Сұлулықтың суреті,
Еркесіндей әлемнің
Әр қимылы әнге тең.

Сол аяулы аққуды,
Сол нәзік ақ гүлді
Бөрене-көздерімен бастырып,
белін үзе жаншуға
Добал кара диюдың
дәті қайтіп барды екен?

Періштедей күнім-ау,
Сол диюдың табаны
Сені таптап кете ме деп,
Ес-ақыл жоқ менде бұл,
Жүрегіме біржола
Қоныс теуіп алмасаң.

Тоңқылдаған томырық,
тоқпақ басты топастың
тепкісінде қор болған жас балдыр,
Халің мүшкіл ертеңгі –
Қылар соңғы хайлаңды
Бүгін ойлап қалмасаң!..

1992 ж.

* * *

Көкжиектен иегін Күн асырды..
Кірпігіме қап-қара түн асылды.
Бір албасты енсемді басып алды,
Қайтсем екен, япыр-ай, мына сұмды.

Торын уақыт-өрмекші маған құрып,
Тұмшалады санамды қараңғылық.
Қараңғыда ауру қозғыш еді,
Шығармаса жарар-ды жарам бүлік.

Ол жарадан мен енді босанбаспын,
Күннен ұзап, тұманмен қосарластым.

Нокаутқа түбінде бір түсірмей
қоймайтындай секілді осы албастың.

1992 ж.

Сынады мені, сынады,
Тағдырым неден шүбәлі.
Жығылып жатсам, үстіме
жұдырығы ойнап шығады.

Сынады мені, сынады,
Тағдырдың қатал сұрағы.
Сүрініп кетсем, үстіме
сүйкеніп қырсық құлады.

Сынады мені, сынады,
Алқымнан тағдыр сығады.
Жебеше жауған иненің
Уына жүрек шыдады.

Сынады тағдыр, сынады,
Қанған жоқ, сірә, құмары.
Бәріне төзген бәйтерек,
Белгісіз қашан құлары.

1992 ж.

МЕН ДОНОРМЫН...

Жан сыздатқан, жазылмас жарам қанша?
Қыңқ демеймін иттей боп таланғанша.
Көнем, төзем, шыдаймын –
Жүрегіме
ине сұғып, бес шөлмек қан алғанша.

Менің қаным – қорегі сар масаның,
Олар, әне, косуда санға санын.
Самолеттер секілді от саңғитын,
Ызын сеуіп келеді зәрлі сарын.

Мен оларды торситып тойындырам,
Сосын қайтпас сапарға мойын бұрам.
Масалардың өз тойы өздерінде,
Аландатып жатпайды ойын бұған.

Мен қоңырмын. Донормын. Арызыма
қол қойылған. Адалмын парызыма.
Ауыр жаралы патриот секілдімін:
Имек түтік бойында – қан ұзына..

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сорады оны насостай қылқан инең.
Кетем, өтем осылай бұл фәниден.
Өмірімді сыйладым кімге, не үшін?
Онда ісім жоқ. Өйткені донормын мен.

30.12.1991 ж.

* * *

Бейшара пенде – жазмыштың құлы,
Білмеймін мен де, ажалым неден.
Сезеді, әттен, жүрегім мұны,
Қарабас жылан, қорқамын сенен.

Қорқамын сенен, қарабас жылан,
Қай күні келіп шағасың мені.
Қанаты сынған құсалы қыран
Жолыңда сенің жатпаса еді.

Күнтәжді ханды мұзтәжді шыңда
қаракұрт қалай шақты екен, Алла-ай!
Орансам отқа, бөленсем суға,
Аңдыған дұшпан тынар ма алмай.

Адамның басы – Алланың добы,
Тәңірдің сыйы – тағдырың тәлкек.
Мен келе жатқан арбаның жолы
жыланның ізін баспай ма, әнтек...

Жүрсің бе торып, жолымды бөгеп,
қарабас жылан, мен сенен қашам.
Күтпеймін сені, білмеймін кенет...
алдымнан шыға келесің қашан...

30.12.1991 ж.

ҚАРҒАЛАР ӘНІ

Қасқырдың әнге қосып қойсыз күнін,
Түлкіге иман бітті дейсіз бүгін.
Бейшара, қарқылдаған қара қарға
Түбіңе жетпесе игі ойсыздығың.

Алдаған арғы атаңды алаяқ бұл,
Шайтан боп кеткені ме құдай атқыр.
Заманнан жеп дәнiккен арсыз ауыз,
Пиғылы түзелді екен қалай-ақ бір.

Түлкінің беті жылмаң, арты бұлғаң,
Әйтсе де, құтқармайды шындап қуған.
Қарашы, енді бәрі керісінше:
Монтиып жатыр ерің, көзін жұмған..

Қарға атаң опық жеген, алданып шын,
Өткеннің өкінішін қалғаны ұқсын.
Миыңа сабак қонса өстер ме едің,
Сен тіпті жады болып, арбалыпсың.

Ол енді сені мақтап болмайды әуре,
Өзің айт марапат сөз ондай дәуге.
Бұлбұлға теңеу қайда дауысыңды,
Өнерің тасып тұрса, торғайға “әу!” де.

Зымиян, бар сырына қанық бұл сұм,
Ашқарак, кімді жарылқап қарық қылсын.
Апандай ашып қойған аузына әкеп,
туралап, ірімшікті салып тұрсын.

Өйткені, ол қалаулың сайлап алған!
Қаркылдай бер, пайда жоқ сайрағаннан.
Аузына ірімшік сап тұрсаң болды,
Бәрібір, тасысаң да қай қазаннан.

Таси бер ірімшікті жаның салып,
Түлкінің іші майдан жарылса құп.
Ақы-пұл дәметпе тек еңбегіңе,
Бұл саған – әрі парыз, әрі салық.

Әй, қарға, күні бойы тынбай ұшып,
Түлкіге жем тасисың, өкпең ісіп.
Ол жатыр көлеңкеде: былқ-былқ, сылқ-сылқ..
Қарны ток, уайым жоқ, іші пысып.

Жасайсың ұшқан құстың жоралғысын,
Белгілі: барар жерің, қонар тұсың.
Түлкіні мақтай-мақтай аузың кепті,
Осынша түйсіксіз, ез болармысың.

Білер ең бір парықты – тауға қонсаң,
Ақ қарға қызыл шоқтай аунап алсаң.
Түлкіге өкпелейтін не жының бар,
Сен өзің ақымақтау қарға болсаң..

30.12.1991 ж.

СЕНІҢ СОРЫҢ..

“Ізгі” оймен “зиялы” қасқыр шықты қорадан...
Қара төбет құйрығын бұлғап қалды. О, надан!
Ертеңінде дәрігер диагнозын қойды нық:
“Өткен түні алпыс қой опат болды обадан”.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ер көрдің бе талтүсте ел ырысын тонаған?
“Батыр” дейтін сөлкебай тақпақшы едім мен оған.
Атаң казак “бір жоқты бір жоқ табар” дегендей,
Әр балаңның мойнына мініп отыр он “аған”.

Міне берсін мінгізсе... Неге күйдің сен оған?
Құйыршық боп, өгізді корисың ба сонадан...
Қыңсылаған итті аяп, шынжырынан босаттың,
Ол қабаған. Үстіңе қарғып шықты со заман.

Өзінде ғой бар пәле. Итке өкпе не талаған?
Әспеттедің “Арлан” деп. Оның іші тағы арам.
Өңшең қудың өзегі талмасын деп жүргендей,
Өзі ашқұрсақ Бейнет бар құдайына қараған.

Жарты дәннен – жап-жалпақ қалай өнді таба нан?
Қайтсе шие шығады тауып алған тағадан...
Әзір қасық әне тұр, қайда бірақ дайын ас,
бөшке қарын бөспем-ау, Зор Жиыннан тараған.

Ғажап балды – темір қол тартып алды Арадан.
Қораң тесік. Бөрі әккі. Құтылып көр, ал, одан.
Құмырсқа бел Бейнеттің қылдырықтай мойнына
Айдаһардың құйрығы оралып тұр! Қара лаң.

Кеппеді аузы қасқырдың, кетпей қойды қан одан.
Жасты жалмап семірді шайтан тілек кәрі аран.
Бір сайқалдың жеңсігін басқан қара құл тектес,
Көнбіс ауыл ат-тонын ала қашты қаладан.

Кім пұшайман болмайды: улы тілін қадаған –
таза қанын сорса бір, қалың маса қамаған.
Бакыр басқа қалқан боп жарғақ құлақ жарытпас,
Хан шықпасы секілді – қамқа тонды қарадан.

Азулыға жем болып, айбарлыны қалаған,
Бар айранын ұры ішіп, шелек түбін жалаған,
Берекесіз, бейнетшіл, бейбақтар-ау, бері қара,
Сенің сорың, мен білсем, саңылауы жоқ санадан.

Бір жеңнен қол және де бас шықпай бір жағадан,
Әке безіп баладан, іні кетті ағадан.
Жылатқан көп жанынды, жұбатқан жоқ жан адам,
Бетің батпақ – жарадан, ішің күйік – жаладан..

30.12.1991 ж.

* * *

Тазалықтың жүрегіне
Қанжар сұқтың сен кеше.

Жетіп тындың тілегіңе –
Тойла, шаттан, ендеше.

Жок, өйтпейсің, өңкілдейсің –
қайғы шеккен жандай боп.
Жорта көзге елпілдейсің,
Өп-өтірік зарлай кеп.

Ойлайсың-ау: осыменен
жасырам деп күнәнды.
Қолыңды тарт, былғама сен,
Қасиетті Құранды.

Жақсы кетіп, жауыз қалса –
кеңіте ме жерін ол?
Жылы қанмен ауызданса,
жыртқыш неден жерінер.

Сұрқиялар бағы таймай –
аз жоқтамас ерін ел.
Ақ жүректер әлі талай
егілер де еңірер...

30.12.1991 ж.

* * *

Акындардың қоғамы,
Жетімдердің қоғамы,
Әкімдердің қоғамы...
Бәріне бір президент.

Акында жок баспана,
Аға іздейді аш бала...
Әкім ғана сесті ана –
секілді бір семіз үйрек.
Сол семіз үйректі
сойып жемей, күй кетті.
Және бәрі үйретті:
“Үлкендерді тында!” деп.

Ал, акынды шаршатқан –
төбесінен тамшы аққан,
майын сатқыш малсақ там.
Әкім қайда? Мұнда жок.

Акындардың қоғамы,
Жетімдердің қоғамы,
Әкімдердің қоғамы...
Оның кімге обалы?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Акын кетті үй іздеп,
Жетім кетті күй іздеп.
Әкімдер жүр мүйіздеп...
Ал, президент?.. Жок әлі.
01. 01. 1992 ж.

БАЙДЫҢ ЖЕЛІ...

Әлдекімнің өтті деп айғырлығы,
Зарлайсың – аманында айдың-күннің.
Озбырдан қорлық көріп келдің бе өзі?
Онда сені сабайды байдың құлы.

Құл байғұстың, па-а-а, шіркін, сабасын-ай!
Бәрекелді! Мархабат! Заң осылай!
Жәрдем күтіп, жоқ, әлде келдің бе өзі
құйрығыңа байлайтын шала сұрай?

Өзің келдің, сені ешкім шақырған жоқ,
Келдің екен, тойып кет – хақыннан жеп.
Бай мен оның құлына кеткен есең –
Бәрі осында, жете алмай жүрген, зар боп.

Сыбағана өстіп бір тойдырғанға
риза бол, алғыс айт айғырларға.
Әділдіктің әкесін танырсың сен,
Мүйіз сұрап, құлақтан айрылғанда.

Қара кесек – қашанда майдың жемі,
Төбе шықпас дейсің бе сайдың жолы.
Құйрығымен диірмен тартып тұрған
құлдың күші – емес пе, байдың желі..

03.01.1992 ж.

* * *

Қойдым. Тойдым. Күдер үздім. Түнілдім.
Білсем етті, шикі екенін түбіннің.
Кендігімді саған сыйлап, ал өзім
Бір бидайдың қауызына тығылдым.

Көкті сүйген таудай еді, о күнім,
Акку-казды көлдей еді, өмірім.
Тау тоналды. Көл жоғалды. Орнында
қалды менің көшкен жұрттай көңілім.

Жок арманның, елесіндей толқыған –
Тоналғанның, орнын немен толтырам?

Көл суалды. Тауым менің шағылды.
Осы – құдай, кешірмейтін зор күнәм.

04.01.1992 ж.

* * *

Гүл едім ғой, гүл едім!
Жаншылдым да тапталдым.
Жарық күнім тоналды.
Жат дүниеге аттандым.
Енді менен сұрама
нәзіктігін қайда деп,
Өзегімді қарыған
ызғары бар ақпанның.

Таң едім ғой, таң едім!
Түн қойнына мен көштім.
Менен шуақ іздеме,
Күн боп енді келмеспін.
Сенің кара дауылың
қалтыратты жанымды,
Қатып қалған қанымды,
жылыта алмас енді ешкім.

От едім ғой, от едім!
Түтін болмай не болдым.
Көңілімнің шоғына
су құйдың да жөнелдің.
Жана алмасам жалындап –
тірлігімнен не пайда:
Бар болғаным жоққа тән,
түтін болсам – мен өлдім.

Бар едім ғой, бар едім!
Жоққа қайтып айналам.
Қайда, қайда, құдай-ау,
қызық күндер жайнаған.
Күнге қарай ұшамын
шарық тастай зырылдап –
Мені жейтін ауыздың
азу тісін қайраған...

12.01.1992 ж.

ҚАРА ЛАШЫҚ, АҚ ҚАМШЫ

Үйде, түзде, көшеде... қысыл, қазақ!
Тағдырың сол. Жорыған түсінді азап.
Кері баққан көткеншек жылқыдайын
Төрт тағандап тұрып ал, пысылда, жат.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қысыл, қазақ, болмайды қысылмасаң.
Мейманың бар үйінде, бұ сұм масаң.
Қазақтығың қайсы –
өзін далада қап,
Қонағына төрінді ұсынбасаң.

Қысыл, қазақ! Сенде – ізет, көкенде заң!
Сыйламасаң біреуді – кетер мазаң.
Бөркінді онда аспанға ат, алақай,
Кісі келді үйіне, көтер қазан.

Қысыл, қазақ! Осылай ұйғарылды.
Еркелет те еркінсіт мейманыңды.
Сен аш жүрмей, ол қайтіп тоқ болады?..
Үйіре бер, әйтпесе, иманыңды.

Жолың қысаң, жерін кең бір жазғансың,
Тау пейілді тар үйде туған жансың.
Итарқаға сыйдырған он баласын
Отағасы секілді тым маңғазсың.

Екі аяғың көсілсең далаға асып,
Сол жатысың баяғы алаң-ашық.
Кең сарайдан кем емес саған әлі,
Жиреншеге бұйырған қара лашық.

Сыртқа бәйек, ішіңе ірісінген
мінезінді білгендер – тым ісінген.
Әсеттейін “ажалды сатып алған”
тағдырың сол, көрерсің мұны кімнен.

Қысыл, қазақ, еркін жоқ қысылмауға,
Қысыр жылан іргеңнен ысылдауда.
Атаң қазақ оны үйден шығарарда
басына ақ құятын, бұ сұм жауға...

Менің жырым – ақ қамшы, түсінбе жат,
Арда намыс оянса – құсың да азат.
Қойдай жуас, жылқыдай текті едің ғой,
Сыртың қоңыр, болсыншы ішің ғажап.

21.01.1992 ж.

ӨЛГЕН ЖЫЛАННЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ(НА)

Поэмадан фрагмент

Өлген жылан! Басың жоқ. Шауып алған.
Ал, құйрығың аумайды жаны бардан.
Сен ұқсайсың дауасыз өкіметке
өзі құрып, құбыжық заңы қалған.

Өлген жылан! Ер қайда-ау, сіз секілді,
Табылар ма сізге дос біз секілді.
Басың қайда демей-ақ, құйрығыңа
тағзым етіп тұрамыз құл секілді.

Ал, құйрығың керемет! Ол бір аңыз.
Диірмен тартар күштінің өзі нағыз.
Бассыз денең баяғы әдетінен
танар емес... Нәлет-ай, тегі жауыз!

Өлген жылан! Сезді екен артың нені...
Басың бақыр, құйрығың алтын ба еді.
Тақтан тайған патшаның тәжі тектес
саған тәнті – тәркі елдің әркімдері.

Еш күмән жоқ, кезіннің келгеніне –
еріккеннің айналар ермегіне.
Көріп, біліп, сезіп тұр ел де, міне..
Тек, сенбейтін секілді өлгеніңе.

Енді қайтсін. Жүйкесі сықырлайды.
Тышқанды үйге қашанда тықыр қайғы.
Бұл дүниеде өзгеріс болмағандай,
Бас орнында құйрығың тыпырлайды.

Бас жоқ сенде. Мәз емес жағдайың.
Зар шеккендер айтуда “а, құдайың”.
Ал, оларды қорқытып құйрығыңмен,
Сықыршылар құбылтты ауа райың.

Өлген жылан! Өзіңе риза қулар.
Сен кеткенмен, запыран бір жалын бар.
Шаруаң біткен. Басың жоқ. Бірақ әлі,
Құйрығыңды ойнатып жүр залымдар.

Олар көптің тілеуін тілеген боп,
“Бас кеткенмен, құйрық сау, міне, көр!..” – деп,
Қорыққанды қорқытып, аңқауды алдап,
Бәз баяғы жолымен жүре бермек.

Сенің жансыз құйрығың бұлғақтаған..
Көз ақысы мың есе қымбаттаған.
Түбі терең дәу қалпақ жанында тұр –
Кімдікі еді ол? Сол жағы жұмбақ маған.

Кеткендей ме менің де күйім анық,
Тұтқынында елестің жиі қалып.
Кейде шошып оянам, сол қалпақты
Өз басыма түсімде киіп алып.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өлген жылан! Адалмыз аруағыңа.
Қарамаймыз басыңның бар-жоғына.
Ала қаптың аузынан құйрығыңды
Қылтыңдатып көрсетсе болғаны да..

Өлген жылан! Қылыш ең – сермегенге...
Мен қандаймын, сәулем-ау, сен дегенде.
Құйрығыңнан енді өлсем айырылмаймын,
Өлі балық жолығар өлмегенге.

Заманыңда ер-ак ең, оқ батпаған,
Су жұкпаған үстіңе, от қаппаған.
Өлген жылан, сен неткен бақытты едің,
Құйрығың бар – басыңды жоқтатпаған.

Сергелденмін – түскенде сен есіме,
Сенбеймін – бұл фәнилік емесіңе.
Бағынудан құдайым айырмаса,
Табынамыз енді біз елесіңе.

Жансыз денең қалайша жүз секірді?..
Табылар ма бізге айбар сіз секілді.
Өлген жылан! Басың жоқ. Құйрығыңды
пір тұтатын құл қай-да-ау, біз секілді.

28.01.1992 ж.

ӨМІР ОТЫ

Іңкәрі едің –
жауһар сәуленің,
Ызғар ұрды.
Шашты зәр демін.
Күнің бітті.
Өтті дәуренің,
Шілдеде үсіген
алма.

Тағдыр қатал,
әмбе бек сараң.
Бар ма оған
уәжің, еп-шараң.
Енді қайта
көктеу жоқ саған,
Болса да қанша жаз
алда.

Тыныш мекен –
саған бұл ара.
Жетпес күлкі,

таппас күнә да.
Дауыл соғып,
бұршақ ұра ма..
Бәрібір батпайды
жанға.

Енді сені
үсік шалмайды.
Өшкен сәуле
қайта жанбайды.
Кімге бақыт,
кімге жан қайғы...
Сені енді қинамас
ол да.

Балғын денең
күртқа жем болды.
Ішке кірді ол
үңгіп кеуденді.
Ерте солған
гүлсің сен де енді.
Тиген қыз секілді
шалға.

Гүл бар нәзік –
дауыл өтінде.
Ол ұқсайды
мұңлы жетімге.
Болар болды –
өкін-өкінбе...
Не пайда –
біткен соң
шаруа.

Жараң ауыр.
Көрсем мен емдеп –
Ақын жыры
саған не бермек?
Сен тілсіз,
мен
қалдым керең боп.
үн қатшы,
жүрегің
сау ма?

Жапырақ-жаным
сенсіз елеңдеп,
Өзің қайта

ШЫҒАРМАЛАРЫ

күліп келер деп,
Қолым жайып,
“Саған сенем!” деп –
Құдайдан сұраймын
сауға.

Білсең айтшы,
не тұр жолыңда?
Біздің тағдыр –
Тәңір қолында.
Мен бір тұтқын –
тірлік торында.
Балықтай тулаған
ауда.

Әне, теңіз!
Әбден ышқынып,
Оянғандай –
жұмбақ күшті рух.
Сұп-суық жел
шалды ысқырық.
Білмеймін:
дос па,
әлде,
жау ма?

Әрбір таңнан
күтіп жақсылық,
Нәр жинаған
мен бір ақ шыбық.
Тағдырымды Күнге тапсырып,
сүйеніп өсемін
Тауға.

Өмір оты!
Нұр берші маған.
Жас әлемге
Күн болшы әман!
Адамзат мәңгі
қарыздар саған.
Өшпе сен,
өшпе сен,
лаула!

01.02.1992 ж.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Мейлі, енесін бірер күн
көме емсінші ерке лақ.

Мен де қанша жүрермін,
Көрінбеспін ертең-ақ.

Бұл жоқ-жітік тірліктің
қызығына кім ие.
Етегіндей түндіктің
Дөңгеленген дүние.

Сол дөңгелек Әлемге
қонақпыз ғой екеуміз.
Қалай келсек әуелде,
Солай тастап кетерміз.

“Сондай адам өткен...” деп
Айтса ұрпақ толғана.
Бұл пенденің қолынан
келетіні сол ғана.

Аттанармыз ол жаққа,
сен кеш, бәлкім, мен ерте.
Көңіл дейтін бау-баққа
түспесінші көлеңке.

20.02.1992 ж.

* * *

Кәрі теректің басынан
сарғайған жапырақтар
кұлап түсіп жатыр
жерге.

Ақ арақ сасыған
ұрандар дауылы
өршелене ышкынды
өрге.

Алмас қылыш секілді
найзағайлар жарқта-жұрк –
ашуындай халықтың
бейне.

Қара бұлттар нөпірі
қалың қолдай тұтасып,
қаптаған селдей лықсиды
кейде.

Сол бұлттардың көз жасы –
снаряд тамшылар
тырс-тырс... гүрс-гүрс жарылды
көлге.

Тамшы – теңіз анасы,
ұшы-қиырсыз ақ нөсер
алып кетті жер-көкті
демде.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Орындалмаған қаулылардай
қалт-құлт еткен жапырақтарынан
бір-ақ күнде айырылып,
дөңде,
Пұшайман боп тұр таз терек
ұяттан жүзі өртеніп,
қарайтын бет жок
елге.
Енді не болар екен?!..

24.02.1992 ж.

ҚАРАП ЖАУҒАН

Көктен де қаулы жаудырған,
Жерден де қаулы саудырған,
Бақаға жем шаштырып,
Балықсыз көлге ау құрған –
Мына заман қай заман?

Қаулыны жиып дәу қылған,
Одан да биік тау қылған,
Кезегі келген кезінде,
Қаулының аузын қаулы ұрған –
Бөстекі сөзге бай заман.

Сөз үстінен бу ұшқан,
Іс астынан су шыққан,
Отыз жалқау, он бес қу –
әр ауылдан бұл шыққан,
Заманым гүл-гүл жайнаған.

Жатып ішіп, төс қақты,
Алдап жеген ас тәтті.
Пайдадан қылшық суырып,
Қасқа ат еткен басқа атты –
Қызу айла қайнаған.

Жауабы жок сауалға
Шакша басың толар ма.
Күн бұлттанып келеді,
Тағы қаулы жауар ма...
Дүнк-дүнк... күнк-күнк... – айналаң.

Жауса жаусын дәу қарар,
Қаулының басын қаулы алар.
Көктем шығып қалды ғой,
Алда арайлы жаз да бар..
... Қаулы сатып ал жаймадан.

25.02.1992 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ МЕНІҢ АТЫМ

Алдар баба! Мен сенің адашыңмын.
Ақиқаттың жолында аласұрдым.
Көңлі мырза бір жанмын, қолы қысқа,
Қаспағына семірген қара судың.

Бола берсін бойға құт бұл су, мейлі,
Мың момынның ризығын бір сұм жейді.
Бес-ақ сомдық құны бар шендібайлар
менсінбеген сыңаймен: “Кімсің?” дейді.

Жауап берем күмілжіп, көмескі үн боп:
“Көріп тұрсыз, мен ешкім емеспін...” деп.
Өйткені, оның алдына, он теңгелік
ісім түсіп барамын, елес күрмеп.

Ол: “Жоқ!” дейді.
– Неге бар, ал, анаған?
– Ол кісі ме?.. Қоғамға керек адам!
Атағы бар, аты бар болғаннан соң,
Берем десе, өкімет береді оған.

Зығырданым қайнайды... сәл тоқтаймын.
Болмаған соң қолда күш, жалтақтаймын.
Осындайда, оллаһи, асыл баба,
Сізден басқа шағынар жан таппаймын.

Ойы арамның – қолы арсыз, алалаған,
Атқа қайдан жарысын адал адам.
Болмаған соң Жаяудың бәрі Мұса,
Бай ауылдың иті әулие абалаған.

Олжаласа алаяқ Ардың малын,
Билер қайда ойлайтын елдің камын.
Түйе баққан кездерін ұмытпайтын,
Абылай деп кім айтар ханның бәрін.

Әкімдер көп бұл күні ел білетін,
Қызметінен кеткен соң, енді жетім.
Ақындардың өмірі арман кімге,
Әкімдерден хал сұрап, телміретін.

Асау қайда құтылар күні жеткен,
Қуғыншы бар қулығын құрық еткен.
Әулиелігі Сананың таңсық кімге,
Тепкісінде тұрмыстың ғұмыры өткен.

Мен бір күні айнаға қарап едім,
Өз сиқымнан шошыдым, нала жедім.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сізден ұят, әз баба... Әйтпесе ме,
Біреу ғұрлы әкім боп алар едім.

Бір шындық бар белгілі Әліппеден:
Мұны басқа семіздің арық пенен.
... Мен секілді аты жоқ миллиондардың
Құдай қойған аты бар – ХАЛЫҚ деген.

25.02.1992 ж.

ЕРТЕГІ (новелла)

Құдайға шүкір, үйінде
бокмұрындарың баршылық.
Ас ішіп, киім киюге
етпейді олар қарсылық.

Бала ғой, бала... Ендеше
тісіне – алма қатты емес.
Бал шырын жақсы-ақ, амал не,
кәмпиттің аты – “Тәтті елес”.

Ал, балалар ашқұрсақ,
Кілгіріп кеткен көздері.
Ойнамайды олар асыр сап,
Сәбилік мынау кездері.

Үйге қайтсаң жұмыстан,
Балаларыңда – бар ойың.
Ал ол үйдің президенті –
Ішпейжүрмес ағайың.

Айтпақшы, сені бастықтар
“Құрылысшы” деп атайды.
Жағдайы бар жұрттар,
Саған зорлық жасайды.

Әлгі ағаң да сен салған
жаңа үйге жайғасқан.
Ескісінің бір жағын
саған жалдап, пайда ашқан.

Сырттан кірген боранның
жартысы үйден шықпайды.
Үй дегенің – ағаңның
қорасына ұқсайды.

Сол ағаңның, алдымен,
көңіл күйін “булайсың”.
Содан кейін радиодан,
Ауа райын тыңдайсың.

Үй дегенің – бір бөлме,
Жиһазға іші толмайды.
Бір бөлмелі бұл үйде,
Ас үй деген болмайды.

Халі бар ма қарны аштың,
Пәс қабақтар кідиген.
Хош иісі дәмді астың,
Ауып кеткен бұл үйден.

Ат қорадай бөлмеге
Алты көңіл тұр сыйып.
Балаларға обал, өзді-өзі
әр бұрышта бүрсиіп.

Үлкен ұлың он жаста,
Кішің төртке нық барды.
Оның бірі – Олжас та,
Екіншісі – Мұхтар-ды.

Ортадағы екеу де
Оңай емес, ғажап тек.
Оның бірі – Қазақбай,
Екіншісі – Азатбек.

Азан шақырып қойған бұл
Жеткіншектердің аты осы.
Сол төрт ұлдың әкесі –
Құрылысшы һәм пәтерші.

Төрт қабырға әзір жоқ,
Төрт тіреуің бар сенің.
Онда неге дел-сал боп,
Қашып отыр қан-сөлің?

Кенет сенің көзіңнен
Жалт етті бір от-ұшқын.
Атып тұрдың үстінен
илектенген қоқыстың.

Көңілің тұр енді өсіп,
Өзің де шын ерсің ғой.
Ханмен тіке сөйлесіп,
Уәзірлерін менсінбей.

– Әй, балалар, мұнда кел, –
даусың шықты жігерлі. –
Аман болса туған ел,
Өгейлік жоқ бізге енді!

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ел еңсесі өрлерде,
Үстем болар мерейің.
Кел, оданда сендерге
Әңгіме айтып берейін.

... Аштық пенен суықтан
тұралаған, бұрлыққан
балаларыңа, сен, міне,
бүгінгі күнгі шындықтан

сәл алыстау... қиғаштау
Ертегі айтып отырсың.
Көзі ашылған бұл бастау
Токтамай енді жосылсын!

Балалар ғой, бала әлі...
Ертегіге сенеді.
– Ал, бұл “Бақыт аралы”
кай жерде? – деп төнеді.

Әңгіменді жалғайсың:
“...баяғыда болған” деп.
Сен айта алмайсың
“Ертегі деген – арман” деп.

Ал, балалар қалжырап
шаршаған ғой, аш бәрі.
Бір кездері... маужырап,
ұйқы жеңе бастады.

Ертегінің жалғасын
Көрер ме екен түсінде?
Ел ертеңі тоңбасын
Суық үйдің ішінде.

Сыртта боран. Есікті
жұлқылайды. Ішке енбек.
Балалар ұйқыға көшіпті.
Олар қандай түс көрмек?..

Жә, сен неге отырсың?
Дем ал. Ертең жұмыс қой.
Күн де ашылар, мол жайып
шұғыласын күмістей.

Ертегі естіп ұйықтаған
Балалардың ойы ток.
Көңіліне нұр жұкпаған
Зердесізден үміт жоқ.

Бал жалаған балғындар –
Тыныш болсын ұйқысы.
Таң нұрындай жарқырар,
Күн шұғылалы күлкісі!!

25-26.02.1992 ж.

МАШАЙЫҚҚА

Шеңгелінде пәленің
Тастама мені, машайық.
Ерте кет мені, кәне ерім,
Екеуміз бірге қашайық.

Жаудан қайтпаған жүрегім –
Жаланың жемі болмақ па.
Байрақтық асыл жібегім –
Қатынға жаулық сол боп па.

Алдыңнан төнген дүрбіден –
Артыңнан ерген қарауыл,
Алыстан соққан гүрзіден –
Жақыннан таңған жала ауыр.

Зымыстанның алдында,
қайтейін, жаным қорланды.
Болған соң мазақ малғұнға
Табармын қайдан қорғанды.

Бәлелі кепке бармағым
Қалайша менің бұлғанды.
Қастер де тұтқан ардағым –
Қасиетсіз боп бұл қалды.

Улы тіл мен окты көз –
Дауасыздың зорлығы.
Арға тиген ғайбат сөз –
Бұл дүниенің қорлығы.

Ғайбат сөзден шошырсың –
Шоқ түскендей үстіңе.
Кез болмасын кесір сұм
Тау тұлғалы күштіге.

Намысты ермен жаулаһсаң,
Білек күшін бір сынар.
Ез наданға кез болсаң,
Жүрегіңе біз сұғар.

Сөз ұға алмас қақсал мен
парықсыздың бос құны.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жау болса да жат көрмен
Уәжге тоқтар естіні.

Намыс – елдің ары ғой,
Наданға оны бермегін.
Езді жеңіп, абырой
тапқан ерді көрмедім.

Пәле қайдан деменіз...
Жар астында – Қызыл көз.
Ақ ниетпен келеміз,
Болса екен-ау Қызыр кез.

Бас-көзі жоқ қаңқу сөз
Қадалады шаншудай.
Зая болар алтын кез –
ит ластаған асындай.

Машайық-ау, машайық,
Келіп қалды, ойбай, жау.
Кел, қосылып қашайық,
Жалғыз маған болмайды-ау..

26.02.1992 ж.

ЕЙ-Й, СҰР ТОРҒАЙ!..

Е-е-й-и, сұр торға-а-й-и! Астамсимумыз бекер біз,
Кемді күнгі қонақпыз ғой екеуміз.
Жарық дүние меншігім деп ойлама,
Біле білсең, жатпыз оған, бөтенбіз.
Ей, сұр торғай! Астамсимумыз бекер біз.

Ет пен сүйектен шын жаралған екенбіз,
Қайдан келсек, сонда мәңгі кетерміз.
Бұл дүниенің ұшпағына кім шыққан,
Бәрін тастап, біз де бір күн өтерміз.

Зу-зу етіп, өтіп жатқан жаныңнан,
Күндер қайда – мәшинедей ағылған.
Екеуміздің несібеміз өлшеулі,
Бір құдайдың құзырына бағынған.

Күн суық деп қорғалайсың сен неден?
Екі келмес бақыт емес пе ол деген,
Бір кеткен соң қараңғы анау тылсымға,
Қауышу жоқ қайта боран, желменен.

Жаңбыр да жоқ, қар жаумайды ол жақта,
Серуен құрып бармайсың да бау-баққа.

Ешкім сені ренжітпейді және де,
Жүрегіңе түспейді онда салмақ та.

Әлде, сенің асыққаның осы ма?
Келмей отыр көңіліңнің хошы да.
Тіп-титімдей торғайым-ау, тірліктің
ыстығы мен суығынан шошыма.

Сол еркіндік екеумізге бір келер,
Онда, бірақ, еркелігінді кім елер.
Жақындарың қайда сенің жанашыр?
Жаулар да жоқ... Бірдене айтшы, тілге кел.

Ей, сұр торғай, аңғыртым-ау, асықпа,
Үлгересің... Құтылмайсың қашып та.
Сен, қарағым, ғашықсын ғой, ғашықсын,
Ал, ол жақта... орын жоқ қой ғашыққа.

Күн суық деп уайымға сен батпа,
Әлем суық, жүрек ыстық бірақ та.
Рақат пен ләззат бар деп ойлама,
Тіршіліктің шыж-быжынан аулақта.

Торғайсың ғой, жұдырықтай торғайсын,
Тіршілікке тірек-тұтқа болмайсың.
Бұл әлемге сенсіз қалу түк те емес,
Тобықтай-ақ тас тисе де оңбайсың.

“Күн суық” деп шырылдайсың, зарлайсың,
Біреу үшін жапа шеккен жандайсың.
Мұндай бақыт тұра бермес басында,
Тоңа алатын кездерінде тоңғайсың.

Тоң, тоңа түс... Тағдырың ғой бұл сенің.
Осы азаптың бір-ақ тамшы у-сорын
мәңгіліктің барша шәрбат-нұрына
айырбастап ала алмайсың. Мұң – соның.

Бұл жалаңаш Әлемнің бар аязы
тығылады құшағына аялы.
Деміндегі, денендегі жылумен
өсіп-өніп, енді ол өркен жаяды.

Өмір ғой ол, өмір ғой ол, құдай-ау!
Өмір барда – Әлем жылы, Күн ояу.
Бар суықты сіңіріп ап бойыңа,
Жылу шашқан жұдырықтай торғай-ау.

Ала қанат сауысқандар сақ, тегі,
Бар сенгені – сәнді қара-ақ тоны.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сары аяздан қорқады олар өлердей,
Шіркіндердің жаны қандай тәтті еді.

Тоңғақтардың көңілі де бейне тоң,
Олардағы ниет басқа, ой бөтен.
Тон кигендер торғайға жем шашпайды,
Жанымызды тон сақтап тұр дей ме екен.

Тон дегені өз мүлкі емес, берісі –
жазығы жоқ момын қойдың терісі.
Әріде өткен сауысқанның ұрпағы –
Ендігінің мырзасы мен серісі.

Жылы тонға оранғанмен, олар да
жата алмайды піскен нандай тонарда.
Сенің титтей пананды кеп қорғалар,
Түу ғарыштан ұйтқи соққан боранда.

Торғай, торғай, “тондым ғой” деп мұнайма,
Жылуынды азық еттің ұлы ойға.
Ал, өзіңе талшық болар дән қане?..
Сені жеуді арман ғып жүр құмай да.

Көптен көзін тігіп жүр ғой ол саған,
Сол жауыздың тырнағынан болшы аман.
Менің ұлым өзің үшін жылы ұя
жасап қойды. Сәл күте тұр, жем салам.

Жағдайынды қорашсынба, қорсынба.
Бар болудың өзі бақыт – барсың ба?!
Сол жетеді... Екеумізге бұйырған
бір несібе бары анық қой, таусылма.

Бұрау сынса, сынбағанын таппай ма?
Оған бола, уақыт көші тоқтай ма.
Күздан құлап өлгендерге ұқсама,
Бұл дүниеден түңілуден жоқ пайда.

Көш жолындай – тірлік жолы тайғанақ,
Табанында – аш шатқал тұр “қайдалап”.
Сен – түйір дән, уақыт – диірмен тасындай,
Бір-ақ сәтте шығарады майдалап.

...Ардың-гүрдің, ар-имансыз, мас мына
мәшинелердің доңғалақтарының астына
түсіп қалмай, тұра тұршы торғайым,
Жүре тұршы сабыр сақтап, дәс қыла.

27.02.1992 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
БАСПАЛДАҚТАР ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

О, сен бе?.. Сен ғажапсың. Тамашасың.
“Елім” деп еңіреген ер жасасын.
Сол елдің иығына шығып алып,
Тәңірдің билігіне таласасың.
О, сен бе?.. Сен ғажапсың. Тамашасың.

Самұрық күс секілді қас саңлағым,
Тәуір-ақ әуеледің, аспандадың.
Табаның тиіп тұрған алып иық,
Бұл өзі нешінші баспалдағың?

Білмеймін. Білетінім басқа менің.
Ол кезде он, не он бір жаста-ақ едім.
Биікке баспалдақпен өрмелеуді
сен менің иығымнан бастап едің.

Жыл сайын біздің үйдің шатырына
кептерлер ұя салып жапырыла,
сол жерде жұмыртқалап, балапанын
өргізіп жатушы еді көктем шыға.

Сен болсаң, кептерге өш болатынсың,
Аямай жұмыртқасын жаратынсың.
Менің де иығымды басқыш етіп,
Ұяға қолың созып алатынсың.

Қарашы, сол әдетің қалмапты әлі:
Келесің баспалдақпен заулап тағы.
Ал олар әрі ұзын, әрі сәнді,
Бейне бір биік жартас, тау жақпары.

Тым сұсты, өр де өктем тау ұсқыны,
дейтіндей – тік шапшыған барыс мұны.
Қарасаң төбесіне – бас айналып,
Көзді арбап, мұнартады даңқ шыңы.

Сол шыңның айдарындай, әрі үскіні –
желпілдеп нарттай кызыл “жарыс туы”,
қоздырып көңіл құртын, шақырып тұр
жез табан, жел аяқ пен шабыстыны.

Шың мен ту – дәмесі зор талайға арман,
Аспандап, асқақтап та қарайды алдан.
Аяғы бұған жеткен – бақытты боп,
Құдайдың еркесіне және айналған.

Жалғасқан сатылары жақпар-жақпар,
Созылған ұз-ы-ын, биік баспалдақтар...

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Үстінен көп сатынын, өрге қарай
Түлкіше бұлталаңдап қашқан бақ бар.

Келесің сол түлкіні сен де қуып,
Бұл жолға бекем түстің, бел де буып.
Аяғың жер баспайды, құстай ұшып,
құдды бір алғандайын желге мініп.

Алдыңда – мансап пен даңқ биіктігі..
Таппайсың одан өткен сүйіктіні.
Ал оған жету үшін іздейсің сен
табанға тірек болар иықтыны.

Иықтар. Баспалдақтар. Көлбегей шың..
Тістеніп, тырмысасың, өрмелейсің.
Тасынды өрге қарай домалатқан,
домкрат-иықтарға енді өгейсің.

Өгейсің... Асқақтайсың биік тауда,
Ұқсайды жердегілер құмырсқаға.
Жеркене жоғарыдан көз тастайсың,
Төменде қалған саты-иықтарға.

Соңғы асу... Қол созымда тиіп тұр шың!
Оған бір шығып алсаң – биік күнсің.
Аялы алақандар секілденіп,
Жолыңда жоталанып иық тұрсын.

Міне, сен таудан асқан желге еркелеп,
Келесің жанталаса өрге ентелеп.
Жайылып төсек, жатып жастық болған –
иығы кең де жалпақ ел кеу-кеулеп.

Аузыңда халық деген ұраның бар,
Қолыңда құдай деген құраның бар,
Ішің бос, түпсіз түнек, сол шыңыраудан
Шыңға көз тігіп жатқан жыланың бар.

Ал, шыңға қыран бүркіт ұя салған,
Төніп тұр хақ жолының қиясы алдан.
Жетсем деп осы ұяға, алқымы ісіп,
жыланды буып алған қияс арман.

Тау жолы сол жыландай ирелендеп,
Барады мың бұралып, билеп, өрлеп.
Тізқатар иықтарды басып-жаншып,
келесің сен де: “Жаса, сүйген ел!” деп.

Біреуі сол иықтың – менікі ғой,
Шіреніп тұрдың да сен оны тірей,

келесі баспалдаққа шыға бере,
ерігіп теуіп қалдың кері шірей.

Тептің сен. Ал, не болды? Көр анығын:
Домалап сайға түстім. Жаралымын.
Сен жеттің арманыңа, ал төменде –
кол соққан қауметшіл жұрт кара құрым.

Сен тұрсын шың басында көңілің озып,
Жердегі көп караға қолың созып.
Құдай-ау, қалың елдің камы үшін бұл
киянға шығыпсың ғой, өкпенді езіп.

Ішінде сол қалыңның мен де бармын,
Әкеміз бәріміздің – сен боп алдың.
Мен сенен жаралымын, ал сен менің
бақытым туралы айтып, толғана алдың.

Мені не кара басқан, соны білмей?..
Тонғандар күтумен жүр сені күндей.
Бет алдың қай белгісіз қиырларға –
Халықтың жасанды бір серігіндей?..

28.02. – 06.03.1992 ж.

ЖАНДАЙШАПТАР САУЫТЫ

Жандайшаптар сауыты қырық қабат..
Ең сыртында жазу бар: “Ұлықмадақ”.
Сол жазудың астынан ызың салып,
Ұшып шықты бір шыбын сынық қанат.

Қайдан шықты бұл шыбын, қайда кетті?..
Мұны білер еш қайран, хайла жоқ-ты.
Тек, әйтеуір көң артқан “Көк сонаша”⁸,
Танауыңның астынан айдап өтті.

Қайда кетті, білмейміз – қайда қонды?
Бәлкім, доғал тұмсығын майға көмді.
Әйтеу, әлгі бейуаздың артын ала,
Ызыңдаған қырық шыбын пайда болды.

Міне, қызық: олар да дос тауыпты,
Табақтас боп қоңызбен қос қабықты,
Қырық шыбын ұшып жүр, жандайшаптың
қырық қабат сауыты бос қалыпты.

Бос сауытты қаңбақша домалатып,
Көң иісі мұңкіген қораға атып

⁸ Көң тасығыш айырплан.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ұрды да, бір шолжың жел жайына кетті,
Балалармен ойнауға бара жатып.

...Жандайшаптар сауыты кырық қабат..
Ең ішінде шыбын жүр сынық қанат.
Сынық қанат шыбынның қарнын жарса,
не шығары белгілі... Құрып қал-ақ!

06.03.1992 ж.

* * *

Сәриден келіп, көк сүттің
кезегін күтсең, несі айып.
Жат жұрттық болған Тоқтықтың
Жабылып тойын жасайық.

Бұл Тоқтық дейтін жетім қыз
Жүрмеді, әттең, жайына.
Бізді бір жерге қаратып,
Қашып та тиді байына.

Бағы ашылмаған байғұстың
Өзіне де жоқ обал.
Тапқан бұл байы – алаяқ,
Жағдайы қайтіп оңалар.

Сұмырай келсе, су құрып,
Бұл күйеу бізге жұт болды.
Шымшып бір ішіп, шынғырып
тышатын күндер тік келді.

Айтпақшы, Тоқтық кеткенмен,
Бой жетіп қалған Аштық бар.
Екеуінің тойын бір жасап,
үнемдемекшіміз, уақыт тар.

Аузымыз күйді сан рет,
Енді үріп ішпей болмайды.
Қондырмақшымыз Аштықты
Құтты орнына ыңғайлы.

Такырға бізді қонжитты,
Тиді де Тоқтық – залымға.
Ұзатпақпыз енді Аштықты
Шаруақор жарлы момынға.

07.03.1992 ж.

* * *

Саған пара берер ем,
Немді берем, ал, бірақ?..

Аркамда жоқ керегем,
Төбемде жоқ шаңырақ.

Шаңырағым бар болса,
Шалқак басып келмес пе ем.
Төрт кереге – тал болса,
Дөңгелентіп кермес пе ем.

Шалқак басып келген шал –
Дана болмай немене.
Дөңгелентіп керген тал –
Пана болмай немене.

Дана болар нарынды
Шөкім еткің келе ме.
Пана болар талымды
Отын еткің келе ме.

Тұлпар шығар тайынды
Тоқым еткің келе ме.
Ақ борықтай ойымды
Қоқым еткің келе ме.

Жүрегімнің жұлдызын
Саған қалай берейін.
Түнге айналса күндізім,
Оған қалай көнейін.

Жарығы үшін дүниенің –
Саған алғыс айтам ба.
Келіп тұр деп билегім,
Рұқсат сұрап қайтам ба.

Көңіл көнбес кемдікке,
Тұрма оның жолында.
Маған керек кеңдік пе? –
Ол да сенің қолыңда.

Сенен сұрап неге мен
Ауа жұтам, су ішем?
Амал қанша, бөгелем...
Түсінбейсің мұны сен.

Талды қайдан табамын,
Отап алдың оны сен.
Панасы мол даланың
Әміршісі тағы сен.

Сол даланың ризығы
Маған да ортақ еді ғой.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Суының да сылдыры –
Сыркатымның еміндей.

Соның бәрін басып ап
жамбасыңның астына,
Азулыны асырап,
Айбынсызға оскыра,

Елдің қамын жегенсіп,
өз жемінді аңдисың.
“Тәйт әрі!” жоқ еренсіп,
Таза жерге саңғисың.

Жең ұшынан жол салып,
Із жасырған боласың.
Тоймағандай томсарып,
Айналаңды шоласың.

Мен алдына келмес ем –
Тонап алдың барымды.
Ашуға ырық бермес ем –
Қараладың арымды.

Керегемді сенсіз-ақ
керер едім,
жанымды
сол күйзелтті:
шаршылап
қиып алдың талымды.

Мен алдына бармас ем –
Қамқоршы әке табылды:
Қойды саған қаратып –
Күнім менен таңымды.

Жанашыр аға сен бе едің –
Жақсартатын халімді?
Тасқа қылыш сермедім:
“Кеңітші, – деп, – тарымды”.

Әддім құрып, әттең-ай,
Тасқа жаным шағылды.
Шырылдаған көк торғай
Бір құдайға шағынды.

Бұл зар, бәлкім, құдайдың
құлағына шалынды.
Шоршып... неге мұңайдың,
шоқ тескендей шабынды.

Тәубесіздің иманы
бар дегенге кім сенер.
Имансыздың ыржаңы
Күлкі үстіне күл себер.

Әкімшік-ау, тақ-тұқ-ты –
тар көңілге сыймағы.
Сен қимаған шаттықты
Тәңірім маған сыйлады.

... Алтын басың – бақыр бір,
Күнің түссе наданға.
Иманы жоқ дінсізден
Құдай жақын адамға.

08.03.1992 ж.

* * *

Жүрегімнің жарасын
Кімге айтармын емде деп?
Жан мен тәннің арасын
бір мұң басты пернелеп.

Әуеніне сол мұнның
берілемін енді мен.
Бір мен үшін солғын Күн
Асады актық белгіден.

Бұл дүние арайлы,
Көңілі де тар, әттең.
Ытырына қарайды
Маған қатқыл кабакпен.

Қожайындай – үйінен
үнсіз қуған қонақты,
Сол тоң-торыс күйімен
Көрсетеді сағатты.

Сонша неге тарылды,
Онсыз дағы кетем ғой.
Жалғыз шыбын жанымды
Кен дүние тұр көтермей.

Бөтенмін бе мен осы?
Қарайды әлем жат көзбен.
Өткен шақтың елесі
Жалт етеді шат кезден.

Анау аспан, мынау жер,
Мұзды таулар, көк белдер,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

акша бұлттар, тұнық көл,
Бүлдіргенді беткейлер..

Соның бәрі, құдай-ау,
Менің туған жерім ғой.
Өз анамдай, баламдай,
Құшып-сүйіп едім ғой.

Елім, жерім, отбасым –
Ет жүрегім еді ғой.
Жүрегіме мен қалай
Жат боламын?! Сол үрей.

Ей, інкәр дүние-ау,
Сенсіз болу сұмдық қой.
Жүрегімнің жарасын
емдеп берші, мүлгітпей.

Амалым не, жат көрсен,
Мен сені жат етпейін.
Ынтызарым боп қал сен,
Өкпемді айтып кетпейін.

09.03.1992 ж.

* * *

Ебін тапқан кей қарға
Бүркітпенен ойнар-ды.
Лақты теке қойғанға,
Арсыз жайды ойға алды.

Тойған мысық айранға,
Одан теріс айналды.
Бармағандай ол манға,
Мұртын жалап жайланды.

Күннің көзі тайғанда,
Көкті билеп Ай қалды.
Батыр өліп майданда,
Қорқаққа атак байланды.

Ел түскенде ойранға,
Ерлер кетіп айбарлы,
Масайратты сайлауда,
Екі аяқты айуанды.

Жағалары жайлауда,
Солар салды сайранды.
Аяқ-қолы байлауда –
Таппады ерлер қайранды.

Неге түсті айдауға,
Сол жампоздар ойлы, арлы?
Олар бармақ шайнауға
тиіс пе еді?.. Шайналды!

Басты ұрмадық қай жарға...
Кекке намыс қайралды.
Ел ертеңін ойларда
Қайта таптық айбарды.

А, сүйінші, ақсарбас!
Ел мерейі тойланды!
“Елім-аймен” аттандас
Өр ұраны ойналды!

Тобын жиып – тозған көш,
Теңдер қайта тайланды.
Жолға шықтық, шұбыртып –
Бота, бұзау, тайларды.

Енді басқа ұрмаймыз,
Көш бастайтын байларды.
“Батырақ” деп тұрмаймыз
Алақанын жайғанды.

Ал, жайлауға айдайық
Жылқы, түйе, қойларды.
Жетіп бие байлайық,
Ұйытайық айранды.
Әумин!

10.03.1992 ж.

* * *

Дүние-ау, бұл не деген ғажайып күн!
Көңілдің бар дертінен таза айықтым.
Жеңілдеп шыға келдім, дел-сал ойдың
кірінен жан арылып, азайып мұң.

Мойнына сар шайтандай мазак мінген,
Мандайын тағдыр дейтін азап тілген,
Мен қазақ баласы едім еңірегем,
Уа, жұртым, қараңдаршы, азатпын мен!

Сұмдық қой, сұмдық қой бұл, бұ жалғанда,
Кіріптар болу деген бөгде жанға.
Кірменің халін кешкен күнің құрсын,
Қорлық жоқ одан өткен тірі адамға.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Кісіге күнін түссе – тірі сорың,
Боғы алтын, түкірігі күміс оның.
Атының майын мінсең аз уақытқа,
Ғұмырлық борыш болар құны соның.

Болымсыз қолғабысы өте қалса,
Онысын салмақтайды, пұлдап сонша.
Өзінді сатсаң дағы, құрығынан
құтылып кете алмайсың енді адамша.

Арынды құл ғып берсең – құның қанша?
Өтеді өксуменен, күнің малша.
Жалаңаш қалған артық айдалада,
Жат жанның қолтығына тығылғанша.

Өз паркын білсе еді ғой адам бір уақ:
Қара жер – кім-кімге де болар құндақ.
Арманы таусылмайтын бұл өмірде,
Кендік пен бостандықтан не бар қымбат?!

11.03.1992 ж.

* * *

Даланың кешегі өлген
денесін неше бөлген,
тажалды көшелермен
мен әлі жүріп келем.

Ол маған енді бөтен,
Буайын белді бекем.
Несіне ердім екен,
алдамшы үмітке мен.

Осы деп бақыт жолы –
біз сендік, енді оны
ұйытқыған уақыт желі
өшірер жер бетінен.

Көшімді тасқа айдадым.
Дұшпаннан дос сайладым.
Бармақты кеш шайнадым.
Өткенге енді өкінем.

Асылзат арысым мен
Әкелер қаны сіңген
жолдар бұл, әрі ісінген –
өңеші зор қаланың.

Түбінен қалалардың
Зиратын бабалардың
қайтсем мен таба алармын?
Соны ойлап толғанамын.

Менің де терім сіңген
жолдардан не күтіп ем?
Үміт бос. Оны кімнен
көрейін –
көнгеннен соң.

Тағдырым таңылған-ды.
Сәлімді, қанымды алды.
Әйтеуір жаным қалды –
Бір құдай дем берген соң.

Алдымнан шаң көрінді..
Түгендеп бар-жоғымды,
Табайын Ақ жолымды,
Көшіме көлік камдап.
Оңынан туып Айым,
Қыдырға жолығайын,
Баянды болсын лайым,
Аңсатып жолыққан бақ.

15.03.1992 ж.

* * *

Тоқырауда тойғандар –
Бокырауда тоқ әрі.
Мұздан құдық ойғандар –
Су сатады бағалы.

Майлы ішектей жылпостың
бағы әмісе жоғары.
Көп асқынға бір тосқын
бар деуші еді, жоқ әлі.

Мына селің өктем ғой,
Баса-көктеп ағады.
Ағытылып кеткендей
Лай судың тоғаны.

Жуас өгіз – күш-көлік,
Жүк артуға болады.
Адал жандар – іске құт,
Айлакерге обалы.

Баулушы еді жасынан
Әке деген – баланы.
Арсыздарын басынан
сипайды екен қоғамы.

16.03.1992 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Жендет, жендет! Сен менің
шабасың ба басымды?
“Анаулар” ғой – сенгенің,
Маған тісі басулы.

Домалатқан солар ғой,
Өрге сенің тасынды.
Тап бір кербез адамдай,
Кергілейсің қасынды.

Айбалтаны құлаштап,
Сермеуге ойың бас ұрды.
Арам қолмен ластап,
Қорладың-ау асылды.

Бұл сұмпайы қолыңмен
Қанша адал қан шашылды.
Бояйсың ба, сол умен
Анау аппақ шашынды?

Қабаған ит секілді,
Шашыраттың насынды.
“Бол!” деп иең жекірді,
Оның жүзі ашулы.

Қанға құныққан араның
Апандай боп ашылды.
Менің отты жанарым
Зәре-құтынды қашырды.

Жастық ете өлгім бар
Сендей құзғын масылды.
Көрмейсің ғой сен мұндар
Жаныңды алар жасынды.

Ойлайсың-ау, өстіп бір
аламын деп өшінді.
Өз мойныңа тозақтың
кыл тұзағы тосылды.

Арға балта сілтеп жау,
Арсыздығын асырды.
Қара күйе – бүркеп дау,
Қанның ізін жасырды.

Жанға түскен жарадан
Ердің қаны тасынды.
Ыза менен наладан
Ел толқыды, ашынды.

Жендет, сенің өтіңе
Ажал уы қосылды.
Қаны кашқан бетіңе
Қарғыс таңба басылды.

16.03.1992 ж.

* * *

Хан сарайда туғандар –
Күн сарайда өледі.
Сән-салтанат құрғандар
Алтыннан тақ өреді.

Улы, шулы өмірге
Оқыс келіп, сасқан бар –
Қара лашық төрінде
Дүние есігін ашқандар.

Жатырынан жарымай,
Келді өмірге Әлжуаз.
Қарындағы сары май,
Оған күліп болды мәз.

Әлжуаздың, өйткені,
Маймен ісі болмайды.
Секілденіп Жойт қолы –
бүйірін күнде оймайды.

Майға мазақ болудан
Құтылмайды Әлжуаз.
Бүйірі томпақ қарыннан
Көрмей қалған қорлығы аз.

Қарын – арсыз, май – ойсыз,
Ал, Әлжуаз тым олақ.
Шірітер еді аяусыз...
Болғысы жоқ құмалақ!

Мынау у-шу өмірде
Бір жақсылық бар дейді.
Медеу болсын көңілге –
Қанағат пен Ар, мейлі.

Әйтсе де, өмір аласы
ішінде ғой... Сызгейсің.
Бар адамның анасы –
бір дегенге сенбейсің.

Күн сарайға асықпа,
Хан сарайға бармайсың.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тудың екен лашықта –
Одан ұзай алмайсың.

16.03.1992 ж.

* * *

Сәріде туған ақ сәуле
Бейуақта жалғыз өледі.
Тапсырып жанын жат тәнге,
Жасырып түн көмеді.

Ертеңгі жанын кешке алып,
Несіне тәңірім етті әуре..
Қыршын да кеткен жас жарық,
Арманың сенің жоқ па, әлде?

Атқан бір таңды ағарып,
Кім күтуші еді, түн күтпей.
Бар болу үшін жаралып,
Жоқ болу деген сұмдық қой.

17.03.1992 ж.

КҮТУ

Күтемін,
 күтемін мен, күт деген соң,
Күтпеске амалым не, бітпеген соң.
Биліктің бар тұтқасын қолдарына
жиып ап, қаймана елді үптеген соң.

Өздері болғаннан соң тақсырымыз,
Тап солар – қамқор аға, жақсы ініміз.
Дамбалын сыпырады алдарында,
Ешкімге айтылмайтын ақ сырымыз.

Мәселен, оған келсең – сен былайсың:
Бір шаршы “кіш” ететін жер сұрайсың.
Алдында өзінді-өзін әбден қорлап,
“Ағатай, аясаңшы” деп жылайсың.

Аяғын құша құлап, барып өкір,
Тақсырдың айызы оған қанып отыр.
Бірақ ол сыр да бермей, тіс те жармай,
“Күтіңіз...” деп сыздықтап, әріде тұр.

Қолына тағдырыңды уыстап ап,
Тоңқиып әне отыр ол, қырыс қабақ.
Болмаса одан пәрмен:

 киім киіп,
хақың жоқ ішуге де дұрыс тамақ.

Өз құқы өзінде жоқ жас баласың,
Сұрайсың... Бермей қойса, аш қаласың.
Ол аз ба... Оған қойған күзеттіріп
Құдай мен өкіметтің баспанасын.

Сұрайсың, күмілжисің, пәс боласың,
Жылайсың, қатты айтуға жасқанасың.
Ол “жоқ!” деп, тақ төбеңнен тоқ еткізсе,
“Таксыр...” деп, артпен жүріп, аттанасың.

Айтпасаң жұмсақ алғыс – қатты “жолқа”,
Ертеңгі күнің қараң, еске сақта.
Таксырын күліп отыр, біліп отыр
әлі сан келерінді сен бұ жолқа.

Күтесің, күндеп, айлап, жылдар бойы,
Таксырың отырады аузын жұмған бойы.
Өйтпей ше? Оның саған айтар сөзі
жоқ! Және белгілі ғой тыңдар гөйі.

Күтесің, жүрмейді алға жөнді шаруа,
Түсесің ұзын арқан, кең тұсауға.
Ей, қалқа, өстіп жүріп ауру тапсан,
Ұқсауың қиын болар енді сауға..

Күте бер үнсіз-түнсіз... “Күт” делінді.
Шошайтпа, шошандатпа сұқ қолыңды.
Құдайдың өзіне айтарсың арызыңды,
Бір күні білмей қалсаң біткенінді.

18.03.1992 ж.

* * *

Өтірікке семірген “Шындық” едің,
Тағам иісі, ақшаның сылдыры едің.
Кәрі терек секілді тамыры шірік,
Опырыла құладың, сынды белің.

Айналана түсіріп көлеңкенді,
Тұрушы едің өсірмей көк өркенді.
Құлағаның, сынғаның дұрыс болды,
Күнін ойлай бастады ел ертеңгі.

Тақтан тайып сен кеттің, шындық қалды,
Ал, шындықтың мойнында мың жүк бар-ды.
Ішін ашып қарасаң, көрер едің
небір аяр өтірік, сұмдықтарды.

Сұмдық кетсін өзімен, шындық қалсын,
Қойнауынан тарихтың сыр ақтарсын.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бүгінгі жас, ілескен келер ұрпақ,
Ақиқаттың үнімен құлактансын.

Көңілде бар, өмірде жоқ бейне көп,
Ұрынамыз сол жоққа, тек, кейде кеп.
... Мен шындықтың жүзіне қарай берем,
Өтірікке семіріп кетпей ме деп.

18.03.1992 ж.

МАХАББАТ ПЕРЗЕНТІ

Суыртпақтың жібіндей,
Суси берді жылдарым.
Шынымен-ақ білінбей,
Тозғаны ма бұл жаным.

Менің май шам болмағым
керек пе еді, қаршығам.
Осы еді ғой жанғаным,
Қалайша тез таусылам.

Таусылмасқа шараң не,
Тұтанған соң білтең бір.
Сондай қымбат әлемге –
Күн шырақты күркең бұл.

Оттан шыққан алауға
Қосқан әннің аты – Ардақ.
Сондай қымбат адамға –
Күннен туған махаббат.

Алу менен қосудың
махаббаты – төрт амал.
Жану менен өшудің
ортасында – өмір бар.

19.03.1992 ж.

БІЛДІК ПЕ БІЗ...

Білдік пе біз қоғамның қаны азғанын,
Айғыр санап жүріппіз кәрі азбанын.
Азбандардың атына арыз тасып,
Қайран менің қор болған қағаздарым!

Білдік пе біз таза қан таусылғанын,
Буынында қоғамның сарсу барын.
Тасқа шағылып шашылған көз жасындай,
Қайран менің қор болған жан сырларым.

Бұл тас – кәрі азбанның бүйрегі ғой,
Құлағына арызың тимеді ғой,
Есесіне, құйрығы қырық құлаш,
Жан сырынды тулақша сүйреді ғой.

Сол құйрыққа тағдырың таңылған соң,
Түнілмеске шараң не жаныңнан сен.
Мүйіз сұрап, құлақтан айрылғандай,
Шығып қала берерсің пәрше-пәршен.

Ал, құйрықтың астында терең құдық,
Құдығынын аузында – керек құлып.
“Құтқара гөр, өлдім!” деп шыңғырсан да,
Селт етер ме сөзіңді елең қылып.

Бержақтағы жазуы – “Арыз” бенен
Аржақтағы жазуы – “Парыз” деген,
менмұндалап және бір тақтайша тұр,
Қарауыл бар қасында сағыз жеген.

Сағызының аты – “Арыз”, соны шайнап,
Қарауылдар “Тамыр мен таныс” ойнап,
бөртіп отыр, ұшынан жеңдерінің
желіп өтіп саулы інген, сары тайлак.

Сен отырсың үйінде әбден мәз боп,
Арызымды Дөкейге жолдадым деп.
Қарауылдың ол шықты қалтасынан,
Жел айдаған қаңбақша қалбаңдап кеп.

Қарағандай жақтырмай қас жауына,
Бас қарауыл берді оны жастауына.
Ал, жастауы шетінен кертіп көріп,
Тастай салды құдықтың астауына.

Бір түймені содан соң басып қалды,
Салдыр-гүлдір, бір жаққа асықты әлгі.
Біреуге – арыз, біреуге сағыз қағаз
Құдықтың дәл түбіне босып барды.

Жетті арызың аңсаған жеріне енді,
Отан үшін құдыққа түсіп өлді.
Шекең қызды сенің де, арызыңды
қайталашы тағы да онды-солды.

Қайран Арыз! Қапыда ол мерт болды.
Оған Үлкен ескерткіш қояды енді.
Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын арызы қалған ерді.

25.03.1992 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

* * *

Бұл өмірде барың-жоғың белгісіз.
Келдің – кеттің. Жандың. Өштің. Сенгісіз.
Жарық пенен қараңғының арасын
Жалғап тұрған түйіншексіз енді Сіз.

Түйіншексіз. Бар болғаны сол ғана.
Сізді күтіп түнек жатыр зор қара.
Әппақ дүние барады, эне, үзіліп,
секілденіп бітпей қалған соңғы ода.

Өкініңіз, өкінбеңіз – бәрібір.
Өлген ханды көмеді енді кәрі құл.
Пәтуасыз бар мен жоқтың арасын
бітістірем деумен байғұс жан ығыр.

Жандың. Күйдің. Тапқаның не, ал, бұдан?
Келдің. Кеттің. Өзің жоқсың, бар күнәң.
Бар мен жоқтың байыбына жеткенше,
Бақилықпен байып қалар жарлы жан..

22-23. 02 1993 ж.

* * *

Тар қақпандай тас жұдырық бекулі..
Тасты құшып, тарғыл сәуле секірді.
Гүлден гүлге ұшып-қонған көбелек
сол сәуленің тағдырласы секілді.

Маңдайыңның тайқысы бар, байғұс-ау,
Бақыт бейқам, жолында тұр тар құрсау.
Ит қаппайтын ішкіш біреу секілді
қашан көрсен қақшаң қаққан қайғы сау.

Тасқа тиіп, күлпарша боп, ал, сындың,
Ұшты желге жарықшағы даусыңның.
Қағаздай-ақ қауқарың бар қарағым,
Лап еттің де, лаулап барып таусылдың.

Бұл жалғанды опасыз де, сараң де..
Тағдырыңа қылар хайла, шараң не?
Мақтанғанда бір май шамдай шамаң бар..
Бір жанған соң өшпей ме екен шам, әлде?

Сен де тындың, құздан ұшқан аңшыдай.
Өтті дәурен – ұзын сапты қамшыдай.
Қандай бұлттың шалғайынан шығарсың,
Жебедей боп жерге сіңген тамшым-ай!

28.02.1993 ж.

Тыпырлап тырнағында әзірейілдің,
Жылаймын, езілемін, еңіреймін.
Зымырап ұшып барам, арыстанның
аузындай – апанына кең үрейдің.

Жаншылған тепкісінде темір ойдың,
Тарысы аз, келсабы ауыр келідеймін.
Тозамын. Жұқарамын. Кетілемін.
Сонда да өз сорымнан жерімеймін.

Сондықтан ызалымын, не дүлеймін,
Үңгірдің мұзындаймын, ерімеймін.
Жатамын жарылмаған мина болып,
Тепкілеп көмсең дағы мені, мейлің.

Желкесін күдірейтсе бөрідей күн,
“Мен бар!” деп, аш бұзауша мөңіреймін.
... Әй, бөрі-ау, бардың бәрін сен жалмадың,
Мен енді сені жемей, нені жеймін?

28.02.1993 ж.

БАЛАЛАРЫ ШЫНДЫҚТЫҢ

Балалары шындықтың
бір-бірімен түртісіп
ойнаушы еді, сұмдықтың
зоры болды: қыркысып!

Балалары шындықтың
таласты да оймаққа,
пиғылдары бұзылды,
бірін-бірі жоймаққа.

Қырық пышак болды акыр,
Бір-бірімен соттасып.
Ал, өтірік ол жатыр
сылқ-сылқ күліп, к...тті ашып.

Әуселесі шындықтың
осы болса, әй, тегі.
Өтіріктің тасы өрге
домаламай қайтеді.

Балалары шындықтың
бірін-бірі жейтіндей.
Жексұрынға айналды,
Жалмауыздың кейпіндей.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жаудан бетер – жақыны,
Әй, ақымақ шіркін-ай.
Асып туған ақылы –
Өтіріктің ұрты май.

Балалары шындықтың
Ойлы-қырлы жүгірді.
Өтірікті пір тұтып,
Алдына кеп жүгінді.

Бірін-бірі көрсетіп,
Шайтанарыз жаудырды.
Ал, өтірік мырс етіп,
Желге қарсы ау құрды.

Балалары шындықтың
Өтірікті паралап,
бір-бірінен айласын
асырмақшы, о, ғажап!

Ал, өтірік әккі сұм,
Бір-біріне айдап сап,
Балаларын шындықтың
Өзді-өзіне жайлатпақ.

Екі қарға таласса,
Құзғын келіп жемей ме.
Ит пен мысық жарасса,
Заманақыр емей не?

Бір-бірінің жер басып
жүргенін де көре алмай,
Соған бола жауласып,
Сорлылар жүр өле алмай.

Басындағы бақытты
көтере алмай байғұстар,
өтірікке, ақыры,
күні түсіп, аңдысты, ал.

Білді өтірік: бұлардың
ел болудан кеткенін.
Құлық ойлап: тұр бәрін
құлданбаққа теп-тегін.

Құл болмаса, бұл шындық,
Кім болады, ал, енді?
Өрге басқан өтірік,
Билеп алды әлемді.

Біз шындықтың қолына
тапсырмап па ек, оны әлде?
Бұл дүниенің сорына,
Сатып кетті ол, амал не.

Әлем – біздің анамыз,
Оны кімге тапсырдық?
Түсер деп пе ек бағамыз,
Қара бет боп ақ шындық.

Анамыздың құдайдан
тілеп алған шындығы
неге қайтып райдан,
жалғанға бас шұлғыды?

Мұнысы не, мұнысы,
Әлде, шайтан түртті ме?
Жазылып бой құрысы,
Өтірік тұр шырт күле.

Үміт күткен шындықтың
болғаннан соң сиқы осы,
қайтуші еді жұқармай
Анамыздың жүйкесі.

Шыншылдар жоқ жолында
Жөн айтатын жамырап,
Өтіріктің қолында
қалды Қара шаңырақ.

Шаңырақты құлатпай,
Жүргені үшін ие боп,
Өтірікке – мың ләббай,
Оған жұғар күйе жоқ.

Бір тұтам боп қалғанмен,
Ұстатпайды құйрығы.
Заты өтірік болғанмен,
Аты аяулы, сыйлы, ірі.

Ал, шындық та аяққа
оралуын қоймайды.
Сан түссе де таяққа,
Жығылғанға тоймайды.

Келері жоқ қолынан –
Кімге керек ол сорлы.
Ергендерді соңынан –
сан соқтырып, қанша өлді?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

“Уа, шындық!” деп, энеки,
Тағы біреу аттан сап,
және өзі дәрет үй
таба алмай жүр... Мақтаншақ!

Сондайларға ерем деп,
Жемеді екен кім опық.
Айтшы енді “Өлем!” деп,
Селт етпейміз, міне, түк.

Шыңғыра бер, елендеп
қарамайды енді ешкім.
Өтірікті жеңем деп,
Өз атаңмен белдестің.

Абыройдан жұрдай боп,
Ашылған соң бар сыры,
Өтірікпен ыңғай кеп,
Кәрі шындық алжыды.

Екі ұшынан бір жіптің
ұстап еді, ілеспей –
елесінде шындықтың,
қалды өтірік жіп еспей.

Балалары шындықтың
қыркысумен келеді.
Күн нұрынан жаралып,
Күнәһар боп өледі.

Арам өлген пақырды,
Өтірік кеп көмеді.
Ақиқаттың, ақырғы
барар жері со ма еді?

Балалары шындықтың
бірін-бірі жоймаққа,
Қамалында құлдықтың
Таласып жүр оймаққа.

Үрейленіп халық тұр.
Шындық дейді-ау, о, надан!
Кем дерт емес анық бұл –
СПИД пенен обадан.

Есі шыққан ел аң-таң:
Жұқпалы дерт – өртпен тең.
Өрттің алдын алмасаң,
Өзің де бір – күйген көн.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сол бір уды сорумен
Махшар күні жетсе де.

Ал шындықты соттайық –
Жүзіқара жүліктей.
Өтірікті мақтайық –
Қыз жақтаған жігіттей..

07.03.1993 ж.

* * *

Бәлелі кепке, амал жоқ,
Бармағым, әттен, бұлғанды.
Маңынан жүрмес арам бок –
Балаққа жұғып бұл қалды.

Күлкі де болдық елге біз..
Енді одан қайтіп тазарам?
Құтылмайды екен пенденіз,
Бұл құдай қосқан жазадан.

01.03.1993 ж.

* * *

Бұл құдайдың бұйрығына не дейін!
Сақтанбаудан сарсаң болды-ау мерейім.
Үрген итке тас атам деп, иесін
әулиесітіп, қор болғаны-ай өр ойым.
Ашықтығым пасықтыққа баланды,
Аузымды ашсам, көрініп қап көмейім.
Адалыма қоса салды арамды,
Арымды енді қайда апарып төгейін.
Қолға түскен генералдай қорланып,
Пұшайман боп тұрам деген жоқ ойым.
Амалым не, бұйырмады бетбақтық,
Бейдауаны қай түріммен жеңейін.
Жеңбесім хақ, біле тұра осыны,
Шокқа түстім! Оны кімнен көрейін.
Бәрі өзімнен, жұртқа жуас түйе боп
жүре бермей нем бар еді, шөгейін.
Әттен, бірақ, өктемдік пен бопсаның
шылауына шыдап қалай ерейін.
Сойған түлкі секілденіп, ырсиып,
Төзбесіме қайтіп қана көнейін.

01.03.1993 ж.

ОРМАНДАҒЫ ӘНГІМЕ

Аң патшасы арыстан
Халқын жиып жар салды:

– Хабар етті сауысқан,
Шолып келіп оң-солды.

Мұндайды кім біліпті,
Жауыз екен бұл тышқан.
Арамызда жүріпті
Арам пиғыл сұм дұшпан...

Арыстанның аузынан
шығуы мұң осы сөз,
Аң атаулы шуласып,
Қостап кетті оны тез:

– Ұрә! Тышқан жау екен,
Оның көзі жойылсын! –
деп даурығып аң біткен,
Өңештерін айырсын.

“Бұл қалай?” деп ешбірі
Бас қатырып жатпады.
Жеткенінше тілдері,
Тышқанды олар даттады.

Ертеңіне арыстан
Халқын тағы жинады.
– Хабар етті сауысқан:
Тышқан қандай ибалы!

Нағыз дүлдүл сол екен,
Нағыз бұлбұл сол екен.
Ердің ері, данышпан,
Басқан ізі неге тен!

Арыстанның аузынан
шығуы мұң осы сөз,
Аң атаулы шуласып,
Хоштап берді оны тез:

– Жаса! Тышқан ер екен!
Тышқан мәңгі жасасын! –
деп даурығып аң біткен,
Түкіріктеріне шашалсын.

“Бұл қалай?” деп ешбірі,
Бас қатырып жатпады.
Жеткенінше тілдері,
Тышқанды олар мақтады.

Жұрттың гу-гу сөзімен
тек мысықтың ісі жоқ.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Андып отыр, көзімен –
тышқан інін ішіп-жеп.

Аң патшасы арыстан
Енді не деп жар салмақ?
Дандайсыған сауысқан
Қанша жүрер талтандап?

Бәрін айт та, бірін айт,
Қайырсыздың құлқын айт.
Арыстанның өзі емес,
Аузын баққан жұртын айт.

28.03.1993 ж.

* * *

Үміт еңіреп,
Тілек тоналды.
Иттің жемі боп,
Жүрек таланды.

Ардың ақысын
Ұры еп жеп алды.
Тауып қапысын,
Түнек кек алды.

Көшті сары құм,
Сусып жоғалды.
Өшті сағымың,
Жұтып көгалды.

Жыла, еңіре,
Енді не қалды?
Барар жеріңе
Әкеп доғарды...

28.03.1993 ж.

* * *

Жүрегіңе айтқан сөзім
Құлағыңнан қайрылды.
Қара тастан қайтқан сезім
Құмарынан айрылды.

Қастерлеген қасиеттім
Қадірсізге ашылды.
Қайырсызға басты соқтым,
Асыл сырым шашылды.

Тасқа қарап тебіреніп,
Елтігенім не менің.

Сұп-сұр болған сені көріп,
Мен түніліп келемін.

Жүрегімнің әнін қозғап,
Нем бар еді, япыр-ау.
Жарға соққан толқын боздап,
Жалын бүркіп жатыр-ау..

03.04.1993 ж.

* * *

Сарпылдап, сарылдырып өтті күндер –
Батпақты сорп-сорп кешкен сиырларша.
Жер таппас жанын қояр кекті гүлдер –
Жапырып, таптағанда құйын малша.
Сол гүлден сенің қандай айырмаң бар,
Құдайым етпеген соң күйінді онша.
Білуін мүмкін емес – қас қаққан соң
жазмыштан алар тағы сыйың қанша.
Махшарда жаның күймес жайыңды ойла,
Іш арам, сыртпен алдап сиынғанша.
Барға аспа тіршілікте, жоққа налып,
Күні ертең бәрі қалар шиыр жолша.
Алады тәңір соты жаннан сұрақ,
Табиғат хақ заңымен киюланса.
Әйтеуір, кем мен артық бір теңеспек,
Су асық өрден төмен құйылғанша.
Зауал бар күнәһарға – Жаратылыс
Әлемдік әділ заңмен түйін жарса.
Тамұқтан табылуың соншама оңай,
Пейішке жету қандай қиын болса.
Ғұмыры бұл пенденің – қысқа бұйда,
Бұлтартпас қылша мойның қиылғанша.
Алладан сатып алған өмірің жоқ,
Кемді күн тайрандайсың бұйырғанша.
Хан менен қараша тең дүниеде,
Бұл жалған – бір дастарқан жиылғанша.
Біреуден артықпын деп әсте ойлама,
Басыңда шайнам ақыл, миың болса.

05.04.1993 ж.

САҒАЛБАЙҒА

О, Сағалбай!
Мойның бар он қамыттан босағандай.
Қара өгіз, көк есектер, мал демесең,
Өзіңнің тартпай кеткір қос ағандай.
Солардан аумай қалған сықпытыңа

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ыржандап қарайды әркім, есалаңдай.
Мысыққа ойын керек, тышқанға – өлім,
Сен біліп шіренбексің, не шаманды-ай.
Жазған-ау, жапырайған байғұс басың –
Үстіне жаппа жиған шошалаңдай.
Қарашы, бай көршіңе окшырайған,
Түйесіз жерде өскен ошағандай.
Рақатын бұл дүниенің ол қызықтап,
Сен болсаң, тек бейнетін хош алардай.
Төбене шырт түкіріп жоғарыдан,
Анау тұр айтарлық іс жасағандай.
Қиыннан қисындырар құр мақтанға
Алдына жан салмайтын қашағандай.
Түрің бар жерге қарап тұқшырайған,
Түк ұқпас не бір топас, не сараңдай.
Сүйрейсің қамытынды күні бойы,
Титықтап, тәлтіректеп мас адамдай.
Қай жерің артық енді сол пақырдан,
Түріннен кісі именіп, тайсағандай.
Деміңнен темекі мен тер сасыған,
Сау адам саскалақтап, шашалардай.
Серім-ай, жалғыз шалбар, сексен жамау,
Батпақтан мүсініңді жасағандай.
Сен де бір жаратқанның құлысың-ау,
Кетпен бас, қақ саусағым, аша маңдай.

Құмырсқа тірлігінді-ай тырбандаған,
Ұйқынды айт, ғұмырында бір қанбаған.
Ойлама жұрттың бәрін өзіндей деп,
Мұңсыз көп бұл дүниеде ырбандаған.
Соныға із түсіру, тыңға – соқпақ,
пендеге онай тірлік бұл болмаған.
Жотаға шығамын деп күшенгенмен,
Бұрлығып бұқпа сайда кім қалмаған.
Әке бір – алдыңғы арба, бала соңғы,
Бір жортақ, жолдары ортақ бұлғандаған.
Бұйырған біреуге сор, біреуге бақ,
Емеді теңсіздікті туғанда адам.
Әнебір арқалығы алтын бесік –
ішінен бай шықпай ма ырғандаған.
Көнетоз, сыры кеткен біреуінде
жатады жарлы байғұс мылжандаған.
Сәбидің бәрі жақсы бесіктегі,
Шығады қулар қайдан мыңды алдаған.
Қасқыр мен қойдың екі ортасында
Түлкі де жүрмей ме екен жылмаңдаған.
Айуаннан айырмасы қайсы адамның,
Қит етсе, бірін-бірі жұмбарлаған.
Кедеке, бай мен патша сені қайтсін –

Бір рет ғұмырында шырланбаған.
Шыңғырып тышқаннан соң, шымшып ішіп,
Ерікті мүсәпірің – құлдан жаман.

Япырым-ай, күлкілі еді қандай түрің,
Өзің аш, тоқ мырзаны алғайтының.
Аяғым көктен келіп жүрмесін деп,
Көңілін қожайынның аулайтының.
Сөйтіп ап, арамтамақ бок қарын деп,
Жатып кеп, байкендерді қарғайтының.
Әліне бір қарамай, өстіп жүріп,
Бос тұлыпқа мәңіреуден танбайтының.
Тұтқасын бұл дүниенің қолыңа ұстап
тұрғандай, өзінді өзің алдайтының.
Кеш жатып, ерте тұрып, күнге күйіп,
Құйрығың жер иіскемей, заулайтының.
Жүрсен де зыр жүгіріп, дедек қағып,
Баға алмай бір жаныңды, зарлайтының.
Тентіреп жүріп терген несібенді
Имансыз сукиттарға арнайтының.
Сонда да сорың батпан, бағың соқыр,
Бір қақпан – қайда барсаң қармайтының.
Сумен тең құмға құйған – төккен терің,
Дүниеде өзің суға қанбайтының.
Болғанмен ісің адал, ақың арам,
Бір алғыс бірегейден алмайтының.
Есенді оған кеткен – елден көріп,
Өзіндей өнімсізден даулайтының.
Оныға кеңк-кеңк күлген кеселдінің
Бір қолын екеу етіп жалғайтының.
Япырым-ай, күлкілі еді қандай түрің?!

Сағалжан, шашыңнан көп білмейтінің,
Ақ саусақ ағайын ба – күндейтінің.
Сен оны арамтамақ қу дейсің-ау,
Сезсеңші оның сені кім дейтінін.
Керенау, мисыз кердең, ойсыз жалқау –
Осы ма сырт күмпиткен дүрдей түрің?
Балға, шот, кетпен, күрек – бәрі қожа,
Тапшы бір иығыңа мінбейтінін.
Сонда да оңа қояр сыкпытың жоқ,
Белгілі кертіп қазы тілмейтінің.
Баяғы бықысыған бір көк түгін –
Көзіңнен жас шұбыртып үрлейтінің.
Иықтан басып тұрған қырсығың бар,
Риясыз рақаттанып күлмейтінің.
Өмірі жер тырмалап өткеннен бе –
Еңсенді бір көтеріп жүрмейтінің.
Жайқалтып егін өсір, мыңғыртып мал,

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Айтады ақылдылар кім жейтінін.
Және бер өнеріңнің майын сығып,
Солардың көркі емес пе түрлейтінің.
Басында шайнам ақыл болмаған соң,
Кінәны кімнен көріп, іздейтінің?
Шіренген ат үстінде кілең сабаз,
Айтсайшы айбарлысын бұл кейпінің.
Шіркін-ау, сезсең еді, сол түрімен,
Көзіне көн шокпытты ілмейтінін.
Түбінде құм жиналып тау болғанмен,
Тауың – тау, құм емес пе – құм дейтінің.
Күмпиіп ісінгенің кімге керек,
Қашанда бір қысқа жіп – күрмейтінің.
Өзгерген дәнеңе жоқ, әлі де сол –
кәнігі көн тері ғой илейтінің.
Ілгенің иініңе – көне шокпыт,
Осы ма күштіге бас имейтінің.
Біз түгіл, құдайға анық, бұл түріңмен
балпандап ақ боз үйге кірмейтінің.
Бар болсын тыраштығың! Одан дағы
мойында мойынды бас билейтінін.
Атты адам
 кара табан қас жаяудың
шаужайдан жармасқанын сүймейтінін.

Ендеше, айдалаға босқа лакпа,
Марқасқа маңғаздарға күйе жақпа.
Ақшамен шай қайнатқан сабаздардан
ақыл ал несиеге, көңілін тап та.
Ауырдың астына түс көк өгіздей,
Ал, игі жақсыларға үстін бапта.
Мысалы, үйір-үйір бие байлап,
Қымызын өзің ішпей, оған сақта.
Өсірген тұлпарыңды паңға сыйлап,
Қал өзін “Қара жаяу” деген атқа.
Еңбексіз ебін тауып бай болғандар
Анықты жүгіртпей ме алуан саққа.
Қарғаның көзін қарға шұқымайды,
Қайсысы қонжиса да алтын таққа.
Бұл да бір тіршіліктің заңы деп қой:
От – суға, азық болар ағаш – отқа.
Екеудің сыбағасын біреу жемей,
Айналмақ арамтамақ қайтіп тоққа.
Пенденің басы жұмыр, іші тұлдыр,
Ұқсайды жел айдаған құр қаңбаққа.
Құдайдан қорқамын деп аузы айтқанмен,
Оны да алдап соқпақ, ісі басқа.
Түбінде әңкір-мүңкір жауап алар
күн туса, күнә жұқпас жаны аққа.

Кім өтіп қыл көпірден, кімі қалар?
Ол жағын тапсырармыз әділ хаққа.

Аха-ау, кара торғай!
Жүрсін зорға-ай.
Басыңда жылы ұяң жоқ, алдыңда жем,
Міскін-ау, қалыпсың ғой әбден оңбай.
Жексұрын тірлік үшін тыным таппай,
Тозыпсың отын артқан ыңыршақтай.
Сен ғана қарыз ба едің бұл жалғанға,
Бейшара, шырылдайсың жерге қонбай.

15.04.1993 ж.

ТІРШІЛІК ЖОЛЫ

Құтты күні құдайдың
Жүретінсің бір жолмен.
Нығыздандың, нығайдың,
Кетпейтіндей бұл жерден.

Бүгін енді қарашы,
Қай пұшпақтан шыққансың?
Ұшпақ іздеп, шамасы,
Таппасыңды ұққансың...

Мынау бір жат аймақ пен
Сұрғылт тұман ішінде
жүремін деп ойлап па ең,
өңің түгіл, түсінде.

Қалады ішін қорқылдап,
Ескі жұртқа қонғандай.
Тыпырлайсың, тосырқап,
Торға түскен торғайдай.

Секілді бір жол – анаң,
Бауыр басып аласың.
Өмір бойы сен одан
Аумайтындай боласың.

Ойы менен шұңқыры
Көңілінде жатталып,
Жапырақтай сусиды
Көп сырларың қатталып.

Енді бірде қарасаң,
Сол сұрлеуден шетке ауып,
Өзің сезбей қаласың,
кеткенінді аттанып.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Көзге ыстық көне жол,
Аяқ жетпес енді алыс.
Жүріп келе жатасын
Басқа жақпен бейтаныс.

Жаңа күннің қалпына
тосырқайсың, сыя алмай.
Қарайлайсың артыңа,
Қалғаныңды қия алмай.

Өткен күннен тағылым
аз алдың ба? “Жоқ!” дейсің.
Кешегіңнің қадірін
бүгін біліп, “Қап!” дейсің.

Қолдан кеткен қымбатты
Енді қайдан табасың.
Жаңа күннің жұмбақты
қас-қабағын бағасың.

Тағы бірде байқасаң:
Бәрі таныс маңайдың.
Ізі жатыр сайраған,
Әрбір жылдың, әр айдың.

Өтіп жатқан күндерге
Бауыр басып аласың.
Басқа жақтан бұл жерге
Келмегендей боласың.

Ығы-жығы дүние..
Бірі бар да, бірі жоқ.
Келтірер тек иіне,
Уақыт дейтін құдірет.

Бар, жоқ деген сол екен –
бірі су да, бірі бу.
Тіршіліктің жолы екен –
Бұзылу мен бірігу.

20.03.1993 ж.

* * *

Тыныш мекеннен
шықтым дауылға.
Кештім лайсан,
Көштім жауында.
Мені ешкім де
үйден қуған жоқ,
Жақын қашаннан
Жаным ауырға.

Жайлы коныстан
жылжып кеттім мен,
Шықтым алыстан
Сол бір екпінмен.
Көне сүрлеуден
кеттім көз жазып,
Түстім тікенге
сырып ет тілген.

Жылы ұядан
ұштым қашыққа,
Ықтан ығыстым,
шықтым ашыққа.
Мені қарсы алды
шақар ызғырық,
Ұят, ибадан
жұрдай пасық па?

Ыстық құшаққа
қанша бөлендім?
Шықтым жұлқынып,
ытқып жөнелдім.
Болды болары,
қайда шегінем?
Тілек толқынын
қалай бөгермін.

Мені тағдырым
жұлқып тісімен,
Алды суырып
пештің ішінен.
Жұмсақ тоқаш ем,
тастай қатайдым,
Қара дауылдың
қайсар күшімен.

Мейлі, қатайсам,
Неге өкінем?
Тағдыр желіне
Жетем отымен.
Желді қайрақ қып,
Оттай ойнап тік,
Өрлеп, өрмелеп,
Өршіп жетілем.

Қыран баласы
жылы ұяда
туар, бірақ та
оған сыя ма?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жайлы мекенін
тастап шығады ол,
Бағын сынауға
алыс қияда.

Лаулап, лапылдап,
жанып көргенмін,
Жайнап, жалындап,
Жарық бергенмін.
Күннен жаралған –
Анам махаббат,
Жүрек жылуын
алып келгенмін.

Сол жылуымды
сыйлап басқаға,
Өшіп барамын,
өзім, маскара!
Күміс күмбірлі
күмбез көңілім,
Енді карасан,
ескі тас қора.

Сызды үңгірдің
аузы ашылды..
Көздің бұршағы
ыршып шашылды.
Шоктан алынған
қара шәугімдей,
Дем де суыды,
Ендік басылды.

Албырт, балғын шақ –
Ұқсас жас талға,
Шын-ақ өтті ме
Біздің бастан да.
Күйдім. Қарайдым.
Жан ба?
Басқа ол да.
Күйрей қаоаймын
Күңгірт аспанға.

Кімді кінәлап,
Кімді сөгейін.
Өзім тіледім,
Өзім көрейін.
Жанып таусылсам –
Жазу сол шығар...
Жақсы атақпен
Сөнсем сөнейін.

13.03.1993 ж.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
ТАҒЫ ДА АБАЙША

Адамдық, адалдық пен – ол екі жол,
Арасы екеуінің – тікенек тор.
Жатады бірінде бак, бірінде сор,
Екеудің бірін таңда: тағдырың сол.

Лажың не танымасқа заман кейпін,
Өмір ғой аты зорды адам дейтін.
Қалкам-ау, қай жеріңмен шіренесің,
Қалтаңда бір алмаң жоқ балаң жейтін.

Қызмет, атак, байлық – ол бір мығым,
Пұлдайтын күшің қайсы қолдың кірін?
Арыстан Айға шауып мертікпей ме,
Күлкінің жемі болмас орныңды ұғын.

Әлдінің алды жатық, арты нығыз,
Секілді майлы қарын – беті тығыз.
Кекірмей қуыс кеуде не істемек? –
Жегені қазы, ішкені болса қымыз.

Дүниеде пақыр сонша – жантық қанша,
Жантықтар жанды аямас – сәл жұқтанса.
Пендеге кесел бітпей не бітеді,
Біреуден пышақ қыры артық болса.

Ар, ұят – басқаға емес, саған міндет,
Сенгенсің табамын деп содан құрмет.
Итақай – иттің ұлы сенен құнды,
Ал, кімге шағынбақсың адалмын деп?

Адалдық, адамдық пен – ол екі жол,
Ортасы екеуінің қазулы ор.
Амалдап аты озғанның – атағы зор,
Болмай ма адал да сол, адам да сол.

Адалдың бәрін бірдей адам демес,
Бейнеттің түбі зейнет бола бермес.
Әйтсе де, арыңды ойла, ағайын, дос,
Алладан бұйрық болмай ажал келмес.

Адалдық, арамдық пен – ол екі жол,
Арамдық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық асыл жоқ, адал көңілім,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

25.04.1993 ж.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТӨС ҚАЛТА

Менің бір сомдық төс қалтам
кімдердің алдында айыпты –
олардың ақшаларының иісі шығып,
шіріп жатқаны үшін.

Менің ішектеріме жабысқан тас талқан
кімдердің дастарқанын байытты –
біреулердің аузынан жырып ішіп,
жандарын бақпағы үшін.

Ақшасы шіріген паңдардан
мен кешірім сұраймын –
қолма-қол емес есеп айырысу арқылы
тағы миллион сом айып төлеп.
Иманы жоқ жандардан
рақымын күтіп құдайдың,
аттарын әнге қосып айтам әр күні,
кеткенше табандары тайып кенет.

Осы – менің тірлігім.
Құныкерлерше күн кешіп,
күнәмды мойныма артамын –
майды семіртіп, арамды байытқаным үшін.
Сөйтіп, ең соңғы бір күні
шайтанның артына мінгесіп,
тозаққа қарай тура жол тартамын –
Құдайдың алдындағы айыптарым үшін.

15-16.08.1993 ж.

МЕН КЕЛДІМ МЕЙРАМХАНАҒА!!!

Уа, даяшым! Болды ғажап! Бермен жүгір! Жол бергін!
Құдайым-ау, мен келдім ғой! Ақ ордаңа мен келдім!
Шылғи маңғаз бірі шығып, бірі кірген бұл үйге
Таңсық емес деші, қане, біздей де мәрт енген күн?!

Даяшым-ау, неге аңырдың? Ерің келді ай маңдай.
Бағжырайма. Менің бетім – емес шыбын тайғандай.
Кекірігі сасымаған – бай емес деп ойлама,
Шашубай бар, масыл бай бар, бірдей ме екен бай мен бай?!

Мұндай ұлы оқиғалар бола бермес тарихта,
Жарқыным-ау, соны екеуміз атап өтсек, айып па.
Кел, ендеше, тәтті арманның көбігіне мас болып,
Қиын кезде тербелейік түбі тесік қайықта.

Міне, меню! Көр де таңда: тәбетінді бұрғанды ал.
Бостандық па? Бар ол! Бірақ, әр мысқалы мың доллар.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Өйткені оның ботқаменен қосылмайды сорпасы,
Әділдікті қойсайшы бұл! Қос ыдыста – у мен бал...

Ау, даяшы! Сараңданба! Кәне, маған сый ұсын!
Берші менің бес сомыма демократия иісін.
Сол иіске бір тояйын да, шала байып шығайын,
Тоқ қиялмен қайырайын аш көңілдің күйісін.

Ал, мен келдім! Ит көргендей қума мені, даяшы.
Ең құрметті мейманыңды қарсы алғандай таяшы.
Еркіндіктің серілерін естерінен тандырып,
Сон-о-ау... төрге мен де барып шіренейінші, әй, осы!

22,25.08.1993 ж.

ЖАРНАМА

Өлем десең – у, міне! Сол ма уайым?
Пұлың болса, қам жеме, сорлы ағайын.
Қу жаныңа не керек – соны таңда,
Бұл дүниеде бақ та бар, сор да дайын.

Бақ пен сордың арасы – бір-ақ қадам,
Кім болары күмәнды мұны аттаған..
Онда, өле қойыңыз ақы төлеп,
Жеткізуге біз кепіл жұмаққа аман.

2,15,26.08.1993 ж.

* * *

Адамды адам мерт етпек
Улы тілдің ұшымен.
Жаннан тәнге дерт өтпек
Жылы қанның ішімен.

Адамды адам өлтірмек
Ажалынан көп бұрын.
Тұлпар жоқта, жабы көп
көтермей ме шоктығын.

Адамды адам құлатар
Жүрегіне сөз сұғып.
Сол үшін ол күнәһар,
Қоқиғанмен ерсініп.

Қаскөй, пасық бұл пенде
Ойламасын ұттым деп.
Білсе, екі дүниеде
Одан өткен міскін жоқ.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Адамды адам қор етсе,
Сол – тозақта күйгені.
Адамды адам зор етсе,
Ол – құдайдың сүйгені.

Алла адамды жаратты,
Жауы сонда адам ба?..
Ары таза, жаны ақты
Өзін қолда, уа, Алла!

17.03.1993 ж.

ЖҮРЕКТІҢ ЖАСЫ

Талтүс –
жүректің жасы ғой,
терезе алдында тұр..
Алпыс –
ақ шашты жасыл ой
төсекте қалғып жатыр.

Неге
терезе сыртында
қалдың сен, жас жүрегім?
Әне,
сағыныш бұлтында
тамшымен тасты үтемін.

Саған,
ұмтылып жетпедім,
Көз жаздым таңғы арманнан.
Шамам
неліктен жоқ менің,
саумын ба сал болғаннан?

Қаным
қалайша ұйыды?
Қандай күш демді бұзды?
Жаным,
Жалғанның құйыны
бөле ме енді бізді?

Келші,
кетпеші, ақ Күнім,
Нұр құйшы түнектерге.
Берші
Шапағат-шаттығын
шөлдеген жүректерге.

26.08.1993 ж.

Он тоғызда от шашқан,
Қамыс баулап, шөп шапқан
Қайта келмес шақтар-ай.
Дыз еткізіп ішімді,
Сені есіме түсірді –
Аққан жұлдыз, батқан Ай.
Батқан Аймен ілесіп,
Көңлімнің нұры өшіп,
Сөніп бара жатқаны-ай.
Қайда келгем, япырым-ау,
Мүмкін емес жақындау –
Мына дүние жат қалай?!

Жатқа қайтіп жақ болам,
Жанға немен ақталам,
Сүймесіне кез қылып.
Қалды көктем балғын жүз,
Жаз да өтті, алдым – күз,
Салқын сызын сездіріп.
Мен бөтенмін. Қойшы енді.
Көңіл семді. Ой сөнді.
Суық ойдан безді үміт.
Тек сөнбеген бір жылы от –
Жүрек қана! Бұл жүрек
шымырлайды не біліп?..

16.05.1993 ж.

* * *

Кедір-бұдыр кәрі қабық!
Сусылдаған жас, сұлу –
Жапырақтарға сұқтанба.
Тұр, әне, олар арбалып,
Өздеріндей пәк, ару,
жалт-жұлт еткен шықтарға.

Сол шықтардың нәрінен
Қуат алып бойына,
Жас жапырақ құлпырмақ.
Самал желдің лебінен
Желік кіріп ойына,
Бір жақтарға ұмтылмақ...

Қайда асықты, нені аңсап?
Оны бүгін ұға алмас.
Білген кезде – кеш ертең.
Тіріге арман – келер шақ,
Оған жетпей тұра алмас,
Жаңа тілек жас өркен.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Асыкпауға орын жоқ:
Тірі жанның тағдыры –
Талпыну мен алқыну.
От та өшер жалын боп,
Арман деген – жан мұңы:
Алды сағым, арты бу..

Қатпар-қатпар қара қабық!
Жас жапырақ сен емес!
Бүгін оның тойы бар.
Сұғанак ой сұрқия-ау,
Итке темір тең емес,
Соны бір сәт ойыңа ал.

16.05.1993 ж.

СЕНГЕН ЖҮРЕК

Отқа ғашық сұр көбелек сен бе едің?
Неге, неге, ажалыңа шөлдедің?!
Өзің келдің, тұтқынысың енді оның.
Бұл дүниеде қасіреті сол пенденің:
Сүйген жүрек қоя алмайды сенгенін.

Қанатыңның шарпылғанын, күйгенін
қалай ғана ойыңа сен түймедің?
Енді, міне, жанып кеттің. Күйредің.
Қасиеті сол қасіретті дүниенің:
Сенген жүрек қоя алмайды сүйгенін!

27.04.1993 ж.

* * *

Шынымды айттым, біреу кеп өшірді оны,
Сырымды айттым, естілді өш үндері.
Обалыңа мен қалдым, сен тазасың,
Қайран, аңғырт сөздерім, кешір мені.

Жанымды аштым – шулаған құс үндері,
Жалынды аштым – лаулаған ішімдегі.
Жалын – қара болғанмен, жаным аппақ,
Күнәдан пәк сөздерім, түсін мені.

3.05.1993 ж.

* * *

Ханға имес басымды
Қалтаңдатты-ау бір жала.
Күлкім күлге шашылды,
Жүрегімде мың жара.

Жала қапқан мен де бір –
Ит талаған сен де бір.
Таудай асқак зор көңіл –
Құлазыған енді өңір.

Жазған болса маңдайға,
Көріп алар баскасын.
Бұл пендесін құдайым
Улы сөзден сақтасын.

1994 ж., қазан.

БЕЙНЕ БІР...

Ауызынан төгіліп
кейде ақық, кейде нұр,
Шықты білек сыбанып,
шешенсінген жейделі ұл.
Көп ішінен сурылып,
ойда жоқта шыға кеп,
көктен түсе қалғандай,
көсемсінген дөй де жүр.
Көре салып соларды,
“Мен кем бе?” деп әңкілдеп,
аяқ асты ерсініп,
куыс кеуде өңшең құл.
Бірін-бірі тындамай,
даурығысып, дүрлігіп,
Көптің камын жегендей..
Басқа жақта ой, көңіл.
Қымсыну жоқ ойында,
өршеленіп соғады,
өтірікке сенетін
елді ақымақ дей ме бұл?
Алдадым деп иланып,
өзіне-өзі риза,
кесір аяқ, кеудемсоқ –
Ой жетпесті боймен ұр!
Түрлеріне қарасаң,
күлкің келер ызалы:
халық үшін, ел үшін
жан берердей... бейне бір.

1994 ж., қазан.

КӨҢІЛ

Сырты жұқа болғанмен, іші қалың..
Кім түйсінер көңілдің тұшынарын?
Сыртты баптап, соған мәз, ішті бақпай,
Асыл сөздің неліктен түсі жарым?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тереңінде көңілдің көл жатпаса,
Тазалығын сергек ой ол бақпаса,
Сыртың сыптай болғанмен, ішің сасып...
Жан сарайын сол жаман жел қақпаса.

1994 ж., қазан.

* * *

Жылдар маған өктемдігін жүргізді,
Өмір маған өз дегенін білгізді.
Көктен түскен тәңір нұры тәрізді
Жан-жүрегім ардақ тұтқан гүлді үзді.
Ол гүл – менің сәби көңілім еді ғой..
Көкке шығып, құшқан жарық жұлдызды.
Кең әлемге еркелеуді бастадық,
Өліп-өшіп ұнатудан бір қызды.
Сол өлкеге... сонау алыс қиырдан
Ғашық жүрек аттың басын бұрғызды.
Амал қанша, шарқ ұрсам да таппадым,
Көңілімде табы қалған нұрлы ізді.
Махабаттың ескі жұрты – қиялдың
саусақтарын тікеніне тілгізді.
Көктем мен жаз көзден бұлбұл ұшқан соң,
Қойсаңшы енді қолға түскен бұл күзді.
Күз артынан, қылышын бір сүйретіп
Қыс келген соң... аяр дейсің кім бізді.
Керегені сипалайтын кезің де
алыс емес, түнге балап күндізді.
Уақыт деген осы, міне, е демде
Аяғыңа ауыр тұсау ілгізді.
Адымыңды кері тартып, артыңа
Қайта-қайта мойыныңды бұрғызды.
Адам үшін өткенінің бәрі арман,
Сол арманды өмір бойы қуғызды..

1994 ж., қазан.

ОН ҮШ ПЕН ОН СЕГІЗДІҢ ОРТАСЫНДА

Он үш пен он сегіздің ортасында
Өткелсіз өзен жатыр, қорқасың ба?
Мен сені қарсы беттен көрген бойда,
Көз жұмып қойып кеттім жорта суға.

Сол өзен енді қайда? Сарыны өшкен.
Орнында кейуана отыр сағым ескен.
Арқамды опырайған жарға сүйеп,
Сағыныш буын жұттым сары меспен.

Өзен жоқ, Сені сағым көлгейледі.
Сарғайып жерде жатты жел көйлегі.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Ошағында от маздаған
атамекен ауылы!

Туған жердің тасы жұмсақ,
қандай жылы дауылы,
Ол бір дәурен –
махаббатшыл жас көңілдің дәуірі!
Ана шетте – алтыбақан,
мына жақта – ақсүйек,
Отыз күн ой, қырық күн той –
таусылмаған сауығы!

Қайда бүгін сол күндердің
алаулаған жалыны?!
Толықсыған Ай еді ғой...
Өшкені ме жарымы?
Енді қайтып таба алар ма,
Ақ теңіздің айдынын,
Ауға түскен біздің жүрек –
сағыныштың балығы..

1994 ж., тамыз – қазан.

ТҮНГІ КАНАЛ

Ауа оның
қабығының астында ысылдайды.
Мен ойланам
ақыл жетпес, тәңірлік түсім жайлы.
Бұл не деген
асқақ та пәк, тәкаппар дүние еді.
Тап-таза, жас,
жап-жалаңаш!..
Жат көздердің сұғынан қысылмайды,
Жасырмайды жалғандық – киімі оны.
Неткен ғажап
тірі әлемнің иісі тіл жетпестей!
Әр жүрекке
сылдыраған сиқыр үн – сыр боп көшкпей.
Айдалада
Ай нұрымен жалтылдап айыл жатыр..
Құдайым-ау,
не күдірет!..
Қимас сурет – көңілден бұл кетпестей,
Әлі күнге аңсатып ойымда тұр!

1994 ж., тамыз – қазан.

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
ЖҮРЕК – САУЫТ, ҚАН – СИЯ

Жүрек – сауыт, қан – сия,
Қайда, ақын, қаламың?
Жазам десең, алшы, мә,
Жанымның ақ парағын.

Ақ парағын жанымның
жаяйыншы алдына.
Жайнап тұр ғой жалын – Күн..
Ақыным-ау, қалғыма.

Қандай ғажап, қарашы,
Аппақ әлем, бұлтты аспан.
Ақтығы сол емес пе –
Қос жанарың нұр шашқан.

Арайлы осы әлемнің
ұксап аппақ таңына,
нұр толтыршы жанымның
нәзік талшықтарына.

Жүрек – сауыт, қан – сия,
Қайда, ақын, қаламың?
Қағаз етіп алшы, мә,
Жанымның ақ парағын.

Жаз, ақыным, жаза түс,
Жан азығы бітпесін.
Асықпашы қоюға
Жырдың соңғы нүктесін.

1994 ж., қазан.

ЖАН АНАМ!

Жан анам! Көп кешікпей саған барам.
Жүректің сыбырынан соны аңғарам.
Кетіп ең таң бозынан, талтүс болды,
Сағатты көрсетеді санам маған.

Жан анам! Жайың бар-ау алаңдаған,
Сәл мезет көз жазып қап, таба алмаған.
Фәниден шығатын жол біреу ғана,
Жаныңа адаспастан барар балаң.

Жан анам! Көп кешікпей саған барам.
Мен неге саған бармай, саранданам.
Болғанмен дүние шексіз, ғұмыр қысқа,
Тағдырын ешкім таңдап ала алмаған.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жан анам! Күн сипатты аяулы анам!
Өзіңмен қауышар күн таяу маған.
Бақидың шексіз жолын басып өтіп,
Мәңгілік мекеніңе жаяу барам.
Аяулы анам!

1990 ж., 15 шілде 1995 ж.

ТОП ҚАРАҒАН

Аққан судай уақыт-ай, тоқтамаған..
Білгің келсе, мен бір жан жоқ қараған.
Осы жерде екеуміз қоштасып ек,
Ілікпей тұр көзіме топ қараған.

Қайда бүгін сол жылдар отқа ораған?
Уақыт қалай қимасты көп тонаған!
Біздің жүрек – тағдырдың қойторысы,
Бір-ақ келіп шыққаны-ай ат қорадан!

Топ қараған! Қай шебер нокталаған?
Енді асаулық, япыр-ау, жоқ па маған?!
Текіректеп желмеске шараң қайсы,
Тегеурінді темір қол қақпалаған..

1991 ж.

* * *

Түс көремін. Түсімде сені көрем.
Сені көрсем – батыр да, сері де мен.
Жымиясың: “Сауыт пен дулығанды
шешіп қой, – деп, – Ақынның серігі өлең”.

Қайдағы ақын? Баламын ой бақпаған.
Ізімді көр, сенбесен, сойдақтаған.
Қызыл-жасыл көбелек қиял қуып,
Жаһүт белде жас төлдей ойнақтағам.

Сәттерінде – жаныма кейде үңілген,
Қарамашы уақыттың әйнегімен.
Ақын дейсің... Ол, әлде, бала емес пе,
Бала болса, патшадан қай жері кем?

1991 ж.

* * *

Қазбауыр бұлт – аққудай айдындағы,
Бала жігіт одан көз тайдырмады.
Толықсыған арудың ақша жүзін
белдеулеген секпілдей – Айдың дағы.

Көк толқыны жататын соғып жарды
Сол айдынның орнында кебір қалды.
...Аккуынан айрылған көл секілді,
Жүдеу тартқан көңілге – өмір жарлы.

1989 ж.

* * *

Мен үйреткен асау тай
Ең соңғы рет жылатып,
Жөнep берді бір күні
Қыл шылбырын шұбатып.

Сол асау тай секілді
Біздің албырт балалық.
Бір кеткен соң, ол енді
Қайта келмес оралып.

Сағыныштың буымен
Шымырлатып жүректі,
Жатырқамай қуып ем
Жанса сөнбес бір отты.

Орнамай ма кеудеңе
Арман болып жұбатып,
Ойда жоқта қолыңнан
шығып кеткен уақыт.

Қымбатындай көңілдің –
Өткен күннің көбі есте.
Қимайтының –
Өмірдің
осы арманы емес пе!

1989 ж.

* * *

Балдырлы бұлақ басында
Кездесіп тұрды кешқұрым,
Балауса қыздың қасында –
Балапан құстай өспірім.

Албырап аспан шырағы,
Балқыды шоктай – ала бұлт.
Дәл сондай сенің жүзің де
Алаулап жанды, балалық.

Ынтыға, ыстық жүрекпен,
Бейнеңе қимай қарадым.
Оңаша бізді қалдырып,
Көрінбей кеттің, қарағым.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бір шандық, әлде тұлпарлық
жол шектім – саған жетем дей.
...Өзіңе деген іңкәрлық –
Өмірім менің екен ғой.

1989 ж.

* * *

Қардың басын қар алса,
Ханның басын хан алмас па?
Ханның басын хан алса,
Болар деймісің заман басқа?

Қасқаның артын басқа ашып,
Ұрының көрін қары қазса,
Өңшең пақыр соттасып,
Қоқыраймас па кәрі қазша.

Қар айналса тамшыға –
Жылымықтың хабары екен.
Ханның басын хан, сірә,
Жақсы ойменен ала ма екен?

Қардың басын қар алса,
Қарды ерітер қар емес пе.
Ханның басын хан алса –
Қара бастың камы емес пе?..

Қардың басын қар алса,
Жер құшағын жазға ашпай ма.
Ханның басын хан алса,
Таздың орнын таз баспай ма?..

Қар анасы – табиғат,
Оны қалай жек көрерсің.
Хан анасы – жамиғат,
Енді кімге өкпелерсің.

15.08.1995 ж.

ҮНДЕМЕ!!!

Күшенгеннен пайда жоқ,
Күштілерді күндеме.
Көзінді, әсте, алайтып,
Бұл антұрған кім деме.
Иттері кеп таласа,
Қол көтеріп, тілдеме.
Ол өзінді сабаса,
Сен жатып шық түрмеге.
Алдына мал қоралап,

Күзетін ал іргеде.
Жалаңаш жүр, оны орап
үлде менен бүлдеге.
Тойға барса – топтан шық,
Суға батса – бір кеме..
Тек, тістенбе, астамсып,
Есірді деп бұл неге.
Токетері – бүлдіргің
келмесе егер бірдеме:
Миың болса басында,
Миғұла бол,
Үндеме!!!

1983 ж.
30.04.1995 ж.

ОЙ, АЛЛА-АЙ!

Қойды көрсе, көкжалдың
адымы жер оярдай.
Арыстанның алдында
Мүсәпірсір қояндай.
Арам ойы түлкінің –
Орманға өрт қоярдай.
Май кекіріп жатса да,
Алдағанын қоя алмай.
Үңгірінде пырылдап,
Аңқау аю оянбай.
Бір тасада аншы тұр,
Сәтін күтіп, аялдай.
Біреуіне бірі жем,
Күшті әлсізді жоярдай.
Әділ заңы тірліктің
осы ма еді... Ой, Алла-ай!

1987 ж.

ТАҒДЫР СЫЙЫ

Қолы қысқа байғұстың
Тіршілігі күйкі екен.
Бардың иті әулие,
Жоктың өзі ит екен.

Мұны алмаймын дегенде,
Бар ма басқа бір өмір?
Таңдау болмас пендеге,
Тағдыр сыйы, міне, бұл!

30.04.1995 ж.

* * *

Адам менен адамның
Жер мен көктей арасы.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Дана менен наданның
екі басқа ағашы.
Тең емесі секілді
Зат пен заттың бағасы,
Бір қолдағы саусақтың
Бірдей емес саласы.
Ойлап тұрсаң, осындай
Адамзаттың баласы.
Тұрады екен қосылмай,
Қарасы мен дарасы.
Әркімнің де бақытқа
Болғанымен таласы,
Бірдей емес бәрінің
Көңілінің сарасы.
Ойы саяз – бейнеттен
арылмаса, шамасы,
Ақылдыны аспанға
көтереді санасы.
Өмір деген – көрешек,
Тағдыр – оған сарашы:
Біреулер – тек берешек,
Енді біреу – аласы.
Әділ емес деп мұны
кімге айтасың, қарашы:
Бас ие жоқ базарда,
Жұрттың бәрі қалашы...

30.04.1995 ж.

* * *

Сөнген сәуле секілді – өшкен сөздер...
Өшкен сөздер – бастан бір көшкен кездер.
Бір көшкенді, бәрібір, көрмек емес,
Қиял бұлтын бұрғылап тескен көздер.

Бір көшкенді көрмейсің, көзді сақта,
Барды аяла оданда, сөзді сатпа.
Көз – көңілдің, сөз – жанның көркі емес пе,
Оны сатсаң, орның бар бір тозақта..

1994 ж.
30.04.1995 ж.

ТЕПЕ-ТЕҢДІК ЗАҢЫ

Саған ақша өте қажет! Ар да керек, әлбетте.
Ар мен ақша сыйысса игі... Осында ғой бар гәп те.
Екеуінің бірін ғана таңдайтын күн туғанда,
Таразыға түсіп қалар тағдырың да сол сәтте.

Саған туыс аса қымбат, бай да керек, әрине.
Әттен, олар шығыса алса жарар еді-ау тар үйде.

...Бір барыңнан айырыларсың, бір жоғынды тапқанмен,
Тепе-теңдік заңын бұзсаң, бәрі өлшеулі фәниде.

1996 ж.

АРА ҚАШЫҚТЫҚ ЗАҢЫ

Екеу – екеу, ол ешқашан бір емес!
Бір деп көрші, басталады, міне, егес.
Алыс болма, жақын-ақ бол, алайда,
Шын жақындар жат болуды тілемес.

Біз алыстан жақындауға асықтық,
Бірақ соңғы шектен аттау – пасықтық!
Алыс түгіл, жақындардың арасын
Бөлу керек қалайда бір қашықтық.

Біле білсең, жаратылыс заңы бұл!
Оны бұзсаң – қатер андып тағы жүр.
Жақындардың көңілінде жаттық жоқ,
Шектен, бірақ, шықпау керек, бәрібір.

Шектен аспау – алыстыққа жатпайды,
Бұзық пиғыл – түзік жолды таппайды.
Өз жақынын жат еткісі келгендер
Баса-көктеп шекарадан аттайды.

Аттау қатер – сол дәнекер-бостықтан,
Жауласпайды жақындықты хош тұтқан.
Аттап өту – таптап өту, соғыс деп –
соны айтпай ма... Соғыспайды достықтан.

Шекараны, шекті аттауға хақың жоқ,
Самолеттер соқтығады жақын кеп!
Елемесең сыйластықтың сызығын,
Жан досың да жауға айналар, жатың боп.

Адалдықпен жақындасқан – айрылмас,
Пиғылы арам – ойлап оны қайғырмас.
Ағаттықтан жақыныңды жат етсең,
Көңілі бір қалғаннан соң, қайрылмас.

Шын сыйластар бірін-бірі сатпаған,
“Сен”, “мені” жоқ – “біз” болғаннан сақтанам.
Айрылыспаймын деген жандар, қашанда,
Арасында бір шекара сақтаған.

Ай мен жұлдыз, Күн менен Жер не білген?
Әрқайсысы өз орнынан көрінген.
Бұл әлемнің ең кішкентай бөлшегі –
Атомдар да аралықпен бөлінген.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шекарасыз болу – болмыс заңы емес,
Достыққа да, сыйластыққа тән емес.
Өмір деген – орын үшін тайталас,
Оны ұқпасан, басталады бар егес.

Ол тәуелсіз – орнын егер ала алса,
Дербестік сол – өмір сүрсен адамша.
Ойы түзік, ниеті адал еш пенде,
Шекарадан аттамайды қабанша!

1996 ж.

НҮКТЕНІҢ ОРНЫ ТУРАЛЫ ОДА

Маржанбысың? Өзіңді онда іл жіпке:
Екі жерде тұра алмайды бір нүкте.
Әр нәрсенің өз орны бар кесімді,
Есеппенен шандылған бұл тірлікте.

Мейлі, нүкте, бола-ақ қойшы, не дене,
Ал, сонда ше? Еркелегің келе ме?
Әрбір нәрсе өз орнында бағалы,
Артық заттың керегі жоқ кемеге.

Ережеге әсте көңің келмесе,
Орын алғын келеді өзі сен неше?
Формуладан жаралғансың, сен қалқам,
Формуламен матаулысың ендеше.

Нүктемісің? Орныңды біл. Жіпте бол.
Орын таппау – емес, демек, түк те өнер.
Ағып түскен планета секілді –
Өз орнынан тайқып кеткен нүктелер.

1996 ж.

ТЕҢІЗДІ ҚҰТҚАРУШЫ МЫРЗАЛАРҒА БІР ДАТ

Адриат теңізін
Суға толтырамын деп ең.
Ар-ұят теңізін
Құтқармақсың немен?

Неткен жомарт лебіз!
Па, шіркін!
Сөзіңе әбден тойдым.
Толмады бірақ теңіз,
Оны өзің жұтып қойдың.

Толар еді-ау Адриат..
Көп түкірсе көл ғой.

Өзінде жоқ ар-ұят,
Бетінді қайтем көндей.

Сен менің уайымым болдың ғой,
Пай-пай, жампоз пырақ!
Бірдеме етерміз-ау теңізді,
Сен толармысың, бірақ?..

1996 ж.

САЙДАҚТІСКЕ НЕМЕСЕ “SOS!”

Шөбересі шабақтың – жайын шырақ,
Майданы жеп семірген майың – сынап.
Өкімет пен халыққа кезек жайған
Алақаның тойымсыз, қайыр сұрап.

Шабак еді арғы атаң жарымаған,
Ұзап кете қоймапсың әлі де одан.
Қоятындай теңіздің өзін жұтып,
Бір жалмауыз болыпсың озбыр аран.

Жоталанып, жалданып, кит болам деп,
Айналанды жұтаттың, дәнiге жеп.
Жер-жаһанға жар салып жүрсiң ендi,
Шабактарды аштықтан құтқарам деп.

Құтқармақсың... Ал, сонда, сойдақтiсiм,
Құлқыныңа құлып сап қоймақпысың?
Шабактарды асырап, бағамын деп,
Бiр-ақ қылғып, бiр өзiң тоймақпысың?

Су iшiне өрт қойған сұмырай-ау,
Жасырмайды сұрынды жаққан бояу.
Жәрдем күткен жәутендеп жәудiр көздер
Болмайтынын бiледi сенен аяу.

Жетiм-жесiр көз жасын бос төкпейдi,
Нәсiбiн жеп, сендейлер кес-кестейдi.
Кiмге пайдаң тигендей кесiр едiң,
Қайда барсаң – сол жерден “sos!” кетпейдi.

1996 ж.

БІТТІ БӘРІ!..

Бітті бәрі! Өтті жаз, қыс тұр әні,
Сұлу көлден суық жел ысқырады.
Он екіде бірінін нұсқасы жоқ:
Құлақ қашты, көз куды, тіс құлады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бітті бәрі. Осымен іс тынады.
Қыстың әні – емес ол құстың әні.
Тарқап жатқан базарда не қызық бар,
Қарап тұрсаң, ішінді пыстырады.

Бітті бәрі, қанбай-ақ іш құмары,
Көл құрғады, саркылды күш бұлағы.
Бәрі біткен, тек көңіл алас ұрып,
Жартас сокқан толқындай ышқынады..

1996 ж.

АҚЫН ШӘКЕРІМ ҚАЖЫҒА

Қан мен жанның махаббатынан туған
Сенің жырың қымбат маған алтыннан.
Өзіндей де ой өренін туғызған
Айналсамшы қазақ деген халқымнан.

Ұлы Абайдың ой шыңына талпынған,
Гималайдан биік маған тау тұлғаң.
Қазағымда ақын туып алдымен,
Тек содан соң барып қана хан туған.

Менің халқым емес кенде ақынға,
Ақыны бар елден кетпес ақыл да.
Сендей ұлы ақыны бар халықтан,
Мен сенемін, хан туады жақында.

1996 ж.

ЖҮРЕККЕ

Қалжыраған ой – жансыз,
Тәлкегінде тәйкі ойын.
Қан жылаған қайрансыз
Бұл жүректі қайтсейін.

Бар бол, жүрек, байғұсым,
Бағың сенің жанбады.
Кім кінәлы ол үшін?
Көрешегің сол дағы.

Ақ торқаң мен, көк торқаң
Жоғалды ма желге еріп?
Кетесің бе деп қорқам,
Қайғы-сұмға жем болып.

Қой, босама, қайтадан
Серіппедей ширатыл.
Қуаныш көп, қайтар ән,
Қуатыңды жи, батыр.

Десіне еріп көңілдің,
Алданбашы елеске.
Екі келмес өмірдің
Өзі бақыт емес пе!

1996 ж.

ӨМІР

От пен судың ортасында тұр өмір..
Шөл мен селдің қан майданы – міне, бұл!
Бірі ысқыра, бірі ышқына кеп қалды,
Жанын қояр жер таппады жалғыз гүл.

Гүлдің аты Өмір еді, түрі пәс.
Басталды да кетті жойқын ұлы айқас.
Селді жұтты... Шөлді жықты... Ақыры,
Екі дүлей жалғыз гүлге ұрды бас.

От пен судың ортасында тұр Өмір...
Екеуінен нәр жинайды гүл-өңір.
Өзінді егер осы Гүлге ұқсатсаң,
От пен судың амандығын тілеп жүр.

1996 ж.

ОТ, СӨНБЕ!

Жер ошақта лаулап жанған от, сөнбе!
Бар үмітім, қуанышым – тек сенде.
Сен сөнбесең, ұшқыныңда мен бармын,
Кеңістікке мәңгі сіңіп кетсем де.

Уа, жұртым, бағың сенің ашылсын,
Көзді ашытқан көк түтінің басылсын.
Жер ошақтан түнгі аспанға өрмелеп
Жанған оттай, жарық нұрың шашылсын!

1996 ж.

ЕР ШАБАҚ

Қадіріңді ел біле ме, ер шабақ?..
Еңбегіңді тауыспасын мен санап.
Өзің аштан өле жаздап жүрсең де,
Өміріңді китке арнадың. Сол сауап.

Киттер болса, келеді ашып аранын,
Аузы – магнит, ал түсе ғой, қарағым.
Осылайша ұлы ерлікпен шейіт боп,
Аударасың тарихтың бір парағын.

Киттер үшін жан бергенің – борышың,
Сондықтан да өкінбейсің ол үшін.
Бақыттысың, сен көрмейсің ешқашан,
Шабактардың тірлік үшін соғысын.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Апан аран толарына сенбеймін,
Топылдатып мыңын жұтса сендейдің.
Алып киттер жаулап алған мұхитты,
Демек, сен де рыздығысың сол дәйдің.

Олар, эне, саған салды айыбын..
Әлде, олардан күтпеп пе едің қайырым?
Мұхит асқан кит-кемелер не ғылсын,
Шалшық судың қалт-құлт еткен қайығын.

Сен киттерге ренжімейсің бұл үшін,
Ізгі жандар бұлдамайды ұлы ісін.
Сондықтан да өзің барып батасың,
Іздеп тауып “Бермуттың үшбұрышын”.

Тағдырыңа дән ризасың, көнесің,
Зор мақтаныш сезімімен өлесің.
Мұхиттардың алыптығы үшін де,
Киттерге жем болуды жөн көресің.

Тағдырыңды сол киттерге тапсырып,
О дүниеге жөнелесің пәксініп.
Калар атың, қалмас бәлкім, мәселе
онда емес қой, жасау парыз жақсылық.

Сен жаныңды қиясың ба теп-тегін?
Ұрпақ үшін – ұлы ерлік еткенің.
Киттерге жем болғаның да, бәрібір,—
Мұхит үшін құрбан болып кеткенің.

Түсінбейтін кешелер бар тек соны,
Жазғырады: “жағымпаз құл” деп сені.
Құрбандықсыз бақыттың жоқ екені,
сол тобырдың түйсігіне жетсе еді.

Бірінші боп сен өлмексің керексе,
Құл болсаң да, болғаның-ау ерекше.
Құлап түсу қуанышы бойыңды
кернейді енді, балта қиған терекше.

Сорлы шабақ, киттерді ойлап жүдейсің,
Бардан – жоғың, дүлейсінген үрейсің,
Мәңгі шалқып тұруы үшін мұхиттың,
Киттер аман болса екен деп тілейсің.

О’ кей онда қуана бер, өйткені,
Тілегінді қабыл етті киттерін.
Жұтып қалшы еркіндіктің ауасын,
Басыңа кеп қапталғанша ит терін.

Еңбегінді ел біле ме, ер шабақ?
Бір басыңа артық емес сонша бақ.
Бір ескерткіш орнатар ма саған да,
Есімінді киттерменен тең санап?..

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ
ҚАЛҚАМ...

Қолыңның қысқалығын қорлық тұтсаң,
Енді оны ұзартпассың жалғап арқан.
Дүниеде ес тандырар тәтті елес көп,
Алданып, шырғасына түспе, қалқам.

Еңсенді жаншып езген зорлықты ұқсаң,
Тағдырдың сыйы шығар ол саған тән.
Дүниеде жалт-жұлт еткен жақсылар көп,
Арбалып, арзан уын ішпе, қалқам.

Қара да, әншейінде, хан да дарқан,
Кедейдің қолына тыш, қарға болсаң.
Келмесе үйден қуған иттей болғын,
Байлардан көмек сұрап барма, қалқам.

Арыңды ете алмасаң жанға қалқан,
Бір сәттік ләззәт үшін алданар тән.
Басында жалғыз шайнам миың болса,
Шайтанның күлкісіне нанба, қалқам.

1996 ж.

ТАҒЫ ДА «СОЛ» ТУРАЛЫ

Тапқан жоқпын оны іздеп,
Амалымды тауысты.
Бәлелі кеп өзі кеп
Бармағыма жабысты.

Бұл бәлекет, япыр-ай,
Қайдан ғана тап келді?
Сасық күзен секілді,
Тұтқиылдан шап берді.

О, тәңір-ай, бұл сасық
Маған керек болып па?
Күн бетіме күл шашып,
Душар етті-ау қорлыққа.

Бұл харамды мен сонша,
Тілеп пе екем құдайдан?
Қақпан қапқан көкжалша,
Болғаным-ай пұшайман.

Қор болдың-ау, қайтейін,
Байғұс менің бармағым.
Сақта, құдай, сасықтан,
Бұл пенденің ардағын.

1996 ж.

* * *

Әділсінген қасқаның
өзі адалды алдады.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бір Алладан басқаның
сенетіні қалмады.

О, Жаратқан, тәңірім,
Бәрі сенің қолыңда.
Ақ нысана – әмірің,
Ақиқаттың жолыңда.

Пендеміз ғой... Әлі бұл
бай баласын мақтаймыз.
Жанымызға, бәрібір,
Сенен жақын таппаймыз.

Аз тірлігін арзымас
Хақ тұтқанның аты кім?
Біз табынған тәжді бас –
Ол да сенің пақырың.

Енші алды екен тағы кім,
Хауа менен Адамнан?
Сақта бізді, тәңірім,
Құдайсынған наданнан.

1996 ж.

МЫРҚЫМБАЙДЫҢ МЫРЗАСЫ

Мырқымбайдың мырзасы – мықшыңбайжан,
Аумайды ғой, аумайды ныспың байдан.
Бірақ сені ол ағаң менсінбейді,
Жалбыр тонды жаныңды ұқсын қайдан.

Жалын шарпып бойыңды ұшқынды ойдан,
Қалбалақтап, қарағым, түстің бе Айдан?
Өзің де бір ғажайып пақырсың-ау,
Бір тойғаның – болғандай үш күн мейрам.

Арқанда – қап, қолыңда – коқыс жайман,
Шатқаяқтап басасың, тайраң-тайраң.
Бір басыңа жүретін билігің жоқ,
Бұл түріңмен тигендей кімге пайдан?

Қайырым күттің қалайша қарынбайдан,
Сол емес пе – шокып жеп, көзіңді ойған,
О дүниеде не айтып, ақталасың,
Қорлағаның жаныңды – кетпес ойдан.

Шаманды біл, не теңің – сауық-сайран,
Жазың өтті, бейшара, қысқа сайлан.
Қайда бара жатырсың, қайдан келіп?..
Оны сұрап білерміз жел мен сайдан.

Бірақ, сенсіз бізге де қиын, айнама,
Шаршап келіп жатырмыз кілең тойдан.

Барлық шаруа карап тұр бір өзіңе,
Бітіре сал бәрін де құшак жайған.

Қозғала алмай жатырмыз аппак майдан,
Жеткізсеңші жотаға бізді сайдан.
Сенсіз аттап басуға шамамыз жоқ,
Қара өгіздей күштім-ау, ойхой, қайран!

Мырқымбайдың мырзасы... Күшің – хайуан,
Көтеруші ең өгізді кішкентайдан.
Ел өзіңе сенімін артып отыр..
Есіл ерім, пау, шіркін, шықсаңшы ойдан.

1996 ж.

СУРЕТШІНІҢ МОНОЛОГІ

Жалаңаш әйелдің суретін салдым!
Ол мені бөледі даңққа,
Кенелтті таусылмас байлыққа.
Пай-пай, жалаңаш әйел-ай,
Қараймын өзінді аялай,
Рақмет саған, мисс!

Жалаңаш шындықтың суретін салдым!
Ол мені бәрінен айырды,
Көрші енді бейшара жайымды.
Жалаңаш шындық, оңбаған,
Аулақ жүр, жолама сен маған,
Жолымыз бірге емес, қиыс!

Құбыжық бейнеңе кім құштар, малғұн!
Байға да, байғұсқа да жақпадың,
Пәниден бір абырой таппадың,
Сайқалсып, сен мені арбама,
Сүйгенім – жарнама, жарнама!
Солай болуы тиіс!

Ай-хай,
Пай-пай, жалаңаш әйел, мисс!
Браво, жаса, бис-с!

1996 ж.

ҚҰМЫРСҚАЛАР ПАТШАЛЫҒЫ

Қара бір құмырсқа қаптаса,
Қоңыздың басы шірік томар.
Осыдан құдай сақтаса,
Күні де біраз жүріп қалар.

Қара бір тобыр таптаса,
Қасиет ұшар асылынан.
Панынды құдай атпаса,
Тартынар асып, тасынудан.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Илеуінен кумасаң,
Несі бар сенде құмырсқаның,
Құл-құтанды кинасаң,
Қайтер екен алтын тағың?

Құрмет көрді, ал, нендей –
Құмырсқалар, құл-құтандар?
Хақ шындығы: дәл сендей –
Олар дағы тірі жандар.

Ақиқатқа қараңыз:
Біздер кімнің еркесіміз?
Ханымыз да, қарамыз –
Бір құдайдың пендесіміз.

Бұғаудан азат болдың да,
Айбынып тұрсың енді, міне.
Құл пақырдың орнында
Отырмасың белгілі ме?

Тәубесіз жан опынар,
Қадірінді көппен еле.
Басың болса – бір томар..
Құмырсқаға өкпелеме.

1996 ж.

ТАУ МІНЕЗІ НЕМЕСЕ КӨЛЕҢКЕ ТУРАЛЫ КӨРІПКЕЛДІК

Қысқалығын бойыңның
Көремісің біреуден?
Қисықтығын ойыңның
Түзеймісің тіреумен?

Алатауға Қаратау
түсірмейді көлеңке.
Болғың келсе бакша-бау,
Жер өртеме, өн ерте.

Қазағымның жеріне
Аллам ақ нұр құяды.
Бір тау емес, тегінде,
Мың тау оған сыяды.

Бір-біріне бұл таулар
Түсірмейді көлеңке.
Өз еліңнің ері бол,
Содан кейін бол ерке.

“Менен неге биік?” деп,
Өзге таудан шошыма.
Өзінді елге сүйікті ет,
Шын биіктік осы да.

1996 ж., наурыз.

* * *

Санада арман етіп сайран назын,
Өтіп-ақ кеткені ме жайраң жазым.
Төбемнен шырқ айналып, кете алмай жүр,
Ұшырған көңілімнен қайран қазым.
Болды да көзден ғайып бұрынғы шак,
Жұлдыздың сәулесіндей құбылды сәт.
Құлазып қала берді көңіл шіркін,
Айрылған енесінен құлынға ұқсап.
Япыр-ау, қайтсем екен бұл құлынды?
Енкейіп, екіндіге Күн бұрылды.
Жалындай құлыншақтың желкілдеген,
Есіме түсіргені-ай бір бұрымды..

1996 ж.

* * *

Қарлы ойларым түйлігіп неше келді...
Жарлы ойларым жарыды, еселенді.
Күркіреген дауылдай бір күшті ағын
Найзағайлы аспанға көшер енді.

Көшер енді, оралып келмес қайтып,
Қала берем орнымда, мен қош айтып.
Осылайша, жанымның бір бөлшегі
Менен бұрын бақиға кетер тайқып.

Ойларымнан арылып, бос қалармын..
Бұл фәниге сонда мен жат болармын.
Жүгі кетіп, салт қалған жолаушыдай,
Ең соңынан өзім де аттанармын.

Аттанармын. Әзірше отта бармын.
Отта болсам, балқырмын, шоқтанармын.
Күркіреген дауылым, Күнге беттеп,
Сол шоғымды үрлей кет, тоқтап алғын.

1996 ж.

АР-ҰЯТ ТУРАЛЫ АҚИҚАТ

Адамның жауы – ар-ұят..
Ал, айтшы, солай емес деп.
Ендеше, сенің жаның ақ,
Көзінде неге көмескі от?

Көзіңнің оты көмескі..
Өйткені, нәр жоқ бойыңда.
Не болушы еді – өлексе
бұралқы иттің ойында?

Сол итпен сорың бір болса,
Адам деп сені кім айтпақ?
Ар сақтаған аш қарын,
Аранын немен жұбатпақ?

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жан азығы – тән болса,
Қорексіз тәнге күш қайда?
Аш дене уға алданса,
Ар-ұят артын қыспай ма?

Ар сақтап жүрсің, ал, бірақ,
Жаныңды қайда қоясың?
Ол байғұс, әне, шырқырап,
Іздейді өмір саясын.

Ар-ұят керек өзіңе!
Жайлы өмір – және арманың..
Сан айттық саған кезінде:
“Анжақта” ұжмақ қалғанын.

Ұқпайтын соны кеше ме ең,
Бұ дүние және жалғанын?
Ар-ұят дейтін аш немен,
Шайтанға мазақ болғанын?

Ібіліс Арды сүймейді-ақ,
Адамнан аран туылды.
Ұятқа орын тимей қап,
Ұжмаққа қайта қуылды.

... Миыңа сенің мың кұйдым:
“Адамның досы – ар-ұят”.
Қолында кұран – мүфтидің,
Алдында – қымбат коньяк.

Байғұстың бағын күндеме,
Бір құдай билер барлығын.
Құтылмас екі дүниеде,
Ар-иман – сенің тағдырың.

1996 ж.

ЖАЯУ МЫРЗАНЫҢ ӘНІ I түрі

Ассалаумағалейкум, Жаяу Мырза,
Көңілі жаяулықтан қаяу мырза.
Алладан ауру келсе – ақшасы жоқ,
Озмышы жазмышынан таяу мырза.

Сақалы – сасыр, мұрты – сояу мырза,
Жүрісі тасбақадан баяу мырза.
Бақалы шалшық көлдей іші шулап,
Күні-түн аш ішегі ояу мырза.

Ішкенің суперский бояу мырза,
Әр күнің шоу-думанды той-ау, мырза.
Су сасып кекірігің, жел гулетіп,
Япыр-ай, асағаның май-ау, мырза.

Ақ туша, қызыл туша, туша, туша,
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.
Зорманның Күшті атасы ақымды жеп,
Атандым сол себептен Жаяу Мырза.

Жер тозып, ел азбай ма – сағым қуса,
Ер жігіт не болады сағы сынса.
Байлары жаңа қазақ “Жаяу” дейді,
Көрер ем жаяулықты күні туса.

Алашқа атым мәлім – Жаяу Мырза,
Кез болдым өңшең арсыз, аяусызға.
Аттыдан жаяу жүріп бәйге аламын,
“Мерседес”, “Джип” мінгендер, маған ұкса.

1996 ж.

МЕНИҢ АЛТЫН ТАҒЫМ

Кенде емес мына дүние ізгі ойларға,
Жетеді ол сіздей жанға, біздей жанға.
Құдайдың адал құлы болсаң анық,
Жолың ақ, үмітіңді үзбей жалға.

Кенде емес мына дүние күн шуаққа,
Жетеді ол ойлы тауға, жыршы баққа.
Сол нұрдың шапағынан шаттық тапсан,
Татиды қос жанарың мың шыраққа.

Дүние сұлулығын жастан сезгем,
Мен оған сұқтанамын қақпан-көзбен.
Халқына ұрсатын хан болғанымен,
Дүниеде патша бар ма тақтан безген?

Мен де сол патшадаймын – тақ дегенде,
Ал бірақ, менің тағым – ақ кемемде.
Ақ кеме – жарық дүние, әлемім ғой,
Сол тақтан айрылғым жоқ, әсте, мен де.

Шынымды бүкпей айтсам, несіне мін,
Ойымды өлеңіме көшіремін.
Туған жер тасын басып, аман жүрсем –
Оллаһи, алтын тағым осы менің!

1972 ж.

1996 ж., наурыз.

СӨЗДЕРІМ

Менің сөзім – жеке бастың мұңы емес,
Олай деп те ешкім мені мінемес.
Аш қалам деп, қайғырып та жүргем жоқ,
Көңілім ашық, болмасам да күлегеш.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Алақайлап, ұшырмасам ән-үйрек,
Көз жасын да көлдеткім жоқ, зар илеп.
Заманыммен терезем тең сөйлеспек
ниетім бар, былдырламай сәби боп.

Есті адамға айту парыз байсалды ой,
Кездер де бар қасарыспа, қайсар кей..
Мен емеспін, Заман өзі сөйледі,
Он-терісін Уақыт теңшер, жайсаң ғой.

“Айтылған сөз – атылған оқ” атылды.
Шығарайын деген жоқпын атымды.
Ол белгісіз: кім алады, кім тастап..
Замандасқа жазған үшібу хатымды.

Жырларымды кептер етіп ұшырдым,
Сырларымды жүректерге ұсындым.
Қайда жүрсе, амандығын тілер ем,
Жазығы жоқ, кінәратсыз құсымның.

Аман-есен болындаршы, сөздерім,
Жәбір көрмей, жәутендемей көздерің.
Егер менің қол-аяғым байланса,
Азат құс боп шарықтандар өздерің.

Жүрегімнің сезгені мен төзгенін
Қанатына қондырып ем, безбедін.
Бұл фәниге қонақпын ғой мен деген,
Ғұмыр-жасың ұзақ болғай, Сөздерім!

1996 ж., сәуір.

ҒҰМЫР СЫЙЫ

Жалынды өрттей
Жас дәурен өтер.
Жабысқан дерттей
Жалғыздық жетер.

Алқынған жүрек
Аптығын басар.
Азайып тілек,
Алғырлық қашар.

Жалыны сөніп,
Көзден нұр таяр.
Уайым – серік,
Құшағын жаяр.

Көңілдің көлі
сиретер қазын.
Күздің де желі
Үйретер сазын.

Жиналып жолға,
Көшеді бұлттар.

Құлазып ол да –
Кешегі жұрттар.

Өзінді-өзің
Еместей көріп,
Өткен бір кезің –
Елестей болып,

Сол шақтың назын
Сағынар жүдеп,
Қия алмай жазын,
Қиналған жүрек.

ӨМІР ЖОЛЫ

Құрдымға сінді-ау жол мына,
Жасап ең қандай зор күнә.
Басталмай жатып, сапарың
Баянсыз тамам болды ма?

Сазарып аспан түнерді,
Мазактап құйын күлер-ді.
Таңдаған жолың тұмсығын
Тұйыққа тіреп тұр енді.

Меңіреу дала. Құр жым-жырт.
Ұзайды алға Күн жылжып.
Алақтап, дал боп сен тұрсың,
Үзіліп кетті-ау құрғыр жіп!

Кенеттен жолың кесілді,
Жан едің неткен кесірлі.
Жанбаған бағың, байғұсым,
Жия алмай тұрсаң есінді.

Төбеңнен ұшқан құстарға
Ілесе кетер күш бар ма?
Көзіңнен жебе ұзаттың,
Қараған жандай дұшпанға.

Алдыңнан қашып киіктер,
Арбайды алыс биіктер.
Өмірді ұққың келсе егер,
Өртіне оның күйіп көр.

Мерттіккен жандай сынып қол,
Дененді жапты суық тер.
Өмірді ұққың келсе егер,
Торынан оның шығып көр.

Бакыттан әркім үміткер,
Талпынар арман-күліктер.
Адаспай тапқың келсе оны,
Тұрағын болжап біліп көр.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Тұйыққа түстің күтпеген,
Мақсатың қайда дiттеген?
Бақыт екен ғой шексіз жол –
Басталған, бірақ бітпеген.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Түсімде... қалып дұшпан жаласына,
Көңілдің медеу іздеп наласына,
Тап болып қалың зират арасына,
Бабамның барып жүрсем моласына:

Қуаныш, мұңын көріп, той тойлаған,
Қызық пен қиындығы ортаймаған
Өмірге деген ұлы құштарлықпен,
Даусынан жүрегімнің айқайлаған –

Оянып кетемін де, алас ұра,
Орнымнан атып тұрам мен асыға.
Тек сонда, сонда ғана жеткендей боп
Өмірдің қадірі мен бағасына.

...Жүрсе де не күлдіріп, не жылатып,
Мұңайтып, іле-шала тез жұбатып,
Тынысын тіршіліктің жанмен сезіп,
Жер басып жүргеніңнің өзі бақыт!

АҚЫРҒЫ ЕСКЕРТУ

Кездер бар – от жүгіртіп бетіңнен де,
Енсенді баса қояр лепіргенде.
Есіме түседі ылғи сол бір сурет,
Мүлт басқан қадамыма өкінгенде.

...Айтылып соңғы ескерту, ақтық үміт,
Кластың жиналысы жатты жүріп.
Оқушы Жетесовтің “мәселесін”
Қарадық, назарды оған қатты бұрып.

Бастады кластағы белсендіміз,
Өзі де өжет әрі сөзшен бұ қыз:
– Есіріп кетіп едің шектен шыға,
Сілтейміз енді саған семсерді біз!

Қарамай оқушылық ережеге,
Қалмады сен шақпаған терезе де.
Аузына құлып салып қоямыз ба,
Сені енді отырғызып кебежеге?

Жүрмейсің ие болып тізгініңе,
Күніне жүз бүлдіріп, жүз бүліне.
Аяғын директордың басып кетіп,
Қалдырдың тағы ұятқа бізді, міне.

Ескертіп кулықсыз кей аңғалдығын,
Кешірім әлденеше алған бұрын.
Шелектей су тұрмайтын – түбі тесік,
Тойдырды уәдесі жалған мұның.

... Сол-сол-ақ, айтыс қызды, сөз көбейді,
Әркім бір құйқылжытты безбен ойды.
Біреулер: “Кешірейік”, өзгелері:
“Жетеді, салу керек тезге!” – дейді.

– Берілсін соңғы ескерту!
– Жоқ, болмайды!
Ессіздік ескертумен тоқталмайды.
Ескерту алғанына ай толған жоқ,
Ол неге сөзін жұтып, көпті алдайды?

Дәлелді сыннан – арсыз жалтарады,
Жетесов жүзін қырын қалқалады.
Сонымен, бір жылда ол үшінші рет
“Ең соңғы” ескертуді арқалады.

... Жылдардың басын жұтып тілдей сағат,
Күндерді өте шықтық жүндей сабап.
Ол кезде ойладық па, сол ескерту –
Екенін бәрімізге бірдей сабақ.

Қуғандай құр асауды құрық алып,
Әсершіл көңілдердің қыбы қанып,
Жетесов алғаш рет соңғы ескерту
Алғанда – көзбен барлап, мұны бағып..

Бақсының тастағандай “жынын” басып,
Шешенсіп, шенеп-мінep, дуылдасып,
Жетесов үшінші рет соңғы ескерту
Алғанда – калып едік жымындасып.

“Тоятын ескертуге бір түрі жоқ,
Алар-ау жүзіншісін бір күні..”, – деп,
Жетесов жетінші рет соңғы ескерту
Алғанда – шыдай алмай ду күліп ек..

Алаңсыз өткен сол бір той-балалық,
Қызықтың шыжығына тойғаны анық.
Талқысын бәрімізге тақап тұрған
Тағдырдың сыны барын ойламадық.

Кейінде басқадай қам, бап шығарып...
Бармадық бұлақ жаққа ат суарып.
Өмірдің толқындары тұтқиылдан
Бізді енді кете барды қакшып алып.

Толқынға сан көміліп, қанша тұрдым?
Сонда да қасарысып, қарсы атылдым.
Бұлт болып жыладым да, Күнше күлдім,
Дауыл боп ышқындым да, Тауша тындым.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Өзімді қиындыққа сайлап барып,
Сайысқа түстім талай айбаттанып.
Өртінде өкініштің бебеу қақтым,
Қапыда бармағымды шайнап қалып.

Көрмеген тезге түсіп, бір сыналып,
Күлетін Жетесовке тіл шығарып,
қаперсіз көп сабаздың бірі мен ем,
Күндерім өте берді үнсіз ағып.

Әдейі тап келтірген ғажабы ма,
Әлде бір маған айтқан мазағы ма:
Сылынып шыға келдім, түсіп кетіп
Тағдырдың шыжылдаған қазанына.

О, біздер қанша мәрте құлап тұрдық,
Күйініп, ебіл-дебіл жылап-күлдік.
Тәттіге елтіп жүріп, ащы барын –
Таңдайды дәмі ойғанда бір-ақ білдік.

Өмірдің өткел іздеп қиынынан,
Жол тауып шыққан талай тұйығынан,
Күніне кемінде бір сөз еститін
Жетесов күледі енді миығынан.

Біз оны дос пейілмен батыл сынап,
Жүруші ек қамқорсынып, жақынсырап.
Бір кезде Жетесовке күлген басым –
Баратын болдым оған ақыл сұрап.

Ежелден шалағайдың ісі мәлім,
Белгісіз қашан пісіп, ысыларым.
Алдында “профессор” Жетесовтің,
Кінәлі шәкіртке ұксап қысыламын.

Дүние қалтарысын кім ақтарған:
Жетесов біз өткеннен құлап қалған..
Ол енді арғымағын орғытады
Өмірдің өзі қойған сынақтардан.

Мен оны алдым қазір дана көріп,
Әкемдей әр ісіме баға беріп,
Қайсыбір қылығыма қынжылғанда:
“Кеттің бе, – дейді кейіп, – бала болып?!”.

Кейде бір зілсіз күліп әзілдейді:
– Өмірге адамды сын әзірлейді.
Ақырғы ескертудің көбін беріп,
Қалдырған өздерің ғой азын... – дейді.

Кім білсін өз көңілі жұбана ма,
Көбінше сол бататын “күнәға” да.
Өмірдің ескертуін ести-ести,
Айналып кетіпті енді ғұламаға.

Керек-ау отқа бетті қарып тұру,
Көзді өткір сәулелерге қарықтыру.
Кітаптың сөзін жаттап біз жүргенде,
Өмірдің өзін оқып алыпты “қу”.

Өткелсіз ағыстарды мен кешемін,
Толағай толқындармен белдесемін.
Сүлей ек, сүрінуді білмей келген,
Түзетіп жатыр өмір енді есебін.

Балалық артта қалды тасаланып,
Бізге де бітті инабат, асабалық.
Сонда да опық жеймін, оқыс жерден
Әйтеуір бір білместік жасап алып.

Балалық, жастық көңіл қарқынымен,
Арманның асуына алқынып ем.
Ертеде алмай кеткен ескертудің
Есесін қайырды өмір артығымен.

Шынымен жеңер ме екен аңғалдығым,
Қалайша ұмыт болып қалған бүгін:
Өмірдің ең алғашқы ескертуін
Қай кезде және не үшін алғандығым?

Құтыла алмаған соң қайшысынан,
Өмірдің именбедік жай сұсынан.
Мен алған ескертудің есебі жоқ,
Соңғысы басталды екен қайсысынан?...

Көргенде өмірдің кей қысалаңын,
Шығатын жол таба алмай тұсаламын.
Ақырғы ескертуден шаршай жүріп,
Ақырғы ескертуден күш аламын.

Мен оған жасымаймын, көңіл суып,
Тайсақтап, жалтақ атша кері ұмсынып.
Өзімді жоғалтпастан сақтап келем,
Ақырғы ескертумен өмір сүріп!

Өмірден артық сұрап, кеміс төлеп,
Табаным тайқып кетсе теріс кенет,
Қатерден қағып мені қалады ылғи,
Ақырғы ескертулер періште боп.

Білмеймін, жебеп жүр ме дос тілегі,
Тағдырым сансыз рет кешті мені.
Өмірдің маған берген әр сабағы –
Ең соңғы ескерту боп естіледі!

ШЫҒАРМАЛАРЫ

МАЗМҰНЫ

АНТИОДА

Кір сабын туралы оптимистік элегия.....	4
Жаңаша махаббат.....	4
«Қайырымды қала» әкіміне хат.....	5
Терісқакпай.....	8
Тарқамасын базарың.....	9
Бюрократтың айласы.....	12
Сұр жартас.....	13
Өткен күн.....	15
«Халық деген ұраннан...»	16
«Алып қандай деп жүрсем...»	19
Ересектер жұмбағы.....	22
«Ту сыртында тұрып ап...»	23
«Халқым!» дейсің...	24
Шіркін-ай!	25
...Ікші, ...ікші.....	26
«Таңнан келген кезбені...»	26
«Шыдаса деп керіп едік бір жіпті...»	28
«Жел есіп сөздеріңнен жанға жатық...»	28
«Запы ішкендей зар еңіреп...»	28
Сайра, сайра...	31
Оптимистік трагедия.....	32
Тақ пен бак.....	33
«Талпақ танау! Бір қуыс – білінді артың...»	34
Уайт-да!..	35
Чемпион.....	38
Қарағым-ай...	49
Сыбаға.....	50
Қоржынбай.....	51
«Алматыда терек көп...»	52
«Балама жоқ!»..	52
«Елуде елеп үй бердін».....	53
«Алматы – Мәскеужанның інісіндей...»	54
«Қаруластар – тағдырластар...»	54
Ендігінің ерлері.....	55
Әр рет...	56
«Кімге медеу құбылмалы коқым бұлт...»	57
«Тұрар, Ахмет, Мұстафа...»	58
Көсемше	60
«Алматы – көтерем сиыр...»	60
«Бүйрегі тас, бауыры бетон пендешік! ...»	62
Проблемалар қамалы. Жоян, мысық, құзғын және қарғалар.....	63
Қаракқа.....	69
«Атқа мінген мырзаны...»	70
Теке-терме.....	71
Аты-заты.....	72
Халық айтса...	74
«Үлпілдеген ақ көбігі, добал қара сабынның...»	75
Артық ақыл.....	76
Заулатшы-ай.....	77
«Әйдік ел-ау!...»	78
Қайдан табам?...	78

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Алдашы.....	79
Белгілі... ..	79
Тағы өсті!	80
Әділдік.....	81
«Сен жылайсың, наданым...»	81
«Айтып жатыр радио...»	84
Ақшаға наз.....	85
«Өлі риза болмаса...»	87
Кәміл сенген... ..	87
«Біздің халық шыдамды қандай шіркін!..»	88
«Құрметтім, қадірмендім, сәулем-«изм»...»	88
Саған сенсе... ..	89
Өлмейміз біз де... ..	89
Өлеңнен туған өлең.....	90
«Кеудең жерден көтерілмей, көсілмексің аспанға...»	91
«Жетімдер қоғамының жебеушісі...»	92
«Сырт мақтайды, арқаннан сипай қағып...»	93
«Мың күн ойланып, миымды шіріттім...»	94
Жәрекім.....	94
Можайбекке.....	96
Заң.....	96
Әупірім.....	97
Салауатты құлдарша... ..	98
Қызмет сұраған ақынға.....	98
Мың мырза.....	99
Мың шүкір.....	100
Түсіндіру.....	100
Бақыт кілті.....	101
Комплимент.....	101
Өмір, қандай сұлусың.....	102
«Қалқам-ау, бала қаздай балғын мүсін...»	103
Арнау.....	103
Жаңа жылға аманат.....	104
Білімге мадақ.....	106
Өлең-оппозиция.....	107
Тәуелсіздік балалары.....	108

Ә Р Қ И Я Д А Б А С П А Л Д А Қ І Жауқазын (Шәкірт жыры)

Қаламмен сырласу.....	111
Кім болам.....	111
Армандар.....	111
Жастық шақ.....	111
Орман.....	112
Мырқымбайға.....	112
Балаларға.....	113
«Балағат сөз, дөкір іс...»	113
Ана-мектеп.....	113
Боран.....	113
«Қызыл ат» пен «торы сиыр»	114
Бұлбұл, түбір, бұтақ.....	114
Құмырсқа мен жылан.....	115

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Қысқы кеш.....	115
Қуанды.....	115
Көктем.....	116
Гүл.....	116
Туған жер.....	117
Анама.....	117
Бір қызға.....	117
Сүйгенім.....	118
Сүйген қызға.....	118
Құрбы қызға.....	119
Бала ойыма.....	119
Жыр.....	119
Қыран.....	119
Аллитерация.....	120
Қыс-апа.....	120
Ғашық.....	121
Абай.....	121
Қаламым.....	121
Біреуге.....	122
Кербез сері.....	122
«Көп мүлкін өңешінен жөткереді...»	122
Өмір.....	122
Бір жанға.....	123
Махаббатқа сауал.....	123
«Жалының шарпып...»	123
«Нұр теңіз, ыстық сезім, сәулетайым...»	124
«Күн шығып, күлкіңнен...»	124
Махаббат.....	124
Досыма хат.....	125
Сен – ыстық сезімсің.....	125
Тек өзіңе арналған.....	125
Тұр сүйгенім алдымда.....	126
Сен – асуы махаббатымның.....	126
Мараттың айласы.....	126
Өзен.....	127
Жүректі сыйға ұсынып... ..	128
Махаббат шыңы.....	128
...-ға.....	129
Жас танысқа.....	129
«Мен іздеймін дос жүректі...»	130
Жас шыбық.....	130
Туыс жүректен.....	130
Махаббат машақаты.....	130
Қырманшы қызға.....	132
Тракторист қарындас.....	132
Мақташы қыз.....	132
Мінеме.....	133
Көлсай.....	133
Жүрек сәлемі.....	134
Махаббат.....	134
Құрбыма.....	134
Қақпан қапқан қарға.....	135
Мысықтар кеңесі.....	136
Бесік жыры.....	137
«Өзгеріс»	138

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Түс.....	139
Ми.....	139
Кәрі терек.....	139
Жыр.....	140
Тартуым.....	141
Жазғы бақ.....	141
Күз.....	141
Календарь.....	142
Мұра.....	142
Түс.....	142
Жазғы таң.....	143
Қайда барсам.....	144
Радуга.....	145
Озон.....	145
Алатау.....	145
Алакөл.....	146
Алматы.....	147
Адамың сол бір.....	147
Тасты.....	147
Жеңгелерге.....	148
Сырласу.....	148
Ш ә к і р т с ы р ы	155
Дос туралы.....	155
Таймастың естеліктерінен.....	155
Ол.....	158

БАСПАЛДАҚ VII Тамшы – теңіз анасы (Лирикалар)

Өркенді өлең – желкенді қайық.....	163
Бұлар Москваға барады.....	164
Ғұсман Жандыбаевтың өлеңдері туралы.....	165
Құрметті Ғұсман Жандыбаев мырза!.....	165
Екеуміз	166
Ұнатамын.....	166
Тіршілік	166
Менің әжем.....	167
Ойсыз қалып оңаша.....	168
Дала сыры.....	169
Дала сыйы.....	169
Дала даусы.....	169
Адам күні адаммен	170
«Бұл өмірде қызыққа толған әр күн...»	170
Қысқы торғайлар	170
Обал.....	171
Кейде	171
Бір есеп	172
Намыс.....	172
«Көргенімнен көрмегенім көп менің...»	173
«Таң атқаннан күн батқанша жол жүріп...»	173
Кейде мен.....	173
Қосылмайтын сәулелер	174
Қыран.....	175

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жайлау	176
Қыр суреті.....	177
Көл мінезі	179
Қыраным.....	180
Тұлпар.....	182
Шал мен шалғы.....	182
Сыбызғы үні	183
«Ұға білсең, бұл өмір – ұры сынақ...»	184
Лашын.....	184
Үміт	186
Көш. Иттер	186
Махаббат аллергиясы	188
Кертолғау	193
Бұл қасым	197
Әлдеқандай.....	200
«Уа, жас қайың, жас қайың!...»	202
Жұрт біледі жайыңды... ..	203
Жетеді!	203
«Әділ ханның жарлығы...»	204
«Әділет дейтін бетсізді...».....	204
«Мандайыңның арылмаған қу соры...»	205
Сен... ..	205
«Көңіл көгі күн сайын күркіремес...»	206
«Уа-а-ай!...»	208
Абайша.....	208
«Жарқыным, дауысың зор, тілің майда...»	209
«Заңшыл» залымға.....	210
Әлсіз шырақ	211
Бәрі бекер.....	212
Біреуге	213
«Ақ қағаздай жаным бар...»	213
Үміт пен арман жылдары.....	214
Құлын.....	215
Көшедегі ару	217
Жастықтың буы бар кезде.....	219
«Ағарған шашты боярсың...».....	220
«Аңкылдаған күндер жоқ...».....	221
«Ол күндер енді қайтып оралмайды!...».....	222
«Мен ертең жоқ боламын, тоқта, жаным!...»	223
«Түсіме таң алдында кірдің бүгін...»	223
Түн аруы	224
«Сағы сынар ұстаның...»	224
«Таңдаған жолдың қиынын...»	225
«Лашын ғой деп жүргенің...».....	226
Ақын.....	227
Шындық туралы ертегі.....	227
Дадан қашам	228
Туған жер толғауы	229
Сағыныштың сары жұрты.....	230
«Сот емес, от кеседі...».....	231
«Мен кімнің құзырына телмірмедім...»	231
«Сенгің келсе өсекке...»	232
«Бүгін күн бұлыңғыр. Тым тұнжыр...»	232
«Тас қабақ Әлем мына...».....	233
«Дүние-ау, сен осындай шексіз бе едің?!...».....	234

«Жарлы жігіт тас батқан жамбасына...»	235
«Уа, ағатай, айтшы маған...».....	235
«Болмаған соң өзінде...».....	236
«Жүрегім-ау, жүрегім...»	236
«Аппақ теңіз гүлінше...»	237
«Көкжиектен иегін Күн асырды...»	237
«Сынады мені, сынады...».....	238
Мен донормын...	238
«Бейшара пенде – жазмыштың құлы...»	239
Қарғалар әні.....	239
Сенің сорың...	240
«Тазалықтың жүрегіне...»	241
«Ақындардың қоғамы...»	242
Байдың желі.....	243
«Қойдым. Тойдым. Күдер үздім. Түңілдім...».....	243
«Гүл едім ғой, гүл едім!...»	244
Қара лашық, ақ қамшы.....	244
Өлген жыланның құйрығы(на).....	245
Өмір оты	247
Дөңгеленген дүние.....	249
«Кәрі теректің басынан...»	250
Қарар жауған	251
Менің атым...	252
Ертегі.....	253
Машайыққа.....	256
Ей-й, сұр торғай!..	257
Баспалдақтар туралы баллада.....	260
Жандайшаптар сауыты.....	262
«Сәриден келіп, көк сүттің...»	263
«Саған пара берер ем...».....	263
«Жүрегімнің жарасын...»	266
«Ебін тапқан кей қарға...»	267
«Дүние-ау, бұл не деген ғажайып күн!...»	268
«Даланың кешегі өлген...»	269
«Тоқырауда тойғандар...»	270
«Жендет, жендет! Сен менің...».....	271
«Хан сарайда туғандар...»	272
«Сәриде туған ақ сәуле...».....	273
Күту.....	273
«Өтірікке семірген «Шындық» едің...».....	274
Махаббат перзенті	275
Білдік пен біз...	275
«Бұл өмірде барың-жоғың белгісіз...»	277
«Тар қақпандай тас жұдырық бекулі...»	277
«Тыпырлап тырнағында әзірейілдің...»	278
Балалары шындықтың.....	278
«Бәлелі кепке, амал жоқ...»	283
«Бұл құдайдың бұйрығына не дейін!...».....	283
Ормандағы әңгіме...	283
«Үміт еңіреп...»	285
«Жүрегіңе айтқан сөзім...».....	285
«Сарпылдап, сарылдырып өтті күндер...».....	286
Сағалбайға	286
Тіршілік жолы	290
«Тыныш мекеннен...»	291
Тағы да Абайша	294
Төс қалта.....	295

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Мен келдім мейрамханаға!!!	295
Жарнама	296
«Адамды адам мерт етпек...»	296
Жүректің жасы	297
«Он тоғызда от шашқан...»	298
«Кедір-бұдыр кәрі қабық!...»	298
Сенген жүрек	299
«Шынымды айттым, біреу кеп өшірді оны...»	299
«Ханға имес басымды...»	299
Бейне бір...	300
Көңіл	300
«Жылдар маған өктемдігін жүргізді...»	301
Он үш пен он сегіздің ортасында	301
«Өтті біздің жастық шақ, өшкен өрттей!»	302
Атамекен ауылы	302
Түнгі канал	303
Жүрек – сауыт, қан – сия	304
Жан анам!	304
Топ қараған	305
«Түс көремін. Түсімде сені көрем...»	305
«Қазбауыр бұлт – аққудай айдындағы...»	305
«Мен үйреткен асау тай...»	306
«Балдырлы бұлақ басында...»	306
«Қардың басын қар алса...»	307
Үндеме!!!	307
Ой, Алла-ай!	308
Тағдыр сыйы	308
«Адам менен адамның...»	308
«Сөнген сәуле секілді – өшкен сөздер...»	309
Тепе-теңдік заңы	309
Ара қашықтық заңы	310
Нүктенің орны туралы ода	311
Теңізді құтқарушы мырзаларға бір дат	311
Сойдақтиске немесе «sos!»	312
Бітті бәрі!	312
Акын Шәкерім қажыға	313
Жүрекке	313
Өмір	314
От, сөнбе!	314
Ер шабақ	314
Қалқам	316
Тағы да «сол» туралы	316
«Әділсінген қасқаның...»	316
Мырқымбайдың мырзасы	317
Суретшінің монологу	318
Құмырсқалар патшалығы	318
Тау мінезі немесе көлеңке туралы көріпкелдік	319
«Санада арман егіп сайран назын...»	320
«Қарлы ойларым түйлігіп неше келді...»	320
Ар-ұят туралы ақиқат	320
Жаяу Мырзаның әні	321
Менің алтын тағым	322
Сөздерім	322
Ғұмыр сыйы	323
Өмір жолы	324
Құштарлық	325
Ақырғы ескерту	325

«Қазақ энциклопедиясының»
директоры – бас редакторы
Ж.Тойбаева

ҒҰСМАН ЖАНДЫБАЕВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

1-ТОМ

Ө л е н д е р

Редакторы Н.К. Мауытов
Дизайнері Р. Арсланов
Беттеген Г.С. Алмасбекова

ISBN 978-601-7472-98-6



Басуға 13.04.2017 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 20,0.
Таралымы 5000+50 дана. Тапсырыс № 2345.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19^а-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.

© 2000 American Medical Association
All rights reserved. Reproduction in whole or in part is prohibited.



000001537804

A portrait of Fuzman Zhandybaev, an elderly man with grey hair, wearing a dark pinstriped suit jacket, a white shirt, and a blue striped tie. He is looking directly at the camera with a neutral expression. The background is a patterned wall with a repeating floral or scroll design in a muted green color.

ҒҰСМАН ЖАНДЫБАЕВ

Ақын, публицист, аудармашы, баспагер. 1944 жылы 25 наурызда туған. Алматы ауыл шаруашылық техникумын (1963), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін (1971) тәмамдаған. Республикалық тұңғыш жас поэзия байқауының бас жүлдегері (1966), І.Жансүгіров атындағы Матай қоры сыйлығының иегері (1995). Алғашқы кітабы («Асыл жандар») «Жазушы» баспасынан 1970 ж. жарық көрген. Жиырма шақты кітаптың, баспасөзде жарияланған көптеген мақалалардың авторы. Орыс тілінен онға тарта кітап аударған. Отыз жылдан аса уақыттан бері баспа саласында қызмет етіп келеді. «Қазақ энциклопедиясы» баспасының аға редакторы. «Баспа ісіне қосқан үздік үлесі үшін» медалінің (2015) иегері. Мәдениет қайраткері (2009).